

Дауылпаз баба

Қожаберген жырау

ДАУЫЛПАЗ БАБА ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Тарихи-танымдық жинақ

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана – 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)
Қ 56

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР: АБАЙ ТАСБОЛАТОВ, ЖАРАСБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бекет Түргараев, Бүркітбай Аяған, Диқан Қамзабекұлы, Зиябек Қабылдинов, Өмірзақ Озғанбаев, Сабыр Қасымов, Ерік Сұлтанов, Серік Қирабаев, Уәлихан Қалижан, Ханкелді Әбжанов, Талғат Мұсаев

Қ 56 Дауылпаз баба Қожаберген жырау. *Тарихи-танымдық жинақ* / Құраст. Абай Тасболатов, Жарасбай Сүлейменов. — Астана: Фолиант, 2014. — 376 б.

49244

ISBN 978-601-292-926-3

Дауылпаз жырау, қаһарман қолбасшы, көрнекті қайраткер, ділмар шешен Қожаберген Толыбайұлының өміріне, қоғамдық қызметі мен шығармашылығына арналған бұл еңбекке Қожаберген жырау туралы тарихи-танымдық мақалалар, батыр бабамыздың туғанына 350 жыл толуына орай Алматыда, Астанада өткен ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары және ақындардың арнау өлеңдері мен жыр-дастандары енгізілген.

Кітап әдебиетші, тарихшы ғалымдар мен мамандарға, студенттерге және осы тақырыпқа қызығушылық білдіретін көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)

© Тасболатов А.,
Сүлейменов Ж., құраст., 2014
© «Фолиант» баспасы, 2014

ISBN 978-601-292-926-3





АЛҒЫ СӨЗ

Егеменді ел болуымыздың барысында қазақ тарихы үшін де күншуақты, ақжарылқап заман туды. Өткен-кеткенімізді, барымыз бен жоғымызды түгендеп қана қоймай, қилы-қилы себептермен ғасырлар бойы ұмыт болған көрнекті қайраткерлеріміз бен батырларымызды, ақын-жыраулarымызды жарыққа шығарып, рухани тірілтіп, туған халқымен қайта қауыштырдық. Мұндай игілікті іс, қадам-қарекеттердің шарапаты жалынды жырау, батыр қолбасшы Қожаберген Толыбайұлына да тиді.

Кейінгі он-он бес жылдың көлемінде Қожаберген жырауды елге таныту, мұраларын жинақтау, есімін есте қалдыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Бұған дейін жұртшылық оны «Елім-ай!» әні мен дастанының авторы деп біліп келсе, ендігі жерде ел басына күн туғанда қолына найза ұстап, жауға шапқан батыр, қол бастаған қаһарман сардар, өз заманының заңғар қайраткері ретінде кең көлемде танып білді. «Жақсының аты өлмейді» демекші, еліне ерен еңбегі сіңген, данқты бабамыз Қожаберген жырау Толыбайұлы тарихи тұлға ретінде руханиятымыздан өзінің лайықты орнын алды. Басына айшықты да айбынды кесене тұрғызылды. Есімі көшелер мен алаңдарға, мектептерге берілді. Айтулы ғалымдар мен мамандардың, білікті тарихшылар мен әдебиетшілердің басын қосқан алқалы жиындар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қожабергентану тақырыбына жете мән беріп, 2012 жылдың желтоқсанында арнайы қаулы қабылдады. Соған сәйкес 2013 жылы Қожаберген Толыбайұлының туғанына 350 жыл толу мерейтойы еліміз көлемінде лайықты деңгейде тойланды. Алматы мен Астанада





көпшілікке танымал тарихшы, әдебиетші ғалымдардың, белгілі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің қатысуымен үлкен басқосу – ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылды. Мұның соңы Солтүстік Қазақстан – Қызылжар өңіріндегі түрлі мәдени іс-шараларға (ат бәйгесі, ақындар мүшәйрасы, концерттік бағдарлама, т.б.) ұласты.

Осынау елдік, мемлекеттік маңызы бар, өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор іс-шараны өткізуге кеңінен қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Білім және ғылым министрлігіне, Мәдениет және ақпарат министрлігіне, сондай-ақ, ұйымдастыру жұмыстарына белсене атсалысқан Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына, Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне айтар алғысымыз шексіз.

«Киіз кімдікі болса, білек сонікі» демекші, бұл істердің басы-қасында үйытқы болып, сөз жоқ, біздің «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық-қайырымдылық қоры жүрді. Бұл мақсатта қордың мүшелері мен қызметкерлері айтарлықтай істер тындырғанын айтып өту парыз.

Алайда, Қожаберген сынды тарихи тұлғаны ұлықтау ісі мұнымен шектеліп қалмайды, әлі де жалғасын таба береді деген ойдамыз.

Сондай үкілі үміт, ізгі мақсатпен, қожабергентану бағытында жасаған істеріміздің, атқарған жұмыстарымыздың, ұйымдастырып, өткізген іс-шараларымызды бір қорытындылап, қолға тиген материалдарды жинақтап кітап етіп шығарып, көпшілік қауымның назарына ұсынғанды жөн көріп отырмыз.


Бекет ТҰРҒАРАЕВ,

«Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор



БІРІНШІ БӨЛІМ

Қожаберген — ұлт ерлігінің символы







ТАРИХТАН ТАБЫЛҒАН ТҰЛҒА

Ерік СҰЛТАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Тәуелсіздіктің арқасында рухани жарыққа шығып, халқымен қайта қауышқан тарихи тұлғалардың бірі – Қожаберген жырау. Ақиқатын айту керек, кешегі кеңес өкіметінің тұсында біз оны «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан жеткен әйгілі «Елім-ай» әнінің авторы ретінде ғана там-тұмдап біліп келдік. Өйткені, ресми билік пен таптық саясат мұндай ұлттық тұлғалар мен қайраткерлердің танымал болуына аса мүдделі және құлықты болмады. Тек, еліміз егемендік алып, дербес мемлекет болған тұста ғана парасаты биік, отаншыл азаматтардың белсенді қадам-қарекеттері мен білікті тарихшы және әдебиетші ғалымдардың тынымсыз ізденіс пен зерттеулерінің нәтижесінде Қожаберген сынды данқты бабаларымызды жан-жақты танып біле бастадық.

Сонау XVII ғасырда өмір сүрген Қожаберген Толыбайұлының бірді-екілі «Елім-ай» сияқты ән мен дастан ғана емес, «Күлдірмамай», «Қойлыбай көрген», «Қарасары Болат керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл», «Жеті Жаргы», «Қабанбай батыр», «Ер Көкше», «Асан ата», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Ер Едіге», «Орақ батыр», т.б. ондаған құнды әдеби шығарма қалдырған ақын-жырау әрі ел басына күн туған сәтте қолына найза ұстап жауға шапқан ержүрек батыр, қол бастаған әскери қолбасшы, сондай-ақ тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта білген ділмар шешен болғаны белгілі болды.

Осынау жаңа тарихи кезеңде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» деген еңбегінде «Өз тарихыңның түп-тамырын танып-білу, ата-бабаларыңның ауқымды іс-әрекетін мақтаныш ету, өктем дәуірдің әр түрлі кесапат-кемшіліктерінен арылу, кәзіргі заманға лайық сананы қалыптастыру,



ұлттық бірігуге қуатты серпін береді» деп айтқаны көңілге жылылық ұялатып, жарқын істерге жетеледі.

Осындай ізгі мұрат, жасампаз ұмтылыс-әрекеттердің ықпалымен 2000 жылдың 19-21 желтоқсан күндері ҚР Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен, көрнекті тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың ұйытқы болуымен біздің Қызылжар өңірінде, Петропавл қаласында «Қожаберген жырау Толыбайсыншыұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясында алатын орны» деген тақырыпта тұңғыш рет республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Конференцияның жұмысына белгілі ғалымдар мен мамандар, танымал тарихшылар мен әдебиетшілер қатысып, мазмұнды да құнды баяндамалар жасады, Қожаберген жырауды әр қырынан ашып көрсетті. Мұның өзі сол кезеңде мемлекетіміз айрықша мән берген «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған игілікті іс-шаралардың бірі болатын.

Осы секілді 2010 жылы маусымда Қызылжарда өткен халықаралық конференцияда қоғам және мемлекет қайраткері, әйгілі академик заңгер Салық Зимановтың «Қожаберген – біздің тарихымыздағы тұтас құбылыс, бүкіл ғұмырын қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ұлы тұлға» деп айтқаны көпшіліктің есінен әлі шыға қойған жоқ.

«Жақсының жақсылығын айт» демекші, соңғы он-он бес жылдың көлемінде республикаға танымал заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор Б. Тұрғараевтың жетекшілігіндегі «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық-қайырымдылық қорының белсене жұмыс істеп, Қожаберген жыраудың әдеби мұраларын жинақтап, қайта басып шығару, есімін есте қалдыру бағытында үлкен іс-шараларды атқарғанын айтып өту парыз. Ол үшін шынайы алғыс сезімімізді білдіреміз. Осы қордың бастамасымен Қожаберген жыраудың басына айшықты күмбез орнатылып, ас берілгенін, Жамбыл ауданының орталығы Пресновка ауылындағы қазақ мектебінің алдындағы алаң Қожаберген атымен аталып, ескерткіш бюсті орнатылғанын, мектепте мұражайы ашылғанынан жұртшылық жақсы біледі. Осы сияқты Петропавл қаласындағы №6 қазақ орта мектебі де ұлы жыраудың есімімен аталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған арнайы қаулысына сәйкес биылғы 2013 жылы Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдық мерейтойы республика көлемінде кеңінен атап өтілді. Үкімет қаулысына орай «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық-қайырымдылық қорының, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бастамасымен алдымен Алматыда, кейіннен Астанада Қожаберген бабамыздың 350 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибе-





лік конференциялар өткізілді. Аталған ғылыми жиын мен басқосулардың барысында Кожаберген жыраудың өмірі мен қызметіне, сондай-ақ ол өмір сүрген тарихи кезеңге қатысты құнды-құнды деректер мен мәліметтер айтылды. Олардың қай-қайсысының да біздің тарихымыз бен әдебиетіміз, жалпы ғылымымыз бен руханиятымыз үшін маңызы зор болмақ. Мұның арты біздің әкімшіліктің белсене араласуымен Солтүстік Қазақстан облысында түрлі тағылымдық, мәдени іс-шараларымен жалғасын тапты.

Ақын-жырау, қаһарман қолбасшы, өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері Кожаберген Толыбайұлының біздің Қызылжар өңірінде дүниеге келіп, өмір сүргені, күллі қазақтың мүддесіне қызмет еткені біз үшін үлкен мақтаныш әрі бұл үлкен жауапкершілік пен зор міндеттер жүктейді. Қазақта «Атаңа не көрсетсең, алдынан сол шығады» даналық сөз бар. Сол айтқандай, біз өткен тарихымызды естен шығармай, ата-бабамызға қандай құрмет көрсетсек, кейінгі жастар да соны қайталайтын болады. Сондықтан да Кожаберген жырау сияқты кемеңгер тұлғалардың елге сіңірген еңбегі, халыққа жасаған қызметі әрқашан елеп, ескеріліп, ұмыт қалмай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отыруы тиіс. Оқырман қауымның назарына ұсынылып отырған осы кітап та осындай ізгі мақсаттағы амал-әрекеттердің бірі болып іспеттес.



ДАУЫЛПАЗ БАБА – ҚОЖАБЕРГЕН

Манаш ҚОЗЫБАЕВ,
академик

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы тарих», — деген еді. Әлем тарихы екіге бөленеді: бірі — адамдар тарихы; екіншісі — табиғат тарихы. Атақты тарихшы Плутархтың өзінің «Жизнеописания» деген еңбегінде: «Біз тарих емес, өмірбаян жазамыз» деуі осыдан.

Тәуелсіздік заманасында ғасырлар бойы бодан болып, мүсәпір болған басымыз еркіндік алды. Ата тарихына үңілді, ана тіліне сүйінді, өзінің мәңгүрт болған болмысына күйінді. Біз он жыл бойы ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралап жатырмыз. Осы тұста бірнеше қағиданы ұстанғанымыз дұрыс сияқты.

Біріншіден, біздің аруағына сыйынатын, мұрасына жылынатын бабамыз — ұлттық тұлға болуы керек: ауыл-аймақ, ру, тайпа төңірегінен аспаған, буырқанып жау аптығын баспаған, ұлтына деген сүйіспеншілігінен туындаған мұрасын шашу етіп шашпаған ата-бабаларымыздың үйқысын бұзбағанымыз абзал.

Екіншіден, ата-баба аруағы ойыншық емес. Ұлылар бір ауылдың, облыстың, тайпаның еншісі емес. Егер біз Қаракерей Қабанбайды тек найман болып, Қанжығалы Бөгенбайды тек арғын болып, Қожаберген жырауды тек керей болып, Баян батырды тек уақ болып, Қарасай батырды тек шапырашты болып тойласақ, бұл — ұлттың өскені емес, өшкенінің белгісі.

Үшіншіден, аруаққа табыну науқан емес. Ұлылар, олардың мұрасы тәрбие ісінде үздіксіз араласуы үшін оларға деген көңіл-пейіл, ықылас та үздіксіз, үзіліссіз болуы керек.

Пендешілікті қойып, әділдігін айтсақ, ата тарихын таразылауда қол жеткен табысымыз аз емес. Соңғы он жылда Абылай хан қазақ тарихының есігінен төріне шықты. Алаштану туы көтерілді. Көкірегі басылып келген абайта-





ну түлғаланып әлемдік аренаға шықты. Әуезовтану, сәтбаевтану қалыптасты. Бұқар баба сайын даланың данасы ретінде танылды. Дала өркениетінің тарихын әлемдік тарихтың құрамды бөлігіне айналдырып таныту басталды. Бүгін біз күн тәртібіне қожабергентануды қойып отырмыз. Осы тұста тарихқа түсер сауал бар: «Қожаберген кім, оның Отан тарихындағы орны қандай? Тұтас бір қожабергентану саласын қалыптастырудың негізі бар ма, құлашымызды бекерге сермеп жатқан жоқпыз ба?»

Ендеше осы сауалдарға жауап іздеп көрейік, ағайын!

Қожаберген – батыр, баһадүр, көрнекті мемлекет қайраткері, дауылпаз жырау, замана дүлдүлі, оның өмір жолы қазақ тарихымен сабақтас. Тарихи әдебиетте басы ашылмай келе жатқан бір проблема: «Қазақ-қалмақ соғыстарының қанша уақытқа созылуы». «Жоңғар хандығының қазақ жеріне жойқын шапқыншылығы 1710-1711 жылдарда басталды», – дейді зерттеушілердің бірі. «Воспользовавшись таким сложным международным положением и подстрекаемые недоброжелательными соседями, джунгары калмыки осуществляли постоянные набеги и на казахские земли в 1599-1750 гг. Течение 150 лет», – дейді тарихшының екіншісі. Бұл арада мен ол тарихшыларды жазғырудан аулақпын. Бірі қазақ-қалмақ қарама-қарсылығының ең күшейген тұсын айтса, екіншісі – қазақ-қалмақ соғыстарының жүйелі, үзіліссіз кезеңін меңзейді. Бірақ бұл пайымдаулармен мәселе бітпейді. Екі ұлы империяның қыспағында қалған екі жауынгер түркі тектес халықтар аспан астында бір-бірімен жер үшін, жайылым үшін, «өмірлік кеңістік» үшін, Орталық Азия даласы үшін ойраттардың Моғолстан аймағына алғашқы жаугершілігі XVI ғасырдың аяғынан басталады. Ойраттар – Моңғол империясы Үгедей ұлысы моңғолдардың батыс бұтағы.

«XV ғ. 30 жылдары жоңғарлар Ыстықкөл төңірегіне жетті, – деп жазады Мырза Хайдар Дулати, – ал Есен тайпа кезінде 1452 ж. Шу өзенінің жағасына жетті, 1457 ж. Ортаңғы Сырдария алқабын тонады».

«Ақтабан шұбырындыдан» кейін Ұлы жүз және орта жүздің бір бөлігі Жоңғарияның суверендігін мойындады. Қазақ-қалмақ соғыстары XIV ғ. басталып, 1771 жылға дейін созылды. Үздік-создық, бірде шабысып, бірде алысып, түркі тектес екі халық үш жүз алпыс-жетпіс жыл шамасы өзара қырқысты.

Қожаберген бабаның жеті атасы – осы төрт ғасырға жуық қазақ-қалмақ соғыстарын өз бастарынан өткізген қаһармандар.

Шоқан Уәлиханов өзінің «Абылай» атты еңбегінде: «В преданиии киргизов Абылай носит какой-то поэтический ореол, век Абылая у них являются веком киргизского рыцарства», – деп жазады.





Кейбір әдебиетшілер Шоқанның «век рыцарства» дегенін «ерлік пен серілік заманы» деп аударыпты. «Елім-ай» дастанында:

Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен тамам елдің миын заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман, —

деп бағалап еді. Ендеше сонау XVIII ғ. қазақ сахарасында еуропалық серіліктің ауылы алыс болса керек.

Шоқанның «рыцарства» деген ұғымына жауапты Ахмет Байтұрсыновтан табамыз. «Ошақ басы, үй-ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен азаматтары есептеспей ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз». Қобыланды батыр жырын талдай отырып Аханың ата-анадан, жардан, туысқаннан да «батырға қымбат нәрсе — жұрт қамы, жұрт ісі» деуі осыдан.

Ендеше Абылай хан заманында рыцарлық адами болмысты Отан болмысына бағындыру, ерлік пен іріліктің, бірлік пен тірліктің көрінісі деп ұғынған жөн. Осындай парасатты рыцарлықты Қожабергеннен көреміз.

«Жүз жиырма төрт мың пайғамбар мен отыз үш мың сахаба да дүниеден өткен. Солардан Қожаберген артық емес» деуі соның дәлелі. Не болмаса:

Қолбасшы батыр болмасам,
Көбелі сауыт кимейін.
Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақбоз мінбейін.
Талапты жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимейін.
Қару-жарақ соқпасам,
Зергер болып жүрмейін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызық дәурен сүрмейін.
Дулығамның төбесі,
Буылмаса маржанмен,
Басыма оны кимейін.



Парасатты рыцарлық, ұлтқа өмірін арнаған серілік-ерлік осы болса керек. Ендеше бір ғасыр өмір сүрген бабамыз осы батырлықтың шыңы болған





XVIII ғ. тарихи құбылыстың басы-қасында тұр. Батырлықтың парасатты рыцарлыққа ұласуы, жаңғыруы Қожаберген баба есімімен де тығыз байланысты.

Қорытып айтсам: Шоқанның «век киргизского рыцарства» деген заманасы – Қожаберген баба заманасы.

Осы тұста тағы да бір жаңсақ пікір туралы айтуға тура келеді. Тарихи әдебиетте «по историческим данным, общее количество батыров их всех трех жузов, активно борющихся за свободу и независимость казахского народа, переваливает за 300» деген тезис кездеседі. Мұндай сәуегейлікпен келісуге болмайды. Қазақ үш ғасырға созылған қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде құрығанда 10 ұрпақ ауысты. Әр ұрпақ батырларын өсірді, тарих сахнасына шығарды. Ендеше қазақ халқы үш ғасырда толассыз батырлар бастап, халық қостап, өз бостандығын үстем етті. Батырлар саны ендеше легион, оны саусақпен санап шығу мүмкін емес.

Алайда, Қожаберген бабамыз көп батырлардың бірі ғана емес. Ол – 1688-1710 жылдары 22-23 жылдары бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер! «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген – ұлы жеңісті шыңдаған стратег. Атақты «Елім-ай» дастанында:

«Шабуылы жау қалмақтың күшті екен» деп,
Кетпендер жаудан қорқып тарап бәрің», –

деп бірлікке шақырса,

«Кеуденде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын», –

деп намысқа шақырады.

«Қожа, молда, ишандар артын қысып,
Қоржынға салып қойсын шариатын», –

деп Отан қорғауды дін жолынан жоғары қояды.

«Мекенің болсын тау мен орман, тоғай,
Ол жерден жау алуы емес оңай»,
«...Сайла орын, жер үй салып, жапан түзден», –

деп партизандық күрес жолын көрсетеді.





«Қазыбек, Ер Жәнібек, Алдабек би –
Үшеуі тозған елді біріктірер», –

деп оларға үміт артады.

«Шәкіртім қайда екен Бұқар жыршы,
Сөзіне оның, халқым, құлақ тұрші», –

деп оның даналығына сенеді.

Қыздарым, келіндерім, топ құрыңдар,
Ерлерше киініңдер, сап тұрыңдар.
Ұрыста өл, мазақ болма, берілмеңдер,
Қалмақты селебемен шапқа ұрыңдар. –

деп ұрыс әдісін үйретеді.

Бөгенбай, Ерсары, Асқан, Жабай, Көшек, Ақпанбет, Жайнақ сияқты батырларды «халқын жинап», «Жинаңдар құрастырып қалың қолды», – деп кеңес береді.

«Сүйей жүр әлсіздерді әлі барың»,
«...Тізе қос, етек жиып, ес барында», –

деп, елді бірлік-тірлікке шақырады.

«Бастап өт, Сарыарқаға қалған елді», – деп Бұқара, Үргеніш жағында ашыққан, босқан елді жинауға жол сілтейді.

Ең соңында:

«Бастасын тозған елді көсемдерім,
Ақылшы болсын сөзге шешендерім.
Хан сұлтан, төрелерді ел санамай,
Тізе қос, күшті жинап есендерің», –

деп үндейді жырау.

Халқының 40 пайызынан айырылған қайран қазаққа дәл Қожабергендей бағдарлама жасаған ел данасы сол кезде кемде-кем. Қожаберген баба тек жеңіс бағдарламасын жасап қоймады, «болды ғой аяқ асты Отанымыз» деп, «Ер емес жаудың туын құлатпаған» деп, Ұлы Отан соғысын жариялады. Қазақ халқы бабамыздың бұл ерлігін ешқашан ұмытуға тиіс емес.





Ендеше, Қожаберген – батырлардың батыры, қолбасшы, Әз Тәукедей дананың оң қолы, қиын замандағы ел қорғаны. Қожаберген – тек баһадүр, қолбасшы, сайыпқыран ғана емес, ол өз заманасының ұлы мемлекет қайраткері. Орыстың зерттеушісі Л.А. Словохотов «Народный суд обычного права киргиз» деген еңбегінде: «Золотой век, о котором воспоминают киргизы, есть царствование хана Тауке... умный, энергичный Тауке... должен стать в летописях киргизских наряду с Солоном и Ликургом по своей законодательной деятельности. Справедливость и правосудие могущественного хана остановили брани родов. В степи водворилась редкая тишина. Народ отдыхал от кровавых дней былых». Бұл арада зерттеуші атақты «Жеті Жарғыны» айтып отыр.

«Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты тарихи конституциялық пәрмені бар құжаттардың орнына Тәуке хан тұсында «Жеті Жарғы» келгені мәлім. Академик С. Юшков ол туралы былай деп көрсеткенді: «Вопрос о том, что означает» «Жеті Жарғы» окончательно не решен казахстанскими историками и филологами. По мнению одних исследователей, это слово означает «Семь истин», другие толкуют его: «Объявление Семи», т.е. семи судей. Нам кажется, что последнее истолкование является более приемлемым».

Бұл күні «Жеті Жарғыны» жазуға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биден басқа, қырғыздан Қоқым (енді біреулер оны Қараша би дейді) қарақалпақтан Сасық би, құрамадан Мұхамед би қатысқаны туралы деректер кездеседі.

М.Е. Есләмғалиұлы өзінің «Әйтеке би» деген шежіренамасында «Жеті Жарғыны», тек Тәуке және оның алты биі – Сасық, Мұхамед, Қоқым, Төле, Қазыбек, Әйтеке ғана жазған. Сондықтан Жарғы осылай аталған екен десе, сөзсіз үшқары пікірге жүгінгендік болып шығары анық. Жарғыны жазысуға сол кезде көздері тірі Әнет баба, Еділе, Соқыр Абыз, Құдайназар, Болпыш, Жылгелді сияқты қазақ даласының түкпір-түкпірінен атақты билер мен ұлыс басшылары қатысқаны даусыз», – деп жазады.

Автордың ой-өрісі дұрыс бағытта өрбиді. Алайда, «Жеті Жарғыны» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі Қожаберген би екенін айту тарихи әділдік болар еді.

Қожаберген Әз Тәукенің тапсырмасымен «Жеті Жарғыны» ақ былғарға жазып, ханға табыс еткені туралы жазушы Н. Әбуталиев жанама деректер тауып отыр. Онда ақ былғарыға түсіріп:

Мұқияттан хаттадым,
Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».





Салыстырып талдадым
Бергі менен арғыны, —

деген өлең сөздері келтірілген. Төле би, Әйтеке, Қазыбек билер тобына «жол көрсеткен ұстаз едім» деп, жыраудың өзі жазып кетуі осының айғағы.

Көтеш ақын Райұлы «Жиен жырау» дастанында:

Ақылдасып үш бимен
«Жеті Жарғыны» жазған ер
«Кім» десеңіз ол бекті
Қожаберген кемеңгер, —

деп жазуы біздің пікірімізді растай түседі. Кейбір арнайы тексеруді керек ететін деректерге қарағанда «Жеті Жарғының» жалғыз данасы Ыстамбұлдың Сүлеймен атындағы Канони кітапханасында сақтаулы көрінеді.

Әз Тәуке өліп, қазақ елін Шыңғыс әулетінен тараған қалың төрелер тобы ыдырата бастаған тұста елдің көсем билері, атақты батырлары ел тағдырын ойлап толғанды. «Елім-ай» дастанында Қожаберген ол туралы былай дейді:

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сайлар кезің деді.
Қазақты батыр көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді.

Хан, сұлтан, төре күні өткен деді,
Олардан ақыл-айла кеткен деді.
Қазағым өзіңді-өзің тұтас ел қып,
Басқарар енді уақыт жеткен деді.

...Ақылды болсын батыр көсем деді,
Басқарса қазақ болар есен деді.

Бұл сөзді би мен бектер ұға алмады,
Бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады.
Үш жүздің шонжарлары төре жақ боп,
Ортадан батыр көсем шыға алмады.



«Ақтабан шұбырындыға» ұрынған сәтте Қожаберген баба Әйтеке бидің көріпкелдігін қолдап:





Төрелерге сенім жоқ, ел ермесін,
Қазағым хан тұқымын дос көрмесін.
Хан сұлтан, төре, қожа, өңкей қызғын,
Оларға енді тізгін жұрт бермесін, –

деп елге өз шешімін жеткізді.

Қара қазақтан шыққан батырлардың төре әулетіне деген бұл оппозициясы Абылай хан келген тұста ғана басылды. Бірақ, ол біржола сөнген жоқ-ты.

Қожаберген жыраудың жорықтас інісі балта керей Тұрсынбай батыр (1713-1819) Ресейге қарағысы келген Әбілхайыр ханға, Орта Азиялық хандарға жалтақтаған Сәмеке мен Әбілмәмбет хандарға да, Ресей мен Қытай ортасында жалтарып, тәуелсіз ел дәрежесіне ұмтылған Абылай ханға да қарсы болғаны белгілі.

Тұрсынбай батыр қазақ, башқұрт, ноғай, қарақалпақты бір мемлекет етіп, көсем, әр халықтан әмір сайлап, жеке тәуелсіз мемлекет құруды қалады. 1758 жылы Тұрсынбай Абылай ханды тастап, Арқаға кетті.

Қазақ мемлекеттігінің болашағын ойлау Қожаберген бастаған қайраткер дәрежесіндегі ат төбеліндей билер мен батырлардың ісі еді.

Қожаберген Үргеніш медресесін бітірген, өз заманасының білімді адамы болған, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік білген («Тіліне араб, парсы едім жетік», – дейді Қожекең). Сондықтан да Әз Тәукехан Қожаберген баһадүрді елшілік миссиясын жүргізуде де пайдаланған. Ол туралы деректер «Елім-ай» дастанында да кездеседі.

Ендеше, Қожаберген – дипломат, замана саясаткері. «Елім-ай» дастанындағы саяси ахуалға берген бағасы XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында тұрған біздерді де қайран қалдырады.

Ендеше, Қожаберген жырау – батыр, қолбасшы, ел тағдырын ойлаған реформатор, стратег-мемлекет қайраткері. Қожаберген бабамыз осымен қатар атақты ақын жырау еді. Ол тек қана бір «Елім-айда» ғана бір ғасырдың сырын, мұнын ашты. Ол – тек жырау ғана емес, заманының ұлы шежірешісі. Ол туралы Қожаберген:

«Халқымның хал жағдайын өлең етіп,
Жырладым апат күннің шежіресін», –

деп жазды.

Қазақ хандығының алғашқы тарихын Мырза Мұхаммед Қайдар Дулатидің жазғаны белгілі. Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы», Әбілғазының «Түрік шежіресі», Ш. Уәлихановтың «Абылай хан» очеркі, М. Ты-



нышпаевтың шежіресі, Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың әлем ұлылары туралы «Қазақ» газетінде жариялаған очерктері, Абайдың «Ескендір», Мағжанның «Батыр Баян» поэмалары осы дәстүрдің жалғасы. Шәкәрімнің «Еңлік – Кебегін», Ә. Бөкейханов «Тарихи хроника» деп атаған. Ал оның жазған шежіресіне байланысты ұлы ақынды «Қазақтың Карамзині» депті. Осы тұрғыдан алғанда Қожаберген бабамыздың «Елім-ай» дастанының орны ерекше. Оны тек «дастан» деу аз сияқты. Оның арнасы кең – ұлттың болу-болмауы, Отан тағдыры. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлттың сан ғасырлық салт-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери, саяси қайраткерлерін жеке-жеке даралап дүбірлеген оқиғалар болған жерді аралап жазылған ұлы эпопеялық туынды. «Елім-ай» – шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандығы мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» – ұлтымыздың Илиада мен Одиссеясындай эпикалық өміршең трагедиясы.

Дауылпаз Қожаберген – дүлдүл тарихшы. Біріншіден, тек «Елім-ай» дастанында ғана бүкіл дәуірді суреттейді. Жоңғар империясының дәуірлеп, күшею себептерін ашады. Екіншіден, жоңғарлардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенін көрсетеді. Орыс империясы өзіне көрші қазақ елін тұқыртып, жоңғарларға кіші зеңбірек жасауды үйретіп, құтыртып, екі түркі тілді халықтарды өзара қырып салуына мүмкіндік жасағанын ғажайып суреттейді. Үшіншіден, түрікпен, Қоқан, Хиуа, Бұқардың қазақ еліне деген қастандық саясатын өзбек пен тәжіктің жаттығын әшкерелейді. Төртіншіден, Әз Тәукеден кейінгі қазақ хандығында болған текетірес, бақталас берекесіздіктің бетпердесін ашады.

Бесіншіден, «Ақтабан шұбырынды» қалай болды, халық қалай, неге тозды деген сауалдарға жауап береді. «Қырылу Алакөлден басталып түр», – деп Алқакөл емес, Алакөл екендігін еске алады. Ең соңында Отан соғысы қалай өтіп жатыр, Кара ноғайдың қазақпен үздіксіз бір болуын, Қарақалпақ бектерінің жалтақтығын, Әбілқайырдың дәл 1723 жылы дер кезінде көмекке келе алмағандығын, халық қарсылығының өрістеп, Сарысу бойында жау бетін қайтарғанын айтады.

Автор өз өмір жолынан хабар береді. 61 жасының 45 жыл ғұмыры жорықта өткенін, «Жасымнан қол бастаған болдым сардар» деп өзінің ел ағасы ретінде болашаққа көз салады. Шығарма кешенді, диалектикалық салыстырмалы талдауға негізделген.

«Елім-ай» – әдеби тұрғыдан алғанда да теңдесі жоқ туынды. Онда тек халық мұңы ғана емес, оның сыры, рухы бар. Автор егіліп те, төгіліп те жыр-





жайды, бірде тарихи тереңдікке бойласа, бірде бүгінгіге қайғырып, болашақты ойлайды, философиялық пайымдармен орағыта толғайды.

Ендеше, Қожаберген бабамызды қол бастаған батырдан өтіп, ғасырлар бойнауына мұра етіп алып келе жатқан асылымыздың авторын «Дауылпаз жырау» деп атау орынды.

Әлемдік тарихта қолына қалам алып, оны семсер қылышпен қатар ұстаған тұлғалар бірен-саран-ақ. Олар: атақты Байрон, Шандор Петефи. Ал, дауылпаз Қожаберген өз соңына Ақтамберді, Үмбетай, Тәттіқара сияқты тарлан жыраулар көшін бастады. Махамбет пен Сегіз сері дауылпаз бабасы Қожаберген дәстүрін одан әрі жалғады.

Дауылпаз Қожаберген жырау – ұлы ұстаз. Ол 1710 жылы 27 жасар Канжығалы Бөгенбайдай шәкіртін бүкіл қазақ қосының сардабегіне ұсынды. Ұлы Қорқыт ата, Асан атадан кейінгі Көмекей әулие атанған Бұқар ата – оның сүйікті шәкірті. Ол болса, ұлы Абылай ханның ақылгөй данасы болды. XVIII ғасырда қазақ елінің тәуелсіздігін қорғап қалған батырлар Қожабергеннің, оның шәкірті Бөгенбайдың, Бұқар мен Бөгенбайдың шәкірті Абылай ханның мектебінен өткені хақ. Атақты Абылай хан Қожаберген бабадан бата алуды мәртебе тұтты.

Ұстаз болса, дауылпаз Қожабергендей болсын!

Қожаберген бабамыз – сегіз қырлы, бір сырлы замана дүлдүлі. Зерттеуші Шаймұрат Смағұлов өзінің «Атақты «Елім-айдың» авторы» деген мақаласында: «Қожаберген өз тұсында суырыпсалма ақын-әнші, күйші, әскербасы болумен қатар белгілі емші, сынақшы, от ауызды орақ тілді шешен, қолөнерші (он саусағынан өнер тамған шебер), құралайды көзге атқан мерген, түйе балуан, аңшы, құсбегі, атбегі, құмалақшы, шабандоз, сыныкшы, ауа райын болжаушы (сәуегей), ірі қобызшы, жетігенші адам болыпты», – деп көрсетеді.

XX ғасырда ұлы Ә. Бөкейханов «Қара қыпшақ Қобыланды» деген сын мақаласында «Тарихтық сарын екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. «Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны –жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен ұстаған... сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі».

Қожаберген бабамыздан қалған рухани мұра шексіз.

Қазақ халқының XVIII-XX ғасырда ел ұраны болған «Елім-ай» әні, «Күлдірмамай», «Қойлыбай көреген», «Карасары Балта керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл» сияқты дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», «Жігіттік» т.б. толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Шоңғал, шоңғал, шоңғал тас»,





«Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы» сияқты өлеңдері, «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Шұбырынды», «Сұлама» сияқты күйлері өз зерттеушілерін сарғайып күтуде. Жеті бөлімнен, 3683 шумақтан 14732 жолдан тұратын «Елім-ай» дастаны теңдесі жоқ ұлы туынды өз алдына бір төбе.

Мұнымен Қожаберген баба мұрасы шектелмейді. Бұл тек қана әзірге белгілілері ғана.

Қожабергентану менің түсінігімде ауқымды. Өте алысқа бармай-ақ Көшебе керейдің Жауынгер – Асылболат – Байбол Алдаспан, Шілікті, Жаңбыршы батыр, Қара Ораз, Таузар, Дәулен батыр, Толыбай би –Қожаберген жырауды алсақ, сол жеті атаның ғажайып тарихы бір көшке жүк боларлық. Осы ұлы әулеттен тараған өзі батыр, өзі сал Дастем, Шақшақ би, Жанақ ақын, Жанкісі жырау, Салқара, Бахрам, Сегіз серілердің әрқайсысы алып тұлғалар. Қожекеннің бабасы Таузар ордабасы болған. Ал атасы Дәулен өзі ақын, өзі композитор, өзі шежіреші (тұңғыш керей шежіресін жазып қалдырған). Самарқанд шаһарын, Самарқанд уәлаятын билеген, реформатор, ордабасы Сейітқұлұлы Жалаңтөс баһадүрдің апасына үйленген, Жалаңтөспен үзеңгілес батыр.

Қожаберген сынды бекзаттың әкесі Толыбай сыншы (1603-1680) – өз тұсында қазақ хандығындағы аса ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі. Ел ішінде Толыбай сыншы айтты деген нақыл, қанатты сөздер де жиі кездеседі.

Адамды да, атты, құсты, итті және басқа жануарларды, гауһар, меруерт тастарды, қару-жарақтарды сынап білгені үшін Толыбайға «сыншы» деген қадірменді атақты қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар, қырғыз халықтары берген екен.

Қорытып айтсақ, бұл қасиетті әулет қазақтың рухани мәдениетінде үлкен із қалдырған. Қожабергентану – ендеше қазақ мәдениетінің ұлы жырау туған, өскен, мәңгілік ордасы Гүлтөбе сияқты құнарлы, шұрайлы бөлігі, халық мұрасы.

Қазақ мәдениетінің ірі қайраткерлері Ы. Алтынсарин, Сегіз сері, М.Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ш. Бөкеев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Б. Майлин, І. Омаров, М. Жолдыбаевтарды, т.б. қызықтырған Қожаберген мұрасын игеру – замана талабы.

Солтүстік Қазақстандағы еңселі білім ордасы – университет ғалымдары, есімі шартарапқа танымал ғалым Т. Кәкішев, белгілі тарихшы А. Күзембайұлы, жазушы Н. Әбутәліпов белгілі ауыз әдебиетін зерттеуші Қ. Биғожин, Ғылым академиясының ғалымдары болып қожабергентану ісіне жегілуі абзал. Әсіресе, оның еңбектеріне текстологиялық талдау жүргізу, абзал бабаның мұрасын уақыт қоқысынан тазарту міндеті тұр. Екі боқмұрын баланың 2-3 минуттық танаубұзар төбелесіне не күресіне бәйге тіккен жандар қожабергентану жолында,





нәтижеге жеткен ғалымдарға қол ұшын береді ғой деп сенемін. Қожаберген баба атында жыл сайын сыйлық, студенттерге арнайы стипендиялар белгіленсе, спорт жарыстары өткізілсе қандай ғанибет?! Қожабергеннің мұрасын кезінде Ыбырай Алтынсарин хрестоматиясына кіргізгені белгілі. Оның «Елім-ай» әні жеке күй табақ болып шығуы, оның есімі тәуелсіз заманда оқулықтарға енуі — дау тудырмайтын басы ашық мәселелер. Ал, ұлы дауылпаз жыраудың есімі тарихқа хатталуы, ғылыми өмірбаяны жазылуы менмұндалап-ақ тұр.

Солтүстік Қазақстан, жасыратыны жоқ, суық желдің өтінде, ұлы империяның бетінде тұр. Қожаберген баба — қазақ мемлекеттігінің жаршысы да жоқшысы. Сондықтан, Тәуке хан заманасынан бері қазақ хандарының, билерінің, сұлтандарының, әскери басшыларының, батырларының ордасы болған Гүлтөбе — Маманай елі Қожаберген ауданы аталып, еңселі ескерткіш орнату ең алдымен әділеттік үшін керек, одан қалды тәуелсіздік заманасында шекара жігін айырып, бір қолына қылышың бір қолында қаламы бар бабаның Солтүстік көрші елге көз тігіп, айбын болып тұруы символика үшін де керек-ақ.

Бұл аудан атының Жақең, аруақты Жақең үшін керегі де жоқ. Жақең 1937 жылы Мирзоян қаласын өзгертіп «Жамбыл» деп аталғанын естігенде селт етіп, бірден:

«Атыңнан айналайын Әулиеата,
Атыңды тартып алды деп болма қапа!» —

деген екен. Сол сияқты, бұл өлкенің Қожаберген баба елі екенін білген болса:

«Атыңнан айналайын Қожаберген,
Мен дағы ұрпағыңмын соңына ерген.
Жолыңды кескектемей дана баба,
Жамбылмын өз еліңді қайтып берген», —

деп айтар көрегендігіне мен өз басым имандай сенемін.

Әдебиетте Көшебе керей Қожаберген жырау 1683-1786 жылдары, 1663-1762 жылдары өмір сүрді деген қарама-қарсы деректер кездеседі. «Елім-ай» дастанында «Ақтабан шұбырынды» жылы 61-де едім дейді жырау. Ендеше оның туған жылы 1663 ж. Жанақ Төлеұлы (1743-1821 жж.). «Көз жұмды жүзден аса есіл сабаз / Оған да жолдас болмайды дүние жалған» дегенін еске алсақ, қазір дауылпаз баба 337 жаста. 350 жылдық мерейтойы 2012 жылы. Баба өмір жолының басқа да белгісіз жұмбақтары баршылық.



Осы жұмбақтардың бірі: «Қожаберген жырау маңында ұзақ жылдар бойы неге меңіреу зона орнады, есімі неге аталмай келді» деген сауалға тіреледі. Се-



беп екеу: Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-айы» — империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп айыптайды. Ал оның ізбасар мұрагері Сегіз сері — ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, орыс отаршылары баба Қожабергеннің қонысына Преснов селосын орнатты, атамекенін қара шекпенділер жайлап, қазақтар горькая линияны қазақ мемлекеттігінің тірегі болған өлкені баса-көктеп салды. Отаршылық, одан қалды кешегі Совет заманасында Сәбит те, Ғабит те бұл тақырыпқа белсеніп кірісе алмағаны осыдан болса керек.

Екіншісі — «Елім-ай» қазақ хандарының төре тұқымынан сайлануына қарсы. Ал төрелер әулеті қазақ қоғамына еңдеп, бойлап араласып, құраласып кеткен-ді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің «Месіндегі бір шағын мақаласын / Он төрт тоймас бар» деп атапты.

«Жер жұтуға тоймайды,
Көз қарауға тоймайды.
Өмір жасауға тоймайды,
Бай малға тоймайды.
Ғалым ғылымға тоймайды...
Бала нанға тоймайды,
Тірі іске тоймайды».

Ие, өлмейтін жан жоқ. Абай баба айтқан «Өлді деуге бола ма, ойландаршы / Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей, қазақ халқының үш ғасырлық жүрекжарды жыры «Елім-айдың» авторы Қожаберген жырау өз халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қожаберген есімі Әз Тәуке хан, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би сияқты ұлтымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хатталады.

2000 ж.



ҚОЖАБЕРГЕН – ҰЛТ ЕРЛІГІНІҢ СИМВОЛЫ

Салық ЗИМАНОВ,
академик

(«Солтүстік Қазақстандағы тәуелсіздік үшін күрестің тарихы» деп аталатын халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінен)

Тәуелсіз ел болғаннан бергі уақытта ұлттық сана-сезімді жаңғыртуға, бұрынғы өткен асылдарымызды ардақтап, ұлыларымызды ұлықтауға мән бере бастадық. Осыдан 300-350 жыл бұрын өмір сүрген, сол заманда керемет ерліктерімен халық құрметіне бөленген қасиетті Солтүстік Қазақстан өңірінің тумасы Қожаберген есімінің қайта жаңғырып, еліне сіңірген еңбегінің әділ бағаланып жатқаны да қуанарлық құбылыс. Қожабергеннің ұлы тұлға болғанын, бүкіл қазақ халқына ортақ екенін баса айтқым келеді. Ол халқының бостандығы мен бірлігі, елінің тәуелсіздігі үшін аянбай күресті. Кезінде ол туралы Ермұхан Бекмаханов, Манаш Қозыбаев сияқты атақты тарихшы-ғалымдарымыз, Бұқар жырау, Бауыржан Момышұлы сынды көптеген ақын-жазушыларымыз жазды. Сіздер де Бекет Түрғараевтың басшылығымен қайырымдылық қорын құрып, оның есімін халқына қайтаруға, ерлігі мен өрлігіне әділ бағасын беруге талпынып жатыр екенсіздер. Бұл өте дұрыс. Оның еліне сіңірген еңбегі осындай құрметке лайық. Оның өмірі мен шығармаларын іздестіруге арналған ғылыми зерттеулердің тұрақты сипат алғаны жөн. Қытай мен Ресейдің, басқа да елдердің мұрағаттарында Қожабергенді мемлекет және саяси қайраткер ретінде сипаттайтын материалдар аз емес. Тек оларда оның есімі бір жерде Хочи Береген, енді бір жерде Ходжа Мергень деп қате жазылған. Басқаларды былай қойғанда, Қазақстанның өзінде оны білмейтіндер аз емес. Болашақ ұрпақ үшін осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек.



Қожабергеннің басты қасиеттерінің бірі – ол ұзақ уақыт қазақ халқының қалмақтарға қарсы соғысын ұйымдастырушы басшылардың бірі, қазақ халқы мемлекеттігінің негізі мен дамуының стратегиясын белгілеген екі ұлы хан – Әз Тәуке мен Абылайдың оң қолы болды. Оның жалынды жырлары ұлтты ұйыстырып, басқыншыларға қарсы жұмылған жұдырықтай күресуге шақырды. Ол өз заманының өте білімді адамы ретінде көрші мемлекеттердің стратегиясы мен тактикасын дұрыс түсініп, шағын халықтарды бір-біріне айдап салуға бағытталған зымияндық саясатын батыл әшкерелеп отырды. Ол қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына басшылық жасап қана қойған жоқ, өзін шебер дипломат ретінде танытты, бірқатар мемлекеттерде Қазақ хандығының елшісі міндетін атқарды. Дауылпаз жырау «Елім-ай» дастанын жазды, «Жеті Жарғыны» дайындауға атсалысты. Бір сөзбен айтқанда, бір ғасырға жуық өмір сүрген Қожаберген Толыбайұлы туған халқының мүддесін қорғауға бағытталған көптеген данқты істерге ұйытқы болды.Осындай қызметті ғана шынайы ерлік деп бағалаймыз. Біз оның теориялық мұралары мен нақты қызметін жан-жақты зерттегеннен кейін оның саяси қызметіне мемлекеттік деңгейде баға беруге тиіспіз.

Қожаберген, сөз жоқ, қазақ елі тарихындағы тұтас бір құбылыс. Ол – қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресін басқарған ірі де жарқын тұлғалардың бірі. Ол – ұлт ерлігінің символы. Сондықтан да біз оның есімін халыққа қайтару, оның ерлігіне лайықты баға беру арқылы бүгінгі және келешек ұрпақты халқымыздың ұлы патриотының рухында тәрбиелейтін боламыз. Осындай адамдардың өмірімен халықтың тағдыры қалыптасады, елдің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

2010 ж.



«ЕЛІМ-АЙ» ДЕП ӨТКЕН ЕР БАБА

Тұрсынбек КӘКІШЕВ,
профессор

Тәуелсіздік еліміздің өткен тарихын біліп алуға, зерттеуге, қуаныш-шаттықты көзге елестететін тойлар өткізуге мүмкіндік берді. Совет заманында қазақ деген атаудыептеп елжірей айтсаң «ұлтшылсың» деп тап беріп таңба басатын, жәбір-жапа көрсететін қисынсыздық түгелдей болмағанымен, саябырси бастағанының өзі тарихымызды білуге, елдігіміздің ерекшелігін тануға, сөйтіп, ұлттық намысымызды оятуға мүмкіндік бергеніне қуанып жүрміз. Ұзағынан болғай!

IV ғасырға жуық, яғни 360 жыл құлдық психологияда, көрінгеннің табанында езіліп, аузына қарап күн көруге, қабағына қарап сөйлеуге дағдыланып қалғанымыз азаттық дәуірде сезілмейді, елпілдеп тұратынымыз қазір байқалмайды деп ешкім айта қоймас. Әйтеуір, келгеніне ширек ғасыр болған азаттық еңсемізді көтеруде. Осылай ата-бабамыздың, өнерпаздарымыз бен батырларымыздың, хан мен қаралардың дүниеге келген жылын, күнін, жасаған жақсылықтары мен ерліктерін түгендеп жатқан жайымыз бар.

Өткен бабаларымызды құрметтеу кезінде әрқайсысының елге сіңірген еңбектері мен артында қалған мұраларының салмағы мен ғибраты міндетті түрде есепке алынуы шарт. Әйтпесе, тарихи оқиғаның қою-сұйығы, ауыр-жеңілдігі, парасаттылығы мен парықсыздығы араласып кетуі ғажап емес. Осы тұрғыдан келгенде өкімет тарапынан мән беріліп тізімге түскендердің республикалық деңгейде аталатын тұлғалар жайлы арнайы шешім жасағанның ешбір артықтығы, сөкеттігі жоқ. Атақты тарихшы, академик М. Қозыбаев «Біз соңғы он жыл шамасында, әсіресе, тәуелсіздік алған жылдары ата тарихымызға үңілу үстіндеміз. Оның басты себебі – Ресей империясы тұсында тарихымызды отаршылдар жазды, советтік заманда қызыл империяның мүддесіне негізделіп жасалды» (Манаш Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. – 2009, 244-б.) деген сүбелі



ойды айтқан еді. Манаш большевиктік идеологияның тоқпағын біраз соқса да, өз халқына жаны ашығандықтың белгісін сездірген кезде талай сөгіс естіп, сөзге қалуды басқалардан көп көріп, марксшіл тарихшылардың ішінен шындықтан қорықпай, шын ой-пікірін айтқан, соған жету үшін өмір тауқыметін талай тартқан, сөйтіп ұлттық таным, намыс деңгейіне алғаш жеткендердің бірі болған, ірі азамат еді.

«Елім-айды» естімегендер, қазақтың соңғы шоқына бастаған, тілін ұмыта бастағандары болмаса, төрт ғасырдай зарлана айтылатын халықтық гимнді білмейтіндер аз болар. Оның авторы кім дегенге қателескендер де, білмейтіндер де, тіпті қысыр есеппен пікір айтатындар да, ол фольклорлық бейне ғой дейтіндер де кездесіп жатады.

Мен өзім тарихи деректерсіз сөйлеуді, пікір толғауды білмейтін пенде болған соң, бұрынғының үстіне көп құжаттарды қарастырдым. Әсіресе, қазақ тарихшыларының пікірінен Манаш Қозыбаевтың ізденістеріне қол қоятынымды жасырмай айтатын болсам, ҚазССР Ғылым академиясының Тарих, археология, этнография институтының директоры болып тұрған шақта тарихқа, оның ішінде қазаққа жаны ашитын зиялыларын, профессорлар мен академиктерін «Қожаберген жырау Толыбайсыншыұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясында алатын орны» деген тақырыпта республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізу үшін сонау солтүстік өлкеге алып баруы, ойлантуы әншейінгі рушылдықтың белгісі емес, қожабергентану ілімін қалыптастырудың нақты қадамы болған еді.

Мен өзім бұл үдеріске тоқсаныншы жылдары араласып, профессор А. Күзембаев басқаратын заң институтының қолдауымен Қожабергеннің, Сегіз серінің өлең-жырларын жинап бастыруға аспирантым М. Дастанбаеваны жіберіп, біраз қозғау салғанмын. Және Сегіз сері жөнінде кандидаттық диссертация жазған марқұм, дарынды қаламгер Төлеш Сүлейменовтің кітап шығаруына демесін жасағанмын. Сол кезден басталған ізденіс бүгінгі Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институты 2013 жылғы наурыз айында Алматыда өткізген үлкен ғылыми конференцияға жалғасты. Алда әлі талай белгіленген шаралар бар. Яғни биылғы жыл Қожаберген жылы болмақ. Мені айрықша қуантқаны: үкіметтің мәдени-тарихи құбылыстарға мән беріп, халықтық гимн авторының 350 жылдығын айрықша атап өту жөнінде шешім жасағандығы. Мұны елдігіміздің, ұлттық танымымыздың тамыр жая бастауының алғашқы нышаны деп қабылдаған жөн. Оған дәлел қандай? Төрт ғасыр бойына жылап-сықтап келген қазақтың «Елім-айды» білмейтіні жоқ. Әрине, совет кезінде интернационализм ұранын айғайлап айтып, ұлы державалық шовинизмге айналдырса, орыс тілі арқылы совет халқын жасамақ болған пиғылдың алдыңғы қатарында болдық қой. Азаттық

келгенде теңдікті сезіне бастауымыз есімізді жиюға мүмкіндік беріп отырғанын ұлттық намысымыздың оянуына пайдаланайық. Заман әрқашан бірқалыпта тұрмайтындығын енді түсінбесек, онда елдікпен қош айтысар сәттер алда да аз болмас.

Осыншама кіріспе жазатын Қожаберген кім еді, одан қалған мұраның бүкіл қазақ үшін қандай қасиеттері бар еді деген мәселеге қысқаша болса да жауап беруге ұмтылғанымыз жөн болар.

Ең алдымен көрісі бар, жасамысы бар бүкіл қазақтың:

«Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Мөлтілдеп екі көзден жас келеді»

дегенді қазақтың зарлап айтпағандары кем. «Үжмақ» орнаған совет заманында зорлықпен тілден айырылғандардың арасынан «Елім-айды» естімегендерді іздеп табу қиын емес.

Халықтық мұңға, ұлттық гимнге айналған шығарманы, шығарма емес-ау, бір ұлттың таным-түсінігінде, есінде жүретін «Елім-айдың» дұрыс бағаланбауы, оны шығарған дарынның тарихтан ойып тұрып орын алмауына не себеп болды дегенге Қозыбаевтың пікірін келтірейік: «бірінші — Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-айы» империяға қарсы туынды, екінші — қазақ хандарының төре тұқымынан сайлануына қарсы» дегеніне өз танымымыз тұрғысынан қосарымыз, үшінші, жалпы қазақтың демей-ақ қояйын, ел сөзін айтатын билікке ие төре-қаралардың, басшылардың, зиялылардың саясатшылдығы еді деп түсінген орынды болар. Елдің рухани сусыны, аттанар өрісі болған «Елім-ай» әнінің, жырының, дастанының иесі Қожабергеннің тарих қалтарысында қалып қойғанын мойындасақ, онда рухани жағынан шығындалғанымыз өте мол және ірі болғанын көреміз, өкінішіміз өксітпей қоймайды.

Бүкіл халықтық гимннің қасиетіне дер кезінде жетпеуіміз біздің бүкіл мәдениетіміздің орынсыз датталуына әкеп соқты. «Жазуы болмаған елде қандай мәдениет, әдебиет болмақ?» деген еуроцентристік көзқарас біздің қазақ хандығы — тұрақты мемлекеттігіміз батыс елдерінен әлдеқайда бұрын салтанат құрғанын айта алмай, соңғы төрт ғасыр бойына бөтеннің қасы мен қабағына қарап, емеурінін бағумен өткізгеніміз ең өкінішті дәуір демеске шараң жоқ.

Осы өкініштің жалғасына да кездесіп отырмыз. «Халық сөзі» газетінің 2013 жылы 12, 19 сәуірде шыққан екі санында (23,24) «Қолдан қаһарман жасаудың халыққа пайдасы қанша немесе Социал Жұмабаев фантастикамен айналысса көп жетістікке жетер ме еді?» деп мақала оңға бұрылған қадамға тағы да күдік келтіріп, дау-дамайға шақырып жатыр. Мақала авторы профессор



Жамбыл Артықбаевтың осы уақытқа дейін шығарған еңбектеріне, әсіресе қазақ тіліндегі дүниелерді оқып, қажетті кезінде пайдаланып жүретініне ішім жылып жүруші еді. Соңғы кезде ғана ашылған дарбазаның есігін шатастырып алғаны қайта өкінтіп отырғанын жасыра алмаймын.

Қазақта не көп, аттастар көп. Бір Жәнібекті атасаң ханы да, қарасы да, батыры да қосақталып шыға келеді. Ал тарихта қалған Қожабергендер де аз емес. Жамбылдың өз сөзімен айтсақ, «менің білетінім «Дауылпаз баба – Қожаберген жырау» өмір сүрген жүз жылдықта (1663-1763 жылдар) тарихи құжаттар мен елдің аузындағы әңгімеге мысал болған бір ғана Қожаберген белгілі. Ол – он екі ата абақ керейдің ішінде шұбарайғырдан шыққан Қожаберген батыр. Басқа да Қожабергендер болған шығар, бірақ елдің есінде қалғаны тарихи құжат бетіне іліккені сол. Оның өзінде 1765-1757 жылдардағы қазақ-қытай соғыстарының арқасында» депті.

Екінші: «Қазақ тарихында қанжығалыға ұран болған Толыбай сыншыдан басқа Толыбай сыншы жоқ» («Халық сөзі» №23.12.04.2013) деп түйіндейді.

Қазақстанда Сарыарқаның солтүстігін ашамайлы керей елі жайлайтынын, басқаларды былай қойғанда, классиктеріміз Сәбит пен Ғабит сол рудан өрбитінін білмейтіндерге не айтарымды білмеймін. Әсіресе, Толыбай сыншының әйгілі Жалантөс баһадүрдің апасы Жамалдан 20 ұл, кенжесі Қожабергенді көргені белгілі. Яғни Толыбай сыншы, оның ұлы, қазақтың ерен энциклопедиялық тұлғасы Қожаберген абақ керейдің шұбарайғырынан емес, Солтүстік Қазақстан облысын мекендеген ашамайлы керейдің Көшебесінен туғандығы тарихшыны шатастырған.

Сіздер мені жаңа ғана оянған екен деп қалмаңыздар. Еленбей жатқандардың бәрін біліп, үн қосып отыруға ешкім де міндетті емес. Алайда, елдіктің шылбырын ұстап, ірі азаматтық танытқан ұлы дарынның даңқын елемеу, шығып жатқан мұрасына дұрыстап назар аудармау, әрине, кешіре қояр жай күнә емес. Тіпті қазақ елінің осыншама ұлан-байтақ жерге ие болып, өзінің ұлттығын сақтау жолында Қожабергеннің ұлы қолбасылық қызметін атқарғанына жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Қазақ халқының оның ұландарының адамзат тарихында ірі де мәнді істерді тындыра білгендігі дерексіз емес қой. Әз Тәуке хан тұсында жазылған, атақты би Төле, Қазыбек, Әйтекелермен ақылдаса отырып, «Жеті Жарғыны» дүниеге әкелген кемелділігін, бес жыл бойына елшілікпен айналысқанын былай қойғанда (1688 жылдан 1710 жылға дейін), 23 жыл бойына қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен қолына сардар болып, өз еркімен қолбасылықты қалың қауымның алдында Түркістан қаласында Қанжығалы Бөгенбай батырға





тапсырғанын қалай ұмытармыз. Мемлекеттік істі ұзақ жылдар атқардым дей салу қиын болмағанмен, Әз Тәуке ханның қарсылығына қарамай болашағы зор батырға сардарлықты ел көзінше табыс етуі әшейінгі пенденің қолынан келе бермейтін ерлік қой. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапыраштың Наурызбай, Ер Жәнібек пен Тұрсынбай батырларға ақылшы болу, үлгі көрсету аз абырой болмаса керек.

Қазақ елін орысқа да, қытайға да жем қылмай, тәуелсіздігін сақтай білген Абылайдың батырлары әңгімеге араласып жатқан соң 1879 жылы шыққан кітапқа дұрыстап мән берілмегенін айта кетейін. Бұл – әрі ақындықтың, әрі ақылдылықтың, әрі көрегендік пен мәрттіктің куәсі болуға жарайтын дерек.

Ыбырай Алтынсарин өзінің «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясында» Абылай ханға арнаған тарауда «Қожаберген жырауға Абылай: «Мені мақтап жыр айтшы», – дейді. Қожаберген айтты: – Абылай, сені мен көргенде тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің. Әбілмәмбет ағаңа қызметші болған ұл едің. Үйсін Төле билердің түйесін баққан құл едің. Сен жиырмаға келгенде ақ сұңқардай түледің. Алыстан тоят тіледің. Ақтан болды күніңіз, арсы мен күрсіге тайталасты үніңіз. Енді сіздің бұл күнде, бір көшеге сыймайды, азаткерде құлыңыз» (Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы». – Алматы: Білім, 2003. – 13-б.).

Осы идеяны жырға айналдырған Бұқар жырау, оның кейіпкері Абылай бүкіл қазақ халқына күні бүгінге дейін қазақ елінің ұлылары, данышпандары ретінде өмір сүріп келе жатқанын ескерсек, онда Бұқардың өзі Қожабергеннің шәкірті болғандығы, «Қожаберген ұстазым» деп мақтанатыны тек өнерпаздық тұрғыдан ғана емес, тарихи тұрғыдан да құнды ғой. Олай болса, адалдық тұрғыдан да, адамгершілік келбеттен де жалғыз төңірегін ғана емес, бүкіл елін ұйыта білген данышпандығының еленбеуіне таң қалмасқа болмас. Қожаберген қол бастаған сардар ғана емес, сөзге құдірет бітіре алған ақын, үнге жан салған сазгер, айтқанына елді сендірген дастаншыл жырау болғандығын естен шығаруға болмайды.

Қожаберген қайраткерлігін жіліктей бастасақ, «Елім-айды» шығарған сазгерлігі алдымен әуен ұйқастылығына, сөз үйлесімдігіне негізделгені айдан анық. Олай болса, азаматтық келбетін айқындай түскен батырлығы, батылдығы, сардарлығы, мәмілегерлік қайраткерлігі ұйқасты сөзбен көмкерілгені, әсіресе, «Елім-ай», «Баба тіл» дастандары, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Жақсылық пен жамандық жайында хикая», «Ата тек», «Әулие Қойлыбай» сияқты дастандарының, қисса-толғауларының, «Абылай ханға айтқан ақылы» қара сөзбен болса да ұйқасқа негізделуінің өзі оны кемеңгер ақылдылықтың ғана емес, ақындықтың биігінен көрсетері сөзсіз.





Сөз өнері арқылы сыртқа шығып, елдің таным-біліміне арқау болған Қожабергеннің тарихшылығын айрықша атау керек. Өкінішке қарай, еуроцентристік теорияға әбден берілгендіктен фольклорлық туындыларды көркем сөздің екінші сорты, еріккеннің әшейінгі ермегі деп түсінудің қырсығы оның ел-жұртқа жеткізіп жатқан дерек шындықтарына мән бергізбегені өкінішті. Осы өкінішіміздің кейбір мезеттерін атақты ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» деген тамаша еңбегінде еленгенінің өзі қуанышты. Ал мұрағаттық өзектерге әбден иманын беріп қойған орыс тілді тарихшыларымыз қазақтың жыр-дастандары мен қиссаларын, аңыздарын оқи алмағандары өкінішті. Олардың мән-мағынасын білмегендері елді өз тарихынан мақұрым қалдыруға дейін апарғанын енді қысылмай айтуымыз керек. Тәуелсіздіктің арқасында «Мәдени мұраны» ақтаруға қолымыздың жеткеніне қуанайық.

Мен мұны Қожабергеннен, оның жасампаз ұрпақтарынан қалған, соңғы уақытқа дейін еленбей келген том-том әдеби көркем шығармаларды ежіктей оқудың нәтижесі арқылы айтып отырмын. Ұлы аңдампаздығымен, ақындығымен қатар Қожаберген жырау өз заманының ғана емес, өзіне дейінгі дәуірлердің шежіресін дәйектеп жасаған ұлы ғұлама тарихшы екенін енді бағаламасақ, онда біздердің зиялы елміз дегеніміз шындықтан шалғай жатқан жалғандық, қыпқызыл өтірік болып шығады.

Бұл мәтінді ойды ежіктеп таратпай-ақ тек сүбелі де мәнді тарихи оқиғаларды Қожабергеннің қалай жеткізгеніне, айтқанына назар аударайық. «Баба тіл» деген дастанда тарихшы Әбілғазы Баһадүр (1603-1663) өзінің «Түрік шежіресі» еңбегінде қазақты атамай, Үш жүз деген атаудың сырын ашпай кеткенін сынап, «Айналайын, Үш жүзім, Әбілғазыға налыма, шежіресі бар елімнің, қоймаспыз жатқа жалына» деп алады да, «Шыңғыс ханнан көп бұрын, қазақ пен үш жүз бір атау» деп ой түйгенін естен шығармайық. Жойқын Жоңғар шабуылына дейінгі дәуірді «Өткен кезең» дастанында тарата, тіпті ежіктей баяндап, бүкіл Сібірді жайлаған елдерді, әсіресе татарлардың әр тайпасына дейін таратып, қазіргі айтылып, жазылып келгендердің шындықтан алыс екенін көзге елестетеді. «Жасымда жасап сан жорық, Байкөлден аса мен бардым. Ордабасы боп жүріп, көп ел мен жерді таныдым» дегенін дастанның әр тарауынан ғана емес, тіпті әрбір шумағынан аңғарып, тарих тереңіне сүңгі бересің. Қалмақтардың ата-бабасына дейін таратып шығады. Ол аз болса:



Ойғырдың анасы – Қытай, атасы – Түрік,
Соқтығып Қытаймен көрші тұрды жиенсініп.
Қарақалпақ ағайынға шетінен
Жұртымызға салды бүлік.





Дүнгеннің апасы — Қытай, атасы — Араб.
Жатпады олар-дағы текке қарап,
Ұрынып Найман, Қоңырат, Жалайырға
Мазасын кетірді елдің шабуылдап, —

деген сияқты шумаққа бүкіл Байкал, Сібір өңірін ғана емес, әр ру, тайпаның тегін де, көшіп қонуын да дәлелді баяндайды. Осы тұрғыдан келгенде біздің қазақ тілін білмейтін қандас тарихшыларымыз ауыз әдебиетінің үлгілеріне айрықша зейін салып, халық тарихын бөтендердің айтқанымен емес, өздерінің танымымен ғасырлар қойнауындағы шындықты бүгінгі ұрпаққа жеткізуі керек.

Міне, Қожаберген жыраудың ғұлама тарихшылығын тек осыдан ғана танып қоймай, бүкіл ауыз әдебиеті үлгісіне тарихи-мәдени тұрғыдан қарау қажеттігі өзінен өзі көкейге оралады. Қожабергеннің өнерпаздығын әнші, күйші, болды, айтқыш шешен, емші-балгер, тілші, полиглот болды деп тарата бергенше қазақ халқына белгілі болған өнерпаздардың біразына ұстаз болғандығын айтып, өткен тарихтың қыр-сырын дұрыс аңғарту арқылы ғұлама ұстаздың деңгейіне көтерілгенін көреміз.

Батыр-бағландар, әрине Қожаберген сардардың ығына жығылып, көз қиығына қарағанын былай қойып, әр шығарманың мән-мағынасына шырақ қойып қарайтын болсақ, сөз зергерлігінің өзін қазақтың ұлы ақыны С. Торайғыровтың ойымен түйіндейік.

Толыбайсыншының баласы Қожаберген
Тарихынан оғыз-түрік хабар берген.
Үмбетей, Бұқар жырау, Тәтіқара —
Үшеуі Қожабергеннен үлгі көрген, —

дегенін немесе Қожаберген бабамыздың үлгісі дарыған қазақтың сөз өнерін 20 том көлемінде жинап, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп кеткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының:

Қолбасы, ақын-жырау һәм елші, би,
Шығарды «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні мен жырындағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй, —



дегенін ұмытпау керек.

Тарата берсек бабамызға айтылар сөз де жетеді, ой-пікір де аз болмас. Кештеу болса да осы игі іске мұрындық болған тарихшы Манаш Қозыбаевты есте



тұтып, Қызылжар – Петропавл қаласындағы халықаралық «Жеті Жарғы» һәм Қожаберген жырау» қоғамдық қорының атқарып жатқан істерін айрықша атау шарт. Қазір Қазақстанда қорлар көп. Олар бірді-екілі елеулі шараларды өткізіп, ата-бабаларының ру, ата, ауыл болып, мүшелді тойын өткізумен келе жатыр. Тігілген үйдің, сойылған малдың, тартылған табақтың аз-көптігіне қарай күйінетіндер де, күндейтіндер де аз емес.

Ал мына өзінің заңды да тарихи атын қайтып ала алмай отырған Қызылжар қаласындағы қорды Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері, профессор Бекет Тұрғараевтың ұйымдастырғанына жалғыз Қожабергеннің ғана емес, солтүстік өңір өнерпаздарының мұраларын жалықпай, жасы келіп қалғанына қарамай, қажымай жинап, баспаға өткізіп, кітап етіп шығарып жүрген Социал Жұмабаевтың еңбекшілдігін, азаматтылығын айрықша айтуымыз керек.

Тарихымыздағы ерен энциклопедиялық тұлғаның артына қалдырып кеткен мұрасы енді-енді ғана қолға алынып жатқандықтан көрген-білгенімді, архив-мұрағаттан тапқанымды жайып салуға дайынмын. Өзіңді-өзің қадірлеп құрметтемесең, басқа біреу сенің жоғыңды жоқтамайтынын, әсіресе, бүгінгі жастар мықтап ұғып алғаны дұрыс.

«Егемен Қазақстан» газеті,
25 мамыр 2013 ж.



ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Шаймұрат СМАҒҰЛОВ,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор, облыстық «Қожаберген
жырау» қорының төрағасы

Қазақ халқының ғасыр жасаған ақындары мен ел-жұртына қорған болған ардагер ұлдарының бірі — Қожаберген Толыбайұлы екендігі көпшілікке мәлім. Қожаберген — тек ақын, ел қорғаған әскербасы, батыр ғана болып қоймай, ол үлкен әнші, ірі күйші, он саусағынан бал тамған жан-жақты қолөнерші әрі өз заманындағы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің бірі болған абзал жан.

Сонымен қатар Қожаберген мен оның мұрагерлері: Дәстем сал, Жанкісі, Салғара, Жанақ, Бахрам, Сегіз сері, Сейітжан, Құшан сері, Мұстафа, Мұсайын, Мейрам сал, Әмірхан сері, Сапарғали, Есім сері сияқты өнерпаздар ұзақ уақыт бойы ескерусіз, назардан тыс қалды. Оған осы есімдері аталған әнші-ақын, күйші, композиторлардың туып-өскен өлкесі — Солтүстік Қазақстан облысында 1936 жылдың жазынан кейін бірде-бір рет тарихи және әдеби экспедициялардың бармағандығы негізгі себеп болған.

Қожаберген жыраудың да, оның мұрагерлерінің де бар айыбы — өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректердің және шығармаларының жиналмай, зерттелмей қалғандығы, жоқтаушы азаматтардың болмағандығы. Қожаберген ақын мен оның мұрагерлерінің бірі — Сегіз сері композитордың өмірі мен қоғамдық қызметі, шығармалары соңғы он алты, он жеті жылдың ішінде ғана зерттеле бастады.

Қожаберген Толыбайұлының шығармашылығы әуелде қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген алғашқы педагог-жазушысы, ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсарин құрастырып, 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хресто-

матиясы» жинағынан және оның өзі қайтыс болғаннан кейін жеті жылдан соң, яғни 1896 жылы Қазан шаһарында баспадан жарық көрген. «Мәктубат» деген кітабынан орын алып, ол жинақтарда әнші-ақынның бірнеше өлеңдерінен үзінділер берілген.

Ыбырай Алтынсариннен кейін XX ғасырдың басында Қожабергеннің өзі туып-өскен Қызылжар (Петропавл) аймағының ақындары: Нүрке сері Тоқтабайұлы (1877-1915 жж.), Біржан Берденұлы (1889-1921 жж.), Сейіткерей Мағазұлы (1889-1917 жж.) және әрі әнші, әрі балуан Жүніс Бекмұхаммедұлы молда (1891-1921 жж.) Қожабергеннің өмірі мен қоғамдық қызметі, батырлығы туралы деректерді, оның өлең-жырларын, әндерінің сөздерін, жұмбақтарын, шешендік сөздерін жазып алып, жинау-зерттеу жұмысына араласқанмен, ол абзал жандардың өмірі қысқа болып, басталған іс аяқталмай қалған. Содан кейін XX ғасырдың 30 жылдарында Қожаберген сынды батыр ақынның өмірі және қоғамдық қызметі жайындағы деректерді, оның ізбасарлары туралы мәліметтерді әрі олардың шығармаларын жинап-зерттеумен қазақ совет әдебиетінің іргетасын қалаушылар С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, кейін М. Жолдыбаев, Т. Берденов, Ә. Ілиясов сынды белгілі әдебиетшілер шұғылданған екен.

Қожабергеннің өлең-жырлары, әсіресе «Елім-ай» тарихи дастанының бірінші бөлімі түгелге жуық, екінші бөлімінің бас жағы, «Баба тіл» тарихи қиссасы, «Ғасыр жас», «Жастық» атты толғаулары туған республикамыздың әр өлкелерінде тұратын қариялар мен құймақұлақ ақсақалдардың үйлеріндегі абдыралардың түбінде қолжазба күйінде сақталып және осы аталмыш суырыпсалма әнші-ақынның бұлардан басқа «Күлдірмамай», «Ата тек», «Қызылжар», «Қарасары», «Балта керей Соқыр абыз», «Қойлыбай көреген», «Төрт жігіт» сияқты жырларының үзінділері, «Дүние», «Ақ сауыт», «Жігіттік» деген өлеңдері ел есінен ұмытылмай, әншілер арқылы біздің кезеңге келіп жеткен. Ел ішінде Көшебе керей Қожаберген жырау деген атпен көпшілікке есімі әйгілі болған бұл отаншыл ақынның басқа да өлең-жырларының жұрнақтары, баталары ұшырасып қалады.

Қожаберген 1663 қоян жылы наурыз айының басында (өзі қалдырған жылнама-шежіре бойынша) қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Благовещенка» совхозына қарасты Гүлтөбе (XIX ғасырдың екінші жартысынан, яғни 1855 жылдан бастап Маманай атанған) орманды, көлді әсем қоныста өз кезінде қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар халықтарының біріккен әскерін көп жыл бойы басқарып ерлікпен даңқы шыққан, Ордабасы – Баһадүр атанған от ауызды, орақ тілді шешен, ел бастаған көсем То-





ыбай Дәуленұлы (1603-1680 жж.) отбасында дүниеге келіп, сол өзі туған мекенде 1763 жылы – қой жылы қазан айының аяғында (Кожабергеннің өз мұрагерлерінің бірі – Жанкісі ақын Көшекұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған деректері бойынша) жүз жастан жүз бірге қараған кезінде қартайып барып қайтыс болған екен. Ақынның сүйегі сол маңдағы өз әкесінің есімімен аталатын Толыбай сыншы қорымына жерленген.

Кожабергеннің туған жерінде шоқ-шоқ боп қалампыр иісті алқызыл гүлдер өскен. Соған байланысты ұзындығы да, көлденеңі де отыз бес шақырымдай болатын орманды, көлді, ойлы, қырлы көк шалғынды алқап Толыбай сыншының Гүлтөбесі деп аталып кеткен екен. Неге екені белгісіз, қалампыр иісті алқызыл гүл шоқтары сол жердің ойпаңына қарағанда, дөңестерінде көбірек өскен екен. Соған байланысты Гүлтөбе деп аталған деседі. 1928 жылдан бастап, сол жерлерге қалампыр иісті алқызыл гүл шоқтары өспей, құрып кеткен. Ол гүлдерді орыстар макрушка деп атаған. Маманай, Сексен ауылдарының адамдарының рұқсаты бойынша оларға орыстар қой не жабағы беріп барып, гүл тереді екен.

Қазақтың ескі сөзімен айтқанда, Кожаберген Толыбайұлының елі – орта жүз, көшебе керей. Оған Кожабергеннің 1723 жылғы күздегі қазақ халқына келген үлкен апатты өлеңмен суреттеп шығарған «Елім-ай» тарихи қиссасының бірінші бөлімінің аяқ жағында келетін мына шумақ дәлел бола алады.

Ішінде ашамайлы керей көшебемін,
Соғысқа он жетімнен төселгенмін.
Жекпе-жек қалмақтармен шыққан шақта
Желкесін қидым талай ерсінгеннің.

Сондай-ақ, Толыбайсыншыұлы жыраудың орта жүз көшебе керей елінен шыққандығына Қызылжар өңірінің ірі ақыны Қылыш Тұрлыбайұлының (1857-1923 жж.) 1913 жылы Омбы қаласында шығарып айтқан өлеңдерінің бірі – «Үлкен тойда» атты шығармасының ішіндегі мына шумақ та айғақ болады:

Көшебе Кожаберген жырттан асқан,
Шығарған «Елім-айдай» үлкен дастан.
Гаскерін қазақ, ноғай бастағанда
Қалтырап айбарынан қалмақ сасқан.



Қылыш ақынның «Үлкен тойда» деген өлеңі Маманай ауылының жігіттеріне, соның ішінде Кожаберген жыраудың жетінші ұрпағы әнші-балуан Шаймерден Боранбайұлының өнерпаздығын суреттеуге арналған.



Белгілі әнші-ақын, композитор үкілі Ыбырай Сандыбайұлының (1858-1930 жж.) «Балуан шәкіртіме» деген өлеңінің ішіндегі мына төмендегі шумақ та Қожаберген ақынның көшебе керейден шыққандығына дәлел бола алады.

Қазаққа жау болғанда қалмақ масыл,
Түсірген дұшпандарға үлкен жасыл.
Үш жүздің елін-жерін қорғап өткен,
Көшебе Қожаберген бабасы асыл.

Үкілі Ыбырай ақын да өзінің «Балуан шәкіртіме» деген өлеңін Қожаберген ордабасының жетінші ұрпағы Шаймерден Боранбай қажыұлы әнші-балуанға арнаған екен.

Қожабергеннің өз анасы Ақбілек – Сарыарқаның орталығындағы Баянауыл аймағын мекен еткен орта жүз бес мейрам арғынның Сүйіндік әулетінен шыққан атақты батыр, аузы дуалы би Айдабол Құлболдыұлының үлкен қызы екен. Ақбілек шеше өнері асқан сыныққшы, тоқымашы, тігінші болыпты. Көзінің тірісінде Қожаберген қалың мұсылман түрік қауымына көшебе керей Қожаберген жырау, керей Қожаберген – ордабасы, орта жүз Қожаберген баһадүр, сыныққшы Қожаберген, ерші Қожаберген, әнші Қожаберген, атбегі Қожаберген, ашамайлы керей Қожаберген ақын, Қожаберген ұста, балташы Қожаберген, аңшы Қожаберген, Көшебе Қожаберген сардар, үйші Қожаберген, керей Қожаберген мерген, арбашы Қожаберген, имам Қожаберген, Қожаберген құсбегі, Ашамайлы Қожаберген балуан, Қожаберген күйші, Көшебе Қожаберген шешен, өрнекші Қожаберген, емші Қожаберген, етікші Қожаберген, керей Қожаберген өрімші, бояушы Қожаберген, оюшы Қожаберген, қобызшы Қожаберген, Қожаберген жауырыншы, сәуегей Қожаберген, Қожаберген Толыбай сыншыұлы деген есімдермен әйгілі болған. Ол туралы жырлар мен аңыз-әңгімелерде осындай деректер бар. Солтүстік Сарыарқада, оңтүстік-батыс Сібірді мекен еткен орта жүз қазақтары, Батыс Сібірді мекендейтін татар жұрты, Челябі башқұрттары арасында Қожаберген өрімі, Қожаберген етігі, Қожаберген арбасы деген ұғымдар кең тараған екен.

Қожаберген күйшінің ағалары да ел, әскер басқарған, жұртына қорған, беделді адамдар болыпты.



Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының басшысы болып жүрген кезімізде осы Қожаберген жырау атамыздың есімін ел есінде қалдыру, елге таныту үшін біраз іс-шараларды атқардық. Бұрын «Толыбай» аталған Богдановка селосына байырғы аты қайтарылды. Жырау жерленген Толыбай қорымын (зи-





ратын) тауып күтімге алдық. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамы арқылы жыраудың шежіресін анықтап, ел аузындағы өлеңдерін жинастырдық. Жыраудың туғанына 330 жыл толуына орай зиратына ескерткіш орнатып, ас бердік. Ауданның мектептерінде, кітапханаларында Қожаберген Толыбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кештер өткізілді. Бұның бәрі — аудан тарапынан ғана істелген іс-шаралар. Есімі үш жүз қазаққа тегіс таралған, кезінде бүтіндей бір ұлттың гиміне айналған «Елім-ай» жырының авторы, артында орасан зор әдеби мұра қалдырған Қожаберген жырау туралы атқарылар іс-шараларды аудан, облыс деңгейінде ғана емес, республикалық дәрежеде жүргізген жөн. Жыраудың 340 жылдық мерейтойын республикалық көлемде атап өтілгенін қалар едік. Оған дейін Астана, Қызылжар қалаларында жырауға ескерткіш орнатылып, көшелерге, қаламыздағы әскери училищеге, туған ауданына аты берілсе, игілікті іс болар еді.

Жыраудың шығармашылығы да толық зерттеуді қажет етеді. Қолда бар шығармалары көпшілікке жетпей жатыр. Жырау шығармаларын мектеп бағдарламаларына енгізу ісі де алдағы уақытта кезегін күтіп тұрған істің бірі болу керек.

2001 ж.





«ЕЛІМ-АЙ» ДАСТАНЫ – ЕЛДІК МҮДДЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Амангелді АЙТАЛЫ,
философия ғылымдарының докторы, профессор

Жоңғар шапқыншылығы және «Ақтабан шұбырынды» алмағайып заманда қазақ ұлттық идеясының бағыт бағдары айқындалып, отаншылдық, бірлік идеясы өзекті ойларға арқау болды. Бұл ел бірлігіне сын болған заман еді.

Қожаберген жырау елдің ауыр халін тек дұшпандардан көрмей, қазақ ұлтын да сынға алады, алауыздық қысылтаң кезде елді бірліктен айырып, әлсіз еткендігін көрсетеді. Өз бастарын сақтау үшін кейбір төрелер қалмақпен құда болып аман қалған, елді сатып, қыз алысып, қыз беріскен. Ел басқарған азамат, қоғамшыл болар, паң болмас деп, жырау Сәмеке, Болат, Барақтың әлсіздіктерін, Әбілмәмбет пен Сәмекеңнің бір хандықты төртке бөліп, халқының берекесін алғандығын, Әбілқайырдың дер кезінде жауға соққы бере алмағанын сынайды. Бірыңғай мадақтауды идеологияға айналдырған біздің қоғамда ұлтішілік сын біз үшін тағылымы мол.

Жырау үш жүз қазақ ұлтының екінші атауы дейді:

Қазақ деген атауға
Ілескен үш жүз есімі.
Бір жұрттың екі аты боп,
Тағдыры ерте шешілді.



Қазақтың ту ұстап, қол бастайтын ұлдары, дінін, тілін сақтаған, дұшпанының табасына қалмаған, тірлікте бір-біріне жәрдем берген халық. Жырау азаттықтың қамы үшін қажымай, сескенбей, ілгері ұмтылып, жау мен теңдесіп

дұшпанның туын жығуға шақырып, намыс отын тұтатады. Төре, төленгіт, қожа да қазақтың ұлы, би мен бек болып бөлінбей, жұртын қорғауға, бірін-бірі демеуге, тобын жазбай іргелі ел болуға шақырады.

«Ассалаумағалейкум, халқымызға, деп басталып, «сардарларым, жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым», «сарбаздарым, болашақ көпке тұтқа маңғаздарым», «қариялар, ақылға қиын істе дариялар, шораларым, билеген әр аймақты даналарым», «өзегің қайғы өртеген, дертің қалың, есен бе, мырзаларым, ішің жалын, жастардың басын қосып, елді қорға, өзім де қалсын десе дүние-малым, бимен ылғи тегін», — дейді жырау.

Елім-ай концепциясы — бірлікке деген арманы мен мұраты, ол бүгінгі күнге, біздерге бабамыздың аманаты.

Елбасының «Қазақстан-2050» атты жолдауында қазақ мемлекеті мәселесі орынды қойылған. Тарихи атамекені бар, сол жерде тұрып жатқан елді әлі ұлттық мемлекет деуге болмайды, қазақ халқын да толық ұлт болып ұйысты деуге болмас. Біз тіліміздің, мәдениетіміздің, дәстүріміздің толық иесі емеспіз. Қазақтың саны мен сапасының арасында алшақтық біраз. Оған тарихи себептер де бар.

Ресей империясында тұңғыш халық санағы 1897 жылы жүргізілген, Түркістан өлкесін есептемегенде, қазақтар 71,9%, орыстар 10,15%-ды құраған, басқа да диаспоралар бар.

Одан әрі 1959 жылға дейін қазақтардың үлесі өз елінде азая берді: 1920 жылы 58,5%, 1939 жылы 37,8%, 1959 жылы 30%, 1970 жылы бастап қазақтардың үлес салмағы аз да болса өсе бастап, 32,6% құрайды, 1979 жылы 36,8%, 1989 жылы 40,1% болды. Екі жылдан кейін халықтың 60%-ға жуығы басқа ұлт өкілдері болғанмен тәуелсіздік алдық. 1999 жылы қазақтар 53,4%, 2009 жылы 63,7% болды. 2013 жылдың басында Н.Ә. Назарбаев қазақтардың елде 65% құрайтынын ресми түрде хабарлады.

Орыс, украиндықтар, басқалармен бірге елімізге орыс тілі, орыс мәдениеті, орыс мектебі, дәстүрі келді, келіп қойған жоқ, қазақ тілі, қазақ мәдениеті, дәстүрі ығыстырылды. Себебі сан жағынан басым ұлт өкілдері қазақтарды өзіне тартып, сіңіре бастады, ал өздері қазаққа бейімделмеді. Қазақстан орыстанды, ел өзгерді, басқа орыс тілді елге айналды. Қазақстан халықтар достығының лабораториясы деп айтылды, шындығында орыстанудың лабораториясы болды. Қазақ интеллегенциясының бірқатары бұл жағдайға іштей қарсы болды. Ал қоныс аударушылар қазақ мәселесіне пысқырып та қарамады, тіпті қазақ мәселесі бар екенін, қазақ ұлтының мұң-мұқтажын елемеді. Қазақтарды адам ретінде, маман ретінде сыйлағанмен, ұлт өкілі ретінде қабылдамады. Олар ақша



табуға, пәтер алуға келгендер еді. Қоныс аударушылардың саны көбейіп, олар 40-50-60%, тіпті 70%-ға дейін өскенде, олар қазақтарға емес, қазақтардың оларға икемделуіне тура келді. Бүгін қоныс аударушылардың Ресейге көптеп баруына байланысты, орыс ғалымдары азиатизация үрдісі күш алып келеді дейді. Қазақстанда русификация үрдісі күш алып қойған жоқ, өмір сүрудің салтына, заңдылыққа айналды. Осылай орыстану дерті батпандап кірді. Атадан балаға, баладан немереге ұлтсыздану, тілін, мәдениетін жатырқау кең етек алды. Бүгін тек орыстар, украиндықтар емес, қазақтар арасында ана тілін сыйламайтын, демек білмейтін, менсінбейтін сана сіңген.

2009 жылғы санақ бойынша жағдай жақсы сияқты, қазақтардың 98,3%-ы ауызекі сөзді түсінеді, 95,4%-ы еркін қазақша оқиды, 63,2%-ы еркін жазады. Бұл деректер сенімсіздік туғызады, өмірде олар дәлелденбей отыр. Көптеген ата-аналар, әсіресе жастар, тілі шықпаған балаларына дейін өздері шала білетін қазақ тілін балалары да біледі деп жазған. Бұл жерде ұлттық психологиялық фактордың да ықпалы бар. Қазақ тілін білмесем, орыс деп жазады деп те сақтанған, бірқатары намысқа барып, қазақ тілін білмейтіндер көп демесін деп біледі деп жаздырған. Ұлттық сезім — ең бір терең сезім, өз тілін білмесе де, өзін тегіне қарай ұлтқа жатқызу кең тараған үрдіс.

Ұлт құндылықтарына қарай шартты түрде қазақтарды үш топқа жатқызуға болар. Бір топтың психологиялық бағыт-бағдары ұлттық мәдени, тіл, тарихи санаға негізделген, олар ұлттық құндылықтарға артықшылық береді. Екіншілер, өз бойына екі, не оданда көп мәдениетті сіңіруге тырысатындар. Үшіншілер, ана тілінен орыс тілін артық білетіндер, сондықтан бөтен тілге, мәдениетке артықшылық беретіндер.

Сонымен қатар, қай тілді де, мәдениетті меңгермеген маргиналдар да бар, олар ұлт мәселесі төңірегінде ойланбайды. Бірақ барлығына ортақ — «мен қазақпын» деген сана. Қазақ сөзін сөйлейтіндер қазақи рухы мықты бірінші топтағылар. Олар әзірге көп емес, екіншілер біршама баршылық, үшіншілер көп.

Ұлт тұтастығы туралы аз болғанда біз рулық, тайпалық психологияны айналып өте аламыз.

Бір демограф 1999 жылғы Президент сайлауы алдында ұлы жүз қазақтарының 25%-ы, кіші жүз — 31%, орта жүз 44%-ды құрайды. Сайлау тағдырын орта жүз шешеді дегендей ой тастаған. Тарихшылар қазақта 112-ден 159 дейін ру тайпалар бар деп жүр.



«Ру мен тайпаға бөліну — ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі», — деп Н. Назарбаев орынды бұл мәселеге назар аударды. Социологиялық зерттеулер рулық-тайпалық қатынастардың мынадай көріністеріне көңіл аударады. Сауалға жауап бергендер айтуынша, мемлекет басқару саласында, әсіресе,





аймақтарда, облыстарда рушылдық көріністері байқалады, жемқорлыққа жең ұшынан жалғасып ықпал етеді; материалдық, қаржылық ресурстарды пайдалануда да көрінеді, заңдардың орындалуына тосқауылда да көрініс алады.

Болашақта да ол ықпал жалғасады. Не істеуіміз керек?

1. Рушыл, тайпалық, жүзшіл психологияның жағымсыз ықпалын БАҚ ашып көрсету қажет, бұл — эгоцентризмнің бір түрі;

2. Тарихты бір рудың, тайпаның, жүздің түрғысына емес, тұтас қазақ халқының мүддесі түрғысынан зерттеу;

3. Нарықтық экономикада бәсекелестік күшеймей, монополизмді еңсермей, ру, жүз, тайпаға бөліну жойылмады. Әлсіз кәсіпкер монополист ағайынан қолдау іздейді;

4. Өңірлердің (батыс, оңтүстік, орталық) дамуында айырмашылықтарды еңсеру, себебі өңірлік бөлісте жүздік сипатта бар;

5. Ауылдарды қолдау, жұмыссыздықты азайту, екі қолға бір күрек таба алмаған қаладағы рулас ағайынын паналайды;

6. Көп партиялық жүйені дамыту, қоғамды саяси-әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі топтастыру, саяси мәдениет тәрбиелеу;

7. Орта тап қалыптастыру, табысы бар, үйі бар қазақ руласынан қолдау іздемейді;

8. Қазақ халқының бірлігі, тұтастығын қалыптастыру, рулық, тайпалық жүздік патриотизмнен жоғары қазақ патриотизмін тәрбиелеу.

Басқа тілге ауысқан, басқа дінге өткен, әр түрлі партияға, руға, жүзге бөлінген, бірақ тегі бір, қаны бір қазақтардың басын, қазақ тілі, қазақ мәдениеті, мұсылман діні негізінде бірігу қажеттігі туып отыр. Қазақтың бірлігі біздің мақсатымыз — сонымен бірге сол мақсатқа жету үшін құралы. Басқа шаруалар осыдан туады.

Қазақтың бір-бірін қолдауы ұлтшылдық емес, тамыр таныстық қазаққа пайда беретін болса қолдау керек, одан қазақ ұтылмайды. Біздің ұлтшылдығымыз — патриотизм, қазақтың мәртебесін өсіру. Өзін сыйламаған басқаны да құрметтей алмайды, басқа сөздің барлығы ақиқатты бұрмалау, алдау. Өз қанына жақындарды тарту, биологиялық та, адами да орта жасау бізге де тиімді.

Ұлттық мамандар дайындау — қасиетті іс. «Кадры решают все» деп тегін айтылмаған. Кадрлар — біздің ертеңіміз. Әрбір жоғары оқу орны — ұлттық кадрлар дайындайтын ұстахана. Басқалардың қолынан келген іс қазақтардың да қолынан келеді. Басқалардың білгенін біз де біле аламыз. Бізді кемсіткенмен, бүгін біз өзіміздің бағамызды білуіміз керек.

Мәселе — кадрлар сабақтастығында. Қай заманда да аға ұрпақ тарихи сахнадан кеткенде, олардың орнына дайындығы мықты, тәрбие жағынан шыныққан орта келеді. Сондықтан бүгін басқару саласындағы азаматтарды іріктеу,





дайындау, зерек жігіттерді қолдау қажет. Бүгін жастар әлі жетілген жоқ деп жоғары биліктен шеттетуге дұрыс болмас, жетілгмеген тұстарын өмірдің өзі пісіп жетілдіреді.

Заман қатыгез, жалпақ шешейлікті көтермейді. Ал елімізде орыс тіліндегі ақпарат құралының саны қазақ тілдегі таралымнан 3-4 есе артық. Мемлекеттік тапсырыс пен бойынша жұмыс жасайтын 94 газет, журналдың 70-і орыс тілді. Олар шетелдік ақпараттың құралдарының ықпалында, шет елдегі арандатушы топтардың айдауымен жұмыс жасауда. Осылай өзімізге қарсы күштерді өзіміз асырап, қолтығына су бүркіп отырмыз.

Әр ұлт өз бақытын өз қолымен жасайды. Сондықтан қазақтың ертеңін қазақ қана ойлауы керек. Басқаға біз керекбіз бе? Барлық ақшалы, жоғары еңбекақы төленетін жұмыстар қазақтарға тиесілі болу керек. Айналып келгенде бұл ұлттық табыс, қаржыларды күндемейік. Бірақ табыс адал еңбекпен, термен келетін болсын.

Қазақтың идеологиясы, өмірге көзқарасы да өзгеру қажет. Қазір «асқан байлық не керек, ден сау болса болғаны-ай» деп әндету нарық заманына үйлеспейді. Байлық, қаржы — денсаулықтың көзі, ақшалы адам сүйген асын ішеді, қалаған жерінде демалады, таңдаған жеріне барып емделеді. Сондай-ақ денсаулықтың өзі де байлық, дені сау адам ғана табыс табады, несиесін төлейді. Сондай-ақ «бай болып, ауру болғанша, деніміз сау, кедей болғанымыз жақсы» дегенді де қолдауға болмас. Дәулетті де және денімізде сау ұлт болуымыз керек.

Жеңіс әр уақытта бірден қолға тие бермейді, күте білу, төзімділік таныту — біздің парыз. Біз — бірден үлкен олжаға, жеңіске жете алмаймыз, мысықтабандықтан, ақырын басып алға ұмтылайық, әрбір ілгері қадам — ол да жеңіс. Әр күнды кітап, кино, сұлу ғимарат, спорттағы қазақтардың жеңісі — ұлттың мақтанышы.

Қазақ мәселесін жиі көтеріп, әсіресе басқа ұлт өкілдеріне қазақтың отарлау саясатынан көрген қорлығы, қуғын-сүргінге ұшырағандығын, азапты көп шеккендігін, кемсітушілікке ұшырағандығын, бүгін соның орнын толтыруға тырысатынын айтуымыз дұрыс. Диаспоралардың тағдыры тарихи отандарына шешіліп жатқандығын да еске салған жөн. Қазақтар әлі де ауылдық жерде даладағы әжетханаға баратынын, көмір жағып күн көріп отырғанын айту керек.

Қазақтардың жағдайы туралы ақпаратты молынан беруіміз жөн.

Ақпарат — ең басты күндылықтың бірі. Қаржы, ақпарат және кадрлар — басты байлық, біздің ырысымыз. Сонымен бірге еліміздегі диаспоралардың іс-әрекетінен, ниеті мен істерінен қазақ хабардар болып отыруға тиісті. Ақпарат құралдары, үгіт-насихат, баспасөз, радио, теледидар, кино — барлығы да қазақтың қолында болып, қазақ ұлтына қызмет жасауға тиісті. Әр мәселенің

төңірегінде қазаққа пайдалы қоғамдық пікір туғызу керек. Еврейлер айтады: «Из любого пустяка можно сделать проблему, а из любой проблемы-пустяк». Қазаққа пайда бермейтін мәселені түкке тұрғысыз етіп, әрбір ұсақ-түйек мәселеден қазаққа пайда беретін үлкен проблемаға айналдыру керек.

Әрбір істе қазақтар лидер болуға тиісті, қолдан келгенше бірінші болуға тырысу тиісті.

Тарихымызды білу — парыз. Тарихын білмеген халық жетім бала сияқты: талай халықтар мақұрым болып тарихынан, дәстүрінен, тілінен айырылды. Сонымен бірге еліміздегі диаспораларды қазақ тарихын білуге, бірте-бірте оларды өз тілімізге, өз ортамызға сіңіруге еңбек еткен жөн. Олар түбінде не еліне оралады, не сіңісіп кетеді. Диаспора өкілдерін билікке тарту дұрыс, бірақ олар көнгіш, басқарылуға икемді болуға тиісті. Оларды қазақтың сойылын соғатын мамандар ету, шовинистерге қарсы қою — бізге міндет. Бұл — әлемдік тәжірибе. Оны біздің оралмандар жақсы біледі.

Қазақстанда әлеуметтік қақтығыстар азайып, шиеленістер бәсеңсіп, тұрмыс жақсарған сайын қазақтар арасында тоғышарлық психология, ұлттық селқостық, немкеттілік белең алса, сонымен бірге кейбір орыс ағайындардың арасында кеңес заманынан қанға сіңген ұлттық амбиция, менмендік те күш ала бастайды. Оларға қазақ мәселесі уақытша науқандық мәселе болып көрінеді. Бүгін біз советтік үрдіске оралғандаймыз. Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық моделін, үлгісін таптық деп, мәселені үзілді-кесілді шешілгендей сайраймыз. Осы жағдайда екінші үрдісте, қорғаныш үрдісі де күшейді, патриоттық ұлттық топтар арасында нигилизмге, шовинизмге, тоғышарлыққа қарсылық туып, ұлттық энергия шоғырланып, күш жинайды. Ұлттық қатынастарды энергияның сақталу заңы осылай көрініс алатын сияқты. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанда Тәуелсіздік мерекесіне дейін шыршалар қойылмады, тіпті христиандық жаңа жыл аталмады.

Нарықтық экономикаға көшкен тұста біз өмірдің қай саласы туралы сөз қозғағанда, оның қаржы тапшылығына тірелетінін айтудан жалықпаймыз. Десек те мемлекетте рухани бір арқаудың, тіректің жоқтығында сезінеміз. Өмірдің барлық қырын валюта нарығындағы доллардың, болмаса еуроның құнымен өлшеуге болмайтындығын, қоғам бағыт сілтейтін құндылықтарға сүйенгенде ғана қалыпты өмір сүре алатынын түсіне бастадық. Оның өзі ауыр індеттен сауыға бастауымыздың нышаны. Ұлттық идеяға, бірлікке қажеттілік туды. Ол идеяның бастауы билік кабинеттерінде емес, рухани мұрамызда жатыр. Тек өткен шақпен ғана байланыстыруға болмайтын, бүгінгі күнмен үндесіп жатырған шығарманың бірі, ұлттық идеяның қайнар бұлағы — Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны.



ДАҢҚТЫ БАБА ҚОЖАБЕРГЕН

Абай ТАСБОЛАТОВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Өз заманында кең-байтақ жерімізді, бытырай қонған елімізді қызғыштай қорғаған, халқының бостандығы, болашақ ұрпақтың бақыты жолында қасық қаны қалғанша күрескен қазақтың хас батырлары жылдар, ғасырлар өтсе де ұмытылмайды. Еліміз Тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері олардың тарихтағы орнын айқындау, өнегелі істерін ұрпаққа үлгі ету, лайықты құрмет көрсету бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Соның бір мысалы жақында Үкімет үстіміздегі жылы Қожаберген Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуын атап өту туралы қаулы қабылдады.

Расы сол, тарих қойнауында қалған баяғының батырларының, би-шешендерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді ғылыми тұрғыдан негіздеу, жүйелеу жеңіл жүріп жатқан жоқ. Сірә, ол ұзақ жылдар бойы қазаққа ерлікті де, білімдарлықты да, шешендікті де, бір сөзбен айтқанда, көп игіліктерді қимаған саясаттың ықпалы болса керек. Қожаберген бабамыздың аты да көп уақыт қалың елге белгісіз болып келді. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі болған Бұқар жыраудың Қожабергенге арналған «Ғаділ ер» деген толғауындағы:

Көшебе керей ағасы,
Толыбай сыншы баласы.
Қол бастаған Қожекең,
Үш жүздің болды-ау данасы, —

деген немесе «Ұстазыма» деген толғауындағы «Бата алған Бұқармын Қожаберген асылдан» деген сөздерді, Қожабергеннің өзі «Елім-ай» дастанында Бұқар жырауға:

Шәкіртім сүйіндікте Бұқар жыршы,
Ол Бұқар — өзі ақын, өзі сыншы.
Ол дағы қарап жатпас аттан салар,
Сөзіне оның, халқым, құлақ түрші! —

дегенін көзге ілмей келдік.

Десек те, зерттеушілердің Қожаберген бабамыздың ғибратты ғұмырына қызығушылығы ешқашан да бәсеңсіген емес. Қожабергеннің өмірі мен еңбегі қазақ халқының алғашқы ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсаринді де қызықтырған. Ыбырай Алтынсарин Қожабергеннің атын 1879 жылы Орынбор баспасынан жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» және Қазан қаласында басылып шыққан «Мәктубат» деген кітабына енгізеді. Қожаберген мұрасына С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Көбеев, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, І. Омаров сынды асыл ұлдарының да ден қойғаны тарихтан белгілі.

Бұларға дейін Қожаберген Толыбайұлы туралы Дәстем сал Қарабасұлы (1677-1752), Жанкісі жырау Көшекұлы (1734-1817), Жанақ Төлекұлы (1743-1821), Баһрам Шақшақұлы (1779-1826), Көрпеш, Сегіз сері Баһрамұлдары, Шәңгерей Бөкеев (1847-1920), Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазған.

1983 жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасынан «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген еңбек жарық көрді. Осы кітапта Қожаберген жырауға да орын берілген. Міне, содан бері Қожаберген Толыбайұлы туралы бірнеше кітап, жүзден астам зерттеу мақала жарық көрді.

2000 жылдың 19-20 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен «Қожаберген Толыбайсыншыұлының ел тарихындағы орны мен рөлі» деген тақырыпта Қызылжар қаласында өткен ғылыми-теориялық конференцияда негізгі баяндама жасаған академик, марқұм М.Қ. Қозыбаев Қожаберген мұрасын зерттеу, бүгінгі ұрпаққа жеткізу замана талабы екенін баса айтқан. «Қожаберген бабамыз көп батырлардың бірі ғана емес. Ол – 1688-1710 жылдары 22-23 жыл бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер! «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген ұлы жеңісті шыңдаған стратег», — деген еді сонда атақты академик ағамыз.



Тарихтан бізге жеткен деректер бойынша, Қожаберген Толыбайұлы 1663 жылы наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Благовещенка селосының маңайындағы Гүлтөбе деген жерде, батырлар мекенінде дүниеге келген. Олай дейтініміз, орта жүздің керей руынан тарайтын Толыбай сыншы да, XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген Дәулен де (Толыбайдың әкесі), арғы атасы Көшебе де батыр болған. Қожабергеннің:

Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге, –

немесе:

Ол соғыс Есімханның тұсында өткен,
Қалмақты Дәулен атам қырған шеттен, –

деуі содан.

Осындай ел қорғаны болған асылдардың тұяғы Толыбайдың аты болашақты болжай білетін көрегендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, шешендігімен, ел іргесі сөгілсе, қылышын қынабынан суырар ерлігімен де шыққан. Ол Гүлтөбеде көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып ел тыныштығын қорғаған, ордабасы – баһадұр атанған. Ел ішінде әлі күнге дейін Толыбай сыншыға телінетін нақыл, қанатты сөздер аз емес.

Ал, Қожабергенге келсек, ол – ақын-жырау, әнші-күйші, сазгер ғана емес, ел тағдыры таразы басына тартылған қан-майдан жорықтарда қалың қолды бастаған батыр, «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты тарихи конституциялық пәрмені бар «Жеті Жарғыны» жазған жеті бидің бірі. Балуан, мерген, сыншы, саятшы, он саусағынан өнер тамған шебер, емші, сауатты адам болған. Жүз жасаған Қожаберген өмірінің алпыс жылын елінің тәуелсіздігі үшін күресіп, ат үстінде өткізген. Бұл жөнінде көзі тірісінде ұлт намысы атанған әйгілі заңгер Салық Зиманов Қызылжар қаласында өткен халықаралық конференцияда былай деген болатын: «Қожаберген – біздің тарихымыздағы тұтас құбылыс, бүкіл ғұмырын қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ұлы тұлға». Атақты ғалым бұл сөздерді тектен-тек айта салған жоқ. Ол Қожаберген Толыбайұлы, оның «Жеті Жарғыны» жазуға қатысқаны туралы өзінің толық шығармалар жинағында да жазған болатын.



Белгілі Көтеш ақын Райұлы да өзінің «Жиен жырау» дастанында:

Ақылдасып үш бимен
«Жеті Жарғыны» жазған ер.
Кім десеңіз ол бекті,
Қожаберген кемеңгер, –

деп жазады.

Қожаберген жасында Үргеніш, Бұхара, Самарқанд медреселерінде оқып, мол білім алады. Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгереді. Осындай білімінің арқасында 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның елшілік қызметінде 5 жыл басшылық етіпті. Оның:

Тіліне араб-парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп, –

деген жолдар осыны ұқтырады.

1688-1710 жылдары қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен қолына әскербасы болып қалмақ шапқыншылығына қарсы ұзақ жылдарға созылған соғыстарда талай рет ірі жеңістерге жетіп, ордабасы атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның 23 жыл әскер басқарғаны өзінің «Үш би» атты өлеңінде былай деп көрсетілген:

Басқарып үш жүз қолын 23 жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар қайт қылған жоқ жарлығымды,
Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын.

Ендеше, М.Қ. Қозыбаевтың жоғарыда біз сөз еткен конференцияда: «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген – ұлы жеңісті шыңдаған стратег. Қожаберген батырлардың батыры, қолбасшы, Әз Тәукедей дананың оң қолы, қиын замандағы ел қорғаны», – деп жариялауы өте орынды. Атақты тарихшы «Дауылпаз баба – Қожаберген» деген еңбегінде Қожаберген жыраудың Әз Тәукенің тапсырмасымен «Жеті Жарғыны» ақ былғарыға жазып, ханға табыс еткені туралы деректер де келтіреді.



Қожаберген жыраудың ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасы өте мол. Олардың бәрін жинап, сақтаған — Сегіз Сері. Атақты Сегіз сері «Елім-ай» жырын шығарған Қожаберген жырау екендігін былайша айтып кеткен:

Қожаберген бабамыз —
Әріде өткен данамыз.
«Елім-айдай» қиссасын
Әнмен шырқап саламыз.
Тұлпар мініп ту алған.
Қожаберген бабамның
«Елім-ай» жырын жаттағам.
«Ата тектей» дастанын
Жадыма мықты сақтағам.
«Елім-ай» әнін бабамның
Бала кезден шырқадым.

Ол жыраудың «Күлдірмамай», «Қойлыбай көрген», «Қарасары Болат керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл», «Жеті Жарғы», «Қабанбай батыр», «Ер Көкше», «Асан ата», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Ер Едіге», «Орақ батыр», т.б. төлтума шығармаларын жинап, өзінен кейінгі ұрпаққа аманат еткен. Осы дастандарының бәрінде де ақын елді сыртқы жауға қарсы азаттық жолындағы күреске шақырып, қазақ халқының бірігіп, іргелі ел болуын армандап, соны жырға қосады. Бұл жағынан алғанда, Қожаберген бабаның жыр еткен тақырыбының саяси жағынан өте маңызды екенін көреміз. Қожаберген шығармаларының ең шоқтықтысы, сөз жоқ, «Елім-ай» дастаны. Жеті бөлімнен, 3683 шумақтан, 14732 жолдан тұратын «Елім-ай» дастанында жырау 1723 жылдың апатын, халықтың қайғы-қасіретін, күйзелісін ашына жазады. «Елім-ай» — ел өміріндегі тұтас бір кезеңді қамтитын тарихи шығарма. Автор бұл еңбегінде Жоңғар империясының дәуірлеп, күшею себептерін, Әз Тәукеден кейінгі қазақ хандығында болған текетірес, бақталас, алауыздықтың бетпердесін ашады. «Елім-ай» дастанындағы:



Әз Тәуке болса-дағы достыққа ынтық,
Сатпады көрші екі жұрт бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ жаудырғанда
Найза ұстап, садақ тартып қарсы шықтық, —





деген жолдардың да астарында көп ой жатқаны анық. Бұл арада әңгіме жоңғарлардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенінде болып отыр. Дастанда Түрікпен, Қоқан, Хиуа, Бұқардың қазақ еліне деген қастандығы, өзбек пен тәжіктің жалтақтығы әшкереленеді. Осы тұрғыдан алғанда, М.Қ. Қозыбаевтың тілімен айтсақ, «Оны тек «дастан» деу аз сияқты. Оның арнасы кең: ұлттың болу-болмауы, Отан тағдыры. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлттың сан ғасырлық салт-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери, саяси қайраткерлерін жеке-жеке даралап, дүбірлеген оқиғалар болған жерді аралап жазылған ұлы эпопеялық туынды. «Елім-ай — шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» — ұлтымыздың Илиада мен Одиссеясындай эпикалық өміршең трагедиясы».

Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі, батыр-қаламгер Бауыржан Момышұлы «Елім-ай» дастаны жайлы: «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры — әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?» — деп жазған екен.

Ірі ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмахановтың пікірі де осыған үндес. Ол өз ойын: «Көшебе керей Қожаберген ақын Толыбайсыншыұлының «Елім-ай» дастаны — тарихи эпопеялық жыр. Әрі сол «Елім-ай» ерлік қиссасының бірінші бөлімі – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден бір тарихи құжат», — деп тұжырымдапты. Осы мазмұндас бағаны кезінде академик Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нүсіпбеков, тарих ғылымының докторы, профессор Бек Сүлейменов те шегелеп айтқан екен.

Жырау 1710 жылғы жазда өзінің көп жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып шаршағанын мойындап, Әз Тәуке ханнан өзін ордабасы қызметінен босатуды өтініп, орнына шәкірті жас Бөгенбай батыр Ақшаұлын ұсынады. Әз Тәуке хан арнайы құрылтай өткізіп Бөгенбайды ордабасы етіп сайлатады, сол жиында Қожаберген Бөгенбайға ақ батасын береді.

Бұл жайында Бұқар жырау былай дейді:

Қожаберген ғаділ ер,
Қадірін білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға
Билігін берген ардагер.





Қожекеме Бөгенбай
Шәкірт болған жан еді.
Сайлатқан оны ұстазым
Қарадан шыққан хан еді.

Жоғарыда Қожабергеннің өмірі мен шығармашылық қызметіне XIX ғасырда өмір сүрген ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин алғашқылардың бірі болып ден қойғанын айттық. Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің айтуынша, одан сәл бұрын, 1875 жылы «Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества» атты кітапта (253-бетінде) «Каратаудың басынан көш келеді» әнұранының алғашқы нұсқасы 16 жол көлемінде беріліпті. Сонымен бірге Түрсекең «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты еңбектің бірінші томында «Қожаберген жырау (1663-1763)» атты арнайы тарау жарияланып, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет «Елімай» әнінің авторы жайлы бірқыдыру мәліметтер берілгенін де айтады.

Алайда, кейін ұзақ жылдар бойы Қожаберген есімі аталмай келді. Академик Манаш Қозыбаев екі себебін атайды. «Бірінші – Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-айы» империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп айыптайды... Екіншісі – «Елім-айы» қазақ хандарының төре тұқымынан сайлануына қарсы. Ал, төрелер әулеті қазақ қоғамына ендеп, бойлап араласып, құраласып кеткен-ді».

Қожаберген Толыбайұлы – шын мәнінде бар қазаққа ортақ тұлға. Сондықтан да оның өмірі мен шығармашылығы жайлы солтүстікқазақстандықтар ғана емес, еліміздің барлық аймағында тұратын зерттеушілер жазуда. Соның нәтижесінде Қожаберген батыр халқына қайта оралды. Оның ерлігі, даналығы туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Осындай игі істерге белгілі заңгер Бекет Тұрғараев басқаратын «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық-қайырымдылық қорының ұйытқы болып келе жатқанын айту жөн. Аталмыш қордың қолдауымен жыраудың туған жеріндегі қорымында жерлестері оған арнап күмбез орнатып, ас берді. Жамбыл ауданының орталығы Пресновка селосындағы қазақ мектебінің алдындағы алаңға есімі беріліп бюсті орнатылды, мектепте мұражайы ашылды. Петропавл қаласындағы №6 қазақ орта мектебі жырау есімімен аталады.



Иә, айта берсек, қолға алынып жүзеге асырылып жатқан игі істер аз емес. Бірақ, кезегін күтіп тұрған шаруалар да бастан ашып жатыр. Осы жайында жақында мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметовке депутаттық сауал жолдадым.





Онда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1678 қаулысына сәйкес үстіміздегі жылы 350 жылдығы аталып өтілетін Қожаберген Толыбайұлының мерейтойына дайындық барысында әлі шешімін таппаған кейбір мәселелерге тоқталып, атап айтқанда, балалар мен жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу жөнінде еліміздің театрларында тарихи деректерге сүйене отырып, Дауылпаз баба – Қожаберген Толыбайсыншыұлы туралы сахналық қойылымдарға бәйге ұйымдастырылып, үздік шыққан сценарийлер бойынша спектакльдер қоюға; тарихи деректерге сүйене отырып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңіндегі «Елім-ай» жыры мен Қожаберген бабамыз туралы қазақ және орыс тілдерінде бір сағаттық деректі фильм түсіруге және оны еліміздің басты телеарналарынан көрсетуге; «Елім менің» патриоттық әндер конкурсы аясында халық ақынының өмірі мен ерлігіне арналған әндер конкурсын ұйымдастыруға; «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Благовещенка елді мекеніне қарасты «Бүркітконған» деген орманның маңында орналасқан Қожаберген жыраудың кесенесін мемлекет қамқорлығына алып қайта тіркеуден өткізіп, кесенеге күрделі реставрациялық жөндеу жұмыстарын жүргізуге; министрлік Астана қаласы әкімдігімен бірлесе отырып орталық бір көшеге Қожаберген жыраудың есімін беруді ұйымдастыруды қолға алу және құжаттарын дайындауға; республикалық ақындар, жыраулар байқауын ұйымдастыруға; жасөспірімдерді рухани-адамгершілік пен отанды сүюге тәрбиелеу мақсатында ұлттың рухын қиын кезеңде де көтере білген тарихи тұлға Қожаберген жырау өміріне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыруға; барлық республикалық, облыстық кітапханаларда дауылпаз баба – Қожаберген Толыбайсыншыұлының туғанына 350 жылдығына арналған кітап көрмелерін ұйымдастыруға; бабамыздың 350 жылдығына арналған іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жариялауды ұйымдастыруға; Қожаберген Толыбайсыншыұлының өміріне қарасты тарихи деректерді қайта сүзгіден өткізіп мемлекеттік тапсырыс аясында шығарылатын әдебиеттер негізінде арнайы кітап шығаруға қаржы бөлуді сұрадым.

«Егемен Қазақстан» газеті,
12 ақпан 2013 ж.



«ӘЗ ТӘУКЕГЕ ҚЫЗМЕТ ҚЫП, ЖАЗДЫМ «ЖЕТІ ЖАРҒЫНЫ»

Бекет ТҰРҒАРАЕВ,
«Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері – құрметті судьясы

Бабалардың ғасырлар бойғы арманы орындалып, азаттықтың ақ таңы атып, төбемізде тәуелсіздіктің көк туы желбіреді. Егемен ел болып, еңсемізді тіктедік. Бай тарихымыздың барын бағамдап, жоғын түгендеп, келмеске кеткен кер заманның кесірінен ақтаңдаққа айналған тұстарын жадымызда қайта жаңғыртып жатырмыз.

Бұған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды тапсырғаны негіз.

Бағдарламаның мақсаты – халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени – тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету, ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау.

Айтулы бағдарлама негізінде еліміздің бай мұрасы зерттеліп, қорғалуда, тарихи және мәдени ескерткіштер қалпына келтірілуде.

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында мемлекеттік қорғауға алу үшін 600 ескерткіш Үкімет қарауына ұсынылған. Оның ішінде архитектуралық, археологиялық, тарих, монументтік өнер ескерткіштері бар. Республикалық маңызы барлары – 7.





«Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Ондағы мақсат — ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі келер ұрпаққа аманат ету.

Өткенге тағзым етіп, ата тарихын таразылауда атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Сонау замандарда исі қазақтың ұранына айналған, жаугершілік заманда құрып кетудің аз-ақ алдында қалған үш жүздің басын біріктіріп, жауға шапқан батыр бабамыз Абылай ханның Қызылжардағы ордасы қайта қалпына келтіріліп, санадан біртіндеп өшіп, жас жеткіншектерге беймәлім болып бара жатқан баба аты қайта жаңғырды. Бүгінде жас ұрпақты ерлікке, ержандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін бірден-бір орынға, қаламыздың көркіне, мақтанышына айналды.

Сондай орындардың қатарына Айыртау ауданының Сырымбет қорымындағы Шоқан Уәлихановтың мемориалдық мұражайы мен оның әжесі Айғанымның мұражай қонысын, Жамбыл ауданында Қожаберген жыраудың жерленген жерінде орнатылған ескерткішті, т.б. атап айтуға тұрарлық.

Бұдан басқа да ғибратты ғұмырлары мен ұлағатты сөздері исі қазаққа ортақ от ауыз, орақ тілді би-шешендер, елдік пен ерліктің қорғаны батыр-бағландар мен ел ұстыны болған қайраткер тұлғалар тарихы терең Қызылжар өңірінде аз емес.

Солардың бірі һәм бірегейі — Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген, әзірше ел тек жырау деп қана таныған Қожаберген Толыбайсыншыұлы.

Ал нағыз мәніне келер болсақ, қасиетті бабамыз — қазаққа ғана қорған боп, қалмаққа қарсы шапқан көп батырдың бірі емес, әділ билігімен, хас батырлығымен алты алаштың айбыны болған ірі тарихи тұлға.

Бүгінгі міндет — Қожабергенді өскелең ұрпаққа басқа қырынан таныту. Қожаберген — батыр, баһадүр, көрнекті мемлекет қайраткері, дауылпаз жырау, замана дүлдүлі.

Ол Үргеніш медресесін бітірген, өз заманының білімді адамы болған. Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік білген. Сондықтан Әз Тәуке хан Қожаберген баһадүрді елшілік жүргізу ісіне де пайдаланған. Демек, ол дипломат, замана саясаткері десек артық айтқандық емес.

Қожаберген жырау 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның қарамағында елшілік қызметін басқарған екен. 1688 жылдан бастап үш жүздің жасағына бас қолбасшы болған. Ол тек қазақ жасақтарына қолбасшы болып қоймай, қалмақ басқыншыларына қарсы ұзақ жылдарға созылған соғыстарда жаулардан қы-





сым көрген Ноғай, Сібір татарлары, Қарақалпақ халықтарының әскерлерін де соңынан ерткен көрінеді. Оны мына өлең жолдарынан да анық байқауға болады:

Басқарып үш жүз қолын жиырма үш жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар қалт қылған жоқ жарлығымды,
Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын.

Кейін Қожаберген Әз Тәуке ханға өзін ордабасылықтан босатып, орнына талай ұрыстарда ержүректігімен, батырлығымен көзге түскен Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлын ұсынып, сайлатады. Ол жайында Бұқар жырау былай жырлаған екен:

Қожаберген ғаділ ер,
Қадірін білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға
Билігін берген ардагер.
Қожекеме Бөгенбай
Шәкірт болған жан еді, —

десе, Бұқардың өзі де Қожабергенді ұстаз санаған. Оны әйгілі Бұқар жыраудың «Ұстазым» атты дастанындағы мына шумақтардан анық аңғаруға болады:

Жалаулы найза, қобызды,
Домбырасын қолға алған.
Камалға шабар алдында
Шығарып өлең толғаған.
Қиын-қыстау кезеңде
Намысын қозғап өлеңмен.
Батыр, ақын ұстазым,
Қалың қолға дем берген, —

дейді.



Сондай-ақ бұл жолдардан батыр баба жауына қарсы шабарда қолдағы қаруына қоса өзегін жарып шыққан өлең сөзін де қару етіп, сөз құдіретімен жауынгерлердің намысына қозғау сап, жігерін жанып отырғандығы байқалады.

Кешегі сұрапыл соғыс кезінде «Отан оттан да ыстық», «Отан үшін отқа түс — күймейсің» деп жауынгерлерін қаһарлана қайраған аты аңызға айналған хас ба-





ақымыздың қадірменді перзенті Бауыржан Момышұлының өрлігі мен
тыр баба рухымен үндесіп жатқаны қайран қалдырады.
:абақтастығының үзілмегеніне риза боласың. Бабадан балаға мирас боп
азақ қанындағы қаһармандық рух жалғаса беретініне сенгің келеді.
ау баба тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен
ойқын апатты басынан өткеріп, көзімен көрген. Осы қырғында ол ба-
батыр балалары Науан мен Әсеттен, жан алысып, жан беріскен батыр-
ек пен Айбектен айырылып құса болады. Қиын-қыстау кезеңде басынан
йғы-қасірет, шер мұңды күйші, әнші әрі ақын бабамыз «Елім-ай» күйі,
й» әні және «Елім-ай» жыры арқылы сыртқа шығарса керек.
ынды батыр, дарынды жазушы Бауыржан Момышұлы «Елім-ай» жыры
«Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақын-
ң бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген
л кісінің «Елім-ай» жыры — әскери дастан!» — десе, көрнекті ғылым
ері, профессор Ермұхан Бекмаханов: «Қожаберген ақынның «Елім-ай»
— тарихи эпопеялық жыр. Әрі сол «Елім-ай» ерлік қиссасының бі-
лімі — 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі
суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат!» — деп бағалаған.
ма ғалым М. Әуезов «тарихи өлеңдердің авторы, көбінесе сол уақи-
ымен көрген тұстастары» деп ескертеді.
нге дейін ел арасында халық әні ретінде айтылып келген «Елім-ай»
авторы да Қожаберген жырау екендігін соңғы кездегі зерттеулер дә-
Бұны философ-ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Даналарға» деген
гі мына жолдар да растай түседі:

Өнерге құлаш ұрып бала жастан,
Тарихын бұл ұш жүздің етіп дастан.
Баласы Толыбайсыншы Қожаберген
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан...

Қолбасы, ақын-жырау һәм елші-би,
Шығарып «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй.

жайында өз заманында С. Сейфуллин, Ы. Алтынсарин, С. Торай-
дың жазған еңбектерінде де кездеседі.



Қазақ Совет Энциклопедиясының қысқаша төрт томдығының төртінші томында да «Елім-ай» әнінің де, күйінің де, жырының да авторы Қожаберген екендігі айтылады.

Ғалым, академик Манаш Қозыбаев жырау бабаның «Елім-ай» дастанын кең тынысты эпикалық шығарма ретінде әйгілі Илиада мен Одиссея жырларына теңеп кеткен.

Осы орайда оқырман қауымға, академик ағамыздың аталмыш дастан жайлы айтқан пікірін келтіре кеткен жөн: «Елім-ай» — әдеби тұрғыдан алғанда да теңдесі жоқ туынды. Онда тек халық мұңы ғана емес, оның сыры, рухы бар. Автор егіліп те, төгіліп те жырлайды, бірде тарихи тереңдікке бойласа, бірде бүгінгіні қайғырып, болашақты ойлайды, философиялық пайымдармен орағыта толғайды, — деп «Елім-ай» жырына баға бере отырып, осындай құнды дүниені ғасырлар қойнауынан мұра етіп бүгінге жеткізген Қожаберген бабамызды қол бастаған батыр деп қана қоймай, «Елім-айдай» асылымыздың авторын «Дауылпаз жырау» деп атау орынды», — деген екен.

«Елім-ай» дастаны алғашында ауызша туып, кейін оны Қожабергеннің өзі хатқа түсірген, жазба күйде сақтаушы Толыбайсыншы ұрпағы — Шақшақ батыр Көшекұлы көрінеді. Оның бүгінге дейін жетуіне ықпал еткен жыраудың соңынан ерген үрім-бұтағы немере-шөберелері. Әрине, сан ғасырды араға салып жеткен жыр жолдарында өзгерістер де жоқ емес. Дегенмен, осы өмірбаяндық тарихи-дастанның келер ұрпақ тәрбиесіне тигізер әсері ұлан-ғайыр. Дастанның әр шумағы жас буын өкілдерін отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке, бауырмалдыққа, адалдыққа, достыққа насихаттайды.

Қожаберген жырау бабамызға ақындық аруақ оның жеті жасында қонып-ты. Міне, сол құдай берген ақындық өнерінің арқасында одан мол әдеби мұра қалған. «Елім-ай», «Баба тіл», «Қорқыт баба», «Асан ата», «Еңсегей бойлы ер Есім» дастандары, «Ақсауыт», «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Қазақ пен Ноғайдың қоштасуы», «Сылаң сыр» өлеңдері мен «Аңырақай», «Сұлама», «Боз айғыр», т.б. күйлері мен өлең-дастандары аттары айтып тұрғандай сол заманнан сыр шертер шежіре шығармалар.

Қожаберген өзіне дейінгі қазақтың ақын-жырауларының өлең жырларын, шығыстың жеті жұлдызы атанған Жәми, Низами, Науаи, Физули, Фирдауси, Сағди, Рудаки жырларын оқып солардан нәр алған. Сонымен қатар ол Рашид ад-Дин, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Әбілғазы баһадур хан сияқты білімпаздар жазып қалдырған шежірелерімен таныс болған. Өзі де шежіреші болған. Қазақ халқының шығу тарихына, оның тіліне қатысты тереннен тамыр тартқан «Ата тек», «Баба тіл» дастандары осы сөзіміздің дәлелдері.

каберген жыраудың баға жеткісіз құнды еңбегінің бірі екі бөлімнен тұратын тіл» дастаны. Бірінші бөлімінде қазақ шежіресі туралы, қазақ халқының асуы, құрамы жайында айтылса, екінші бөлімі қазақ тіліне, жалпы жазба на тоқталады және қазақ тілінің ең көне, бай тіл екеніне талдау жасайды.

Асан қайғы, Жиреншe
Сөйлеп өткен қазақ тіл.
Әз Жәнібек, Қойлыбай
Сыйлап өткен ғажап тіл.
Осы тілді жек көрген
Дүниеден қалар құр.
Бағаласаң шынымен,
Бабаң тілі асыл дүр. —

тілін құрметтеуге үндеген осы бір жыр жолдарын жырау баба бүгінгі ұр- ұран етіп ұсынғандай әсер аласың. Қадыр ақынның «Өзге тілдің бәрін тіліңді құрметте» дегені де баба рухымен үндесіп жатыр емес пе? Бұл да ақтастығы демеске лажың жоқ. Ал, «Ата тек» дастанында жырау баба алқының қазаққа жататын тайпалардың шығу тегін баяндайды. Өзінің цениеті болған Ұлы Дала өркениетінде «Есім ханның ескі жолы», «Қасым қасқа жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» секілді демократиялық ептегі конституциялық негізі бар заң ережелері болғаны белгілі.

е, осы «Жеті Жарғыны» жазуға Қожаберген жырау баба да тікелей сқанын біреу білсе де біреу білмес. Мұндай аса маңызды, жауапты ты сеніп тапсырғанда Әз Тәуке ханның Қожаберген жыраудың көргені йгенінің молдығын, оның алғырлығы мен зеректігін ескергені анық. ні сардарлыққа дейін Қожаберген жырау Әз Тәуке ханның елшілік ін басқарғаны жоғарыда айтылды.

еті Жарғыны» жазуда бұл айтылғандарға қоса, оның жан-жақты мол лен жаза білетін сауаттылығының да септігі тигені анық. Қожаберген дың «Жеті Жарғыны» жазысқаны тарихи дәйектемелермен дәлелденген. ақын Райұлы өзінің «Жиен жырау» дастанында:

Ақылдасып үш бимен,
«Жеті Жарғыны» жазған ер.
Кім десеңіз ол бекті,
Қожаберген кемеңгер —



ожаберген жыраудың өзінің өлеңінде бұған қатысты былай делінген:

Көмектесті біздерге
Қазыбек, Төле, Әйтеке.
Қазақтың заңын нығайтып,
Тыйым салды тентекке.

«Жеті Жарғыны» жазуда
Іс тындырдым бірталай.
Айтқанымды құп алды,
Деген жоқ ешкім бұл қалай?

Жазушы Н. Әбуталиевтің жырау бабаның «Жеті Жарғыға» қатысты өзі жазып қалдырған өлеңін табуы оған қосымша дәлел:

Ақ былғарыға түсіріп,
Мұқияттап хаттадым
Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».
Салыстырып талдадым
Бергі менен арғыны, —

дейді.

Бұл, Қожаберген жырау бабаның ел қорғаны болған батыр, ширек ғасыр қолбасы болған сардарбек, ордабасы ғана емес, ел басқару ісіне де етене араласқан қайраткерлік сипатын аша түсері анық.

Жалғанда жасаған бір ғасырлық ғұмырының жартысына жуығын ел мен жер бүтіндігін қорғауға арнап, дәлірек айтсақ, қырық бес жыл ғұмырын жорықпен өткізген қасиетті баба бұл жайлы былай дейді:

Жорықта қырық бес жыл ғұмырым өтті,
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға душар етті,
Болмаса ақсақалдық кезім жетті.

Жасынан ер жүрегі шерге толған,
Халқына қартайғанда қорған болған.
Қиналып қысылғанда жыр шығарған
Керейде Қожаберген бабаң мен болам.

«Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, тал бойында талай өнер тоғысқан ол түрлі тақырыпқа қалам тартып, талай тамаша өлең-дастандар жазған, аспан

голтырып әуелете ән шырқаған, домбырада күмбірлете күй толғап, қыл
а да құйқылжыта ойнаған. Жастайынан-ақ «сегіз қырлы бір сырлы»
лған. Қожаберген қазақтың ақын-жырауларының өлең-жырларын жат-
дреселерде оқып жүргенде шығыс әдебиетіне ден қойып, Низами, На-
ағди, Рудакилердің шығармаларынан нәр алған. Арғы бабасы Таузар
да, атасы Дәулен батыр да, өз әкесі Толыбайсыншы да өз замандас-
үш жүздің әскербасылары және орта жүз қазақтарының ел билеушілері
екен.
ілдың сынығы, тұлпардың тұяғы Қожаберген жырау да жастайынан өнер-
құштарлық танытқан. Самарқанд, Бұхара сынды шаһарларда ірі медресе-
қып діни сауатын жетілдірумен қабат араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп
н. Алайда оның басты мұраты, елін қорғау, жерін сақтау болғандығын
қиын емес. Сондықтан да ол, серілік құрып, шалқып жүруден гөрі қолына
ып, қол бастауды жөн көрген. Сардарлық жолды таңдаған.
н өзінің мына өлең шумақтары дәлел:

Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самарқанд, Бұқарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарында,
Ең үлкен медресесін тәмамдағам.

Ерлікпен мағлұм болдым алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медресені шыққаннан соң,
Имам боп он жетімде міндім атқа.

Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндім батыр атқа.
Жиырмамда имам болмай, ақын болып,
Сыймайтын іс жасадым шариғатқа.

Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамша қол бастаған сардар болып,
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.

Қожаберген жыраудың өз өлең-дастандарында кездесетін:

Кеуденде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын, —

немесе:

Мекенің болсын тау мен орман, тоғай,
Ол жерден жау алуы емес оңай.
Сайла орын, жер үй салып, жапан түзден, —

деген өлең жолдары оның ұрыс қимылын жетік меңгерген асқан стратег екенін көрсетеді. Кезінде академик Манаш Қозыбаев: «Халқының қырық пайызынан айырылған қайран қазаққа дәл Қожабергендей бағдарлама жасаған ел данасы сол кезде кемде-кем. Қожаберген баба тек жеңіс бағдарламасын жасап қоймады, «Болды ғой аяқ асты Отанымыз», «Ер емес жаудың туын құлатпаған» деп, сардарларын ұрысқа шақыра білді. Қазақ халқы бабамыздың бұл ерлігін ешқашан ұмытуға тиіс емес», — деп жазған екен.

Сол аруақты бабаның туғанына 2013 жылы 350 жыл толады. Ал, халқымыз тарихының тұтас бір кезеңінің қасіреті мен қайғысын, мұңы мен сырын, мұқалмас өр рухын шерткен шежіре-дастан «Елім-айға» 290 жыл болмақ. Міне, осыған байланысты зиялы азаматтардың қолдауымен «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қайырымдылық қоры құрылды. Қордың басты мақсаты — халқының қорғаны, елінің айбыны болған ардақты бабаның ерлігі мен өр рухын оның мәңгі жасар эпикалық туындысы «Елім-ай» дастанын кеңінен насихаттау, бабаның өмірдерегіне, жорық жолына, ерліктеріне, шығармашылығына, саяси, мемлекеттік қайраткерлігіне байланысты тың деректер іздестіріп, тауып, оны одан әрі толықтыра түсу, республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу, Петропавл қаласында батыр бабаға сәулетті ескерткіш орнату, жырау баба мерейтойын жоғары деңгейде атап өту, осы және басқа да іс-шаралардың бағдарламасын түзіп, алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізу, сол арқылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына үлес қосу.

Отаншылдық рухтың негізі ұлттық намыста жатыр. Ал, ұлттық намыс ұлттық санадан қорек алады. Тұмшаланып қалған ұлттық санамыздың бодандықтың бодауынан босанғалы ғана енді-енді серпіле бастағаны жасырын емес. Жандүниемізді бойкүйездік пен енжарлықтан, ой санамызды салғырттықтан толық тазарту үшін тарихи жадымызды жаңғыртқанымыз жөн. Сонда ғана ұлттық сана қалыптасады. Соның негізінде ұлттық намыс пайда болмақ.

елең ұрпақты өткеннің өнегесімен тәрбиелеу қажет. Көкірегінде ізге деген мақтаныш сезімі ұялағанда ғана олардың бойында отаншылдық ух пайда болмақ. «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық ымдылық қорының негізгі ұстанған мақсат-мұраты да осы. Кандай да ауқымды іс-шара көп боп бірігіп, жұдырық боп жұмылғанда ғана өзінің ижесін бермек. «Көп түкірсе көл» деген даналықты да халқымыз бекер н.

гтық жолында жан беріп, жан алысқан батыр бабалардың атын әспеттеп на тағзым ету тәуелсіздіктің тәтті дәмін татып отырған әрбір саналы ың, бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы деп білемін.

«Егемен Қазақстан» газеті,
17 қараша 2009 жыл.

БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚОЖАБЕРГЕН

Талас ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

Тарихымызда ұлттық деңгейде халқымызға еңбегі сіңген, есімдері өткеніміз-де айшықты жазылатын ардақты да асыл тұлғалар баршылық. Өкінішке қарай, қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғаларды объективті зерттеу жұмысының тәуелсіздік тұсында ғана жан-жақты қолға алына бастауына байланысты Қазақ хандығы күйрегенге дейінгі бұрынғы қайраткерлер әлі де тасада қалып, назарымызды аудара қойған жоқ. Олардың бірі және бірегейі, өмірі мен тағдыры халықтың тарихымен тығыз байланысты Қожаберген Толыбай баласы екені белгілі. Ол туралы алғашқы мәліметтер жазба мұрағаттарда 1740 жылдан бастап кездесе бастайды. Бұл, әрине, Абылай ханның заманы. Зерттеушілеріміз және Бекет Тұрғараев басқаратын «Жеті Жарғы» және «Қожаберген жырау» қоғамдық қайырымдылық қоры батыр-жыраудың туған жылын анықтауда едәуір жұмыстар тындырды. Осыған байланысты тарихи тұлғаның туған жылы 1663 жыл деген ұйғарымға тоқталып отырмыз. Осыны мойындар болсақ, биылғы жылы қайраткер бабаның туғанына 350 жыл толғанын атап өтуге тиіспіз. Қожаберген орыс және қытай мұрағаттарындағы деректерде орта жүздің уақкерей тайпасының батыры және қолбасшысы ретінде көрсетіледі. Оның өз заманындағы сауатты адам болғаны, Үргеніш медресесін бітіргені, араб-парсы, шағатай тілдерін меңгергені туралы деректер бар. Әйгілі жыраудың шығармашылығын зерттеушілер бүгінгі күнге дейін оның «Елім-ай», «Күлдірімай», «Қарасары балта керей», «Қойлыбай көреген», «Соқыр абыз», «Баба тілі», «Жеті жарғы» тәрізді тілі құнарлы, тарихы деректерге мол құралған халықтық дастандарын, «Ғасыржас», «Ақсауыт», «Жігіттік», «Дүние», «Қабанбай батыр», «Ер Едіге», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Орақ батыр» тәрізді толғауларын ауызға алады. Әрине, кезінде ауызша жырланған, халық жадында қатталған бұлардың біразына әлі күнге дейін бүгінгі ұрпақтың қолы жете қойған жоқ. Осы шығармалардың бізге толық жетпеген үзік-үзік жолдары-

дерінен-ақ талантты жыршының өзіндік жыраулық ерекшеліктерін, нбас шығармашылық шеберлігін айқын аңғарып, оның халықшыл, өр руіксіз бас иеміз. Сөздің тоқетерін айтсақ, Қожаберген бабамыз туған елге қыруар еңбектерін айтпағанда, бүгінге дейін елін егілткен, бар қазақтың жаулап, ұлттық рухын оятатын қасіретті әнге айналған бір ғана «Елімы ғажайып дастаны үшін тарихымыздағы таңдаулы тұлғалар қатарында ібден лайық айбарлы да, айшықты бейне.

лай бола түрса да әлі күнге дейін Қожабергенге қатысты басы ашылмаелелер баршылық. Оның алғашқысы — зерттеушілердің біразы Қон жыраудың Тәуке заманында қабылданған «Жеті Жарғы» заңы авының бірі болғанына күдіктенеді. Екінші мәселе — Қожаберген жыхалқымыздың әйгілі «Елім-ай» әнінің және жырының авторы болып ынына күмән келтіретіндер де бар. Үшіншіден, Абылай заманында есімі құжаттарында жиі аталатын Қожаберген батырды Әз Тәуке замаы Қожаберген жыраудан басқа аттас тарихи тұлға деп ойлайтындар да ртіншіден, Қожабергеннің кеңестік дәуірдегі тарихымызда елеусіз қабір себебін оның төре тұқымдарына жұлдызы қарсы болуымен түсіндіріп кісілер де бар. Осы күмәнді ойлар мен пікірлерді сейілтпей, Қожаберген здың тарихи тұлғасын биіктете түсуге жол аша алмаймыз. Сондықтан да ндарға арнайы тоқтамасқа болмас.

дайда, алғашқы күмәнға байланысты айтарымыз: Қожаберген жыраудың Жарғы» заңын жасауға тікелей атсалысқанын өзінің және бірлі-жарым а замандастарының еңбектері дәлелдеп отыр. Мұндай өз ортасында заманында аса белсенді болған білімді адамның Әз Тәуке жасаған қазақ ың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін белгілі бір жүйеге түсірген «Жеті Жарғы» атсалыспауы мүмкін де емес еді. Бүгінгі күнде бұған дерек ретінде ың атындағы қор оның өзінің «Жеті Жарғы» өлеңіндегі төмендегідей ды дәлелге келтіреді. «Ақ былғарыға түсіріп, мұқияттап хаттадым Әз қызмет қып, жаздым «Жеті Жарғыны»... «Жеті Жарғы» заң жазып, биханды қуанттым» (Қараңыз: Б. Тұрғараев. Қожаберген жыраудың өмірі ік жолдары // «Азаттық үшін алысқандар». — Алматы, 201-122-бб.). н бірге осы мәселені зерттеушілер Көтеш ақынның «Жиен жырау» ндағы: «Ақылдасып үш бимен, «Жеті Жарғыны» жазған ер. Кім десеңіз і, Қожаберген кеменгер» деген өлең жолдарын Қожабергеннің «Жеті ы» жазуға атсалысқанын дәлелдейтін нақты дерек ретінде орынды атап ді (Қараңыз: сонда, 123-б.).

айтылғандардан шығатын қорытынды — Қожабергеннің жан-жақты ілімін және үлкен дарынын қазақтың ұлы мемлекет қайраткерлері Әз

Тәуке де, Абылай хан да тиімді де орынды пайдалануға тырысқан және «Жеті Жарғыны» жазуда Қожаберген кеңесші немесе атақты билердің айтқандарын көшіріп беруші ретінде емес, белсенді авторлардың бірі ретінде бұл маңызды істе шешуші рөл атқарған. Ал енді Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанының авторы екенін оның өмірі мен тағдырын жыр жолдарымен салыстыра қарағанда айқын аңғарамыз.

Жырау өзінің көзімен көрген Қаратау, Сарысу, Талас аймағындағы 1723 жылы қалмақтар осы өңірге басып кіргендегі қасіретті жағдайды айна-қатесіз баяндайды. Осындайда айта кетер бір нәрсе, күні бүгінге дейін Қаратаудың Билікөл аймағындағы дулаттар аталған жаугершілік заманда осындағы халықтың біразы Қожаберген жырауға ілесіп Көкшетау, Арқа өңіріне дейін ауа көшкендерін айтып отырады. Кейіннен ел тыныштalған соң, отанына қайтып келген дулаттардың осы бөлігін жергілікті жердегілер әлі күнге дейін әзілдеп «уақкерейлер» деп атайды екен. Осындай халықтың санасында жатталып қалған тарихи деректер Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанының нақты авторы екенін тағы да дәлелдей түседі. Тағы бір назар аудартар нәрсе, халықтың санасында берік орныққан «Елім-ай» дастанына Қожабергеннен басқа балама автор бола алатын тарихи тұлғаны атай алмайтынымыз да анық нәрсе. Яғни мұны басы ашық, даусыз мәселе десе болар. Жалпы, бүгінде біз халық әні деп жүрген көптеген ән-жырлардың бәрінің де кезінде нақты авторлары болғаны күмәнсіз. Тарихи зобаландар, Төлеген ақын айтпақшы, «ғұлама жылдар судырлатқанда парағын, жабылып кеткендер» аз емес. Бүгінде зерттеушілердің ізденістерінің нәтижесінде өз кезегінде олардың есімдері де анықталып жатса, оны мойындауға міндеттіміз.

Ал енді екі Қожаберген туралы әңгімені өрбітушілерге келер болсақ, Қожаберген жыраудың өмір сүрген жылдары Жәңгір баласы Тәуке хан (1626-1718) мен Уәли баласы Абылай ханның (1711-1781) өмір сүрген замандарына толық сәйкес келеді. Бұған күмәнданудың туындауы тарихымыздағы ірі тұлғалардың тарихының жеткілікті зерттелмеуіне байланысты орын алып отыр. Осындайда әлі күнге дейін Қожабергеннің замандастары болған қазақтың атақты үш биінің де туған жылдарын нақтылай алмай, кім кімнен үлкен деген сауалға жауап бере алмай, әр түрлі пікірлер өрбітіп келе жатқанымызға не дерсіз. Десек те, қолда бар азын-аулақ деректер жоғарыда аталған екі ханның тұсында өмір сүрген. Қожаберген есімді тарихи тұлғаның біреу ғана болғанын дәлелдей түсетіндей. Иә, керей руында ғана емес, бүкіл қазақта жоғарыдағы екі хан заманында айтулы тұлғалар арасында тарихқа бір ғана Қожабергеннің есімі белгілі. Халық оны «жырау» атаса, ол өзін «сардар», Тәуке заманымен байланысты ауызша деректер «ордабасы», ал орыс және қытай деректері «батыр» деп жаза-

ек те, «рушыл» атанудан гөрі «халықшыл» атанғанды артық санайтын басымыз әлі күнге дейін Қожабергеннің рулық шежіресін зерттеуге ы жариялауға бұрылмай келеді. Сондықтан да Қожабергеннен тараған ежіресі де назардан тыс қалып келеді. Бұл біздің ойымызша, жыраудың ерінің және оның атындағы қордың ең басты және негізгі жұмысы болса і. Өйткені, советтік дәуірден әлдеқайда бұрын өмір сүрген қайраткер дың бейнесін мұрағат құжаттары жеткіліксіз болғандықтан, ең басардың тағдырлары өздерінің рулық ортасымен тығыз байланысты бо-етіндіктен айтылған мәселе аса маңызды. Қожабергеннің жеті атасын амаламай, оның өзінің және үрпақтарының түтас шежіресін жасап, ыққа шығаратын кез келді. Сонда біз жоғарыда әңгімелеген біраз даулы р өзінің шешімін табар еді.

ідайда айтпасқа болмайтын тағы бір нәрсе бар. Әлі күнге дейін арабша азуымен жазылған фамилиясын қоса қайта жарияласақ та, құнды деректерге тола Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түпн өзіме шейін» атты еңбегін негізсіз мойындамай, орынсыз дау-датіп отырған жекелеген әдебиет және мәдениет өкілдерінің назарын осы і мынадай маңызды деректік жолдарға аударар едік: «...Аягөзде болған стан кейін найман Тобан ауылында Қожаберген жырауды кездестірдім. ген жырау мен көргенде қартайған, екі тізесінен ақсап басатын шал кісі ысына қарамай, жырау сонша әдемі киінеді. Басында сусар бөрік, үстінде ік. Белінде діңмент. Оның қолында домбырасы да жоқ. Бірақ өленді , мен көргенде домбырасыз тақпақтап айтты. Ерасылды (Қаракерей йды – Т.О.) ол бұрыннан танитын болса керек-ті. Неге екенін қайдам, десінше қалжыңдасып жатты. Мен оған ол кезде мән бермеппін.

й баласың? – деді ол маған.

зыбекпін, шапыраштымын, – дедім мен.

ен де бесшаммын.

ай болмас, сіз абақсыз ғой, – дедім мен, әрине, мұны қысыла айттым. елген адам ренжіп қалар деп. – Бес пен Шам – Ыстықтың жиырма ы, жиырма жетінші ұрпағы. Сіз абақсыз ғой. Олай болу мүмкін емес.

бақтың Шыңғыс заманында Қарқарада бірнеше жыл тұрғанын і бе едің? – Мен бұдан әрі төңірегімдегі керейлердің көңіліне қарадым. созбадым. Ол кісі де одан әріге бармады.

берген Толыбай баласы Тәуке заманында әскербасы болған жау түсіріп, батыр еді. Ол – батырлығымен бірдей сол заманның өзі көзбен көрген і мол жырлаған адам. Жасы мен құралпы Бұқар оған құлдық ұратын. егер Қожаберген жырау болмаса, бізге ол заманның көп шындығы жет-

пес те еді. Мен абақ керей ішінде шұбарайғыр деп жүрген жырауды бесшаммын дегенде, шынын айтсам, оған сенбедім. Өйткені Бесшам ол шапыраштының төрт ұлының ыстығынан тарайтын еді.

Жыраудың Дүзік деген әйелінен туған ұлы Жандәулет мені біраз әңгімеге тартпақ еді, мен ырық бермедім. Өйтсем, басқа керейлерден ұят болар еді. «Бітінә адам безбүйрек, пәле тоқыр ішіне» деп кетті ме деп те қысылдым» (Қараңыз: Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқияннан өзіме шейін». – Алматы, 1993. – 215-2016-бб.).

Қысқаша болса да тарихымызға ауадай аса қажетті біраз мағлұматтардан хабардар ететін бұл құнды дерек Қожаберген жыраудың замандастарының ішіндегі көз көргеннің жалғыз, нақты және аса бағалы естелігі. Өкінішке қарай, бұл маңызды дерек қасақана пайдаланылмай назардан тыс қалып келеді. Мұнда атақты жыраудың өзіндік ерекшеліктерге толы серілік бейнесі және жас шамасы, қоғамдағы құрметті де қастерлі орны, тіптен шығу тегі едәуір ашылған. Деректің тағы бір маңыздылығы – жыраудың Дүзік деген әйелі мен Жандәулет деген ұлы болған екен. Тегінде Дүзік жыраудың екі әйелінің бірі болар. Өйткені, Әйтеке бидің тарихын зерттеуде едәуір жемісті еңбек етіп жүрген зерттеуші, ғалым М. Есләмғалиевтің еңбегінде Қожабергеннің тағы бір әйелі, кіші жүздегі есентемір тайпасынан шыққан атақты батыр би Қабыланның қызы Айша аталады (қараңыз: М. Есләмғалиев. Алшын Әйтеке би ғұмырнамасы. //Қазақтың ата заңдары. 1-том. – А., 2001. – 354-б.). Ал енді осы там-тұм деректер негізінде Қожаберген ұрпақтарының шежіресін неге таратпасқа? Қожабергенді өзінің биік тарихи тұғырына қызыл сөзбен көпірте мақтау арқылы емес, нақты тарихи деректер негізінде ғана қондыра алатынымызды басқалар түсінбесе де, тарихшылар түсінулері керек.

Бір қуанатынымыз, осы айтылғандарды анықтай түсуге қызмет етер Қожаберген туралы жанама орыс және қытай деректері де баршылық. Ал енді жоғарыда айтылған Қазыбек бек Тауасарұлының естелігіне қайта назар аударсақ, 1727 жылы Аягөздегі қалмаққа қарсы ұрысқа ақылшы және кеңесші болған, сол заманның әйгілі серілерінің бірі Қожаберген жырау едәуір «қартайған, екі тізесінен ақсап басатын шал кісі екен». Тарихи деректер жыраудың бұл тұста орта жүз әскерлеріне қолбасылықты Қанжығалы Бөгенбай батырға бергенін аңғартады. Ақша баласы Бөгенбай жиырма сегіз жасында-ақ отыз мың әскерді бастап, 1706 жылы казак-орыстарды Жайықтан түре айдап шыққаны тарихтан белгілі. Осыдан біраз жылдардан соң, тегінде 1718 жылы Тәуке дүниеден қайтқан соң, қайраты қайта бастаған атақты жырау орта жүздегі әскербасылықты кезінде өзіне замандас болған атақты Ақша батырдың айбынды ұлына берген еді. Бұл – Бұқардың «Алатаудай Ақшадан асып тудың Бөгенбай» деп жырлайтын заманы. Дегенмен де қолбасылықты Бөгенбайға бергеннен ел ағасы атанған

ргеннің беделі артпаса, кеми қойған жоқ. Ол Қазыбек бекке кездескен қ-керей тайпасының басшы ақсақалы және бас батыры ретінде орта басқа Сұлтанмәмбет, Әбілпейіз сұлтандары және Қабанбай, Дәулетбай ры тәрізді белді және беделді, көрнекті тұлғаларының бірі және бірегейі еді. жылдардан кейін жазбаша деректерде жыраудың есімі атала қоймайды. қарағанда жырау көп кешікпей дүниеден өтсе керек. Осы мәселе атақты ың туған және өлген жылдарын анықтай түсуді қажет етеді. Мұнымен жабергенге замандас болған қазақтың әйгілі үш биінің туған және өлген ын анықтай түсумен бізден бұрын да Ә. Кекілбай, М. Есләмғалиев, дықов, т.б. азаматтар айналысқан болатын. Алайда, деректердің жетігі мәселенің басын нақты ашуға едәуір кедергі келтіріп, әр түрлі пікірол ашты. Осындайда Н. Әбуталиев жариялаған жыраудың өзінің жасыныста айтқандары еріксіз ойландырады. Жырау:

«Үш жүзде болса да олар басты кісі,
Қазыбек, Төле, Әйтеке менен кіші.
Соларға жол көрсеткен ұстаз едім,
Сардар деп құрметтеген үлкен-кіші», —

ің атақты билерден үлкендігін, тіптен оларға ұстаз болып келетіндігін гады да, сонымен қатар тағы бір жерде:

«Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға душар қылды,
болмаса ақсақалдық кезең жетті», —

ырады. Бұдан байқайтынымыз, 1723 жылы-ақ, Қожаберген жырау ық жаста болған және 1927 жылы Аягөз шайқасы болған тұста жыдегенде 65 жасқа қараған болып шығады. Сондықтан да оны осы кезде здестірген Қазыбек бек Тауасарұлының атақты жырауды қарт адам абылдауы әбден орынды еді.

угершілік заманда әйгілі қазақ билері әрі батыр, әрі шешен, әрі саясате ең бастысы қара халықтан шыққан бұқара түгел мойындап соңынан тарихи тұлғаны іздестірген. Бірақ мұндай елдің көңілінен шығатын сан өсемді таппай ақыры, Қожабергеннің дастанында одан ары жырлана- Аңырақай шайқасының қарсаңында Әбілқайырды, яғни төре тұқырербасы етіп сайлауға мәжбүр болған. Бірақ мынаны да айтпауға болмас. ген төре атаулыға қарсымын деп отырған жоқ. Ол бар болғаны төрелерге сты Әйтеке бидің өсиетін ғана баяндап отыр. Осы жерде айтпағымыз, хнасына кейінірек шыққан, жоғарыдағыдай жан-жақты тұлғалық қа-

сиеттерді өзінің бойына жинаған, Абылайға Бұқар жыраудың «қай жеріңнен төре едің» деп ашық та, батыл айтуы мен жоғарыда Қожаберген жырлаған атақты билердің «қарадан хан іздестірген» әрекеттерін баяндайтын жолдарда тарихилогикалық сабақтастық бар екендігін аңғару қиын емес. Мұны Абылайдың шығу тегі және оны Төле би мен Қазыбек бидің хандыққа дайындаулары туралы Қазыбек бек Тауасарұлы жазған деректер де мақұлдай түседі. Бұл, әрине, басқа әңгімеге апарар жаңа сүрлеу, тың бастау ғана. Осы айтылғандар Қожаберген жырау хан, сұлтандарға немесе төрелерге қарсы болғандықтан, тарихқа белгісіз болып қалды деп айтуға ешқандайда да негіз бермейді деген ойдамыз. 1742 жылы тамызда Әбілқайыр бастаған үш жүздің кейбір игі жақсылары Ресейге адал болуға қайтара ант бергенде керей руының атынан Қожаберген жыраудың қатысуы да оның төреден шыққандарды жау тұтпағанын аңғартса керек. Абылай ханның Қожабергенді жасы ұлғайса да, ел ағасы ретінде аса құрметтеп, саясаттың алғы шебіне араластыра ұстауы да осы пікірімізді мақұлдай түседі. Мұны алдағы уақытта Қожаберген мұрасын зерттеушілердің ескергені жөн.

P.S. керейлердің үйсіндік тегі туралы мәселені едәуір нақтырақ зерттеген моңғол деректерін жақсы меңгерген белгілі тарихшымыз З. Қинаятұлы былай деп анықтап жазған еді: «Керейттің үйсін тегі туралы болжам тарихтағы жаңалық емес. Бұл туралы кезінде Н. Аристов, Г. Потанин, Г. Грумм-Гржимайло, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлкей Марғұлан еңбектерінде және 1990 жылы Шыңжаңда басылған «Қазақ шежіресінде» жазылған». З. Қинаятұлы керейлердің географиялық жағынан да, рулық таңбалар түрғысынан да сарыүйсіндерге жақын екендіктерін мақұлдайды (З. Қинаятұлы Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана, 2001. – 14-б.). керейлердің кезінде сарыүйсіндермен бірге жүргендерін, олардың рулық таңбалары да айқындай түседі. 1832 жылы мұны алғаш А. Левшин байқаған болатын. Ол өзінің қазақтардың тарихына қатысты әйгілі еңбегінде орта жүздегі керейлер мен кіші жүздегі керейттердің алғашқы рулық таңбаларының крест түрінде бір болғанын аңғарған еді (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – А., 1996. – Стр. 428). керейлерде крест таңбасының қосалқы таңба ретінде ілесіп жүретінін кейіннен М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Н. Мыңжан, М. Мұқанов тәрізді қазақ зерттеушілері де жазды. Сонымен қатар, осындай крест таңбасының сарыүйсіндерде де кездесетінін алғаш, 1889 жылы М. Гродеков байқаған болатын (Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Т.1. юридический быт. – Ташкент, 1889. Приложение №1. – Стр. 1-8). Кейіннен, 1925 жылы мұны М. Тынышбаевта атап көрсетті (Тынышпаев М. История казахского народа. – А., 1993. стр. 106-108).

«Жас қазақ» газеті,
7 наурыз 2013 ж.

АҚ ТІЛЕУЛІ АБЫЗ

Серік НЕГИМОВ,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

арихындағы замана шамшырақтары Қазтуған жырау (XV ғ.), Доспам-
ау (XVI ғ.), Шалкиіз жырау (1465-1560), Жиембет жырау (XVII ғ.),
а жырау (XVII ғ.), Бұқар жырау (1668-1781), Тәтіқара жырау (XVIII ғ.),
жырау (1706-1778) – қадірлі-қасиетті заңғар тұлғаларымен айрық-
ı, ұлылықтың, даналықтың көзіндей, күмбезіндей жарқырайды. Мем-
ішкі-сыртқы саясатына араласқан атақты жыраулардың болмысы-
айына, тағдырына Жаратқан Ие алуан-алуан озық та озат қабілеттер
н. Олар: хан кеңесшісі, әскербасы, тайпа көсемі, саясаткер, баһадүр,
с өнерінің майталманы. Осындай болат тұяқ мұзбалақтардың бірегейі –
і сыншы баласы Қожаберген жырау (1663-1763). Ол – Әз Тәукенің
і. Жастайынан Самарқанд пен Бұхарада мұсылманша терең білім
аб-парсы, шағатай тілдерін жақсы білген білімдар, сұңғыла саясаткер,
і, күйші, қобызшы екен.

емик Манаш Қозыбаевтың «Дауылпаз баба – Қожаберген» дейтін
масында Қожаберген жырау қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтары-
ақ жасағына қолбасшылық еткен. Орталық Азия деңгейіндегі әскери
ір деп есептейді.

III ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы» (Сәбит Мұқанов),
й әулие» атанған Бұқар жырау «Камалды бүзған құлшына» дейтін
ида:

«Күрзімен жауды басқа ұрған,
Қалмақтың ханын састырған,
Жаралы дұшпан басшысын,
Ат тұяғына бастырған.
Осындай ігі ісімен,
Сарқылмас мол күшімен,
Қожаберген ұстазым».

тағы бірде:

«Ақжолды сардар Қожекең
Дұшпаннан айыл жимаған.
Ерлігі көп ұстазды
Мұсылман түгел сыйлаған.
Шаңқобызын Қожекең
Жосаменен сырлаған.
«Елім-айдай» қиссасын
Қан майданда жырлаған», —

деп, Қожаберген жыраудың елшілдік, мемлекетшілдік, қаһармандық істерін тамылжыта, төгілте сипаттайды. Толғауда Қожаберген жыраудың Түркі елінің ортақ перзенті, баһадүр, сардар, ордабасы, қобызшы, емші, әнші, күйші, данагөй, ойға, сөзге телегей екендігі нақышты бедерленген.

Ұлттық тарихты көркемдік-философиялық тұрғыдан суреткерлікпен шалқыта зерделеген дәуір жыршысы Әбіш Кекілбаев «Әйтеке би» дейтін тарихи-әдеби еңбегінде (1991) Қожаберген жырауға қатысты сындарлы ой-пікірлер сабақтайды. Бұл орайда хас суреткер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Даналар» атты жырынан:

«Өнерге құлаш ұрып бала жастан,
Тарихын бұл үш жүздің етіп дастан,
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген
Бой ұрған ерен іске әуел бастан», —

дейтін шумақты келтіреді.

Қаламгер Ә. Кекілбаев Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанынан айыр тілді Әйтеке бидің ғұмырнамалық бел-белестерін, ұлт тәуелсіздігі, ұлы мақсат жолындағы берекелі іс-әрекеттеріне, қайраткерлік тұлғасына байланысты ой сарындары мен тарихи деректерді меруерттей тізіп көрсетеді.

аберген жыраудың «Елім-ай» дастаны хақында пікірлер қайшылығы, стар алуандығы бар. Ол — хатқа уақтысында түсірілмеген, күні кешеге ймәлім келген. Десек те ұлт руханияты тарихындағы кейбір азуын айға атақты жыраулардың толғаулары XIX ғасырдың төртінші ширегінде ынған жайы бар. Мысалы, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, т жыраулардың мұрасы Мұхамед Османов құрастырған «Ноғай уәшиғырлары» (Спб, 1883), Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» 1879), Мақаш Бекмұхамедовтың «Жақсы үгіт» кітабында (Қазан, Ғабдолла Мұштақтың «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жыр-Орынбор, 1910), В.В. Радловтың «Образцы народной литературы их племен» (т.7, Спб, 1896), Арыстанғали Берқалыұғлының «Ақын» 1912), Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (Алматы, 1932) деген ірында тұңғыш рет жарияланған.

Ақтамберді жырау шығармалары 1963-1969 жылдарда ел аузынан жалынған. Бұқар жырау шығармаларын хатқа түсірген Мәшһүр Жүсіп мәлім.

ақын (1748-1819) өлеңдері XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолр қорына жинақтала бастаған. 1949 жылы Айқын Нұрқатов пен Әйтім манов, 1964 жылы Мұхтар Мағауин Шалдың інісі Қазақбайдың Қошан Жантілеуовтен жазып алып, атақты «Алдаспан» антологиясы-)) қосқан. Ақынның 15 жасында шығарған «Өлеңге тоқтамайды Шал атты өлеңі тіпті бертін «Қазақ әдебиеті» газетінде (1985 жыл, 28 қаарияланды. Айтайын дегеніміз замандар мен дәуірлер өтсе де, ұлттың ында, тарихи зердесінде қатталған-сақталған сап таза жырлар, эпостық алар тағдыры турасында эпостанушы А.Ф. Лосев: «Ескі жырлар қағаз сірілмей-ақ әлденеше ғасыр бойы өзінің әрі мен нәрін, әу бастағы қалгай алды. Бұл — көне мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде қалыптасқан жемісі», — деп жазады. Шоқан Уәлиханов: «Көне дастандардың сол ында, ұшы-қиыры жоқ даланың бір шетінде айтылатын шығарманың боз даланың екінші бір шетінде айна-қатесіз қайталануы таңдандырмайды», — дейді.

Ғарғын» толғауын жылқы жылы (1861) табын еліндегі атақты Марабай жазып алдым», — дейді Н. Ильминский. Шоқан Уәлихановтың ұстазы ерезин Омбыда Шөже ақыннан «Козы Көрпеш — Баян сұлу» жырын лған. Мұның 16 нұсқасы бар.

інде, «Елім-ай» дастаны ел арасына ауызша да, қолжазба күйінде де Жазбаша нұсқасын сақтаған — Қожаберген жыраудың ағасы Қа-

рабастың ұрпағы Шақшақ батыр Көшекұлы. Одан Сегіз сері көшіріп, одан соң Ер Есенейдің жиені Тәштит Тәбейұлы Барлыбаевтан Шыңғыс Уәлиханов, Зілғара шешен баласы Мұса үйренген. Ең ақырында Қожахмет Дәрібайұлы (1891-1978) насихаттаған.

«Керей Қожаберген жыраудай бұрынғы-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры — әскери дастан. Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?..» — деп жазыпты Бауыржан Момышұлы.

Әйгілі әнші Манарбек Ержанов Сегіз серінің «Толыбайын» Әміре Қашаубаевтың өз аузынан үйренген.

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында замана суреттері, түркі жұрттарының тағдыр-талайы, жалмаңдаған жоңғарлықтардың жыртқыштық, қанқұйлы қимылдары, қазақ хандары мен көсем билерінің кесек тұлғасы тарихилық пен деректілік негізінде келісті баяндалған. Әсіресе, жолға салса жорға, жонға салса жүйрік Қожаберген жыраудың ата-тек шежіресі, өміртарихы, қолбасшылық өнері мен өнегесі терең де әсерлі сипатталған:

Атыма көптен қанық қазақ, ноғай,
Есімім — Қожаберген, әкем — Толыбай.
Бөгенбай бұрынғы ордабасы ем,
Үш жүзде сардар болған қалың қолға-ай.

Қалмақтың қамалдарын бұзған талай
Әз Тәуке қасындағы қолбасы едім.
Кейінгі ақындарға нұсқа айтқан,
Қазақтың аға жырау жорғасы едім.

Немесе:

Шәкіртім қайда екен Бұқар жыршы,
Ол Бұқар әрі ақын, әрі сыншы...
Кенжесі ем Толыбай сыншы Қожаберген,
Бата алғам Әнет пенен Әз Тәукеден.

...Ер Көкше, Ер Есімді қисса еткен,
Керейдің жырауы мен — Қожаберген.

Арғы атам — ордабасы Дәулен батыр,
Еділге, Алтайға да тіккен шатыр...

қаберген жыраудың тарихи дастанында Ресей, Қытай, Қалмақ хандығы ұлпырған, қызықтырған» қазақ жерін ту-талақай етіп бөліп иемденкендігін:

Жолығып көп мылтықты дүлей күшке,
Айналды жақсы тұрмыс көрген түске.
Ресей, Қытай, Қалмақ ақылдасып,
Алмақшы қазақ жерін бөліп үшке, —

басына үйірілген қасірет-тақсіретті, қырғын-сүргінді нақпа-нақ көрсетеді.
рау ұлт трагедиясын:

Бұл заман, қай-қай заман, күйын заман,
Шіріткен тамам жұрттың миын жаман.
Бұл заман, қай-қай заман, қасқыр заман,
Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған, —

-гөйлетеді.
ім-ай» дастанында тұлғатануға қатысты шежірелік-деректемелік ар- жер-су, ру-тайпа аттары жеткіліктi.
қаберген жыраудың «Баба тілі», «Ататек» дейтін дастандарында ата мыздың, озық дәстүріміздің сәулелі ұшқындары, тарихи сана- із, Асан қайғы, Жиренше, Әз Жәнібек сыйлап өткен, «миды оятқан» таза, киелі-жүйелі тіліміз, ерлік-елдік қасиеттеріміз ересен көркемдікфиялық тегеурін-қуатпен жырланған. «Баба тілін қадірле, Болашақтан !» дегені парасаттылықтың белгісіндей.
ың «Жақсылық пен жамандық жайындағы хикаятында» сақылық пен ықты салыстырып, мырзалықты, адамшылықты, жанашырлықты дә- і. «Ақсауыт», «Насихат өлеңдері», «Бес қару», «Білерсің» атты жырарында даналық ой-пікірлер туындатқан.
демик Салық Зиманов Қожаберген жыраудың «Жеті Жарғы» дейтін жазғанын айтады. Және де:

Шығайдан соң орнына Тәуке қалды.
Кезінде Әз Тәуке деп атақ алды.



Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылшы боп,
Дейтұғын «Жеті Жарғы» заң шығарды, –

деген жолдарды мысалға алады.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы, дариядай шалқыған даңғайыр жыраулық өнердің дүрі, пірі «Елім-ай» дастанында:

Қазағым дәулеті мол, қарқынды еді,
Жүздері ерлерімнің жарқын еді.
Күс төресі аққу күс секілденген
Жұртымның қыз-келіні алтын еді, –

деген ел-жұртының асыл қасиеттеріне, асқақ рухына бөленген бақ тірегіндей – ақ тілеуі ғасырлар төрінен дауылпаздың даусындай саңқылдап естіледі.

«Егемен Қазақстан» газеті,
18 маусым 2013 ж.

ҰЫТ КИІП, ТУ ҰСТАП, ТҰЛПАР МІНГЕН

Дүйсембі ӘРІПҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қызметкері

ыбайұлы Қожаберген жырау мен оның ізбасар мұрагері деп айтылатын ері туралы ертеректе жазылған кейбір материалдардан хабарымыз бар н. Оның үстіне кезінде «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Көруғлы» да аң аулап жүріп аңдаусызда қызылбастардың қолына түсіп, сыншы-сиетімен жылқының тұлпарын, түйенің жампозын, бұқаның тынжысын берген кезінде, «Енді менің тегімді, неше атадан бері шах екенімді айт!» ах Шағдаттан қаймықпай, әкесінің наубайшы болғанын, зұлым шахтың ен екі көзінен айырылғанын, ақыры өзі таңдап сатып алған тұлпармен әрі шысы, әрі қайын атасы Ғәждембек екеуі Иранннан қашып еліне жеткен ңбек батырдың жолда жатқан қу басты көріп, «сені тұлпардың басы деп ар, мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтар» дейтін «Көруғлы» ындағы осы деректер еске түсіп, көп ойға қалдырған. Осы ойдың жетегімен ерген жырау Толыбайұлы туралы мағлұмат бар кітаптарды парақтадым. іргелі еңбектердің қатарында: Қазақ Совет Энциклопедиясының 12-«Маржан сөз» (1972), «Асыл сөз» (1987), «Сөз атасы» (1987), «Сөз а қолқа жоқ» (1988), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Қазақтың би дері» (1993), «Ел қазынасы – ескі сөз» (1994), «Екі мыңжылдық дала (2000) деген кітаптар бар. Бір замандары:

«Ғаһармын таразыға салынбаған,
Қылышпын қынабынан алынбаған.
керейдің Сегіз атты саңлағымын
Секілді жанған оттай жалындаған», –



деп таныстырған Сегіз сері (Мұхаммедқанафия Шақшақов (1818-1854 жж.) жөнінде «Сөз тапқанға қолқа жоқ» пен «Екі мыңжылдық дала жырында» қысқаша мәліметтер беріліпті. Сегіз серіге, Абылай ханға ақылшы болған әйгілі Бұқар жырауға бүкіл қадір-қасиетімен, өмір жолымен ұстаз болған ел қорғаны, дауылпаз жырау Қожаберген туралы осы кітаптардың бірде-бірінде бірауыз сөздің болмауы таңғалдырды. Жоғарыда айтқан энциклопедиядағы «Тарихи жырлар» деп аталатын тақырыпшада: «Тарихи жырлардың жасаушысы — белгілі оқиғалардың әрі куәгері, әрі қатысушысы болып табылатын халықтың — өзі» делініп, 1723 жылғы жоңғарлар шабуылында, халық көрген азап пен қорлыққа байланысты туған тарихи жыр-дастан «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын өлең деген тұжырым жасалады. Бірақ онда Қожаберген жырау да, оның «Елім-ай» дастаны да аталмайды.

Тәуелсіздік, бостандық сөздері жер шарында өмір сүріп келе жатқан әрбір халық үшін ерекше қасиетті сөздер. Тәуелсіздік пен бостандық жолында талай ерлер қанын төгіп, жан берген. Ақындар ұрандатқан жыр-толғаулар, шешендер тіл майын тамызып, ел назарын аударарлық дуалы өсиет сөздер арнаған. Жиырма алты жасында тәуелсіз Венгрия Республикасын құрушылар қатарында ту көтерген күрескер ақын Шандор Петефи:

«Бостандық пен махаббат —
Керегі маған екеу-ақ.
Махаббат үшін өмірде,
Қарсы барам өлімге.
Бостандық үшін махаббат,
Құрбан етем сені де!» —

деп тәуелсіздікті өмірдің барлық мұраттарынан, қызықтарынан жоғары қояды. Ал өз топырағымыздан жаралған Қазақстанның халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов:

«...Шүберекке түйіп жандарын,
Бекем де буып белдерін,
Бостандық үшін айқасқан
Еңіреп туған ерлерім.
Жайқалса жапан белдерім,
Жаңғырса өлкем-жерлерім,
Ұмытпас елім кикулап,
Қызғыш боп өткен ерлерін», —

Бостандық, тәуелсіздік үшін күрескен ерлердің жанқиярлық еңбегінің
қадынан өшпейтінін осылайша әсерлі жырымен баян етеді.
ді, міне, елімізде тәуелсіздік таңы атқаннан кейін-ақ, Қазақстанның
ı Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен іске
ып келе жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ата тарихымыз-
лмай келе жатқан ақтаңдақтардың беті ашылуда. Қазақ халқының әлем
ан жойылып кетпей, ежелден келе жатқан ұлы ұлттығын сақтап қалуға
қан айбынды ерлердің, айтулы тұлғалардың ерліктері қалың көпшілікке
іп, жер-жерде оларға арналған еңселі ескерткіштер тұрғызылуда.
ңғыстаудың өзінде сонау Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте
а ерлік көрсетуімен аты шыққан Адай, оның ұрпақтары Ақпан, Жа-
Іоғы, Тоқтамыс, Балуанияз, Кармыс, Төлеп, Шотан, Шабай, Конай,
батырларға, әулие Пір Бекетке, «Сауранды үш айналып» ежелден ата-
болған Маңғыстауға келіп, еліне қорған болған, ел билеген Сүйінқара
ыбайұлына, патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы шығып, ша-
көтерілісін басқарған Иса-Досан батырларға, Ұлы Отан соғысының
ндары М. Бегенов, Б. Калиев, Ж. Калдығараев, И. Сүйеубаевқа, басқа
гым дегендерге, билерге, заманында қалың бұқараға қайырымы тиген
ғаларға арнап ескерткіштер тұрғызылды. Бұл бүтін тірлік, бүтін іс еді.
елсіздіктің арқасында дауылпаз жырау Қожаберген туралы да кеңінен
а бастады. Оның өміріне, шығармашылығына арналып екі рет ғылы-
иялық конференция өтті. Сол алқалы жиында академик, марқұм Ма-
зыбаев, заң ғылымдарының докторы Бекет Тұрғараев баяндама жаса-
ар жүз жасаған, сирек кездесетін дара таланттың өмірі мен сан қырлы
асиеттерін ашып көрсетті. Сондай-ақ, болмысы бөлек жыраудың елін,
шыққан тегін, бүкіл өмір жолын, ақындық, шығармашылық өнерін,
асқарған қолбасылық ісін баяндайтын өлеңдері, толғаулары мен да-
ы 2007 жылы жарыққа шықты. Солтүстік Қазақстан облысының сол
әкімі Т. Мансұровтың қолдауымен, белгілі қоғам қайраткері, «Жеті
» және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының
ы, Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері, заң ғылымдарының докторы
тараевтың ұйымдастыруымен, С. Жұмабаев пен К. Биғожиннің құрас-
ен «Қожаберген жырау» атты кітап оқырманын тапты. Бұл рухани
ықтың алғы сөзін академик Манаш Қозыбаев жазған болатын.
лы өмірін әділ қызмет етуге арнап, отыз жылдың үстінде Отанымыз-
лыстық соттардың төрағасы болған, халқымыздың өткені мен кеткенін
ылыққа әр қырынан баяндап, қоғамдық жұмыстарды да мінсіз атқарып

келе жатқан Солтүстік, Оңтүстік Қазақстан облыстарының құрметті азаматы Бекет Түргараевтың қолынан «Қожаберген жырау» деген кітапты алып танысқаннан кейін жырауды танып-білуіме кең жол ашыла түсті.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Батырға қымбат нәрсе — жұрт қамы, жұрт ісі», — депті. Ендеше, бahадүр Қожаберген жыраудың жұрт қамы, жұрт ісі деген ерлікке толы ғұмырын біз оның өлеңдерінен, толғауларынан, дастандарынан айқын көре аламыз.

«Халқын пір тұтқанды, халқы да ұл тұтар!» — деп көрнекті ақын Мұзафар әлімбаев айтқандай, халқын өмір бойы пір тұтып, елінің тәуелсіздігі жолында қасық қаны қалғанша күрес жүргізген әрі батыр, әрі ақын, Жаратушының құдіретімен жан-жақты болып жаратылған Қожаберген жырау сол халқының кемеңгер ұлы бола білген.

Қожаберген Толыбайұлының жоғарыда аталған кітабына енген көптеген өлең, жыр, дастан, ой-толғаулары аса тартымдылығымен, айтылар асыл ойлардың молдығымен есте қалады. Солардың ішінде «Елім-ай» дастанының орны бөлек. Зерттеушілер, әдебиетсүйер қауымның өкілдері бұл дастанның үш бөліміне терең үңіліп, тағылым, тәліміне тәнті болуда.

Мысалы, бірінші бөлімінде Қожаберген жырау:

«Мың рет орансаң да беренменен,
Кірерсің жер қойнына денеңменен.
Қолыма қобыз алып әнмен шырқап,
Айтайын бүгінгі істі өлеңменен», —

дей келіп, «Елім-айды» асқақтаған әнмен және ән сазына сәйкес тартылған құйқылжыған күймен орындайтынын айтып, осы әнім де, күйім де «Елім-ай» — деп аталсын деген өсиет қалдырады.

Қазақтың кең даласын отқа орап, ойран салған жоңғарлардың мейірімсіздігі жазықсыз халықты қырғынға ұшыратқан ауыр азап туралы «Елім-ай» дастанын, қайсыбіреулер айтып жүргендей, жол-жөнекей айтылған хабарлар бойынша емес, өзі тікелей қатысып ерлік көрсеткен, көзі көрген, 23 жыл қатарынан әскербасы болған кезіндегі оқиғалардың негізінде жазған.

«... Кенжесі ем Толыбай сыншы ұлы Қожаберген,
Бата алған Әнет пенен әз Тәукеден.
Көзбен көріп, өзегім өртенген соң айттым өлең» —

ан дәлел. Келесі бір кезекте «Өлеңге қостым көзбен көрген кепті, Халқырғын соғыс тентіретті», — деп толғайды. Бұдан кейін:

«Аузына харам алмаған,
Қиянатқа еш бармаған,
Шейіт болған жандарға
«Елім-ай» жырын арнағам», —

олдар жыраудың көзбен көріп, бастан өткізгенін нақтылай түседі.
ім-ай» дастанында Қожаберген жырау өзінің ата-тегін, туыстарын,
, қайын жұртымен таныстырып, орта жүз керейде Толыбай сыншының
ның кішісі екенін айтып, анасы Ақбілек орта жүздегі асыл текті арғынның
інен тарайтын Айдаболдың тұңғыш қызы деп, сүйген жары, кіші жүз
есентемірдегі Қабыланбай бидің қызы Айша сұлу болғанын үлкен
ікпен жырлайды. Сондай-ақ, Самарқанд медресесінде 5 жыл, Бұхарада
оқып терең білім алумен бірге, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік
енін тілге тиек етіп, ордада бұла боп еркін өскеніне қарамастан ат жалын
мінісімен-ақ, халық қамы деп талай шайқасқа түскенін:

«Майданда алдаспанға ерік беріп,
Дұшпанның азын-көбін тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым, сескенбедім.
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім.
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке,
Найзамен жау өкпесін тескен едім», —

ндайды. Халқына берген антындай естілетін төмендегі өлең жолдары да
Оны:

«Қолбасшы батыр болмасам,
Көбелі сауыт кимейін.
Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақбоз мінбейін.
Талапты жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимейін.

Қару-жарақ соқпасам,
Зергер болып жүрмейін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызық дәурен сүрмейін», —

деген шумақтар айғақтай түседі.

Сонымен бірге, жары Айшаның тілегімен қайын жұртына бармақ болғанда қалмақтар шабуылдап, елге ие бол деп ағасы Қарабастың баласы Асқапты қалдырады. Бұл туралы «Елім-ай» дастанында егжей-тегжейлі жырланған.

Қайын жұртынан үлкен құрмет, сый көріп керей еліне оралған жолда, өзі іштей топшылағанындай ата жауы қазақ жеріне басып кірген екен. Ел ауыр азаптан шұбырындыға ұшырап «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл (Қожаберген жырау «Алакөл» деп атайды) сұлама» атауы қалған екен. Оған:

«Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.
Басталып ел сұлауы Алакөлден,
Ақтабан шұбырынды заман болды», —

деген өлең жолдары мысал болады. Осы кез қазақ халқы үшін аса ауыр болғанын, жырау:

«Алтай мен Жайсаң жақтан көш келеді,
Тай-тайлақ көш бас сайын бос келеді.
Айырылған егізінен қандай ауыр,
Мөлтілдеп қара көзден жас келеді», —

деп толғайды.

Дұлдұл жырау «Елім-айда» қазақ елінің осыншама шапқыншылыққа ұшырап, азап шегуінің бірнеше себебін ашып көрсетеді: біріншіден, жоңғарлар қазақ елін, жерін басып алу үшін зұлымдықпен алдын ала әр түрлі айла-тәсілдерге барған. Ресей, Қытаймен сөз байласқан. Ресейден зеңбірек қаруларын алған... Екіншіден, қысылғанда мұсылман елдері деп арқа сүйейтін бауырластар тас-бауырлық жасағанын:

«Сатпады Хиуа, Қоқан мылтық қару,
Олардың болды ойы бізді шабу.

Қазаққа күнгей беттен түре түсіп,
Жолдарын ойластырды олжа табу», —

етеді.

ішіден, осының бәрі ел бірлігінің болмағандығынан деп біледі. Жырау омасында бұрынғы кезде қазақ халқы үш жүз деп аталғанмен жат сөзіне е бөлініп көрмеген еді. Ал «...қазір көбейді адам азғаны, мықтылардың сол себептен «белгілі болды көрші елге, халқымыздың тозғаны» — дей йсыбір ел басқарғандардың, дінсіздердің, шонжарлардың елдікке жат-рекеттерін әшкере етеді. Бірлігі болмаған, мылтығы жоқ қазақ ерлері тыр болса да от қару ұстаған жауға қарсы тұра алмағанын жырау бы-інішпен толғайды:

«Қор болды бірлігі жоқ біздің қазақ,
Басынып ата жауым етті мазақ.
Көршілес екі жүрттан дәу мылтық ап,
Көрсетті халхи, жоңғар елге азап».

ң халқы жоңғар мылтығынан қорлық көріп, жапа шеккенін Қожаберген

«Алшынның темір тауына
Дұрыстап назар салмадық.
Мылтық соғу шаруасын
Үш жүз боп қолға алмадық», —

нішімен жеткізеді.

ау қазақ халқының алғашқы кезде ойсырай жеңілуінің екінші бір себе-жылы Әз Тәуке өмірден өтіп, оның орнына хан болуға лайықсыз, бос дарынсыз ұлы Болаттың отыруы деп білді. Билердің бұл шешімі ел қамы с, өз қамдарын ойлағандық болды, — дейді Қожаберген жырау.

ұғарлармен шайқаста қазақтардың ара-тұра жеңіске жеткен кездері ай қалған жоқ. Қожаберген жырау халыққа өсиет айтып, насихат нін, бұны естіген халық найза ұстаған орта жүз, кіші жүз батырлары шауын быт-шыт қылып бұзғанын, әсіресе, екі ұлы Науан мен Әсеттің, лар Айбек пен Ермектің майданда ерлікпен қаза болғанын көргенде:



«Көрген соң сұмдық істі шыдай алмай,
Ұрандап «Ошабайлап» салдым айқай.

Шаныштым оңды-солды көк найзамен,
Жығылды талай жендет салып ойбай.

Пенденің бала деген жүрегі ғой,
Аз күндік тіршілікте тірегі ғой.
Ұлдардың жаудан кегін алу үшін,
Қалмақтың тайшыларын түйредім ғой.

Қалмақтың алақандап ұрттап қанын,
Күштырдым талайына аттың жалын.
Әйтеуір бір өлім деп қылыштастық,
Қазақтың қорғау үшін мал мен жанын.

Қоршауды бұзар шақта әлді жидық,
Уайымды, босаңдықты мүлдем тыйдық.
Алысқан ат үстінде ит халқидың
Ұстап ап айдарынан мойнын қидық.

Жорықта 44 жыл ғұмырым өтті,
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға дүшар қылды,
Болмаса ақсақалдық кезең жетті», —

дей келіп:

«Жасымнан ту ұстаған болдым сардар,
Соңыма еріп жүрді талай дегдар.
Кез болдым 61-де қатаң жауға,
Ісіне күдіреттің не амал бар», —

деп бір түйіп тастайды.

Ата дүшпан жоңғардан қазақтың жерін, елін сақтап қалу үшін ерлердің Күлтөбеде бас қосқанын, бір күш болып жауды жеңудің жоспарын белгілегенін:

« Күлтөбеге жиылып,
Жасықтықтан тыйылып,
Ұрысқа ерлер бел буды
Алла, аруаққа сыйынып.

Бастады ерлер көп қолды,
Аршуға жаудан бар жолды.
«Майданда өлген дұрыс, – деп,
Күлтөбе басы шу болды», –

ıдайды. Осындай бас қосудан кейінгі ел бірлігінің арқасында талай
ге қол жеткенін екпіндете жырлайды.
ықсыз халықты аяусыз қырған басқыншының озбырлығына жаны
ожаберген батыр:

«Әйелдерше шашты өріп,
Бұрым еткен қалмақтар.
Қалдырып аз шаш төбеде,
Тұлым қойған қалмақтар», –

гтейді. 1759 жылы қазақтардың жоңғарларды тас-талқан етіп жеңгенін
ан кезде дүлдүл ақын Қожаберген 97 жасқа келіп еді. Карттық жеңіп
на қарамастан орнынан сергек тұрып, қобызын күйге келтіріп «Жеңіс»
ихи толғауын шығарыпты. Онда қалмақтардың қазаққа қол көтермей-
а бар мал мен мүлікке салық төлеп тұрамыз деп Абылай ханға, Бөгенбай
анбай батырларға ант бергендерін әсерлі етіп толғайды. Сол «Жеңіс»
ғауын былай түйіндейді:

«Басқаның жерін алған күшпен зорлап,
Қалмақтар жеңіліс тапты әбден сорлап.
Оралды қазақ қайта мекеніне
Алла, аруақ үш жүз ұлын ақыр қолдап».

сері шежіресінде Қожаберген жыраудың Абылай ханға кеңес айтып:
ір боп, ел билігі қолыңа тиген екен әрі ханның міндетін атқарып жүр
көреген бол, шырағым. Ақылың мен ерлігің, айла-әдісің қатар жүр-
дегенде риза болған Абылай қол жайып, жырау бабасының оң батасын
н делінеді. Бұдан Қожаберген Толыбайұлының хан алдында үлкен бе-
данагөй абыз болғанын көреміз.
атыр, әрі ақын Қожаберген жырау – мемлекет қайраткері, дипломат
ұлға. Ол кезінде Әз Тәукенің ұсынысымен «Есім ханның ескі жолы»,
ханның қасқа жолында» айтылған елдің құқық жүйесін тереңдетіп, жан-

жақты қамтитын конституциялық пәрмені бар құжат — «Жеті Жарғыны» өмірге келтірген. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанындағы төкпелетіп айтқан:

«...Қайта қарап низамды,
Қазақтың Заңын құрадым.
Қарабас күйші ағамның
Қағидасын жаттадым.

Ақ былғарыға түсіріп,
Мұқияттап хаттадым.
Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».
Салыстырып талдадым
Бергі менен арғыны.

...Көмектесті біздерге
Қазыбек, Төле, Әйтеке.
Қазақтың заңын нығайтып,
Тыйым салды тентекке.

«Жеті Жарғыны» жазуда
Іс тындырдым бірталай.
Мақұл көрді низамды ел,
Деген жоқ ешкім бұл қалай?» —

деген шумақтарға қарап «Жеті Жарғыны» дана билермен ақылдаса отырып жазды деуге негіз бар.

Қазақтың жақсы-жайсаңдарын ұлықтауға арналған, ерекше қасиеттеріне сүйсінген кездерде алдымен айтылатын бір аталы сөз — «Сегіз қырлы, бір сырлы». Осы бір сөз ойға оралғанда көз алдында Қожаберген жырау Толыбайұлы тұрғандай сезінеді екенсің. Жаратушы ием оған сегізден де мол қасиет берген. Қожаберген жырау кім болған дегенге берер жауап: ол — әскербасы, айбынды батыр, ол — ақиық ақын, ол — кеменгер сыншы, ол — жыршы-жырау және шежіреші, ол — шебер зергер, ол — сыныққшы және емші, ол — дипломат, мемлекет қайраткері, ол — батагөй абыз, ол — ақылшы дана, ол — осы қасиеттерінен шығар жүз жасаған сирек тұлға — тізе берсек жалғаса береді.

Қожаберген жыраудың қазақ халқынан шыққан ерекше дарын бола тұра оның еңбегі жұртшылыққа неге ұзақ жылдар жетпеді дегенге айтар уәж, біріншіден, қазақта ұлы жоқ, ұлық жоқ деп келетін кемсіту саясаты жатты. Басқыншылар-

жымысқы пиғылының түбінде қазақ жерін, байлығын иемдену ниеті ойған жоқ. Екіншіден, ішкі пиғылда хан, сұлтан, төрелерге қарсы болу бұқара халықтың қамын жегенсіп, жоғын жоқтағансиды. Мұндай жат старына енді қанық болып отырмыз.

қ халқының ғасырлар бойы армандап келген Тәуелсіздігі жолында ын, қайрат-жігерін аямаған баһадүр Қожаберген жырау Толыбайұлы-ына 2013 жылы 350 жыл толады. Бұл бүкіл Қазақ елі үшін атаулы п білемін. Оның есімін мәңгілік есте қалдыруға бағытталған шаралар есімі жаңғырып, әскери оқу орындарына, мәдениет орталықтары мен е беріліп жатса, нұр үстіне нұр. Тәуелсіз елдің азаматтары осыны абы-ндет, деп біліп, жоғары дәрежеде өткізсе, ұлы жырау алдындағы үрпақ ың адал атқарылғаны болмақ.

«Егемен Қазақстан» газеті,
13 желтоқсан 2012 ж.

ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ АЙНАСЫ

Қосыл ОМАРОВ,
халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Солтүстік Қазақстан облыстық
бөлімшесінің төрағасы

Қожаберген жырау қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен, тұлпарды тұяғынан, құсты қауырсынынан таныған сыншы Толыбай Дәуленұлының 20 ұлының кенжесі екен. Жырау жас кезінде нағашысы Жалантөс баһадүрдің елінде болып, сол жақтағы Самарқанд, Бұхара медреселерінде тыңғылықты білім алған. Ол туралы атамыз:

Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самархан, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарында
Ең үлкен медресесін тәмамдағам, –

дейді.

Жыраудың өмірін зерттеушілер оның «сегіз қырлы, бір сырлы» өнер иесі екенін, ақын, әнші, шешен, балуан, т.б. қасиеттерін атап өтеді. Біздің мақсатымыз – Қожаберген бабамыздың шығармашылық шеберлігін сөз етіп, оның эпикалық туындыларындағы, әсіресе, «Елім-ай», «Баба тілі» дастандарындағы оқиғалардын тарихи деректілікпен, шындықпен ұштасып жатқандығын дәлелдеу.

Қожаберген өмір сүрген XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқы тарихында ерекше кезең, ұлтымыздың тағдыры қыл үстінде тұрған жылдар деп айтуға болады.

Бір ғасыр өмір сүрген жыраудың ат-жалын тартып атқа мініп, ел-жұртқа танымал азамат болуы Тәуке ханның таққа отыру (1680 ж.) кезеңіне дөп келеді. Ол кезде 17 жасқа толған Қожаберген ел қорғаған белгілі батыр еді, өзінің бір толғауында:

Ішінде ашамайлы керей көшебемін,
Соғысқа он жетімнен төселгенмін.
Жекпе-жек қалмақтармен шыққан шақта
Желкесін қидым талай өрсіңгеннің, –

аберген жастайынан жауынгер-жырау ғана емес, саяси қайраткер бо-ыптасты. Тәуке ханның таққа отыруының алғашқы кезі қазақ-жоңғар а соғыс толастап, тыныштық орнай бастаған жылдар болатын. Бірақ ліктің баянды болмасын білген Тәуке мемлекетті нығайтуды жедел ады. Өз бетімен түйе айдай бастаған сұлтандардың билігін тежеп бір қа бағынатын шараларды жүргізе бастады. Орталық хандықты нығайу мен ол «халық кеңесі» мен «билер кеңесін» құрды. Тәртіпті нығайтып, ық мемлекет орнату мақсатымен «Тәуке ханның Жеті Жарғысы» деп кеткен қазақ даласында ұлттық әдет-ғұрып зандарының жинағын ы. «Жеті Жарғыны» жасауға билер мен жыраулар да қатысқан екен. лы Қожаберген жырау:

Шығайдан соң орнында Тәуке қалды,
Кезінде Әз Тәуке деп атақ алды.
Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылшы боп,
Дейтұғын «Жеті Жарғы» заң шығарды, –

әуке қазақ хандығының ішкі бірлігін ғана ойлаған жоқ, алты алаштың осам деген арманы болған, ол саясатты да Қожаберген жырау қызу :

Қазақ, ұзақ, созақ пен
Башқұрт, қырғыз, татарлар
Бір қауым боп біріккен,
Көсемінен бата алған,
Алты алаш боп атанған, –

аберген жырау – Тәукенің сыртқы саясатын тек қолдаушы ғана емес, руға да белсенді қатысқан қайраткер. Ол өзі туралы:

Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жұрмін қазағыма қызмет етіп, –

дегені бар.

Тәуке ханның ішкі-сыртқы саясатты жүйелі жүргізіп, түбегейлі аяқтауына Жоңғар хонтайшылары мүмкіндік бермеді. Қазақ хандығының күшеюінен қорқып жоңғарлар біздің елге шабуылын жиілетті. Олардың 1710, 1711, 1713, 1714 жылдары жасаған жорықтарының көбі «итжығыс» түсіп жүрді.

Бұл арада айта кететін бір жай, жоңғарлар қазақ еліне ашық жорыққа аттанғанда, оларға дем беруші, көзге түспеген ақылшылары да болды. Әсіресе, шығыстағы жаулап алған жерлеріне қауіп төнбесін деп көрші жоңғар-қазақ елдерін бір-біріне айдап салып отырған I Петрдің өзі еді. Ресей ақыл ғана берген жоқ, қару-жарақ сатып жоңғарларға көмек көрсетіп отырды. Патшаның бұл қанқұйылы әрекеті жырынды саясаткер Қожаберген жыраудың назарынан тыс қалмаған. «Елім-ай» дастанында:

Әз Тәуке болса дағы достыққа ынтық,
Сатпады көрші екі жұрт бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ жаудырғанда
Найза ұстап, садақ тартып қарсы шықтық.

Соғыстан көрші елдер де босамаған,
Сонда да жерімізге көз тастаған.

Бастаған Ойрат ісі ұрыс болды,
Бұл соғыс көрші ел үшін дұрыс болды.
Қалмақты жабдықтаған қос көршінің
Әуелден көздегені қоныс болды.

Басқаша айтқанда, қос көршінің де көмекейлерінде қазақ қонысы – қазақ жері болды.

Тіпті, қос империяны былай қойғанда, өзіміздің түрік тұқымдас елдердің қазақ халқына деген пиғылы көріне бастады. Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтары сол кездегі күшті қару-жарақтарын қазақтарға сатпай, жоңғарларға берді. Сондағы ойлары қазақтар соғыстан әлсіресе, жерін бөліске салу еді. Бұл саясатты да сезіп отырған жырау:

Болса да оғыз, түрік тектеріміз,
Түріктің көп елінен шектедік біз.
Туыс елдер қасқыр боп жұртымызға,
Қандастар жат боп кетті дәл осы кез.

Қазақтың сахарасы жер құлпырған,
Әрдайым көрші елдерді қызықтырған.
Қоқан, Хиуа, Бұхара да көз алартып,
Қазақты бас салуға дайын тұрған, —

шілерден де, қандастардан да түңілген жырау қазақ халқын тек өз күшіне үш жүздің басын қосып, жауға тойтарыс беруге шақырады. Халықпен бамыз қобызын найзаға айырбастап, қазақ елін, жерін азат етуге жорыққа ы, қол басқарады, өзі ол туралы:

Танытып сарбаздарға оң мен солын,
Басқардым керей-уақ, татар қолын, —

нбайдан бұрын Ордабасы болғанын «Елім-ай» дастанының бірінші гі мына жолдар анықтайды:

Даңқыма қанық болған қазақ, ноғай,
Есімім Қожаберген, әкем Толыбай.
Бөгенбайдан бұрынғы ордабасы ем
Үш жүзде сардар болған қалың қолға-ай.

;ты Бұқар жырау (Қожабергенді ұстаз санаған) былай дейді:

Толыбай сыншы баласы
Үш жүздің бастап әскерін.
Қазақтын болған ағасы,
Қожаберген ғаділ ер,
Қадырын білген қалың ел.
Бөгембайдай батырға
Билігін берген ардагер.





Осылай батырлар бастап, халық қостап, үш жүз боп тізе қоса аттанған соң шыдата ма? Жоңғар хонтайшыларының мезгіл-мезгіл жасаған шабуылдары ешнәтиже бермейді. 1718 жылы Тәуке дүниеден өтіп, билікке оның баласы Болат келеді де, қазақ хандарының берекесі кете бастайды. Болат ұлы жүзді ғана билейді. орта жүзге Сәмеке мен Күшік хан, кіші жүзге Әбілқайыр хан, Қайып хан, Барақ сұлтандар билік жүргізеді. Бұл туралы Кожаберген жырау:

Сәмеке, Қайып, Болат сұм,
Соңына елді ерте алмай,
Хонтайшыға сатылып,
Елдің сырын ашқан күн.
Шағырмақ күнім түн болды,
Сәмеке, Қайып, Болаттың
Сатқандығы шын болды.
Әбілмәмбет солқылдақ,
Ақ балшыққа борқылдақ, –

деп бар шындықты жайып салады. Осындай ел басына күн туған, қазақ халқының тағдыры қыл үстінде тұрған кезде хан мен төрелердің сиқы жоғарыдағыдай болған соң, суырылып шығып халықты соңынан ерте алатын көсем қажет болды. Кожаберген жырау:

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сайлар кезі деді.
Қазақты батыр көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді.

Хан-сұлтан, төре күні өткен деді,
Олардан ақыл айла кеткен деді.
Қазағым, өзіңді өзің тұтас ел қып,
Басқарар енді уақыт жеткен еді.

Амал не? Би мен бектер ұға алмады
Басқосып дұрыс кеңес құра алмады.
Үш жүздің шонжарлары төре жақ боп,
Ортадан батыр көсем шыға алмады, –

дейді.

Шындығында, көсем, хан сайлау шонжарлардың (олар негізінен сұлтандар) қолында болды да, ел басқаруға лайықты қара қазақтан шыққан ірі тұлғаларды

жолатпады. Міне, осындай мемлекеттік басқару жүйесіндегі дағдарысты анып, он жылдай жасырын дайындалған жоңғарлар 1723 жылы жаз шыға н шабуылға шығады. Бейбіт, бейғам жатқан елді шауып, қанға бөктіріп, алқын «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі қанды душар етеді. Осы оқиға байланысты Қожаберген бабамыздың «Елім-ай» өлеңі бүкіл ұлттың әнұранына айналып, ғасырлар бойы айтылып келеді:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.

Мына заман, қай заман — бағы заман,
Баяғыдай болсайшы тағы заман.
Атадан ұл, анадан қыз айырылды,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Қош аман бол, Қаратау — ел өлкесі,
Жердің кетер ел ауса берекесі.
Ханзададай, ханшадай өскен ұл-қыз,
Қайдан енді табады берекесін.

ақтың үштен бірі қырылған бұл сойқан соғыста еліміздің күйрей себебі не деген сұраққа Қожаберген бабамыздың жауабы тарихшы ғы-ымыздың тұжырымдарымен үндес. Бірінші, себеп, жоғарыда ай-ғтік, қазақ хандарының алауыздығы, әрқайсысы өз ұлыстарында билік п, қазақ мемлекетін әлсіретіп кетті. Тәукеден кейін хан-сұлтандар билікке ı, бірімен-бірі алысып жүргенде елдің қауіпсіздігін ойлауға шамалары і. Ол туралы:

Болған соң қамсыз күйде сахарамыз,
Келмеді қорғануға еш шамамыз.
Төрелер елдің басын қоспаған соң,
Қалайша дұшпаннан кек қайтарамыз.
Апатқа дайындықсыз ұрынғамыз,
Соғыста мылтық болмай қырылғамыз.

Бұл соғыс қазағыма қатты батты,
Қара жер боздақтарды жұтып жатты.



Қыз алып, қалмақтармен құда болып,
Опасыз қожа, сұлтан жұртты сатты, –

дейді.

Міне, осы шумақтарда біраз жағдайлардың беті ашылады. Хан-сұлтандардың алауыздығы, олардың сатқындығы, жоңғарлардың он жыл бойы дайындалуы, зеңбірек, күшті қару-жарақпен қаруланууы, т.б. шымбайға батса да шындық.

1723 жылдың қысы қатты болып «Ақ мешін» жұтынан аллалап жазға әрең шыққан қазақ елі соғыс деген ойларында жоқ, «жағасы жайлау», күнде ойын-тоймен жүріп жатқанды. Ол туралы жырау:

Астасқан Арқа, Сібір жерін жайлап,
Жаз болса, бие менен інген байлап.
Теңге атып, бозбалалар көкпар тартып,
Ән шырқар ақындары топта сайрап, –

дейді.

Осылай бейбіт жатқан елге түтқиылдан зеңбірекпен қаруланған, тарихшылардың айтуы бойынша, 65 мың жоңғар әскерлері кенеттен лап қойғасын шыдата ма? Оның үстіне жас бала, қарияларды қойдай бауыздап қазақ даласын қан қақсатып келе жатыр деген хабар елді дүрліктірмей қойсын ба?

Сонымен, жырау бабамыз қазақ жасақтарының жеңілу себебін тайға таңба басқандай айта келіп, қазақ елінің ауыр халын ел-жұртын тастап үдере көшкенін суреттейді:

Көп жылғы мол дайындық арқасында,
Паналап дәу мылтықпен қырқасында.
Екпіндеп ілгерілеп жетті жаулар
Қаратау, Сыр мен Шу, Балқашына, –

дей келіп, осы дастанында жау әскерлерінің Шымкент, Созақ, Тараз, Сайрам, Түркістан, Ташкент қалаларын басып алғанын айтады. Бұл сөздері Шоқан Уәлихановтың «Қазақтар жауыз жоңғарлардың қуғынына түгел түсіп, үріккен киіктерше оңтүстікке босты. Қашып келе жатқан жолда өздерінің дүние-мүліктерін, балаларын, шал-кемпірлерін, үй аспаптарын жүдеп-жадаған малын қалдырып, ақырында орта жүз – Самарқанд маңында, кіші жүз – Хиуа мен Бұхар жағына барып тоқтады» дегенімен үндесіп жатыр.



жаберген жыраудың өзі қатысып, қазақ жасақтарына қолбасшылық еткен
ің солтүстік өңіріндегі шайқастар «Елім-ай» дастанында толық баяндала-

Татарды қуған ойрат бізге жетті,
Жыл сайын шабуылын жиілетті.
Қарашада топ ат тұяғынан жер ойылып,
Көп қалмақ Омбы өзені суға кетті...

Қыс түсіп, Омбы өзені соғыс тоқтап,
Қалмақтар дайындалды мылтық оқтап.
Біз дағы хал-хадари мылтық соқтық,
Дұшпанға кеткен жұрттың кегін жоқтап.

Соғысты Омбы өзенде көзбен көрдім,
Дұшпанға қолма-қолда соққы бердім.
Майданда мылтық аз боп атысуға,
Жігерін құм етті ғой талай ердің.

Сан рет дәу мылтықтан атылды доп,
Оған қайран қыларлық бізде тұқ жоқ.
Тастауға Омбы өзенін ақыр көндім,
Етпеуге жан шығынын көңіл бөлдім.

Керейден Омбы өзенін тартып алды,
Ертіске орнап қалмақ жатып алды.

ымен, ежелден керейдің қонысы болған Ертістің батысындағы Сибан
арышы көл, Аққас, Қарақас көлдері Омбының Ертіске құяр алқабы
ында қалды. Қазақ қосындары Танаш, Абақ, Көшебе көлдеріне келіп
і. Әрі қарай жырау:

Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды,
Ор қазып Есілкөлде жолын бөгеп.
Соғысып қолма-қолда дұшпанды ұттық.



і арада қазақ жауынгерлерінің ерлігі суреттеледі:

Тоқтады жау Есілкөлден өтпей бері.
Жоңғарда кетіп жүр ғой жұрттың кегі.

Бұл майдан екі жаққа да ауыр соғып,
Ерлер мен көп төгілді аттың тері, —

дейді.

Осындай қанды қырғынға ұшырап, үштен бірінен айырылған қазақ аз жылда етек-жеңін, күш-қуатын жинап, ел болып бірігіп, жоңғарлаға қарсы шабуылға шықты. Осы кезде Қожаберген тағы бір қырынан көрінді, ол қол бастаған қолбасшы ғана емес, елді бірлікке, жауға қарсы күресуге шақырған ел жыршысы болды:

Қазыбек, Ер Жәнібек, Алдарбек би —
Көрді олар өз халқынан кеткенін күй.
Үшеуге тозған елді біріктірер,
Қайғырма, азаматтар, есіңді жи.

Немесе мына жолдар:

Қазаққа қиын болды келген індет,
Ежелден жауға шабу ерге міндет.
Үйде-түзде болсақ та бір өлім,
Дұшпаннан алған дұрыс елдің кегін, —

дейді.

Өзінің сардарларын да жауға қарсы күреске шақырады:

Ассалаумағалейкем, сардарларым,
Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым.
Кеңесіп, дұшпандардан ел қорғаңдар,
Кетпесін жау қолында мал-жандарың, —

деп жырау халықты бірлікке, жауға қарсы аттануға шақырады. Қожаберген жырау айтқандай, қазақ хандарынан қайыр болмайтынын білген ұлтымыздың мақтанышы дана билер Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бастап 1726 жылы Түркістанның оңтүстік шығысындағы Ордабасы биігінде үш жүз өкілдерінің ұлы жиыны болып, онда бүкіл қазақ халқының басын біріктіру туралы шешім қабылдап, Әбілқайырды қолбасы сайлады. 1727 жылы қазақ жасақтары Бұланты өзенінің жағасында «Карасиыр» деген жерде жоңғарларға қирата соққы береді.

Осы «Қалмаққырылған» соғысында 10 мыңдай жауынгерінен айырылған





лардың беті қайта бастады. Оған дәлел – 1730 жылдың көктемінде с көлінің маңындағы «Аңырақай» шайқасы.

жолы да қалмақтар ойсырай жеңілді. Міне, осылай қазақ жасақтары іданда еркін басымдылыққа қол жеткізіп, енді бірер соққымен жоңғар шыларын тас-талқан ету ғана қалған кезде, аға хан санатында жүрген Ботыс болады. Тағы да таққа талас басталады, хандықтан дәметкен орта ханы Сәмеке, кіші жүздің ханы Әбілқайыр жеке бастың қамымен Ал Әз Тәукенің аруағы үшін деп, оның үшінші баласы Әбілмәмбет іланғанын естіген Сәмеке мен Әбілқайыр хан (өзі үш жүз әскерінің ығысы) майдан шебін тастап, өз жасақтарын алып елдеріне кетіп қалады. ідық демей не деуге болады мұны?!

ақ хан-сұлтандарының алауыздығы, таққа-бақка таластығы жоңғар мемң өмірін ұзартты. Олардың қазақ еліне қаупі басылмады. Қазақтың ы жерлері әлі де жоңғарлардың қол астында қалды.

сыраған елімізді шешуші айқасқа бастайтын, бытыраған қазақ халқының іріктіріп, тәуелсіз іргелі мемлекет құратын қайраткер керек болды. Тарих ұлғаны берді де. Ол хан Абылай болды. Қазақ әскерінің жеңісін көзіген Қожаберген жырау 60 жылдай өмірін ат үстінде өткізіп, 82 жасында босатып алған өз еліне оралады.

Пайғамбар жасындай ғұмырым майданда өтті,
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Сақал мұрт, шашымды ақ көбік жауып,
Кәрілік Қожакеңе келіп жетті, –

ірінің соңғы жылдарында аттан түссе де, аталық, жыраулық жағынан жоқ.

соңында айтарымыз, әдебиетші, тарихшы ғалымдарымыз Қожаберген ың өмір жолын, шығармашылығын терең зерттеп, бабамыздың еңбегін гілігіне жаратса екен.

1995 ж.



ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАЛАМАТ БАБАМЫЗ

Өмірзақ ОЗҒАНБАВ,
Республикалық ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы

Бүгінгі күні бүкіл қазақ даласын сыртқы жаудан қорғап, ішкі даудан сақтап, біртұтас ел болуына ұлан-ғайыр еңбек сіңірген Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдық мерейтойын атап өтіп отырғанымыздың өзі — ұлы Тәуелсіздіктің арқасында ғана қол жеткізіп отырған зор табыс екенін атап өтуіміз керек. Президент Нұрсұлтан Назарбаев та ел қорғаған ерлер мен халықты бірлікке ұйыта алған көсемдердің есімін мәңгілікке ұмытпай, ұрпаққа үлгі етіп отыруды үнемі ескертіп отырады. Астана қаласында Қазақ мемлекетінің алғашқы қадасын қадаған керей мен Жәнібек хандарға, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерге, Қанжығалы Бөгенбай, Жәнібек сияқты батырларға еңселі ескерткіштерінің ашылуы — соның айғағы.

Советтік идеологияның талабымен Қожабергеннің қадірлі есімі ұзақ жылдар бойы ауызға алынбай, қара құлыптың астында жасырынып келгенін енді біліп отырмыз. Өйткені, ол қазақ халқының дербес, біртұтас, ынтымақты ел болуын жырлаған және осы қадамдарға қол жеткізетін амалдарды да атап, соны іске асыруға шақырған дуалы ауыз шешен, қол бастаған көсем еді. Табиғи дарынына қоса ол Бұхара мен Самарқандта оқып, үлкен ілім алып, бірнеше тілді меңгеріп, ақыл-парасатын арттырған мол білімді, терең ойлы, кемеңгер тұлға болды. Жыраудың ең үлкен туындысы «Елім-ай» дастанында төл шежіреміздің жат жұрттық зерттеушілердің жазбалары мен ақын-жазушыларымыздың шығармашылық қиялының арқасында ғана белгілі болып, айтылып жүрген тарихи оқиғалары көз көрген адамның аузымен баяндалып, тарихи шындыққа көз жеткізеді. Халқымыздың аса көрнекті ғалымы, тарих ғылымынан тұңғыш рет

ық диссертация қорғаған қандасымыз Ермұхан Бекмаханов бұл дастан «Қожаберген ақынның «Елім-ай» дастаны — тарихи эпопеялық жыр. «Елім-ай» ерлік киссасының бірінші бөлімі — 1723 жылы «Ақтабан ңды Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен р тарихи құжат» деп баға берген.

мен бірге шығарма дәл сол кезде жазылғандықтан, оның өне бойы күреске шақырған ұрандар мен намысты жанитын үндеулерге толы. де шыбын жаның болса егер / Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын» деп аса, / «Би мен бек бір-біріңді сынамаңдар, / Дауласып ел арасын был-!» деген тәрізді ұрандар көтереді. Осы күнгі кейбір әдебиетшілеріміз ген жырау еңбектерінің көркемдік жағының солғындығына көбірек іп, оның тарихи деректілік маңызына назар аудармайды. Тасқа басы-рмей жеткізетін нұсқаны жасауға ол кезде мүмкіндік болмағандықтан, есте қалғандарынан жинап, халық аузынан жазылып алынған дүние ықтан, оның көркемдігіне мін тағу, әрине, оңай. Кейбір жолдарының ен поэтикалық қуаты әлсіз екендігі тіпті маман емес адамның да көзіне атыны шындық. Бірақ, қайталап айтайын, тарихи оқиғаларды көз тінде деректі түрде жеткізуінен мін табу қиын. Шын мәнінде жыраудың і» дастаны — қазақ тарихының 200 жылдық жоңғармен жаугершілік дағы үлкен шежіресі іспеттес туынды. Академик Манаш Қозыбаев дас-лы: «Оны тек дастан деу аз сияқты. Оның арнасы кең. Онда ұлттың мауы, Отан тағдыры қамтылған. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлт-ғасырлық салт-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген , әскери, саяси қайраткерлерін жеке-жеке даралап, дүбірлеген оқиғалар ерді аралап жазылған ұлы эпопеялық туынды. «Елім-ай» — шын мәнінде ананың бикі шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұңы...» деп ді. «Елім-айда» Қожаберген жырау батыр, ордабасы ретінде өзінің және сардарлардың алты Алаштың баласы мекен еткен үлкен территория-ық пұшпағын сыртқы жаудан қорғаған ерлігін баяндаған, тұтастығын н. Оның жырлары мен сөздері ресми идеологияның, қолдан жасалған рихтың ұсқынын әшкерелеп береді. Егер ресми тарих қазақты алты ң басқа халықтарына біріктірмей, алалап, ынтымақтасуынан сақтанып, жауыққан шағын ғана баяндаса, Қожаберген қазақ, қарақалпақ, татар, ғай, шор, тұба, саха, т.б. халықтардың қалмаққа қарсы бірге күрескенін і. Сондай-ақ, саясат «орыс империясы Қазақстанға қорғандар мен бе-і отарлау үшін емес, қазақты жоңғарлардан қорғау үшін салды» десе, ген, керісінше, ақ патшаның жоңғарлардың шапқыншылығын қолдап,

оларға қару да сатып, қазақтарды, татарларды қыра түсуіне мүмкіндік бергенін айтады. Ал қазаққа патша от қару, күкірт сатуды арнайы жарлығымен қатаң тыйған. «Әз Тәуке болса дағы достыққа ынтық, / Сатпады Ресей, Қытай бізге мылтық», — дейді жырау. Демек, империяның «жоңғар қазақты қыра берсін, босаған жерін артынан біз басып аламыз» деген ойы бар екенін жырау жырларынан көрініп тұр. Жоңғар шапқынынан шегініп, атақоныстарынан ауа босқан қазақ жерлерін орыс империясы басыбайлы иелену мақсатымен қорғандар мен қамалдар сала бастағаны туралы ол:

Жұртымның жағдайына болып қаныҚ,
Байлаулы қазақ қолын пайдаланып,
Иесіз қалған жерге күрке тігіп,
Орыстар масайрады қамал салып... —

дейді.

Демек, айлакерлікпен жасалған басқыншылықты әшкерелеп тұрған Қожабергеннің жырларын, оның есімін кейін негізінен Ресей империясының колониалдық саясатын ақтап, оны жақтауға барлық күшін салған Совет өкіметінің идеологиясы да ауызға алдырмай келді. Бұл туралы Саяси бюроның арнайы директивасы да болған. 1932 жылы большевиктер партиясының орталық комитеті «О перестройке литературно-художественной деятельности» деген қаулы қабылдап, онда жазушыларды Совет өкіметі платформасын, социалистік құрылысты ғана жақтап шығармалар жазуға, ал ұлттық батырлар мен азаттық үшін күрескендерді ауызға алмауға міндеттеді. Осы кезден бастап тарихтағы ащы шындықты баяндаған, орыс империясының басқыншылық саясатын әшкерелеген халық аузындағы шығармалар ауызға алынбайтын болған. Жағдай осындай болған соң Қожабергеннің жерлестері Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтер де оны өз шығармаларында атамағаны хақ. Ал одан бергі тарихтағы талай жақсы-жайсаңдарды атайтын себебі: олар орысқа қарсы шыққан жоқ, керісінше Ресей империясына қызмет етіп шен алған, азаттық үшін күрескендерге қарсы жандар. Сондықтан үстем таптың өкілі ретінде оны жағымсыз етіп баяндаса да қос жазушы өз шығармаларында ол туралы айтқан.

Одан берірек, басқаша ойлау мен ой еркіндігіне барынша тұсау салып, тек кеңестік ресми идеологияны ғана жақтау шараларын өрістеткен 1946 жылғы 14 тамыздағы Орталық комитеттің «Звезда» және «Ленинград» журналдары» туралы қаулысы бойынша патша өкіметіне қарсы алысқан ерліктері халық жадынан өшпегендіктен ғана оқулықтарға енгізіліп, ерліктері айтылып келген бертінгі

батырлардың есімдерін ауызға алуға мүлде тыйым салынды. Соның олониалдық езгіге қарсы он жыл бойы талмай күрескен Кенесары зты да ғылыми айналымнан шығартып, мектеп оқулықтарынан алдыр-ады. Ол туралы ғылыми еңбек жазған ғалымдар, соның ішінде Ермұхан новтың да қуғындалғанын білесіздер.

рыда мен Қожаберген шығармаларын халық аузынан жиналғанын Оның үстіне бұл жырау еңбектерін жетік білетін адамдардың азай-ында басталған іс болған соң оның бізге жеткен бүгінгі жырларының к сапасына айтып берген және жазып алған адамдар да жауапты сіз. Қожаберген шығармаларын сынайтын кейбір зерттеушілер жы-еңбегі негізінен солтүстікқазақстандық жерлестерінің аузынан жа-лынғанына қарап, оның растығына күдік келтіреді. Жырау еңбектері Қазақстанның барлық жеріне де белгілі болған. Мәселен, кіші жүзде а Байұлының Назар есімді елге белгілі қолбасшысы болған. Осы На-Қожаберген жақсы қарым-қатынаста болады. 1723 жылғы «Ақтабан ңды, Алқакөл сұламаның» тұсында Қожаберген кіші жүздің қызы йбішесімен осы Назар ауылына қонаққа келеді. Осы арада басталған ырғынды естіп, өзінің «Елім-ай» дастанын шығарған екен. Бұл әңгімені азушы Бектүр Төлеуғалиев Назардың ұрпағы Айтқұл Шманұлынан лы жазып алыпты. Демек, Қожаберген жырлары мен сөздері – жалғыз тің еншісі емес, байтақ қазақ даласына кең тараған тарихи мұра. Ал і» дастанындағы бір факты туралы жоғарыда аталған белгілі тарихшы Бекмаханов: «Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында «Алқакөл мес, Алакөл сұлама» дейді. Шындығында да солай, сол апатты жылда қының қырылуының бір шеті Алакөлден басталғаны рас. Ал Алқакөлді лмейді, осы көлдің аты жаңсақ айтылып кеткен сияқты» деген пікірді ары айтқан екен.

берген бабамыздың өмірінен ғибрат аларлық тағы бір үлкен тәлім бар. халық санын көбейтіп, ел қорғайтын ерлер санын арттыруға үлкен мән ырған сияқты. Өз әкесі Толыбай сыншыдан 24 ұл туған болса, Қо-і бабамыз аттан түспей, үнемі ел қорғап, жау қуып жүрген аласапы-ытта өмір сүргеніне қарамай-ақ 17 ұлды-қызды болған. Шежіре оның імді бір әйелі болғанын айтады. Бір әйелден осынша ұлды болу оңай рақ жорықтарда қаза болған кейбір қандыкөйлек жолдастарының, аластарының, тіпті жаудан тұтқынға түскен сәбилерді де батырлар етпей, бауырына басқаны айқын және әрбір сәбиге қуанып, ұлан-асыр п, олардың өмірінің жарқын болуын тілеген. Осының өзі оның халық

санын арттырудың маңыздылығын түсіне отырып, бұл іске өзі үлгі көрсетіп отырғандығын білдіреді. Мұндай мысалдар бабалар тарихында жиі болған. Мысалы, Танаш биден 15 бала туады. Танаш бидің баласы Балта батыр әр түрлі мұсылман елдерінен 11 сұлу қызға неке қиып, үйленген екен. Солардан ол 47 ұл көріпті. Бұлардан тараған ұрпақ, Балта керей деп аталған. Көшебеден тараған 15 бала, Ораз батырдан 17 ұл, Таузардың үлкен ұлы Дәулен баһадүрден 15 бала, оның ішінде шешен, би, әскербасы Толыбай сыншы да бар. Шақшақ биден 16 бала дүниеге келген. Міне, осылай аз халықты көбейтуді, ентелеген жауға есе жібермеуді, түптің түбінде санның сапаға ауысатынын білген бабалар балалар санын көбейте берген сияқты.

Халық санын өсіру қазақ халқының алдында күні бүгінге дейін үлкен проблема болып отыр. Үнемі ат үстінде, қысылтаяң жағдайларда болып, қатаң суық пен аптап ыстықты кешіп жүрсе де осынша бала өсірген бабаларымыздың ісі біз үшін үлгілі ғибрат болуы керек. Осының өзі-ақ үлкен ерлік емес пе? Ал бүгінгі күні жылы үй мен жақсы тұрмыста өмір сүріп отырған көптеген қандастарымыздың бар болғаны бір-екі баламен ғана шектеліп, бала бағуды үлкен салмақ көріп, ұрпақ санын көбейтуден қашуы – табиғи қорқақтық па, әлде жанаярлық па, әлде ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен қашқақтау ма? Өлімнің көбеюінен, бала туудың төмендеуінен соңғы 30 жылда халқымыздың табиғи өсуі үш есе кеміп кетті. Мұндай жағдайда біз демографиялық проблеманы шеше алмаймыз. Бүгінгі жайма-шуақ заманда бала санын көбейту азаматтық міндет, абыройлы борыш екенін әрбір азамат зердесіне түйіп жүргені мақұл. Мұны бабалар аманаты деп түсінуге де болар. Еншісі бөлінбеген байтақ қазақ жерінің бірлігін, қазақ халқының тұтастығын қамтамасыз еткен қазақ келіндері болған. Қазақтың кең даласының түкпір-түкпірінде халық сирек қоныстанса да дәстүр, тіл тұтастығының бұзылмауы осы келіндерді алыстан алып, бір-бірімен туыстық байланысын үзбеуінен де сияқты. Жер қанша үлкен, барыс-келіс соншалықты қиын болғанымен туыстардың бір-біріне деген ыстық сағынышы тұтастықтың үзілмес кіндігі болғандай.

Қожабергеннің әйелі Айша кіші жүз Атабайұлы Есентемірдің Қабылан биінің қызы екен. Толыбай сыншының әкесі Дәулен батыр да кіші жүз ішінде төртқара руынан шыққан Жалантөс Баһадүрдің туған апасы Жамалға үйленген. Сондықтан да болар өзінің 24 ұлының 19-ын Самарқанд, Үргеніш, Бұхара қалаларының іргелі оқу орындарына жіберіп, нағашылары Жалантөс, Ақшахандардың қамқорлығымен оқытып, сол дәуірдің ең білімді адамдары етіп тәрбиелеген.

Иә, «асыл – асылға, нәсіл – нәсілге» деген әңгіме де тегін айтылмаған болар. Ұлы бабалардың текті ортадан, ұлылардың тәрбиелі ұрпақтарына құда

йттырып, келін түсіруі де халқымыздың санасына сіңген, ғасырлардан ып келе жатқан игі дәстүр. Сондай-ақ атам қазақ жетімі мен жесірін ау, демографиялық өсімді қамтамасыз ету үшін «әмеңгерлік», «он үште і» салттарын да даналықпен ойлап тапқан. Қазақтың осы игі дәстүрлері ле кеңінен тараған. Мысалы: Өзбек ханға ақылшы болған Танаш би ұлының Манас есімді інісі майданда қаза болып, оның келіншегі Сәлиман лады. Ақылды бәйбіше Айша үрпақ көбейту мақсатымен қайнысының әлиманды өз ақсақалы Танаш биге қосады. Сонда кең пейілді бәйбіше ұл туып бере алмағандықтан емес, өзі 14 ұл туса да Сәлиман да Таяқты батыр бидің ұрпағын молықтыра түссін деген ойда болған. Бұл халық дәстүріне байланысты мысалдарды бабалар тарихынан көптеп руге болады.

ымен бірге бүгін, осынау алқалы жиында «Қаратаудың басынан көш / Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. / Қарындастан айырылған жан / Қара көзге мөлтілдеп жас келеді» деп басталып, қазақ баласының түскен ауыр халды, аянышты кепті баяндайтын мұңлы зар — «Елімне тоқталғым келіп отыр. Ол 300 жыл бойы жүрегімізді қан жылаған гимні сияқты болып, сол заманды көзімізге дәл бүгінгідей елестетіп, рмай, жеткізді. Бұл әннің құдіреттілігі — әрбір екі жолынан кейін айтар-еңіреткен «Елім-ай, Елім-ай» деген сөздерінде ғана емес, төменнен п, ішкі нала мен мұңның, қайғының құдіретінен жоғарыға қарай аңырай тін сазының айрықшалығында. Осының өзі оның сөзі мен әнін де бір ұ жазғаны және қатардағы адам емес, ой-өрісі биік, жалпы елдің қамын ын, ұлттың ұлан-ғайыр қайғысын жан-дүниесімен терең сезініп, жүрегі ған жанның шығармасы екендігін айқындап тұр. Егер ол отбасы, ошақ отырған әйелдің немесе алқынған ақын жүректі қарапайым адамның ын әні болса, бүкіл елді қамтымай, қайғы ауқымын тарылтып, диапазонын кен болар еді. «Қарындастан айырылған» дегендегі «қарындас» сөзі де үні жасы кіші қыздарға қолданылатын мағынада емес, бір қарыннан барлық бауырға, яғни тұтас елге қарата айтылған мәнде екені даусыз. ы әннің Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанымен бір мезгілде ына, бір мақсатты, бір мұңды арқалағанына назар аударыңыз.

қ халқының дәстүрінде ежелден біреудің сөзін біреу «өзімдікі» деп еп пайдаланбайды. Ал біреудің сөзін қолданса авторын міндетті түрде ырған. Мәселен, «бұл Абайдың сөзі» немесе «Бұхар жырау былай «Ақтамбердіде мынадай сөздер бар» деген сияқты анықтамаларды бірге

қосып отырады. Өз сөздері болмаса Қожаберген, дәстүр бойынша, олардың авторын көрсетсе керек еді. Демек, олар — жыраудың өз сөздері. Сонымен қатар жыраудың «Елім-ай» дастаны мен әнде біршама сөздер өзгеріссіз қайталанады. Мысалы: «Елім-ай» дастанында:

Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен талай елдің миын заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман, —

деген сөздер бар.

Ал құдіретті әнде:

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ, дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман, —

деген жолдар бар. Демек екеуі де бір адамның аузынан «аһ» ұрып шыққан күйініш сөзі екені көрініп тұр. Оның үстіне Қожабергеннің ақын, жырау ғана емес, күйші, әнші екендігі де белгілі. Осы «Елім-ай» дастанын шығарғанда оның:

Жұртымнан неге аяйын өнерімді,
Жоғалтпан тірі жүріп бедерімді.
Халқымның ауыр халін баян етіп,
Бастайын «Елім-ай» деп өленімді.

Айтылар көптің мұңы болса жиын,
Ондайда ер сөзіне болар тұйін.
Шығарған осы жырмен қоса қабат
Аталсын «Елім-ай» деп ән мен күйім, —

деген сөздері де бар.



Бірақ осыған қарамай, әлі күнге кейбір өнертанушыларымыз, баспагерлер, әншілер «Елім-ай» әнін «халық әні» деп айтып жүр. Кез келген «халық әнінің» нақты авторы болады. Халық өздігінен бірлесіп, ән шығармайтыны белгілі жайт. Жалпы, қазақ халқында бірлесіп ән шығару деген дәстүр мүлде

ı. Осы уақытқа дейін бұл әннің Қожабергеннен басқа авторы да атал-
:. Ендеше, осы алқалы жиында, бәріміз бірауыздан «Елім-ай» әнін
ерде Қожабергеннің өзіне қайтарып, жаппай: «авторы Қожаберген
деп айтуға пәтуаласайықшы. Бұл да бір тарихи әділеттілік болар еді
ймын. Халқымыздың ауызбіршілігі мен ынтымақты болуын ойлайтын
ар ұйымының өкілі ретінде осыны сіздерден өтінемін. Философ, ақын
Жүсіп Көпейұлының «Даналарға» атты өлеңіндегі мына жолдарды да
ық:

Қолбасы, ақын-жырау һәм елші-би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй.

нің соңында, біздің осынау ұлан-ғайыр жерге ие болып, тарих сахнасы-
ғарлар сияқты жойылып кетпей, аман қалғанымыз — осы Қожаберген
Голыбайұлы сияқты ерлеріміздің арқасында екенін ұмытпай, олардың
есімдерін ұрпақтарымызға жарқырата жеткізе беру парызымыз екенін
ұмытпайық дегім келеді. Өздерінің осынау парызын азаматтықпен
жүрген Социал Жұмабаев, Бекет Тұрғараев, Сабыр Қасымов, Абай
тов, Дихан Камзабеков, т.б. азаматтарға ризашылығымды білдіремін.

«Түркістан» газеті,
20 маусым 2013 ж.

«ЕЛІМ-АЙ» ЖЫРЫНДАҒЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХИ ШЫНДЫҒЫ

Темірғали КӨПБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Еліміз егемендік алғалы өткен тарихымызды түгендеу бағытында көптеген игі шаралар атқарылды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында ғасырлар қойнауында қалып қойған асыл жәдігерліміздің басым бөлігі қайта оралды. Өз тарихымыздың ақиқат сырын жаңаша бағамдай бастадық. Бұған дейін біздің тарихымыздағы көрші Ресей мемлекетінің мүддесіне қайшы келетін, оның саясатына сызат түсіретін ақиқат деректер бұрмаланып көрсетілгеніне көзіміз анық жетті. Бұрмаланғаннан бұрын, қазақ даласында орын алған орыстың отаршылық саясатына қарсы қозғалыстарды ауызға алдырмау, бұғауға басын сұққысы келмеген қазақ қайраткерлері мен батырларының атын ататпай қою Ресей атқамінерлерінің ұзын құрық, кең тұсау айла-шарғысының басты қағидасы болды.

Тәуелсіздікпен бірге халқымызға қайта оралған есімдердің бірі – Қожаберген жырау есімі. Қожаберген Толыбайұлы – өз заманында сан қырлы талантымен танылып, қазақ халқының ерекше құрметіне бөленген аса дарынды мемлекет қайраткері, үш жүз қолының сардарбегі болған асқан батыр қолбасшы, Әз Тәукенің тұсында қазақ мемлекетінің нығаюы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан ірі саясаткер, Бұқар жырауға ұстаз болған теңдессіз сөз зергері, Абылайға кеңес берген көреген би, өзінің ақындық және батырлық мектебін қалыптастыра білген ұлт қаһарманы.

Халқымыздың XVII-XVIII ғасырлардағы аласапыран арпалысқа толы өмірінің тұтас трагедиялық панорамасын жасаған «Елім-ай» жыры, «Елім-ай»

Елім-ай» әні — Қожаберген жыраудың төл шығармалары.
каберген бабаның ақындық мектебіне Бұқар жырау, Дәстем сал, Ақ-
ді, Үмбетей, Тәтіқара, Махамбет, Сегіз Сері сияқты дауылпаз ақындар
ш жатқызсақ, батырлық мектебінен ерлік жорықтарда баба жолын үлгі
халқымыздың арыстан жүректі ұлдары Бөгенбай, Бақсары, Жәнібек,
бет, Асқап, Жанай, балта керей Тұрсынбай, т.б. батырлар легін көреміз.
ындай алып данамыздың, асыл бабамыздың есімі өткен ғасыр соңына
еге аталмай келді? Терең дей үңілсек тағы да сол Ресей саясатының сал-
аңғарамыз. Өйткені сол замандағы орыс саясаткерлерінің бірді бірге
салатын, ара ағайын болғансып отырып отқа итеретін сұрқия саясатын
ергендей ашық сынаған адам болған жоқ. Бұл туралы академик Манаш
аев: «Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-
– империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмақтарға қару
қолдады деп айыптайды» дей келе отаршылық кезінде Қожаберген жы-
алы ешкімнің ауыз аша алмағанын, тіпті кешегі Совет өкіметінің тұсында
тияның қабағынан сескенген Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтердің
тақырыпқа белсеніп кірісе алмағандығын айтады.
тте, тарихи тұлғалар туралы шындықты қалпына келтіру барысында біз
адамның іс-әрекеттері мен ерекше қызметі, өмір жолы жайлы оның өз
ағы замандастарының сөздерінен дерек іздейміз. Қазақ сахарасында
дереккөз иелері ақын-жыраулар болғаны анық. Өйткені жазу-сызуы
нат жаймаған дала төсінде шыншыл ақпарат ауыздан ауызға таралды.
қ тарихи деректер, шежірелер ақын-жыраулардың жыр-дастандарында
ды. Осы тұрғыдан алғанда Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастағы
қиын замандағы тарихи шындықты қалтқысыз бейнелеген теңдессіз
р деп қарағанымыз дұрыс. Мұнда сол кездегі заман қасіреті ғана емес,
ерген жыраудың өз өмірі, болмысы, таланты, ақындығы мен батырлығы,
ігі, көрегендігі, ұлтшылдығы туралы толық мағлұмат берілген. Сондық-
інгі күнде осындай дана бабамыздың тарихтағы орны мен қайраткерлік
ына күмәнмен қарау орынсыз. Өйткені Қожаберген жырау өзі туралы
ып кеткен. Өзгелердің ол туралы айтқаны да жеткілікті. Мысалы, Бұқар
, Дәстем сал, Сегіз Сері, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп
лы, т.с.с. алғыр ойлы ақиықтар Қожаберген есімін жырға қосқан. Оның
ен талантына тәнті болған.
ғарыда айтып өткеніміздей Қожаберген жыраудың ақиқат шындығы
з сөздерінде жатыр. Тағы да академик М. Қозыбаевтың пікіріне сү-
болсақ: «Дауылпаз Қожаберген — дүлдүл тарихшы. Біріншіден, тек

«Елім-ай» дастанында ғана бүкіл дәуірді суреттейді. Жоңғар империясының дәуірлеп күшею себептерін ашады. Екіншіден, жоңғарлардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенін көрсетеді. Орыс империясы өзіне көрші қазақ елін тұқыртып, жоңғарларға кіші зеңбірек жасауды үйретіп, құтыртып, екі түркі тілді халықтарды өзара қырып салуына мүмкіндік жасағанын ғажайып суреттейді. Үшіншіден, түрікпен, Қоқан, Хиуа, Бұхараның қазақ еліне деген қастандық саясатын, өзбек пен тәжіктің жаттығын әшкерелейді. Төртіншіден, Әз Тәукеден кейінгі қазақ хандығында болған текетірес, бақталас берекесіздіктің бетпердесін ашады. Бесіншіден, «Ақтабан шұбырынды» қалай болды, халық қалай, неге тозды деген сауалдарға жауап береді».

Академиктің бұл пікіріне қосарымыз: Қожаберген жырау «Елім-ай» тарихи жырында 1723 жылғы үлкен апаттың тек қазақ халқына ғана емес, әрі туысқан, әрі көрші Ноғай, Қарақалпақ, Қырғыз, Шалабай башқұрттары, Сібір татары халықтарына да кенеттен келген зор қасірет екенін ашық та дәлелді түрде баяндайды.

«Қожаберген жырау» кітабының құрастырушысы С. Жұмабаев кітап соңында берілген түсініктемеде нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, төмендегідей бұлтартпас мысалдар келтіреді: «Қожаберген ақынның «Елім-ай» дастанын дұрыс та жоғары бағалаған көрнекті, білгір адамдардың бірі – халқымыздың әскери қайраткері,білімпаз да аса дарынды, қадірлі жазушысы, атақты батыры, есімі әлемге әйгілі Бауыржан Момышұлы: – керей Қожаберген жыраудай бұрынғы-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры – әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?» – деген болатын. Ал қазақ халқының аса көрнекті ғылым қайраткерлерінің бірі, тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов: «Көшебе керей Қожаберген ақын Толыбайсыншығұлының «Елім-ай» дастаны – тарихи эпопеялық жыр. Әрі сол «Елім-ай» ерлік киссасының бірінші бөлімі – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат!» – деп тұжырымдап еді. Осы мазмұндас бағаны академик-жазушы Ғабит Мүсірепов, академик Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нүсіпбеков, тарих ғылымының докторлары Бек Сүлейменов пен Төлтай Балақаевтар да кезінде шегелеп айтқан еді».

Енді «Елім-ай» тарихи жырындағы Қожаберген жыраудың өз сөздеріне кезек берер болсақ, оның атақоныс, туған ел туралы шумақтары төмендегідей өріледі:

... Ел қорғап, қол бастауда көшелі едім,
Қазақтың қатардағы көсемі едім.
Теріскей Сарыарқаны қыстайтұғын
Егіз ел керей-уақ көсемі едім.

Тұтас ел жігі ажырамай, орнаған бақ,
Ішінде орта жүздің керей-уақ.
Құт қонып, қыдыр дарып ерте кезден,
Мекенделп Сібірде олар тұрған ұзақ...

... Есіл, Ертіс, Тобылдың тоғайларын,
Ежелден елім-жұртым қыстап келген...

... Тоғайын Омбы өзені жұртым қыстап,
Баптаған алғыр тазы, қыран ұстап.
Ертеден керей қоныс еткен Сібір,
Қорғаған жаудан ерлер қару ұстап...

ı шумақтарда орта жүздің керей-уақ тайпалары, Қожаберген жыраудың алары теріскей Сарыарқа мен Батыс Сібірді мекен еткендігі жайлы нақты ір айтылады. Осынау туған жердің шетіне жау тигенде бұғанасы қатпай ақ ақ найза ұстап атқа қонған батырлардың бірі Қожаберген бабамыз еді.

Серілікпен жаста шарладым
Қазан мен Кемер арасын.
Ата жаудан қорғадық
Мұсылманның баласын.

Жасымда жасап сан жорық,
Байкөлден аса мен бардым.
Сол жақтан қалмақ келгенін
Жас та болсам аңғардым, —

ı.

ɔ басында өзіне дейінгі тарихта жоңғар-қалмақтардың қайдан шығып, келгендігін саралай келе, олардың соғыс жорықтарын Алтай, Тарбағатай ı бастағанын, жолдарындағы Сағай, Меркіт, Оңғұт, Боржіген, Бара-

бы, Барын, Ескер, т.б. татар тайпаларын, қырғыздың Шор, Тұба, Хас, Саха елдерін аяусыз қырып, Түмен, Том қалаларының тұрғындарын қызыл қанға бояғандығын тілге тиек етеді. Осы тұста автор жоңғар мемлекетінің әскери күші неліктен артқандығын, неліктен өзі қатарлы елдерді жау көріп, баса-көктеп келгендігін зерделеп, оның басты себептерін ашуға тырысады. Қожабергеннің пайымдауынша жоңғарлар сол заманда адамдық мораль, этика тұрғысынан да, әдеп, өнер, білім жағынан да өзгелерден көп кейін қалған ел еді. Олар XVII ғасыр соңындағы халдан Бошохтың тұсында орыстармен және қытаймен ауыз жаласып, соғыс өнерін игере бастайды. Орыстарға да керегі сол еді, Алтай аймағы мен Батыс Сібірді мекендеген түркі халықтарын өз жерінен ығыстырып шығарудың оңтайлы жолы табыла кетеді. Жоңғарларды арнайы шақырып, арқасынан қағып, ақыл айтып, зеңбіректермен қаруландырып өзі тектес халықтарға айдап салады. Жоңғарлардың ұзақ жылдарға созылған шапқыншылық жорықтары осылай басталған. Бұл соғыстың барлық кінәсі орыстың ашкөз саясатында жатқанын Қожаберген аяусыз шенейді:

...Сұмырай халдан Бошох дүниеден өтіп,
Ұлдары орнын басар қалды жетіп.
Күшігі Сыбан Рабтан таққа отырды,
Қалмаққа қонтайшы боп билік етіп...

Халдан Бошохтың інісі – Сыбан Рабтан,
Көрші елді жауламақ боп көз алартқан.
Бұйратты, Халхиды да қосып алып,
Татардың Барабысын келіп шапқан...

...Сібір татары Ресейге қараса да,
Ол елдің ісін орыс жөн көрмеді.
Жоңғарлар татарларды шапқан кезде
Ресей қалмақтарға қой демеді.

Жердің елсіз қалғанын хош көрді орыс,
Оларға қажет болды иесіз қоныс.
Қол астындағы татарға көмектеспей,
Ресей қыр көрсетті тіпті жолсыз.

Сібір татарлары Ресей атқамінерлеріне хат жолдап, елші жіберіп көмек сұраған. Қалмақтарға тыйым салуын өтінген. Орыс саясаткерлері болса татарлардың

әлеуден бас тартқанын желеу етіп, қалмақтарды одан сайын айдап салған. сінде Сібір татарлары адам айтқысыз қырғынға ұшырап, елінен, жерінен Омбы өзені жағасындағы керейлерге келіп паналайды. Арада он жылдай ткенде жоңғарлар керей еліне келіп килігеді. керейлерге шаппас бұрын Рабтан орыс пен қытайға мол дүние беріп, олардың білгір мамандарын әскери соғыс қимылдары мен қару жарақтың жетілген түрлерін үйретіп дайындалған екен. Қожаберген жырау ол туралы былай дейді:

...Жоңғарға Дүнген, Сібе дихан болып,
Шор, Түба, Саха мен Хас малшы болып.
Шаруасын тәуелді елдер атқарған соң,
Жауыздар дәулеттенді бақыт қонып.

Алтын, күміс, мал беріп аямай-ақ,
Орыстар мен Қытайдан білгір жалдап.
Сыбан Рабтан ден қойып өнерпазға,
Ғаскерін үйреттірді он жыл қамдап.

Дариға-ай, қалмаққа өнер қайдан келсін,
Тетігін дәу мылтықтың қайдан білсін?
Он жылғы мол жабдықпен келіп шапты,
Дегендей қайратымды қазақ көрсін.

Өнерді надан қалмақ меңгерген жоқ,
Дәу мылтық жасауды олар үйренген жоқ.
Көрші екі ел мылтық беріп айдап салды,
Әйтпесе қалмақ бізге тең келген жоқ.

түста «көрші екі ел» деп Қожаберген Ресей мен Қытайды айтып отыр. ағына дейін қаруланып алған жоңғар әскерлері қазақ жеріне ауыз сала-лден ат үстінде соғысып үйренген керейдің батыр ұлдары қарулы жауға оқпармен, қылыш-найзамен қарсы шабады. Зеңбіректі жауды састы-ырнеше дүркін тойтарыс береді. Омбы өзені бірнеше рет қолдан-қолға

Жоңғарлар дәу мылтықты қолданған соң,
Керейдің біраз жері қолдан кетті.

Шайқасты кәпірлермен сарбаздарым,
Бел буып тәуекелге қойып бетті.
Қарашада топ ат тұяғынан мұз ойылып,
Көп қалмақ Омбы өзенде суға кетті.

Сан өтті қолдан-қолға Омбы өзені,
Соғыстың ауыр тиді бұл кезеңі.
Қалған соң атамекен жау қолында,
Өртенді соны ойлап жұрт өзегі.

Жау қалмақ оқ атса да оң мен солдан,
Майданда айныған жоқ ерлік жолдан.
Ежелден керей мекен еткен Сібір,
Қалайша шығарамын оны қолдан.

...Төнген соң найза ұрыста үлкен қауіп,
Ордостар оқ боратты амал тауып.
Шар түсіп, маңымызға жарылған соң,
Ештеңе өндірмедік жауға шауып.

...Жер алу жоңғарлардың есі-дерті,
Мықты екен Ресеймен еткен серті.
Көбейді қалмақтардың үсті-үстіне,
Әр жерде қайта-қайта салған өрті.

...Алмақ боп көп мылтық пен жақсы қару,
Мақсұты болғаннан соң жұртты шабу.
Керейден тартып алған Омбы өзенін,
Орысқа кәпір қалмақ етті тарту.

«Елім-ай» жырындағы ақиқат шындық осылай өріледі. Қазақ жауынгерлерінің жанқиярлық ерлік істері Қожаберген жырау сөзімен кеңінен суреттеледі. керейлер мекендеген Сібір жерінің әрбір төбесі, әрбір өзен-көлі үшін кескілескен ұрыстар болғанын аңғартады. Қарастырылып отырған жырда жер-су, тоғай-төбе сияқты географиялық атаулар көптеп кездеседі. Жырау солардың әрбірін тәптіштей айтады. Бұл көркемдік әдіс келешек ұрпаққа тарихи шындық толық жетсін деген ниеттен туындаған болса керек.

анды оқып отырғанда тағы бір аңғаратынымыз, Тәуке хан тұсында қазақ нің қару-жарақ сатып алу мақсатында Ресейге барғандығы туралы де- Бірақ жоңғарды әдейі айдап салып отырған орыстар келісім бермейді. емлекеті де қару беруден бас тартқан.

Әз Тәуке болса-дағы достыққа ынтық,
Сатпады Ресей, Қытай бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ боратқанда
Найза ұстап, садақ асып, қарсы шықтық.

Соғыстан Ресей, Қытай босамаған,
Сонда да жерімізге көз тастаған.
Өздері бізге жорық жасамаған,
Халхилар солар үшін іс бастаған.

Бастаған Ойрат ісі ұрыс болды,
Бұл соғыс Ресей үшін дұрыс болды.
Қалмақты жабдықтаған қос көршінің
Әуелден көздегені қоныс болды.

...Босаған соң қуанып талай қоныс,
Қалмаққа алғыс айтқан билікті орыс.
Тоқтатып сол арада қалмақтарды,
Оларға сыйлық берген ұлық орыс.

лы қалың әскерге найза, қылыш, садақпен қарсы барған қазақ қолы талқандалып, амалсыз шегінуге мәжбүр болады. Зеңбіректен ыз оқ жаудырған қалмақтар қазақтарды күн сайын қырып отырып, оңтүстікке қарай ығыстырып кете барды. Ал ойындағысы орындалған ясаткерлері босап қалған жерлерге мұжықтар мен әскерилерді еркін ндырып, бекіністер салып жатты. Өзгенің қолымен от көсеп, жазықсыз рды қынадай қырып, жер бетінен із-түзсіз жойып жіберуді ашық мақсат есейдің қанқұйлы қарақшылық саясаты бүгінге дейін айтылмай келді. бір адамын шығын етпей бүткіл Сібірді, оның ішінде алты алаштың сы болған Түмен, Том, Омбы, Ор, Челябі, Орынбор, Корған, Барыалаларын маңайымен қоса өз меншігіне айналдырған орыс отаршылаатты қайдан қаласын? Сол шындықты шырқырата айтқан Қожаберген



жырауды орыс саясаты қалай жақтырсын? Ақ патшаның тұсында да, советтік кезеңде де Қожаберген жыраудың аты аталмағанының басты себебі осында жатыр.

Баба есімі бүгінгі тәуелсіздік таңында жиі айтыла бастады. Оған да шүкіршілік етеміз. Қожаберген Толыбайсыншыұлының «Елім-ай» дастанынан өзге де қалдырған мұрасы мол. Сан қырлы талант иесінің ерлікке толы өмір жолы мен қазыналы шығармашылығы келешектегі «Қожабергентану» ісінің сарқылмас көзі боларына сеніміміз мол.

«Айқын» газеті,
18 маусым 2013 ж.





Жырау шығармаларына арналған кітап көрмесі



Конференцияға әскерилер де қатысты



Конференция делегаттарын тіркеу





Залдан көрініс



Құттықтау



Залдан көрініс



Конференция төралқасы



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,
генерал-лейтенант А. Тасболатов баяндама жасауда



Академик С. Сұлтанов баяндама жасауда



Академик Ғ. Мұтанов баяндама жасауда



Залдан көрініс



Профессор А. Айталы баяндама жасап тұр



Делегация қонақтары



Академик С. Сартаевпен естелікке суретке түсу



Полковник, әскери ғалым К. Серікбаев баяндама жасауда



Тарих және этнография институтының директоры
Х. Әбжанов баяндама жасауда



Залдан көрініс



Профессор А. Күзембай баяндама жасауда



Қонақтармен кездесу



фессор, полковник, әскери ғалым К. Серікбаевпен естелікке суретке түсу



Пленарлық мәжілістен көрініс



Пленарлық мәжілістен көрініс





Пленарлық мәжілістен көрініс





Пленарлық мәжілістен көрініс





Конференция табысты өтті

ІАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Жарасбай СҰЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

йсысы бір-бір елдің мәндайына татырлық саңлақтарды құндақтаған, а алтын бесік болған, ақ селеуі айшық ашқан, жусаны жұпар шашқан, төңкерілген, қайың-терегімен көмкерілген, перзенттеріне кеңпейіл сек тұлғасын дарытқан қазыналы топыраққа халық «Гүлтөбе» деп ат йдар тағыпты. Гүлтөбе – Толыбай сыншының, Қожаберген жырау-ыз серінің атамекені, туған жері, өскен елі. Ендеше, талантты табиғат ының бұдан асыра айғақтау мүмкін бе өзі?!

өбе» деген сөз қайдан шыққан? Қожаберген мұрасын зерттеуге атса-езінде оның есімімен аталған қорды басқарған ғалым, қоғам қайраткері Шаймұрат Смағұлов арғы-бергі заманнан бұрын Қожабергеннің туған шоқ-шоқ боп қалампыр иісті алқызыл гүлдер өскен, Толыбай сыншының і содан шыққан деген әңгіме жеткенін алға тартады. Бір ғажабы, гүлдер қарағанда, екі көлдің арасына сыналай кірген, көз ұшындағыны шала-умақты алып жатқан төбешікте қалың өседі екен. Неге екені белгісіз, р өткен ғасырдың отызыншы жылдарында өзінен өзі солып қалыпты.

берген Толыбайұлы 1663 қоян жылы нақ осы жерде, қазіргі Солтүстік ін облысы Жамбыл ауданының аумағында батырлар мекенінде дүниеге Олай дейтініміз, орта жүздің керей руынан тарайтын Толыбай сыншы ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір әулен де (Толыбайдың әкесі), арғы атасы Көшебе де батыр болған. генің:

Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге?! –

немесе:

Ол соғыс Есімханның тұсында өткен,
Қалмақты Дәулен атам қырған шеттен, –

деуі содан.

Осындай ел қорғаны болған асылдардың тұяғы Толыбайдың аты адамды, сол сияқты, атты, құсты және басқа жануарларды, гауһар, меруерт тастарды, қару-жарақты сынайтын қасиетімен ғана емес, болашақты болжай білетін көрегендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, шешендігімен, ел іргесі сөгілсе, қылышын қынабынан суырар ерлігімен де шыққан. Ол Гүлтөбеде көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып ел тыныштығын қорғаған, ордабасы атанған. Ел ішінде әлі күнге дейін Толыбай сыншыға телінетін нақыл, қанатты сөздер аз емес.

Ал Қожабергенге келсек, ол:

Көрші елге батырлықпен даңқы кеткен,
Сібірдің батыс жағын мекен еткен.
Керейде Толыбай сыншы кіші ұлы едім
Жырларым қазақ жұртын елжіреткен, –

деп жырлағандай, Толыбай сыншының көп ұлының (кей зерттеушілер Толыбай сыншының ұлдарының санын 20 деп көрсетсе, енді біреулері 23, 24 дейді) ең кенжесі.

Қожаберген Толыбайұлы ақын-жырау, әнші-күйші, сазгер ғана емес, ел тағдыры таразы басына тартылған қан-майдан жорықтарда қалың қолды бастаған батыр, балуан, мерген, сыншы, саятшы, он саусағынан өнер тамған шебер, емші, сауатты адам болған.

Тіліне араб-парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жұрдім қазағыма қызмет етіп, –

деген жолдар көп жайдан сыр ұқтырады.

ыде қожабергентану біраз ілгері басып, қалыптасып, тұлғаланып қалды тық айтқандық болмайды. Оның өмірі мен еңбегі қазақ халқының алғаш-ғушы педагогі Ыбырай Алтынсаринді де қызықтырған. Ыбырай Алтын-Қожабергеннің атын 1879 жылы Орынбор баспасынан жарық көрген хрестоматиясы» жинағына енгізеді. Қожаберген мұрасына С. Сейфул-Кансүгіров, С. Көбеев, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, І. Омаровтардың да ғаны тарихтан белгілі. Мысалы, Сәкен Сейфуллин Қожаберген жырау ғіз сері туралы поэма жазуға ниеттеніп, көп материал жинайды, осы ен 1927 жылы Қызылжар өңірінде де болады.

жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасынан «Ерте дәуірдегі қазақ » деген еңбек жарық көрді. Осы кітапта Қожаберген жырауға да орын . Міне, содан бері Қожаберген Толыбайұлы туралы бірнеше кітап, астам зерттеу мақала жарық көрді. Дегенмен, дәл бүгін Қожаберген ідың есімі мен ерлігі тарих қатпарларынан толық аршылып алынды і ерте. Олай дейтініміз, зерттеулерде бір-біріне кереғар деректер әлі ғседі. Демек, «мың жорамалдан бір дәйек қымбат» дегендей, дауылпаз ың ғылыми өмірбаянын түпкілікті тиянақтайтын мезгіл жеткен сияқты. ылдың 19-20 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым ясының ұйымдастыруымен Қызылжар қаласында өткен «Қожаберген йсыншыұлының ел тарихындағы орны мен рөлі» деген тақырыпта өткен -теориялық конференцияда негізгі баяндама жасаған академик, марқұм ожыбаев та осы ойды қозғаған еді. Манаш Қабашұлы ендігі жерде ғалымдардың қожабергентану ісіне жегілуі қажеттігін, оның еңбекте-стологиялық талдау жүргізу керектігін қадай айтқан болатын. М.Қ. Ко-ың өз сөзіне жүгінсек, «Қожаберген бабамыз көп батырлардың бірі ғана ң – 1688-1710 жылдары 22-23 жыл бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ рының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, қ Азия деңгейіндегі әскери қайраткер! «Ақтабан шұбырындыдан» кейін рген – ұлы жеңісті шыңдаған стратег», – деп жазады Манаш Қабашұлы. ердің XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі ұқар жыраудың Қожабергенге арналған «Ғаділ ер» деген толғауындағы:

Көшебе керей ағасы,
Толыбай сыншы баласы.
Қол бастаған Қожаекең
Үш жүздің болды-ау данасы, –

ең жолдары да растай түседі. Бұқар жырау «Ұстазыма» деген толғауын-а алған Бұқармын Қожаберген асылдан», – дейді.

Қожаберген жырау да «Елім-ай» дастанында Бұқар жырауды бауырына тарта сөйлейді:

Шәкіртім сүйіндікте Бұқар жыршы,
Ол Бұқар – өзі ақын, өзі сыншы.
Олдағы қарап жатпас аттан салар,
Сөзіне оның, халқым, құлақ түрші! –

дейді.

Осылай Бұқардың дана боларына сенген Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында: «Тізе қос, етек жиып, ес барында», «Ер емес жаудың туын құлатпаған», «Кеудеңде шыбын жаның болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ атын», – деп халқын ерлікке, бірлікке үндейді. Ендеше, М.Қ. Қозыбаевтың жоғарыда айтқан конференцияда «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген ұлы жеңісті шыңдаған стратег. Қожаберген батырлардың батыры, қолбасшы, Әз-Тәукедей дананың оң қолы, қиын замандағы ел қорғаны», – деп бағалауы өте орынды.

Атақты тарихшы «Дауылпаз баба — Қожаберген» деген еңбегінде Қожаберген жыраудың Әз Тәукенің тапсырмасымен «Жеті Жарғыны» ақ былғарыға жазып, ханға табыс еткені туралы деректер келтіреді. «Халық арасында «Жеті Жарғыны» Тәуке хан жазды деген сөз бар. Ал шын мәнінде, зерттеуші М.Е. Есламғалиұлы өзінің «Әйтеке би» деген шежіренамасында жазғандай, «Жеті Жарғыны» дайындауға Сасық (қарақалпақ) Мұхамед, Қоқым (қырғыз), Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен бірге сол кезде көзі тірі Әнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, Құдайназар, Болпыш, Жылкелді сияқты әйгілі билер мен ұлыс басшылары қатысқан. «Жеті Жарғыны» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі Қожаберген би екенін айту тарихи әділдік болар еді» (Манаш Қозыбаев).

Қожаберген жыраудың бүгінгі ұрпаққа аманат еткен әдеби мұрасы мол. «Күлдірмамай», «Қойлыбай көрген», «Карасары болат керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл» сияқты дастандарын былай қойғанда, XVIII-XX ғасырларда қазақ халқының ұраны болған «Елім-айының» өзі неге тұрады. Жеті бөлімнен, 3683 шумақтан, 14732 жолдан тұратын «Елім-ай» дастанында жырау 1723 жылдың апатын, халықтың қайғы-қасіретін, күйзелісін ашына жазады. «Елім-ай» – ел өміріндегі тұтас бір кезеңді қамтитын тарихи шығарма. Автор бұл еңбегінде Жоңғар империясының дәуірлеп, күшею себептерін, Әз Тәукеден кейінгі қазақ хандығында болған текетірес, бақталас, алауыздықтың бетпердесін ашады. «Елім-ай» дастанындағы:

Әз Тәуке болса дағы достыққа ынтық,
Сатпады көрші екі жұрт бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ жаудырғанда
Найза ұстап, садақ тартып қарсы шықтық, –

олдардың да астарында көп ой жатқаны анық. Бұл арада әңгіме
ардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенінде болып отыр. Дастанда
ғ, Қоқан, Хиуа, Бұхараның қазақ еліне деген қастандығы, өзбек пен
жаттығы әшкереленеді. Осы тұрғыдан алғанда, М.Қ. Қозыбаевтың
йтсақ, «Оны тек «дастан» деу аз сияқты. Оның арнасы кең – ұлттың
мауы, Отан тағдыры. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлттың сан ғасыр-
-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери,
йраткерлерін жеке-жеке даралап, дүбірлеген оқиғалар болған жерді ара-
ылған ұлы эпопеялық туынды. «Елім-ай шын мәнінде ұлттық сананың
ңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұңы, болашаққа құлаш
айсар намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының
а атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» – ұлтымыздың Илиада мен
сындай эпикалық өміршең трагедиясы».

ымыздың асыл ұлдарының бірі Әлихан Бөкейхановтан қалған
ық сарын екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны – соғыс
іздің қазақ білетін тарих осы. Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс
стория культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, ру-
ениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен
иген киімінен, ұстаған... сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екін-
деген сөз бар. Олай болса, құрметті оқырман, біздің Қожаберген жырау,
лім-ай» дастаны туралы азды-көпті әңгімемізді Гүлтөбенің тарихымен
стыра қабылдағаныңызды қалар едік.

ің атын ер шығарады» деп халқымыз бекер айтпаған ғой, Гүлтөбенің
ысқа жайған жалғыз Қожаберген емес, бұл өңірді Сегіз сері де әнмен
. Сегіз сері, шын аты – Мұхамедқанафия Баһрамұлы 1818 жылы Гүл-
үниеге келген. Жоғарыда біз Толыбай сыншының 20 ұлы болғанын
Солардың бірі Қарабас та үлкен әскербасы, батыр болған. Сегіз сері
абастан тарайды. Демек, ол да Толыбай сыншының ұрпағы, қолөнері,
қ, құсбегі-саятшылық, атбегілік, емшілік бұған да дарыған. Орыс тілін
ріп алған Сегіз сері оқуын Омбыдағы азиялық мектепте жалғастырады,
ен алады. Бірақ, патшаға қызмет етуден бас тартады. Сол үшін қуғын-
ұшырайды. Айта берсек, Сегіз жайлы сөз көп. Бірақ, біздің мақсаты-
ның өмірбаянын баяндап шығу емес.



Гүлтөбе, Маманайым — туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Жалаңаш, жалаң аяқ жар басында
Көйлек шешіп, көбелек қуған жерім, —

деп жырлаған Сегіздің де батырлар ордасы, қасиетті мекен Гүлтөбеден түлеп ұшқан қыран екенін жеткізу.

«Жер шарлап, салдық құрып думандатқан,
Құс салып, ит жүгіртіп дабылдатқан,
Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт киіп,
Қол бастан кернейлетіп, шеру тартқан».

(Нұржан Наушабаев)

Сегіз де тұстастарынан ерте дараланып, көзге түседі. Ел арасында Мұхамедқанафия сегіз жасында үлкендермен бірге аңға шығып, киік атып алған деген сөз бар. Бекер сөз болмауы керек. Жүре-жүре оның басқа қасиеттері де ашылып, елге ақын, батыр ретінде танылады. Жерлесіміз академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романында: «Бұл келген керей аталатын көп рулы елдің аты шулы ақын-әншілері, жыраулары еді. Бәрі де атақтының атақтысы — Сегіз сері ақынның мұрагерлері» — деуі (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан. — Алматы, 1975. — 164-б.) содан. Кезінде Сегіз серіні қазаққа қиғысы келмеген кейбіреулердің: «Ұлпан» көркем шығарма, Сегіз сері жазушының қиялынан туған кейіпкер» деп жазғаны есімде. Бос сөз, «Ұлпан» — деректі роман, ондағы кейіпкерлердің бәрі өмірде болған адамдар.

«Күнделіктеріне» түртіп қоюына қарағанда, Ғабең кезінде Сегіз сері туралы кесек дүние жазбақ болған. Бірақ, сол кездегі өктем саясат, Сегіздің орыс патшасына, отаршылдыққа қарсы күреске қатысуы жазушының қолын байлай берген сияқты.

Сол сияқты, Сегізде толып жатыр тамаша әндер: «Әйкен-ай», «Жылой», «Қарғаш», «Бес қарагер», «Шолпан қыз», «Ғайни» менен «Боз қараған» — бәрі де ол шығарған ғажап әндер деген Жаяу Мұсаның, Сегіз сері жайлы ұзақ жырлар жазған Жанақ, Өске ақындардың, Шынияз Жұбатұлының сөздерін қайда қоямыз.



Осы арада Сегіз сері мен Есенейге қатысты Балғожа қарттан естіген тағы бір әңгімені баяндай кету артық болмас. Сегіз сері кіші жүзден оралғаннан кейін 1850 жылы Есенейге Аббас, Сәду дейтін екі жігітін жұмсап: «Босшұбар мен Қанкүрең қартайыңқырап қалды, бір ат берсін», — дейді.

ітырдың қалауы қандай ат?» дегенде Аббас сөзден мүдірмей:

Орта жүздің ішінде,
Ашамайлы керейде,
Балға батыр ұрпағы
Есеней ерге сәлем де.
Есекең Сегіздей інісіне
Бір ат берсін.
Ат берсе, құйрық-жалы күзелмеген,
Ешқашан да мінілмеген.
Мұз бел, бура сан қунақ берсін.
Беріктігі өзіндей болсын,
Күштілігі өгіздей болсын,
Сезгіштігі Есболдай болсын,
Сергектігі Бектастай болсын.
Берсе, Есекең Сегіздей інісіне
Осындай бір ат берсін.
Бермесе, табиғат Сегіз серінің
Қанкүреңі мен Бозшұбарына қуат берсін. —

ней Сегіз серінің сәлемін тыңдағаннан кейін өзі бас болып жайылымдалқыға келіп, үш атты ұстатады. Содан, бұған дейін жүген-құрық тимеғуларды өзінің жігіттеріне үйреттіріп, «батырға сәлем айтыңдар, мына ғарды алысқа сапар шеккенде мінсін, күреңді бәйгеге қоссын, ал боз ел аралағанда ерттесін» деп екі жігітті шығарып салады.

нейдің Сегіз серінің тілегін екі етпеуінің өзіндік сыры бар екен. Сегіз сері еде оқып жүрген кезінде аға сұлтан Есенейге 15 арба бойы қорап тоқып Ақысына бір бесті ат бермек болған Есенейдің шабармандары кейін Сегіз ғаласынып уәделерін ұмытып кетеді.

із серінің артына қалдырған мол әдеби мұрасын, әрине, зерделеу, зерттілыми тұрғыдан талдау қажет. Қазірдің өзінде бұл орайда едәуір іс ғылғанын оқырман қауым жақсы біледі. Десек те, Сегіз жайлы қалам ен көрнекті ғалымдар Әлкей Марғұлан мен Қайым Мұхамедқановтың, ы-журналистер Есенкелді Жақыповтың, Нәбиден Әбутәлиев пен Төлеш леновтің тағы басқаларының еңбектеріне қайта-қайта үңіліп, соларды саға отырып, тарихи шындықты іздестірсе артық емес.

ындай бір ұмтылыс кезінде тарих ғылымының докторы, профессор ы Зұлқарнай Алдамжардың тарапынан жасалғанын айту зор ғанибет.



Ол өзінің 2002 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Тарих: пайым мен тағылым» атты кітабында Сегіз сері туралы деректерді тарихи тұрғыдан тексеріп, ел ішінде айтылып жүрген шежіремен мұқият салыстырып шығады, дәлелді сөз айтады, кейбіреулердің көңілінде жүрген күдікті сейілтеді. Әсіресе, оның Сегіз сері мен Исатай Таймановтың қарым-қатынасына байланысты айтқандары ақылға қонымды. «Сегіз серінің атасы Шақшақтың шешесі Ақбота – атақты шешен Сырым батырдың туған апасы, Даттың қызы» – деп жазады ол (З. Алдамжар. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы, 2002. – 145 б.).

Осы еңбекте Сегіз серінің Исатаймен алғаш кездесіп, танысуына қатысты да тың деректер келтірілген. Кітаптың «Азаттық туы астында» деп аталатын тарауында тарихшы-ғалым соңғы кезге дейін осы ұлы бабаларымыздың, яғни Исатай батыр мен Сегіз серінің тікелей тағдырластығы, ортақ мақсат-арманы, шынайы қимас достығы, ағалы-інілі сыйластықтары қалтарыста қалып жүргеніне қынжылыс білдіре келіп, олардың қайда, қашан, қалай кездескенін тәптіштей баяндайды: «Ол (Сегіз сері – Ж.С.) Исатай, Махамбетпен алғаш рет 1833 жылдың жазында Қызылжар өңіріндегі Қоскөлге таяу жерінде-гі Малдыбай ауылындағы тойда танысқан еді... Ашамайлы керей Қырғыз қажы Малдыбайұлының Бектас деген баласы Исатайдың кенже қарындасы Патшайымға үйленіп, содан Қырғыз қажы құдасы Исатайды қонаққа шақырады. Исатай мұнда өзімен бірге батыр інісі Махамбетті де ерте келеді. Сол жолы Сегіз сері бұл үйге Исатай, Махамбеттердің үстіне келеді» (143-б.).

Осы жолдардың өзіме тікелей қатысы болғандықтан, Бектастың кім екеніне тоқтала кетуді жөн көріп отырмын. Өйткені, Бектас Қырғызұлы – менің ұлы атам. Ол туралы 2006 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясында» мынадай деректер келтірілген: «Бектас Қырғызұлы (1817-1866 жж.) Астрахань қаласындағы медресіні бітірген соң, Қазанда жүріп заң, құқықтық білім алады. Көп жылдар бойы Омбы қаласында судья болып жұмыс істеген. Халық арасында қызыл тілді шешен және әділ би-соты ретінде танымал. Үлт-азаттық қозғалысының басшысы атақты Исатай Таймановтың кіші қарындасына үйленген. Бектастың әкесі Қырғыз Малдыбайұлы өлкенің беделді адамдарының бірі болған, қасиетті Меккеге жеті рет қажылық сапарға барған» (198-б.).



Алғаш рет осындай бір әңгіменің шетін Сегіз серінің өмірі мен шығармаларына қатысты деректерді жинаумен көп айналысқан, есімі облыс жұртшылығына кең танымал қадірменді қарт Балғожа Кенжекозыұлының аузынан естіген едім. Ол кезде жастығымнан болар, қарттың сөзіне онша мән бере қоймадым. Кейін Бектас атамның есімі алдымнан әлденеше рет шықты.

алы кезінде Сәбит Мұқановтың баласы, тарих ғылымының докторы Марат Мұқанов та, жазушы Төлеш Сүлейменов те жазған екен. Бекғызұлы туралы деректерді көкшетаулық қаламгер, өлкетанушы Тортай асовтың «Ел мен жер» деп аталатын кітабынан да кездестірдім.

е, осы кітаптың «Кусмұрын округінің ел-жұрты» деп аталатын ида 1857-1860 жылдары жасақ жинау есебі жүргізілгені, онымен за- ь Коллежский айналысқаны туралы деректер келтірілген, мал-жанды ырып, депутат Сұлтан Әбділдинмен бірге қол қойған билердің тізімі ı. Сегіз сері елі деп көрсетілген көшебеден тарайтындардың арасында Қырғызовтың да есімі бар. Оның тұсына би екенін айғақтайтын айрықша ойылыпты.

арыда аталған авторлардың ішінде менің назарымды ерекше аударған жерлесіміз жазушы Сәбит Мұқановтың ұлы Марат Мұқанов еді. ден, ол — ел тарихын, шежірені көп зерттеген ғалым. Сондай-ақ, әкесінен ері де аз болмауы керек.

ат Сәбитұлы 1998 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақстан » деп аталатын еңбегінде: «Кейде адамдардың тағдыры қызық та ды болады. Көшебе керейдің жоламанынан тарайтын Малдыбай қазақ дағы ең бай адамдардың бірі еді, оның 17000 жылқысы болды. Оның ргыз мұсылмандардың қасиетті мекені Меккеге қажылық сапармен жеті ан... Қажылар ел арасында өте беделді болды. Тіпті жоғарыдағылар да з сөзін екі етпейтін. Қырғыз қажы да осындай адамдардың санатын- ы. Ол ұлы Бектасты оқытты, білім әперді. Бектас (1817-1866 жж.) ні тәмамдап, Астраханда, Қазанда заңгерлік білім алды, ұзақ уақыт қаласында судья болды. Ол Исатай Таймановтың кіші қарындасы ымға үйленді», — деп жазады.

ихшы-ғалым одан әрі Бектастың бойшаң, талдырмаш, өте сұлу адам ын жаза келіп, бұған дейін еш жерде айтылмаған бір қызық деректің бетін «Оған арғын тайпасының қаржас руынан тарайтын атақты Шорман- 98-1843) қызы Зейнеп сұлу ғашық болды. Бектас Зейнепті екінші әйелі алғысы келген, оған Қырғыз қарсы болады. Өйткені, ол сұлтан Шыңғыс новтың айттырып қойған қалыңдығы еді» (105 б.).

қайдан шыққан сөз, қайдан табылған дерек деп көп сұрастырдым. кардағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері Социал Жұмабаевқа да рағаттарда жиі боласыз ғой, мүмкін, менің аталарым туралы деректерді із шалып қалар, байқай жүріңізші» деп тілек білдірген едім, жақында абарласып, Омбының мұрағатында біраз жұмыс істеп келгенін айтып, з атама қатысты екі деректі ұсынды. Оның біріншісі Омбы мұрағаты-

ның №374 қорынан алынған «Құсмұрын округі бойынша сұлтандардың, билердің старшындардың, құрметті қазақтардың 1850 жылғы тізімі». Он бір адамнан тұратын осы тізімге менің атам Қырғыз Малдыбайұлы Шыңғыс Уәлихановтан кейін тоғызыншы болып енгізіліпті. 1795 жылы туған Қырғыз Малдыбайұлы 1831-1843 жылдар аралығында болыс болған, 1844 жылы патша үкіметінің прапорщигі болып тағайындалыпты.

Осы тізімде оның 1791 жылы туған Жаңабай деген ағасы да жүр. Жаңабай Малдыбайұлы 1835-1841 жылдары ауыл старшинасы қызметін атқарыпты.

Енді Зейнептің (Шоқан Уәлихановтың анасы – Ж.С.) Бектас Қырғызұлына ғашық болғанына келсек, осыған көп күмәнім бар еді. Маған біздің тұқым мен Уәлихановтар әулетінің жолы ешқашан түйіспегендей көрінетін. Жоқ, олай емес екен, Аманқарағай округтік приказының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов Қырғыз Малдыбайұлын өте жақсы біліпті, аралас-құралас болыпты. Өлкетанушы Социал Жұмабаев ұсынған екінші құжат осыны дәттейді. Осы арада Шыңғыс Уәлихановтың 1840 жылдың 20 ақпанында Ресей үкіметінің, басшылығына жолдаған баяндау хатынан үзінді келтіре кетейін: «Аманқарағай округіне қарасты көшебе керей болысының заседательдері Тәбей Барлыбаев, Қырғыз Малдыбаев және қанжығалы болысының заседателі Чареке Мендекин болыстар басқару жөніндегі Ресей үкіметінің барлық тапсырмаларын мүлтіксіз орындауда. Осыны Сіздерге жеткізуді өзімнің борышым деп білемін», – дей келіп Шыңғыс Уәлиханов жоғарыда есімдері аталған болыстарды мақтау қағаздарымен марапаттауды сұрайды. Осы жайларға қанықканнан кейін Марат Мұқановтың жазғандарына бекерден-бекер шүбә келтіргенімді түсіндім.

2007 жылдың жазында Солтүстік Қазақстан облысына бір топ ақын-жазушыларды бастап келген белгілі ақын, Алматыдағы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражайының директоры Әділғазы Қайырбековпен кездескенде М. Мұқановтың мұрағаты жайлы сұраған едім. «Ол кісінің жиған-тергені көп еді, өзі қайтыс болғаннан кейін отбасы әне-міне мұражайға өткіземіз деп жүргенде бәрінен айырылып қалды», – деген Әділғазы Марат Мұқановтың құжаттармен жұмыс істеуде өте ұқыпты болғанын айтып, «ол кісінің назарына іліксе, кездейсоқ емес, шындық, тағы бір жерден шығып қалуға тиіс» деп мені жұбатқандай болған.

Сегіз сері мен Бектастың достығы өз алдына, олар – бір атаның балалары. Жабай батырдың баласы Тоқсан бидің таратуынша, Ораз сардардан Жоламан мен Таузар туған. Сонда, Сегіз сері мен Бектас алты атадан қосылады.

Ал Исатай мен Қырғыз қажы қалай танысып жүр дегенге келсек, бұл екеуі де Омбы губернаторы жанындағы шекаралық комиссияның мүшелері болған.

осыған қатысты құжаттарды Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты-демек болған талабым нәтижесін бере қоймады. «Кезінде мұрағатты лған, сонда көп құжаттар жойылып кетті, солардың арасында болуы » деген жауапқа тосылып қалсам да, Бектас, Қырғыз қажы есімдерінің жарық көрген материалдарда ара-тұра болса да, қылаң беріп жүргеніне ида, аталарымның тарихта ізі бар сияқты.

ір біз кіші жүз қайда, орта жүз қайда деп байтақ елдің әр қиырында жатқан арды бір-біріне жақындатуға жүрексініп тұрамыз. Ал шын мәнінде, з заманында мидай араласып жатқан. Тарихшы-ғалым Зұлқайнар Ал-о жоғарыда біз келтірген кітабында Толыбай сыншының өз нағашысы, ерген жыраудың түпнағашысы кіші жүз әлім руының төртқара әулетінен н атақты Жалантас баһадүр Сейітқұлұлы ұрпағынан екенін анықтай «Қожаберген жырау бала кезінен бастап нағашы жұртында тәрбиеленіп, ш, Бұқара, Самарқандта білім алыпты» (146-б.). Олай болса, Сегіз басына қатер төнгенде ата-бабалары ежелден қарым-қатынаста болған ізге шығып кетуі соншалықты түсіндіруді қажет етпейтін жайт.

Кіші жүз алшын ішінде,
Он екі ата байұлы,
Жайық беріш баласы.
Бұхара қазақ ағасы
Басқадан артық бағасы.
Исатайдай батырды
Мен – Сегіз бүгін жақтадым, –

ның халықтық көтеріліс кезінде Исатайдың жанында болғанының пас дәлелі.

ыбай сыншы, Қожаберген жырау, Сегіз сері сынды саңлақтарды таған Гүлтөбе-Маманай – Көшебе, Ораз, Таузар, Жоламан, Дәулен батырлардың да алтын тұғырына айналған қасиетті мекен. Содан да бұл ат басын тірегендер Гүлтөбеге, Қожаберген жыраудың мәңгілік меке-ұпай кетпейді.

2005 ж.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ЖӘНЕ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ,
журналист-заңгер,
Қазақстанның мәдениет қайраткері

Биыл жауынгер-жырау Қожаберген Толыбайсыншыұлының туғанына 350 жыл және қазақ тарихының ең бір қайғылы кезеңі «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» қасіретін ұрпақтар зердесінде қалдырған «Елім-ай» тарихи жырына 290 жыл. Жырды шығарушы – Қожаберген жырау. Қазақстан Үкіметінің «Қожаберген жырау Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу туралы» 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №1678 арнайы қаулысымен шайырдың мерейтойы елімізде тұңғыш рет кең көлемде аталып өтіп жатыр. Оның өмірі мен қызметіне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, «Елім-ай» тақырыбында жыр кештерін, ақындар айтысын, ұлттық спорт ойындарын өткізу, кітап көрмесін ұйымдастыру сияқты шаралар қолға алынып, іске асырылуда.

Дауылпаз Қожаберген жырлары Ел мен Ер тағдыры ортақ екендігін көрсетеді, қилы заман шежіресіне қанықтырады. Қабат келіп отырған өзара сабақтас екі атаулы жылдың мән-маңызы оларды тарихи тұрғыдан бірге қарастырғанда ашыла түседі.

1456 жылы Қазақ хандығы құрылғаннан 1991 жылы тәуелсіз Қазақстан Республикасы жарияланғанға дейінгі бес жарым ғасырдай уақытта қазақ халқы небір ауыр сындарды бастан өткерді, «мың өліп, мың тірілді». Әуелгі ең үлкен қатерді шығыстағы көрші, әбден күшейіп алған батыс моңғол тайпаларының (ойрат-қалмақ) бірлестігі Жоңғар мемлекеті төндірді. 1457 жылы болған

ı соғыстан бастап жоңғар мен қазақтың өмір не өлім бітіспес тайталасы рға созылды. 1698 жылы қонтайшы Сыбан Раптан кезекті бір жойқын ды бастап, қазақ қолын жеңіп, екпіндеген бетімен Шығысты, Жетісуды, кті, Сыр бойының Түркістан өңірін Сарысу өзеніне дейін басып алып, ыл бойы уысынан шығармады.

бойындағы Шиелі жерінің де жоңғар тепкісінде қалған кезеңі осы кез. ы кезеңге қатысты болса керек, Шиелі жұртында қалмақ билеушісін байланысты мынадай бір аңыз бар.

езде Түркістан маңын қалмақтың Тоқбура деген ханы билеп тұрған екен. ласы тасқан жауыз күнде қазақтың бір қызын қойнына салып отыруды йналдырыпты. Бұл қорлыққа жау езгісіндегі халық қарсы ештеңе істей үйзеліпті. Содан күндердің бір күнінде кезек Көгентүп деген жігіттің ысына келіпті. Бұл арпа орып жатқан жаз мезгілі екен. Көгентүп егін ің басында жүрсе керек. Оның бойында әлдебір қасиет-күш болыпты. дасына кезек келді» дегенді естігенде намыстан өртеніп, ызаланған паны алақанына салып үгітіп, масақ қылтанағын дұшпанды бағыттай ібереді. Сол қылтанақ ұшып барып әміршінің жүрегіне қадалып өліп «Жауыз хан ажал құшыпты» дегенді естіген ел бұған қатты қуанады. нға өлім қаптырған кім болды екен» деген сөз тараған кезде, әр жер- н өлтірдім» деушілер де шығыпты. Сонда Көгентүп: «Хан неден, қалай оны біліңіздер, егер жүрегіне арпа масағының қылтанағы қадалып, содан қатса, онда ажал менің атқан арпа оғымнан келгені», – дейді. Соның рас болып шығады. Содан бастап Көгентүп есімді әлгі жігіт Оқшы екен. Қазір Шиелі жерінде әулиелер қорымында үлкен кесенеде жатқан та сол Көгентүп дейтін аңыз бар.

әрине, аңыз. Дегенмен, ханның жауыздығына қарсы көтерілген қа- ың бірінің (Көгентүптің) қолынан қаза тапқаны шындық болар. Бірақ Көгентүп есімді батыр және оның қолынан өлген жоңғар билеушісі- еш жерде кездеспейді. Ал Оқшыға келсек, ол – IX-X ғасырларда Сыр ı оғыз-қыпшақ заманында өмір сүрген Қорқыт атаның замандасы. Оқшы ың есімі «Қорқыт ата кітабының» соңғы жырында аталады.

қалмақтар (жоңғарлар) Қытаймен, Ресеймен қарым-қатынасын жолға көптеп мылтық қару-жарақтар сатып алады, зеңбірек құюды үйренеді, үшін бір бағытқа – қазақтарға төкті. Соның нәтижесінде 1708, 1711-712, 17 жылдарғы дүркін-дүркін жасалған жорықтары кезінде қалмақтар дан басым түсіп отырды.

Әз Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін ел билеушілері арасындағы билікке талас салдарынан қазақ жүздерінің бір-бірінен алшақтай түсуі Қазақ хандығының әскери қуатын едәуір әлсіретіп тастайды. Қазақ хандығы қансыраған жаралы жолбарыстай күйде еді. Жақсы әзірленген кәнігі жау осыны пайдаланып 1723 жылы көктемде тың күшпен қазақ еліне бірнеше бағытта лап қояды, тағы да шығысты, Жетісуды жайпап, Қаратау асып Сыр бойына бет алады. Дұшпан аяғы тимеген жер Арқа мен Батыс қана еді. Әйгілі жазушы Ілияс Есенберлин өзінің атақты «Көшпенділер» трилогиясының екінші кітабы «Жанталас» романында бұл жойқынды былайша сипаттайды.

«Сыртқы жауынан қазақ елі бұрын-соңды мұндай апатқа ұрынған емес. Атақты Жошы ханның Арқаны, Сыр бойын алатын ұрыстарының өзінде де қазақ даласында қырылған ел үштен бір бөлігінен аспаған. Жошыға қазақ жерінде хан болу үшін ел керек болса, Сыбан Раптанға қазақ халқының жері мен малы керек еді. Кейбір тарихшылардың есебі бойынша жоңғар әскері атының тұяғы жеткен жеріне дейін сол кезде екі миллиондай қазақ халқы тұрған екен. Жоңғар шапқыншылары соның бестен үшін өлтірген, яғни екі миллион адамның бір миллион екі жүз мыңдайын жоқ еткен. Жан түршігерлік апат!»

Осынау зұлмат Шәкәрім Құдайбердіұлы 1888 жылы Абайдың кеңесімен жазған «Қалқаман – Мамыр» дастанында да баяндалады. Оқиға қазақтың қалмақтан жеңіліп, «Ақтабан шұбырындыға» ұшырарынан бір-ақ жыл бұрын болған. Сөз ретінде айта кетсек, қазақтың әйгілі үш төбе биінің бірі Қазыбек Келдібекұлының (1667-1764) да кіндік қаны тамған жер Сыр бойы, жастық шағын Қаратау мен Ұлытау атырабында өткізіпті. Ал бұл өңір – қазіргі Қызылорда, Шиелі тұсы. Жоңғар шапқыншылығы салдарынан арғынның тобықты руы сияқты қаракесек тармағы да Арқаға ауып кеткен. Шәкәрім ел ахуалын аталған дастанда былай сипаттайды:

Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,
Қазақ, қалмақ атысқан, мұны да біл.
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.

Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,
Үш есенің екеуін қырып салды.
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Осы жол — бар қазаққа белгілі жол.
«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,
Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол.

Сол себепті Қалқаман қалды ізделмей,
Іздемейін деген жоқ, шама келмей.
Ол тұғіл Әнет бабаң көшке ере алмай,
Тірідей дөң басында қалған өлмей.

әрім ел күйзелісін осылай суреттеп, көз алдына келтіреді. Жау тепкісі-ан ұлы жүз бен орта жүздің босқын елі табандары ақжем шұбырын-ырады. Атақоныс, мал-дүние адыра қалады. Байтақ қазақ даласының ығысынан, оңтүстігінен жаяу-жалпы шұбырған жұрт жау былай тұрсын, а да жем болады. Бір елге ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, бетіне арсы келмей, бір рулы елді билеп отырған, исі қазаққа қадірлі Әнет баба ардақтыны өздерімен алып кете алмай жұртта қалдыруға мәжбүр болған-қалың ел басына түскен зобаланның қандай болғанын шамалай беріңіз. ыл осынау «Елім-айлаған» қайғылы тарихи оқиғаға 290 жыл толып л зары «Елім-ай» жырының да шығу мерзіміне осынша жыл.

кеше ақ май аузынан ағылған ел жолында кездескен өсімдіктерді у етті. Қайың ағашының қабығын сыдырып, сөлін сорды, «қайың деген ат содан қалды. Ұлы жүздің рулары және орта жүз руларының ірасы Сырдың жоғары тұсы Шыршық маңынан өзеннен өтіп Ходжент, андқа қарай ағылып, бас сауғалады. Ал кіші жүз рулары Сауран қаласын і қашып, Шиелінің үстімен Сыр бойынан Хиуаға қарай беттеді. «Сауран н» деген ат осыдан қалды.

м-айлап» ақтабандап шұбырған ел титықтап Сыр бойына жетіп сұлап Жоңғардың 1723 жылғы жойқын шапқыншылығының бүкіл қасіретін п айтқан тарихи атау «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» осыдан екен.

көл бүгінгі заманға жетпей суалып қалған шағын көл ме екен, бұрын-шбір географиялық не тарихи картада кездеспейді. Ел аузынан жет-іздарға қарағанда ол көл Сыр бойында және екеу көрінеді. Көлдің ырдың сол жақ жағалау бетінде Шиелі тұсында алты шақырым жерде ал екінші Алқакөл Сырдың оң жақ жағалау бетінде Ташкенттен тоқсан ім шамалас жерде дейді. Қашқан елдің жағасына жетіп құлағаны, ке-

зерген таңдайын жібіткені Сырдың арғы беті — сол жақ жағалау бетте Шиелі тұсындағы жақын көл болса керек. Ұлы жүз бен орта жүз қазақтары айтатын «Алқакөл сұлама» осы. Бірақ осы Алқакөл атауы жаңылыс кеткен болуы керек деген пікірді әйгілі тарихшы ғалым Ермұхан Бекмаханов айтқан. Маған да сондай ой келеді, ол туралы сәл кейіндеу.

Ел басына түскен ауыр күйзелістен қалған ескерткіштің ең зоры — осындай жекелеген атаулар ғана емес, әйгілі «Елім-ай» әні.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді, —

деп басталатын осы әйгілі «Елім-ай» әні сөз болғанда, ол әдеттегідей шығарушысы белгісіз, халық әні ретінде саналып, ән жинақтарына солай еніп келеді. Жоңғар шапқыншылығының қасіретін көрсеткен ілгергі-кейінгі шығармалардың қай-қайсысы да мұң-зарды шынайы бейнелеу тұрғысынан оған тең келер ме екен!

Осы «Елім-ай» өлеңі мен әні Сыр бойы, Қаратау бөктері Шиелі жерінде туыпты. Өлең мен әнді шығарушы да белгілі, ол — сардар, жырау, сазгер Қожаберген Толыбайұлы. Бұл қазір кейбір зерттеушілер тарапынан айтылатын күмәндарға қарамастан, ғылыми ортада негізінен орныққан пікір, оған дәлелдер де аз емес. Әпсана-аңыздарды айтпаған күннің өзінде тарихи жазбалар да біраз бар болып шықты.

Бұл туралы өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында алғашқылардың бірі болып пікір айтқан — әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Жармұхамедов пен Г. Тұрсынова. 1981 жылы «Мәдениет және тұрмыс» журналының 6 санында, содан кейін 1983 жылы Қазақстан Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген жинақта жарияланған мақалаларында Г. Тұрсынова халықтық «Елім-ай» өлеңінің авторлығы туралы тың мәселе көтерді. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында «Керей шежіресі» деген қолжазба сақтаулы екен *(Қолжазба қоры, 766, 12-дәптер)*. Шежірені жазған әйгілі сазгер-әнші, батыр Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов, ол 1818-1854 жылдар аралығында өмір сүрген. Осы қолжазбаны академияға тапсырушы — халық әдеби қазынасын жинаушы Қаратай Биғожин деген кісі.

Ғалым Г. Тұрсынова 1983 жылы шыққан «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген жинақта осы шежіре мұраны талдаған «Бір халық өлеңі хақында» де-

аласында қолжазбада «Елім-ай» өлеңін Қожаберген жырау, әнін оның йша шығарған дерек бар екендігін алға тартады. Ал Айша Сыр бойы ің қызы болып шықты. Ғалым бұл мақаласында ұлы зияткер Мұхтар гің «Тарихи өлеңдердің авторлары — көбінесе сол оқиғаларды көзімен гұстастары» деген тұжырымын ұстана отырып, осы «Елім-ай» өлеңіне, ска да бірнеше нұсқасына тоқталып, талдау жасайды.

ға былай өрбиді: 1723 жылы Қожаберген жырау әйелі Айша екеуі қайын ылап Сыр бойына Шиеліге Бестам деген жерге қыдырып келеді. Шиелідегі Бестам қаласы — оғыз-қыпшақ заманы IX ғасырдан белгілі мекен. Бұл күнде төбешікке айналған, оның ескі орны қазір Шиелі ның «Жиделіарық» және «Бестам» ауылдарының арасында. Мектепте үрген кезімізде ізденімпаз ұстазымыз, бүгінде марқұм Ақтөре Әміров а талай арнайы экскурсияға апарып, қиял-ғажайып ертегідей әңгімелер і. Күріш егістігін барған сайын ұлғайтқан совет заманының сексенінші ы басқа жер жетпегендей, айнала арна тартылып, егіс егілгендіктен қала ыза басып, шөгіп қалған. Үстірт шолып өткендері болмаса, Қазақстан гтарының да Бестамды тиянақтап зерттегендері шамалы.

, осы Бестам жеріне Қожаберген күйеу мен Айша қыз екі баласын және сшысын ертіп Сібірмен шектескен сонау қиыр солтүстік қазақ даласы-ен айлап жүріп, сағынып келіп, қыдырған елін сол кезде жау басады. лардың алды Қаратау бөктері — Сыр бойына келіп жетеді. Жау шабуы-теп бере алмаған кіші жүздің 12 ата байұлы тобына жататын есентемір, таз және жетіру тобына кіретін жағалбайлы, кердері рулары Сайрық, ен ел басшылары бастап Мұғалжар, Еділ — Жайыққа қарай үдере Бұл мәлімет және Шәкәрімнің «Қалқаман — Мамыр» дастаны Сыр Шиелі жерін ол кезде қандай рулар мекендегенінен хабар береді. Бұл ыпшақтардың негізгі бөлігі Арқада және Түркістаннан шығысқа қарай ынған еді.

өлең мен әнді шығарушы ақын-сазгер Қожаберген кім дегенге йық. Қожаберген — солтүстік өңірдің қазағы, орта жүздің керейі, оның ашамайлы руынан. Қыздың бармайтын жері жоқ деген осы-ау, сол ың өзінде бір шетінен бір шетіне құс қанаты талып, тұлпар тұяғы тозып қиыр солтүстік пен қиыр оңтүстік қазақтары айшылық жерде жүрсе де ақындасып, құда-жекжат болып отырыпты.

аберген Толыбайсыншыұлы 1663 жылы қоян жылы қазіргі Солтүстік ан облысының Жамбыл ауданындағы Благовешен ауылында (бұл осы кейін орыстанған атауы) Гүлтөбе деген жерде дүниеге келіпті. Жүз жыл

өмір сүріп, 1763 жылы сол Гүлтөбеде «Толыбай жалы» деген жерде қайтыс болған. Қожаберген жыраудың 350 жылдығы атап өтілуіне байланысты биыл баспасөзде әйгілі сардар, жырау, сазгер туралы ғылыми-танымдық зерттеу мақалалар басылып, көзі қарақты ел-жұрт оның өмірбаянына едәуір қанығып қалды, сондықтан оның өмірбаянының егжей-тегжейіне тоқталып жатпай, жалпылай шола отырып, әлі де кең айтыла қоймаған тұстарын ғана әңгіме етіп, қожабергентануға ене түспекпіз.

Қожаберген бала кезінен әкесі Толыбай сыншының туған нағашысы кіші жүз әлімұлының төртқара руынан шыққан атақты Жалантөс баһадүр Сейітқұлұлы үрпақтарының, яғни түп нағашыларының қолында болады. Үргеніш, Бұхара, Самарқанд медреселерінде оқиды. Қожаберген жырау өлең-жырларында өзінің өмірдерегін айтып кеткен. «Елім-ай» дастанында:

Адам деп өз бойына өнер жиған,
Ел-жұртым деп атайды мені имам.
Жорыққа он жетімнен араласып,
Болғам жоқ молда, софы, қожа, ишан.

Жорықта 45 жыл ғұмырым өтті,
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға душар етті,
Болмаса ақсақалдық кезім жетті, –

деп, жырау өзінің 61-де екендігін де айтып өтеді.

Қожабергеннің араб, парсы тілдерін жетік білгендігіне байланысты ол Әз Тәуке ханның сөзі өтімді елшілерінің бірі болған. Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелермен тұстас өмір сүріп, қанаттас жүрген. Оны көршілес Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтарына, парсы еліне, түрікпенге елшілікке жіберіп отырған, ел бітістірмек жұмысқа белсене араласқан. Оны жыраудың алдында келтіріп кеткен дастанынан көреміз.

Қожаберген ордабасы болған, сол заманда бас қолбасшыны осылай атаған. Түп нағашысы Жалантөс баһадүр емес пе! Қазақта бас қолбасшы сайланған жердің аты Ордабасы деп аталған. Мұндай атаулар еліміздің әр өңірінде кездеседі. Әдетте, қазақ салтында ханды, бас уәзірді, ордабасын, төбе биді сайлағанда халық оларды боз биенің сүтіне шомылдырып, шымқай ақ киім кигізіп, ақ кигізге отырғызып, жоғары көтеріп, құрмет көрсетеді. 1688 жылдың маусым айында Түркістан шаһары маңында Әз Тәуке хан бастаған барша қазақ

ылары Кожабергенді ордабасы етіп сайлап, ақ киізге көтергенде оған
арғын тобықты Әнет би бата берген.
жабергеннен Абылай хан, Бөгенбай, Асқап, Ерсары, Көшек, Кабанбай,
, Баян, Сырым, Есет батырлар бата алып, Бекболат, Айтбай, Едіге,
ры, Караменде, Алдабек, Әлдибек секілді билер үлгі өнеге көрген.
ырау оны ұстаз тұтқан. Түріктердің бағзы замандағы заңдарынан бас-
ı, қазақтарда Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолына
н құқық Әз Тәуке хан тұсында жаңа мазмұнмен толығып Ата Заң –
Жарғыға» айналды. Соны жазған жеті би – Төле, Қазыбек, Әйтеке,
билердің ішінде Кожаберген де болған. Жеті бидің осы бас қосуын
ұ тұңғыш парламенті, ал «Жеті Жарғыны» олар қабылдап, Әз Тәуке
кітуге берген заң деуге болады. Жеті би – халық өкілі, халық пікірі,
і, яғни халық кеңесі.
бергеннен Абылайдың бата алғаны туралы мынадай дерек бар. Абы-
жүз Әбілмәмбет ханның оң қолы, беделді сұлтаны болып тұрған
1750 жылдың сәуір айында тарту-таралғысымен келіп Кожабергенге
ңеді. Бұл кезде Кожаберген 87-де. Сонда дана қарт жырау Абылайға:
м, болашақ үлкен хансың. Саған берер ақылым: заман – түлкі, пен-
ран. Бөктерде жүріп бүркітті көрген түлкі сескеніп, етекке түседі. Жа-
ң жерде айқасудан тайсалған түлкі сол бөктердегі өзі түстес бір қызыл
ия бетіне құйрығын шаншып тұрып қалады. Қыран оның тас емес,
нін көруі керек. Ел билігіне араласып, хан орнына жүр екенсің, көреген
ағым. Ақылың мен ерлігің, айла-әдісің қатар жүрсін. Ханның қарадан
лмас, өкініші болар, бұл сөзімді есіңде сақта! Ер азбай, ел азса – айдын
алғаны, ел азбай, ер азса – зор бәйтерегің құлағаны. Бәйтерек құласа,
ына ағаш өседі. Айдын көл суалса, немен толар есесі? Ер бұзылса да ел
ын. Бұзылғанын жұрт өзі түзетеді, түзелмесе бұзығын ел жер етеді», – депті.
сұлтан Кожаберген бабаның ақылына риза болып, оң батасын алып
екен.
сардар батырлығымен бірге сол заманның өзі көзбен көрген оқиғасын
жырлаған адам. Бәлкім, егер Кожаберген жырау болмаса, бізге ол
көп шындығы қаз қалпында жетпес пе еді. Осы арада Кожабергеннің
-айы» бар екендігін айтуымыз керек. Бірі – «Қаратаудың басынан көш
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деп басталатын атақты зарлы ән-
ім-ай». Бұл жаумен арпалыс үстінде 1723 жылы туған әні бар шағын
ншісі – осы екі жол қайырма сияқты қайталанып, бірақ Қаратау орны-
гастап шыққан басқа айналайын туған елдің жер-су, тау атаулары айты-
ға барысы егжей-тегжейлі баяндалар көлемді жыр-дастан. Бұл – Сыр

бойы Шиелі жеріндегі соғыста екі ұлы Науан мен Бекеттен, екі атқосшысынан айырылып, әйелі Айшамен екеуі бір атқа мінгесіп еліне жеткеннен кейін көрген-білгені суымай тұрғанда толғанып отырып шығарған тарихи жыр.

Қожабергеннің шығармаларына өз кезінде Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин мән берген, «Елім-ай» өлеңін Ыбырай мен Сәкен өздері құрастырған жинақтарға енгізген. 1936 жылы Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров және Ғабит Мүсірепов Қожаберген туралы материал жинауға жыраудың еліне келген. Аса көрнекті тарихшы ғалым Ермұхан Бекмаханов және басқалар «Елім-ай» дастанын жоғары бағалаған. Бірақ 1937 жылы басталған ел мен ер басына туған зобалаң бертінге дейін Қожабергенді қоя тұруға мәжбүрлеген. Сөйтіп, 1980 жылдарға дейін Қожаберген жырау шығармашылығы ғалымдар тарапынан ауызға алына қоймаған.

1980 жылдардан бері зерттеушілер мақалалар жариялап келгенімен, Қожабергеннің халқымен шын мәнінде қайта қауышуына, жауынгер-жырау еңбегінің қадіріне жетіп, шығармаларының лайықты бағасы берілуін жаңа деңгейге көтеруге мұрындық болған тарихшы, академик Манаш Қозыбаев. Ал оған мұндай мүмкіндікті берген кезінде 45 жыл аттан түспей туған елінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін арпалысып, «Елім-айлап» өткен есіл ердің Отаны – Қазақ елінің ақыры тәуелсіздікке жетуі еді. 2000 жылы Ұлттық ғылым академиясының көшпелі мәжілісі Манаш Қозыбаевтың бастауымен баһадүр дүлдүлдің туған елі Қызылжар қаласында өткізілді, «Қожаберген жырау Толыбайұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясындағы алатын орны» деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция болды. Қазақстанның ірі ғалымдарының, қоғам қайраткерлерінің басын қосқан бұл мәртебелі жиын Қожаберген жыраудың қазақ тарихындағы орны мен қызметін тұңғыш рет ресми анықтап берді. Бұл қожабергентанудағы бетбұрыс еді. Осы конференцияда сардар жырау еңбегі жан-жақты сараланып, жоғары баға берілді, мән-маңызы ашылды, көрнекті еңбегі, елеулі мұрасы бола тұра осы уақытқа дейін Қожабергеннің неге кең танымал болмай, тасада қалып келгендігінің себептері көрсетілді.

Қожаберген жыраудың қызметі мен шығармашылығын тереңдеп талдау мақсатында кейін басқа да ғылыми конференциялар ұйымдастырылды, шығармалары кітап болып басылды. Бұл орайда Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, заңгер ғалым, шүленгер (меценат) Бекет Тұрғараев басшылық жасайтын «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қайырымдылық қорының атқарып отырған игі істері елеулі.

Кожабергенді қалтарыста қалдырған себептерге тоқталайық. «Елім-аны — тұнып тұрған дерек, шынайы шежіре. Дана жырау қазақтарға а жоңғар мемлекетінің дәуірлеп, күшею себептерін саралайды. ардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенін көрсетеді. Орыс импе-ніне көрші қазақ елін тұқыртып, жоңғарларды құтыртып, қару-жарақ ңбірек жасауды үйретіп, қазақ сұраса теріс айналып, екі халықты өзара ыруға, бірін-бірі қыруға итермелегенін айтады. Тарих тағылымы сол — зара қырқысудан әлсіреген қазақ пен жоңғарға ауыз салып, қытай мен діттегендеріне жетті: қытай жоңғар халқын жер бетінен жойып жіберіп, мденсе, қазақ 260 жыл орыстың бодандығында жүруге, талай сұмдық ı бастан кешуге мәжбүр болды. Сол жоңғармен арпалысқан қысталаң ік тектес әрі мұсылман мемлекеттер билеушілерінің де қазақ еліне деген ық саясатын, тұс-тұстан талауға кіріскенін әшкерелейді. Кожаберген жы-ққа кешегі түбі бір халық тек ноғай ағайын ғана болысқанын көрсетеді.

Казақтың сахарасы жер құлпырған,
Қытай мен орыстарды қызықтырған.
Қоқан, Хиуа, Бұхар да көз алартып,
Казақты бас салуға дайын тұрған.

Каруын орыс, қытай қалмаққа сатты,
Айдап сап малғұндарды қоқаңдатты.
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты.

дай шындықты айтқан Кожаберген, оның «Елім-ай» дастаны орыс заманда қалай дәріптеле қойсын. Халықтар теңдігін сөз жүзінде анымен, іс жүзінде орыс үстемдігін негіздеген советтік идеологияға ген жыраудың азаткерлік рухы, оның «Елім-ай» дастанының мазмұны, ы сай келе қоймайтын еді. Қазақ ССР тарихында жоңғар — қазақ кі елді билеуші үстем таптың озбырлығы, қанаушылығы тұрғысынан анып, түсіндіріліп келгенін еске алайық.

ндағы тағы бір құнды дерек — Әз Тәукеден кейін қазақ жүртында ілік кетіп, билікке таласқан хандар, сұлтандар, төрелер арасындағы , бақталастық, берекесіздік елді осындай күйге ұшыратқанын ай-ындықтың сиқын ашады. Халық қалайша «Ақтабан шұбырындыға»



ұшырағанын, қалай күйзелгенін суреттейді, неліктен тоз-тозы шықты деген сауалдарға жауап береді. Қазақтың өзінен билеуші шықпай халық оңбайтынын, Әйтеке би осылай өсиет еткенін баяндайды.

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сайлар кезің деді.
Қазақты батыр көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді.

Осындай көптен көсем ізде деді,
Хандарды шеттетуді көзде деді.
Қазақты төре бастап көгертер деп,
Малтаңды би мен бектер езбе деді.

Бұл сөзді би мен бектер ұға алмады,
Бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады.
Үш жүздің шонжарлары төре жақ боп,
Ортадан батыр көсем шыға алмады.

Құлдырар болды енді қоғамымыз,
Болды ғой аяқ асты Отанымыз.
Кетірген барша жұрттың берекесін
Билер мен ханға болсын обалымыз.

Билік атадан балаға мұра болып келе жатқан монархия дәстүрі заманында төрелер билігіне қарсы мұндай пікір айту революциялық ұран тастаумен бірдей. Ел тағдырына жаны күйген Әйтеке, Қожаберген осындай биікке көтеріліп отыр.

Әуелде өлең болып туған «Елім-ай» айтыла-айтыла дастанға айналып, оны Қожабергеннің өзі хатқа түсіріпті. Жазба күйде сақтаушы Толыбай сынды ұрпағы – Шақшақ батыр Көшекұлы. Шақшақтан немересі Мұхамедқанафия Баһрамұлы жазып алған. Мұхамедқанафия – аталарына тартып бойына біткен сан түрлі өнерімен «Сегіз сері» атанып әйгілі болған ақын-сазгер. Қожаберген шығармашылығына күмәнданушылықтың бір себебі осы Мұхамедқанафия-Сегіз серіге байланысты. Ал оның бір атасы Қожаберген жыраудың өзі. Мұхамедқанафия-Сегіз серінің махаббат лирикасына жататын «Ақбақай», «Ақ ерке», «Алқоңыр», «Әйкен-ай», «Гауһартас», «Ғайни», «Жылой», «Ендік-

лігай»), «Көкем-ай», «Мақпал», «Назқоңыр» («Ай қабақ») сияқты
ı аузында. Бұл әндер де талай уақыт шығарушысы белгісіз халық
галып не басқа адамдарға телініп жүрді. Сегіз серi – Исатай, Махамбет
іне қатысқан батыр да. Міне, қалай тегіне тартады!

серінің қолжазбасын сақтаушы Тәштит Тәбейұлы Барлыбаев. Тәш-
ұхамедқанафия-Сегіздің үлкен баласы Мұстафа көшіріп алған. Мұс-
1879 жылы Дәрібай Малыбайұлы деген шежіреші жігіт жаттап үйренеді.
дан оның баласы Қожахмет жазып алып жаттайды. Ол 1978 жылы
нда қайтыс болған. Ақыры сол қолжазба академия қорына түсіп, бүгін-
рухани қазынасына айналады. Міне, осылай ауыздан ауызға, қолдан
шіп, біздің заманымызға жеткенше жырдың әрбір айтушы тарапынан
өзгеріске ұшырауы, жаңа сөздер қосылуы сөзсіз, бұл әдебиет зерттеуші
р білетін үдеріс. Қожаберген шығармашылығына күмәнданушылық-
ір ұшы осында.

ı халқының басына түскен зұлматты көзімен көріп, елмен бірге өткер-
аберген жырау осы қабырғаны қайыстырып, ел сенделткен теңдессіз
оқиғаны «Елім-айдан» басқа «Қаратаудың басынан көш келеді», «Ады-
ı Қаратау», «Иесіз қалған сылаң Сыр» деген өзге өлең-жырларымен де
ɔдесінде қалдырыпты.

ретте Алқакөл атауына байланысты ойымды айта кетейін. «Елім-ай»
ıда Қожаберген былай жырлайды:

Атсыз қап жұрт жұрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.
Басталып ел сұлауы Алакөлден,
Ақтабан шұбырынды заман болды.

ағы бір ретте «қырылу Алакөлден басталып тұр» деп, Қожаберген
дың жау табанының астында қалуы Жетісуда Теріскей Алатаудың осы
ғар қақпасы деп аталатын тура қазақ – жоңғар (қазір қазақ – қытай)
ı өтіндегі Алакөлден басталғанын анық айтып отыр. Және бұл шумақта
жаудан қашып азып-тозып, қалжырап құлап түсу дегеннен гөрі тырп
масы келмей, тура жау табанының астында қалды деген мағынада
ұрғанын байқау қиын емес. Демек, Алқакөліміз босқын ел қашып ба-
ғасына сұлап түскен, жан сақтаған жер емес, қайта қаша алмай, жаяу-
ылап шұбыру, ақтабан басталған Алакөл болар. Жыр оқиғасы Алтай,
йық, Арқа, Сыр – байтақ қазақ даласын қамтиды. Батыр Бауыржан
ұлының «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ

ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес» дейтіні содан. Жырда жер-су атаулары мол, ұқсас Аймаққол, Айнакөл аталады, бірақ Алқакөл жоқ. Жырау географиялық атауға байланысты айтып кеткен тағы бір деректі келтірейік.

Терiскей Алатауды қалмақ алды,

Найман мен қоңыратты қуып салды.
Қайран жер жау иелiгiне көшкеннен соң,
Жоңғардың Алатауы деп аталды, —

дейді.

Алқакөл атауына байланысты өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында белгілі философ ғалым, қоғам қайраткері, марқұм Советқазы Ақатаев айтқан бір болжамды да келтіре кетейін. Советқазы ағамыз былай деп түспалдайды: «Алқагөл — естен танып сұлап түсу мағынасын беретін көне түрік сөзі, арақ-шарап, ішімдікке қатысты алкаголь атауы содан шыққан. Яғни, ол көл атауы емес». С. Ақатаевтың «алқакөл сұлама» туралы бұл пікіріне қарсы уәж айтқан ешкім болмады.

Он жеті жасынан сауыт киіп, жарақ асынып, атқа мініп, 1745 жылға дейін туған елін сыртқы жаулардан қорғаған, қол бастаған Қожаберген жырау көптеген басқа да тарихи дастандар шығарған. Саяси, қоғамдық істерге белсене араласқандықтан, өлең-жырларында қоғам өмірін, ел тәуелсіздігі жолындағы ерлікті, батырлықты барынша дәріптейді. Мәселен, «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қорқыт баба», «Асан ата», «Ер Сырым», «Қасқа жолды ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Орақ батыр», «Ер Едіге» секілді дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», «Жігіттік» деген толғаулары, өлеңдері осы рухта. Мұның бәрінде де ақын елді сыртқы жауға қарсы азаттық жолындағы күреске шақырады, қазақ халқының бірігіп, іргелі ел болуын армандайды, соны жырға қосады.

Жан-жақты талант иесі Қожаберген жырау күйші сазгер де болыпты. Оның «Шұбырынды», «Сұлама», «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай» деген күйлері бар екен. Атынан көрініп тұрғанындай, күйлерінің тақырыбы да күрес, майдан, ел басына туған қиын кезең. Жырау сол кездегі халық зарын күй тілінде де шерткен.

Зерттеуші ғалым Шаймұрат Смағұлов өзінің «Атақты «Елім-айдың» авторы» деген мақаласында Қожаберген әскербасы, от ауызды, орақ тілді шешен, суырыпсалма ақын, әнші, күйші, аспаптарда құйқылжыта орындаған

ı болумен қатар, емші, сыныққшы, он саусағынан өнер тамған шебер шілігімен де танылыпты. Ол қасиеттерінен басқа құралайды көзге атқан түйе балуан, аңшы, құсбегі, атбегі, шабандоз, құмалақшы, ауа райын шы сәуегей болыпты деп көрсетеді. Соғыс кезінде жаралы болған сар-ын өзі емдеп, жазып отырған. Ақынның «Емшілік» деген өлеңінде:

Өлеңнен салып жүрмін ою-өрнек,
Жасадым түрлі шөптен дәрі-дәрмек.
Сыныққшы Қожаберген атағым бар,
Талайын науқастардың жаздым емдеп, —

ретте мына бір аңызды да айта кеткен артық болмас. Толыбай сын-і жүз әлімде төртқара әулетінің Ақша би, Жалаңтөс батыр Сейітқұл ның апасы Жамалдан туған. Самарқанд төңірегіндегі Нұрата, Қызбибі екендейтін осы туған нағашылары Толыбай сыншыны қонаққа шақы-кен. Жиені әне барам, міне бараммен жүріп біраз уақыт өткізіп ала-51 жылдың мамыр айында сәті түсіп Толыбай Ақбілек бәйбішесі екеуі рін ертіп сапарға шығады.

шыбай Ұлытау мен Каратау арасында қыпшақ Қойлыбай бақсы әулие-ына зиярат қылады, мал шалып, құран оқиды. Одан кейін Түркістанда хмет Иасауи кесенесіне келіп дұға оқиды, тағы да мал арнайды. Осында йді, үшінші күні ұйықтап жатып таң алдында түс көреді. Түсінде ақ түйеге қолында асатаяғы, басында ақ сәлдесі, үстінде ақ шекпені бар ақсақалды олыбайға келіп: «Балам, сапарың оң болсын», — дейді де, қоржынынан ған найзаның ұшын, қылыш, қанжар, садақ, қобыз, қамшы, қалам, дәуіт, ң тұғырын, қойдың жауырынын және бір уыс құмалақ пен бір шоқ шөп Содан кейін әлгі адам «қош, есен бол» деп жоқ болып кетеді.

ыбай сыншы ерте тұрып таң намазын оқиды да, таңертеңгі тамақ үстінде сіне, нөкерлеріне көрген түсін айтады. Қасындағы нөкерлерінің ең үлкені ожекеұлы түсін ырымдап пайғамбарлық жолмен жориды. «Көсем аға, үсіңіз керемет екен. Найзаның ұшы, қылыш, қанжар — батырлықтың садақ — мергендіктің белгісі, бүркіт тұғыры — құсбегі саятшылықтың қобыз — күйшіліктің белгісі, қалам мен дәуіт — ақындық пен ғұламалық-ғісі, қойдың жауырыны мен құмалақ — сәуегейліктің белгісі, бір уыс емшіліктің белгісі. Иншалла, құдай жар болып жеңгемізден тағы бір ұл көресіз. Ол өзіңізге ұқсап әрі көсем, әрі шешен батыр болады. Әлгі ердің бәрі соның бойына қонады», — деп тұжырады.



Сонда Нияздың немере інісі Қантай сардар Толыбай сыншыға: «Тархан ата, бұл түсті Қожа Ахмет Иасауи әулиенің басында көрдіңіз ғой, болашақ келетін ұлыңыздың атын Қожаберген қойыңыз», — дейді. Отырғандар түгел күптасып қалады. Сол ырым қабыл болып, нағашысына барып қайтқан соң жарты жылдан кейін Толыбай сыншының Ақбілек бәйбішесі жүкті болады. 1663 жылы наурыз айының басында босанып, ұл туады. Баяғы уағда бойынша жас нәрестеге Қожаберген деп ат қойған екен. Қожаберген өмірде расында да түс аянға сай нағыз сегіз қырлы бір сырлы болып өткен адам екендігін біліп отырмыз.

Қожаберген жырау 1763 жылы қазан айында жүз жастан асқан шағында туған жері Гүлтөбеде қайтыс болады. Әкесінің атымен аталатын сол жердегі Толыбай сыншы қорымына жерленеді. Жыраудың ағасы Қарабастың Асқап деген ұлынан туған Көшек батыр 1764 жылы Қожаберген бабасының жылына арнап ас береді. Ол асқа Абылай хан, Бұқар жырау, Бөгенбай, Қабанбай батырлар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Көтеш жыраулар қатысады. Көтеш жырау Қожабергеннің асына арнап өлең шығарған. Ол өз өлеңінде аста бәйгеге үшке бөлініп 1 500 ат шапқанын айтады.

Енді Айша апамызға келейік. Шиеліге Бестамға төркіндеп жүрген Айша апамыз кім десек, оның да жауабын «Елім-ай» дастанынан табамыз.

Мейман боп келемін деп қуаң Сырға,
Қайта алмай қиналдым ғой мен де қырға.
Халқымның мұшкіл халін көзбен көріп,
Қобыз ап қосып тұрмын мұңды жырға.

Сүйген жарым Айшаның
Асыл тегін сұрасаң,
Кіші жүз алшын ішінде
Есентемір елі еді.
Сылаң Сырдың бойында
Мекені Бестам жер еді.
Алдында өрген малының
Есебі жоқ, көп еді.

Қайын атам Қабылан би
Өз халқына бел еді.
Қартайса да беделді,
Айтулы ердің бірі еді.

Жауда қалып туған жер,
Еңіреді ел мен ер.
Аударып табан көшсе де,
Мұғалжар тауы шалғай жер!
Шыққа да талай қарсы дұшпан жауға,
Шабақтай болды оралған құрған ауға.
Алшынның рулары бел байлады,
Көшпек боп Еділ-Жайық, Орал тауға, —

йша жарының шыққан тегін ғана емес, ел жайын да баяндап береді.
қаберген түп нағашылары кіші жүз Жалаңтөс баһадүр елінде Самар-едресесінде жүргенде өзімен бірге оқитын Айбасқали Қабылан би ұлы кігітпен дос болады. Медресені тамамдап еліне қайтарда Айбасқали досы ергенді қонаққа шақырып, туған жері Сыр елі Бестамға ертіп барады. парда ол Қабылан бидің бой жетіп отырған қызы, Айбасқали досының асы Айшаны ұнатып, екі жас өзара сөз байласады. Еліне барған соң ларына айтып, Қарабас деген ағасын ертіп келіп жол-жоралғымен құда Жылқы, түйеден тиесілі қалыңмал беріп, қызды отаулап алып қайтады. ылы Айшаның келін боп түскеніне бір жыл толғанда әкесі Толыбай сын- шешесі Ақбілек те дүние салып, Қожаберген мен Айша ағасы Қарабас ың қамқорында қалады.
ім-ай» өлеңінің әніне Айша Қабылан би қызының қатысына келсек, оның абы сол «Елім-ай» жырында бар. Қожаберген жырау былай дейді:

«Елім-ай» деп бастай бер, Айша жарым,
Біз айтпасақ, кім айтар елдің зарын.
Жауға шабар қасымда жасағым жоқ,
Өлең айту болды ғой бар амалым.

Біз айтпай, елдің зарын кім айтады?
Мұндай жай ел қайғысын ұлғайтады.
Халқына қысылғанда айтпағанда
Пайдалы насихатын кім айтады?

ан қарағанда Қожаберген төккен ащы жырды Айша зарлы әнге қосып ан да сияқты. Зерттеуші ғалым Г. Түрсынова «Елім-айдың» әнін ған Айша дейтіні осыдан. Бірақ Айша шығарды дейтін басқа дүние

кездеспейтіндіктен, сірә өлең де, ән де Қожабергеннің өзінің төл туындысы болар деп пайымдаймыз. Оның үстіне, «Елім-ай» деп бастай бер, Айша жарым»,– деген өлең жолы әнді нақты Айша шығарды деуге айғақ болмаса керек.

Қожабергеннің әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы да исі қазаққа жақсы танымал адам. Көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып, ордабасы-баһадүр атанған. Ол қара қылды қақ жарған әділ би, айыр көмей, жез таңдай шешен, ат сүрінгенше ақыл табатын сұңғыла парасатты кісі болыпты. Алдағыны болжайтын көрегендігімен, адамды да, атты да, құсты да сынайтын сыншылық қасиетімен Толыбай сыншы атанған. Қожаберген – оның бәйбішесі Ақбілектен туған жиырма ұлының кенжесі. Толыбай сыншы 1603 жылы туып, 1681 жылы дүниеден өткен. Сонда Қожаберген әкесінің 60 жасында көрген баласы. Толыбай сыншының басқа балалары да қаражаяу болмаған.

Қожабергеннің анасы Ақбілек – арғын Айдабол бидің қызы. Қожаберген «Елім-ай» дастанында өзінің туған анасы Ақбілек жайында былай дейді:

Орта жүз арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты сүйіндіктен.
Жиырма ұлдың көкжал туған сүт кенжесі ем,
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.

Енді Қожабергеннің өз ұрпағын таратып айтар болсақ, бәйбішесі Айшадан он жеті ұл, Зейнеп есімді жалғыз қыз туады. Осы он жеті баласының көпшілігі қазақ-қалмақ соғысында шейіт болған. «Елім-ай» дастанында Сыр бойы Шиеліге Бестамға қайын жұртшылып Айшамен екеуі Науан және Бекет деген екі ұлын және екі нөкерін ертіп келгенде сол төртеуі қалмақ оғынан қаза болғанын өкінішпен айтады. Қазір сегізінші атадан арғы ұрпақтары бар көрінеді.

Мейман боп қайын жұртқа келіп едім,
Сый-құрмет кіші жүзден көріп едім.
Еліме қайтар кезде жау қамады,
Жаратқан, осыншама не қып едім?

Екі ұлым бірге еріп келіп еді,
Қызықты Сыр бойынан көріп еді.
Ақыры қан майданда шаһид болды,
Қос құлыным жау қалмаққа не қып еді?

аберген жыраудың Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының тағы бір мекемесі Тарих, археология және этнография институтының қолжазба сақтаулы тұрған «Ер Қойлыбай» деген жырынан да бірсыпыра мәлімет

Ертеде қыпшақта өткен Ер Қойлыбай,
Қолына жұрмейді екен қобыз алмай.
Болған соң сол асылдан бізге мирас,
Қобызды мен де жұрмін тастай алмай.

Біздерге жәрдем болып аруақ, құдай,
Жауымды талқандадым соғыста ұдай.
Қыпшақта Қойлыбайды жырға қос деп,
Түсімде аян берді әкем Толыбай.

Қыпшақта Қойлыбайдың бұлтың заты,
Басқадан артық болған парасаты.
Молда боп заманында аты шыққан,
Әбурахпан әкесінің екен аты.

леңге байланысты назар аударатын бір мәселе Қожабергеннің әкесі де, йынатын Қойлыбай бақсыны Сыр бойында Шиеліні жайлаған қалың қара қыпшақ өз бабалары санайды, Шиелі жерінде туған деп біледі. т та иіп әкеліп Толыбай мен Қожабергенді Шиелі жерімен тағы да бір стырады. Бірақ Қойлыбай бақсының зираты қазір Ұлытау жерінде, ықтар өз перзентіміз деп есептейді. Ол да жөн. Досбол би де, Ахмет , академик ғалым-жазушы Мұхаметжан Қаратаев та осылай екі елдің ерзенттері, бұл тізімді біраз жерге апаруға болар еді. Шиелінің басқа Жаңақорған, Сырдария аудандарымен де осындай ортақтастықтары ық. Бұл қазақтың қай өңіріне болсын тән жәйт. Мұның барлығы да әр кезде бір болыс, бір уезд, бір округ, бір аудан құрамына кіріп, мақтық бөліністер өзгерістерге ұшырағанымен, ағайын арасы үзілмей п жатқандығын көрсетеді. Қазақтың жері ортақ, жақсы адамы ортақ, мақтаныштары баршаға, күллі қазаққа ортақ, өйткені қарға тамырлы тарихы ортақ. Міне, сондықтан қазыналы жырау, қаһарман ордабасы ар Қожаберген Толыбай сыншы ұлы мен Айша Кабылан би қызы – ің, шиеліліктердің де мақтанышы.

Әңгімемізді қайтадан «Елім-айға» бұратын болсақ, зерттеуші ғалымдар өлең «Елім-айдың» он төрт нұсқасы бар екендігін айтады. Өлеңнің үш нұсқасы жырға айналған. Бұл, әрине, әуелде ауызша шығарылып, ел ішіне тарап кеткен шығармаларға тән сипат. Оның айтушыдан айтушыға өткен сайын кейбір сөздерінің, шумақтарының өзгеріске ұшырауы, тіпті жаңа айтушы не жазып алушы тарапынан толықтырылып, жаңаланып отыруы, сөйтіп өзгешелігі бар жаңа нұсқасының пайда болуы ауыз әдебиетінде заңдылық. Бірақ бұл «Елім-айдың» авторлығына күмән келтіре алмайды. Олардың бәріне тән ортақ белгі – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тарихы оқиғасының шынайы көрінісі, көзбен көрген, бастан өткерген адамның баяндауы, көркем ескерткіш екендігі. Шығармалар ұсынатын басты тағылым – халықты үнемі елін қорғауға, ол үшін ауызбіршілікте болуға үндеуі.

Ескерткіш дегеннен шығады, биыл «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретіне 290 жыл, тіпті әрі апарсақ, 2023 жылы үш ғасыр толады. Осыған орай Сыр елі Шиеліде ел ағылып жатқан Батыс Қазақстан – Батыс Қытай қасқа жолының бойына Қожаберген жырау мен Айшаға, «Елім-ай» жырына ортақ ескерткіш орнатқан жөн болар еді. Бұл тарих тағылымына, әдебиет шығармасына, азаттық үшін алысып шейіт болғандар рухына арналған белгі болар еді-ау. Астанада «Ақбұлақ» ықшам ауданындағы көшеге берілген «Елім-ай» атауы – осындай бір белгі. Осы «Елім-айға» жапсарлас «Серпер» көшесін сардар-жырау Қожаберген есімімен атаса, домбыраның қос ішегіндей қатар тартылып, азаматтық ерліктің сабақтастығындай болып батыр Бауыржан Момышұлы даңғылына жалғасар еді.

Елдікті рухтар осындай ескеткіштің қажеттігіне мақала тақырыбына тікелей қатысты болмаса да рухы ортақ әрі Шиелі жеріне тікелей қатысты тағы бір жайты да сөз ретінде айта кетейін. Жазушы-зерттеуші Таласбек Әсемқұлов «Егемен Қазақстан» газетінде биыл 5-11 қаңтарда жарияланған «Кондыгер-қаңлы» деген аса көлемді мақаласында Тұран елін жаулауға келген парсы Құрыш (Кир) патшаның әскері мен өз елінің тәуелсіздігін қорғаған Тұмар (Томирис) патшайым бастаған скифтер (сақ-түріктер) қолы арасындағы кескілескен шайқас біздің дәуірімізге дейінгі 529 жылы тамыз айында Сыр бойында нақ Шиелі жерінде болған деген батыл болжам айтты. Бұл – парсылар күйрей жеңілген, скифтер (сақ-түріктер) Құрыш (Кир) патшаның басын шауып алып, «қанға тоймадың ғой, енді қанып іш» деп, қан толтырылған көн дорбаға салыпты және ол дорбаны парсы жасағынан азын-аулақ тірі қалғандарының қолына ұстатып еліне қайтарыпты дейтін әлемдік тарихта әйгілі жеңімпаз соғыс («Егемен Қазақстан», 2013 жылғы 9, 11 қаңтар). Тарихшылар бұл оқиға Әмудария

ɔдария арасында бүгінгі қазақ даласының оңтүстігінде болды деп ай-ɔгендерімен, ол шайқас даласы Шиелі жері еді деген дерек тұңғыш рет й айтылып отырғаны назар аудартады. Қалай дегенде де Тұмар (Томатшайым бастаған скифтер (сақ-түріктер) қолының басқыншы парсы (Кир) патшаның әскерін жеңіп, қанқүйлы патшаның басын алған, сөйтіп , тәуелсіздігін қорғап қалған осынау ұлы оқиғаға арнап шежірелі Сыр елі ɛ, Қызылордада ескерткіш орнатылса, бұл ықылым замандарға кететін ыздың тереңдігін білдірмек әрі талай ұрпақтың қаны мен тері арқылы кен тәуелсіздік тарихын әспеттеу болары анық.

абан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреті – бұл қазақ халқының құрып кету қаупінің анық төнуі еді. Кашқан елде қайбір қауқар бол-н сауғалай паналап барған жерлерінде де қоқаң көрді. Қоқан, Хиуа, ɛандықтары бас сауғалаған қазақтарды одан сайын тонап, зәбір көрсетті. , Жайыққа жеткен қазақтарды Еділ қалмақтары мен Жайық казактары а алды.

, осылай түс-түстан талауға түскен қазақ халқының жер бетінен ұлт жойылып кетуі әбден-ақ мүмкін еді. Енді шегінер жер қалмаған-ды. й жағдайда 1726 жылы мамырда үш жүздің бетке ұстар игі жақсылары ı, Каратау пана бойына қайта жиналды. Қарақұмда Төле би мен Казыбек ɛан билердің ұсынысымен қазақ әскерлерінің бас сардары болып кіші жүз ілқайыр сайланды. Ұлы жүз жасағын Саурық батыр, орта жүз жасағын й батыр, кіші жүз жасағын Тайлақ батыр бастайтын болды. 1726 жылы зақтар Ұлытауда Бұланты және Білеуті өзендерінің арасындағы жазықта ан жүз мыңдай әскер қатысқан кескілескен шайқаста зор жеңіске жетті. содан «Қалмаққырылған» аталды. Қазақтар Каратауын, Сыр бойын п алды. «Елім-айда» бұл ұрыстар былай сипатталады:

Түсында Таңбалы тас болып шайқас,
Қазақтар ата жаумен салды айқас.
Қалмақтар үсті-үстіне оқ боратты,
Дегендей үш жүз ұлы көріп байқас.

Бес мыңдай жау қырылған Үзкент жақта,
Екпіндеп баса көктеп келген шақта.
Бөгедік Сарысуда қалмақ қолын,
Дұшпандар өте алмады батыс жаққа.

Бұл шумақтарда аталатын Таңбалы тас, Сарысу өзені Шиелі жерінде Қаратаудың теріскей бетінде болса, Өзкент Сыр бойында Шиелімен жапсарлас Жаңақорғандағы жер атауы. Жауға алғашқы тойтарыстар Телікөл маңында Шиелі Ұлытау жерінде берілді. Бұл оқиға Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының екінші кітабы «Жанталас» романында да көркем суреттелген. Классик жазушы сондай-ақ Абылай басқарған негізгі қол Шиелі, Жаңақорған арқылы Түркістанды азат етуге аттанып, жолда Жаңақорған бекінісі үшін болған кескілескен шайқасты да келістіре сипаттайды. Жеңілген жоңғарлардың Сыр бойын босатқанын баяндайды. Бірақ ол кезде Шиелі деген елдімекен болмаған, жазушы Шиеліні үнемі өзен, Сырдарияның бір тармағы ретінде атайды.

Бұл жеңістер елдің еңсесін көтеріп, жігерлендірді. Одан кейін 1730 жылы Балқаш көлінің оңтүстік-шығысында Итішпес көлінің маңындағы Аңырақай даласындағы ірі жеңіс қазақ жерін толық азат етуде шешуші бетбұрыс жасады. Бұл жазық «Жоңғарлар аңыраған жер» деп аталып кетті. Жер атауы демекші қазақ даласында, әсіресе, Шығыс пен Жетісуда қалмақ батырларының атымен аталған, мысалы Қаскелең, Шамалған, Нарынқол деген сияқты жер атаулары кездеседі. Бұл қазақ батырлары жекпе-жек шайқаста қалмақ батырын жеңіп, өлтірген жерлер делінеді. Ол кезде жауды жеңгендіктің белгісі ретінде сол шайқас болған жерлерге жеңілген жау батырының атын қойып кете береген дәстүр болған сынайлы.

Бұл жеңістердің маңызын «Қазақ тарихының әліппесі» деген танымдық кітабында көрнекті жазушы, ғалым Мұхтар Мағауин өте дәл ашып көрсетті: «Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ Ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып құрып біткен Ноғай Ордасының кебін киері анық-ты. Тоқтау көрмеген Жоңғар қалмағы енді бірер серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді. Сарыарқадан айырылған соң қазақтың барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халқының өзі құрып кетер еді». Ойлап қараған қазақтың жаны түршікпей ме!

Бұл өткен ғасырда 1941-1945 жылдары неміс-фашистермен болған Мәскеу, Сталинград, Курск шайқастарында совет халқы жеткен шешуші шайқастармен барабар емес пе! «Елім-айға», Тұмар патшайым жеңісіне ескерткіштер сол үшін керек! Қазақ халқының арғы тегінің, қазақтың өзінің қай заманда болса да, оның ішінде XV-XVIII ғасырларда жоңғар басқыншыларымен болған азаттық күресі – Ұлы Отан соғысы. Орыстар француздармен соғысын Отан соғысы деп атап, Бородинода ескерткіш белгі қойды емес пе.

Қазақ халқының XVIII ғасырдағы бұл жеңістерін орыс тарихымен, XX ғасырдағы совет халқы деп аталған бірлестік жеңістермен салыстыруымыз бекер

ткені қазақ жерлерін жоңғарлардан толық тазартып болмай жатып, кіші
ı Әбілқайыр қазақ халқының бұдан былайғы тағдырын біржолата шеш-
елі бетбұрыс қадамға барды.

Көп тостық Әбілқайыр келеді деп,
Тосыннан жауға соққы береді деп.
Алайда негізгі қол көрінбеді,
Қорықтық халық түгел өледі деп.

Қамданып жасақ жиып, тігіп шатыр,
Қолбасшы Әбілқайыр қайда жатыр?
Сәмеке, Әбілмәмбет, Ғайып, Болаттың
Көмегі қазақтарға болмады ақыр, —

ɜенеді жауынгер жырау Қожаберген «Елім-айлап».
ұтың бас қолбасшысы Әбілқайыр кіші жүз жасақтарын майдан дала-
ып кетті. Сөйтіп 1731 жылғы 10 қазанда қазақ хандарының ішінде ал-
ɔдандыққа мойын ұсынып, Ресей империясының қолтығына кірді. Бұл
білқайырдың әрекеті совет заманында іргелі мемлекетті паналаудың
ұа қазақтарды құрып кетуден құтқарған бірден-бір дұрыс шешім бол-
ɜон іс ретінде құпталып келгенімен, жаңа тәуелсіз заманда бұрынғыдай
ı бағаланып отырған жоқ. Қазақ халқының 260 жылға созылған игілігі
с, қиянаты да жетіп-артыларлық Совет Одағы — Ресейде отарлық күй
ансебілі, жаңа тарихы басталып кетті. Бұл кезеңде XX ғасырда 1916-
лдары, бас аяғы отыз жыл ішінде қазақ халқы тағы да үштен екі бөлігіне
амынан айрылып, есеңгіреп қалды. Совет заманында ұлттық рухынан,
ілінен айрылудың аз-ақ алдында тұрды. Бүгінгі тәуелсіздікке жетудің
ı да соқпақты жолы, тәуелсіздік үшін қазақ халқы берген құн осы болды.

Болса да адам үшін жаман ресім,
Қалайша айтпай қоям мұның несін.
Халқымның хал жағдайын өлең етіп,
Жырладым апат күннің шежіресін.

Артымда өзім өлсем атым қалсын,
Жырыма барша жұртым құлақ салсын.
«Бабамның Қожаберген өлеңі», — деп,
Ұмытпай кейінгі ұрпақ есіне алсын, —





деген өсиет қалдырыпты Қожаберген жырау. Жоңғар – қазақ соғысында туған «Елім-ай» жырының 290 жылдығы, оны шығарған сардар, сазгер-жырау Қожабергеннің 350 жылдығы ел тарихын қайта саралаудың, жаңаша пайымдаудың бір белесі болмақ. Елі үшін еңбек сіңірген елеулі тұлғаны ұмытпай еске алып жүру деген осы болса керек. «Елім-ай» жыры тарих, әдебиет оқулықтарына енгені құба-құп. Үш ғасырлық «Елім-айдан» бүгінгі «Менің Қазақстанымға» дейінгі ащылы-тұщылы тарихтың тағылымдарын ұрпақтар санасына сіңіру, сабақ алу елінің тәуелсіздігі үшін қаны мен терін төккен қайран ерлер еңбегіне жасалған тағзым.

«Солтүстік Қазақстан» газеті,
26 шілде-7 тамыз 2013 ж.



ҚОЖАБЕРГЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ

Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ,
өлкетанушы

аманының дүлдүлі, асқан дарын иесі Қожаберген жырау — екі ғасыр-гері, жүз жасаған адам. Табиғат оған ұлылықты да, жасты да аямай-ақ Біздің ғасырымызда атақты адамдардан жүз жасағаны Жамбыл ғана. XVII-XVIII ғасырлар тоғысында өмір сүрген жерлесіміз Қожаберген ың тағдыры осыған дейін қалай болып келді деген ой көкейден кетпей-ынғы Совет Одағы кезіндегі солақай саясат «ұлтшылдық», «рушылдық» ың түп тамырын қырқамыз деп жүргенде өткен тарихымыздың қалай нғанын байқамай да қалыппыз. Соның нәтижесінде ұлыларымыз ып, ақын-жырау мен асыл мұраларымыз көмескі тарихымыздың кө-де көрінбей қалғаны шындық. Енді соңғы он жылда егеменді ел болып, жинаған кезде жоғалғанды мұрағаттан қазып, ауыздағыны елден жинап, ір, аңыз-әңгімелерді тырнақтап теріп жатырмыз.

аберген жырау да іздестіріліп, теріліп зерттеліп жатыр. Ауыз әдебиеті-теушілері, ғалымдар мен жазушылар бұл жыраудың біраз енбектерінің ты, әлі де ашылмағандары баршылық. Бұл бетбұрыстың басталуы те оқушы жастарға Қожаберген жырауды толық көлемде көрсетіледі де-ı білдіреді. Мәселен, оның «Елім-ай!» дастаны толық көлемде табылса, жалғыз Қожабергенді танып қоймай, онымен қоса сол XVII-XVIII ға-ағы қазақ елін, оның әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, шежіре тарихын, бүкіл ын білген болар едік. Зерттеушілердің айтуынша, жеті бөлімнен тұратын хи дастанның қазіргі таңда бір-ақ бөлімі қолда бар көрінеді.

а бар деректерге сүйене отырып Қожаберген туралы өз ойымызды айту ымен ол өмір сүрген ортаны, сол кезеңді, дәуірді шолып өткен жөн бо-

лар. Кожаберген он жетіге келгенде елді Тәуке хан билейді. Ол Жәңгір ханның баласы. Хандық билікті шамамен 1680 жылдары алады. Тәуке сол кездің өзінде елулерге келіп қалған, егде тартқан, ақыл тоқтатқан, тәжірибесі мол, білікті адам болған. Орыс патшалығын бұл кезде I Петр билеп тұрды. Қойшығара Салғараұлы «Қазақтар» деген еңбегінде бұл кезеңді ерекше суреттейді. Атап айтқанда ол елдің іргесін аман сақтау, сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізу, ел ішінде құқықтық тәртіп орнату сияқты күрделі саяси қоғамдық, мемлекеттік мәселелермен тікелей айналысқан. Жәңгір хан жанына батырлар жинап, хандығын білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаса, ал оның баласы Тәуке хан төңірегіне ақыл иелерін жинап, ақыл-ой мен парасат үстемдігін орнатты. Оның қасында ұлы жүзден Төле би, орта жүзден Қазыбек би, кіші жүзден Әйтеке би, қырғыздан Қоқым би, қарақалпақтан Сасық би сияқты аса беделді, ақылды адамдар болған. Сөйтіп Тәуке хан осы ақылы асқан «алыптардың» арасында отырып «Әз Тәуке хан» атанады. Қожаберген Әз Тәуке ханның рөлін былай суреттейді:

Төрелер Әз Тәукедей бола алмады,
Оларға қазақ көңілі тола алмады.
Арамза Қайып, Болат сатқын болып,
Кездейсоқ ел жағдайы оңалмады.

Әз Тәуке хан халықтың басын біріктіріп, бірлікке, ынтымаққа шақырады және құғын-сүргін, барымта, зорлық-зомбылық сияқты халықтың берекесін кетіретін зиянды әдеттерді жоюмен айналысады. Осындай істердің нәтижесінде қазақ хандығының беделі арта түседі. Бірақ сыртқы жаулар көз алартуын тоқтатпайды. Жоңғар қалмақтарының шабулы бұрынғыдан да үдей түседі.

Алдағы айтқан алдыңғы толқын ұлылардың, ақыл иелерінің ізгі істері Кожабергенді де ұлылыққа жетелегені сөзсіз. Сол сияқты соғыс, ел қорғау ісі оны ерлікке, батырлыққа баулығаны да белгілі. Әз Тәуке хан аузын арандай ашып отырған көрші екі (орыс, қытай) империяға бас иіп, бағына қойған жоқ. Елшілік қарым-қатынастар жөніндегі деректерге қарағанда тіпті сескенушілік те байқатпайды. Бірақ екі империя қалмақтарды айдап салып, өздері тікелей соғысқа қатыспағанымен, қолтығына су бүркіп, бойына дем беріп отырды.

Әз Тәуке ханның ел ішіндегі тәртіпті бір жүйеге келтіру мақсатында шығарған «Жеті Жарғы» деп аталатын құқықтық заңы да тарихта ерекше аталады. Оны сол кездегі «Конституциялық ескерткіш» деп атай аламыз. Мұндай жарғы Тәукеге дейін, әлде одан кейін болды ма? Неге «Жеті Жарғы» деп аталған? Бұл

ға жауап әр қилы. Себебі жазба мәдениетінің ол кезде кенже қалуы-
айтуға мүмкіндік болмай отыр. Әлеуметтік саяси жағдайдың осындай
: тұрған кезінде Қожаберген өсіп, ер жетті, қоғамдық өмірге белсене
і.

берген Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы Жеке-
расты Гүлтөбе деген жерде 1663 жылы өмірге келеді. Әкесі Толы-
ленұлы кезінде сыншы, ел басқарған адам, ел қорғаған батыр, әділ би,
ай шешен болған. Ел арасында «Толыбай сыншы» атанған. Толыбай
ың бәйбішесі Ақбілектен 20 ұл туады, соның ең кенжесі Қожаберген
ыбайдың балалары Орта Азиядағы Үргеніш, Бұхара, Самарқанд қа-
да оқып, мұсылманша білім алады. Әрине, Қожаберген дін жолын қуып
ан болмайды, әке жолын қуып он жеті жасынан бастап мемлекеттік іске
ы. Тәуке хан оны Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтарына дипломатия-
ыстарға жібереді. Ол араб, парсы тілдерін жетік меңгереді. Қожаберген
дегі алшындардың есентемір руынан шыққан Қабылан бидің Айша
зына үйленеді. Жол-жора, құда түсу, т.б. рәсімдерін Қожабергеннің
арабас батыр жасайды. Айшаны елге алып келеді, бір жылдан кейін
геннің әке-шешесі (Толыбай сыншы және Ақбілек) дүние салады.
аберген және оның жанұясы әлгі Қарабас батырдың қамқорлығына
Соғыс өнерін үйренеді, одан соң тікелей соғысқа да қатысады. Тәуке
абергеннің батырлығын, батылдығын, ақылдылығын ескере келе оны
іккен әскери жасағының ордабасы (қолбасшысы) етіп тағайындайды.
қтың құрамында қазақтармен қатар ноғайлар, татарлар, қарақалпақтар,
кілдері болған.

бергеннің ақын-жырау, күйші-композиторлық қасиеті бойына біткен
арындылығынан шығар, ал батырлығы сол кездегі тарихи-әлеуметтік
байланысты туған күш-қайрат, ашу-жігер, ыза-кек болар. Онымен
у тегі, өмір сүрген ортасы да білімді, қасиетті, дана, батыр азаматтардан
. Қазақ-қалмақ соғысы үздік-создық, бірде алысып, бірде шабысып,
екі ғасырға созылғандығын білеміз.

мик белгілі тарихшы Манаш Қозыбаев былай дейді: «Көшпелі қазақ
ң мәдениеті баяу дамыды. Оған себеп — жаугершілік, соғыс. Батырлық,
у — қазақтың ата өнері. Өз жерін қорғау, немесе жаугершілікпен айна-
-бабаларымыздың мандайына біткен іс тәрізді».

пақтың өз батырлары туады, өсіп шынығады, олар еліміздің тәуелсізді-
і қалды. Солардың түгел дерлік артында аты, соңында ізі қалды деп айта
з. Қожаберген жыраудың атын ол өзі шығарып кетті. Батыр-қолбасшы
ған себеп болған нәрсе — батылдығы мен ақылдылығы.





Соғыс болмай, тыныш жатқан ел болса, оның батырлық жағы көрінбес те еді. Қожаберген өмір сүрген кезеңде елдің жағдайы қандай күйде еді? Халқымыз соғыс зардабын неліктен шекті? Әрине, бұл үлкен, ұзақ тарихи кезең. Сондықтан тарихи деректерге сүйенгеніміз дұрыс болар. Манаш Қозыбаевтың айтуынша, қос бүйірден екіге бөлінген жоңғар-қалмақ қазақ даласына XVI ғасырдың аяғынынң XVIII ғасырдың ортасына дейін үзбей ойран салады. Он жетінші ғасырдың орта кезінде Ұлы жүздің шығыс аймағын жаулап алады. Ал XVIII ғасырдың басында Алтай, Алатау, Еділ, Жайық, Шу, Талас, Сыр, Қаратау өңірін биледі. Одан соң Тараз бен Түркістанды басып алады. XVII-XVIII ғасырларда жоңғарлар қазақ елін тоздырды, халықтың жартысынан артығы қырылды. Осы туралы Қожаберген жырау былай дейді:

Бүгінгі күн — мұнар күн.
Жер бетін тұман басқан күн.
Жалаңтөс аспас асудан
Кәпір қалмақ асқан күн.
Ақыл таппай қиналып,
Билерім қатты сасқан күн.

Жоңғарлар қазақ елінің шығыс және оңтүстік жағындағы бірқыдырғу жерлерді жаулап алғанымен қазақтардың кең байтақ орталық бөлігіне дәрмені жетпеді. Тәңірберген Қалилаханов өзінің еңбегінде бұл соғыс жөнінде былай атап өтеді. Халқымыз «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған кезде орта жүз бен кіші жүз хандықтары бір мәмлеге келе алмай өз беттерімен түйе айдап, Арқа мен Жетісу халықтары босып кетті. кіші жүздің ханы Әбілхайыр орыс патша айымы Анна Иоанновнаның етегіне оралды. Халық соғыстан, аштықтан Алқакөл маңында сұлап жатты, тірілері Сыр бойына құлап жетті. Қалмақтар Арқа мен Жетісудың жайлы жерін толық жаулап алып, одан кейін тастап кетпеуді ойлады. Сайып келгенде қазақ пен қалмақ «өліспей беріспейтін» қырғын соғысқа кірісті. Соғыс тәсіліне үйренген, ерліктің жыршысы Қожаберген жырау былай дейді:

Сол кезде өзімді өзім тоқтата алмай,
Ұрандап «Ошыбайлап» салдым айғай.
Сілтедім оңды-солды көк найзаны,
Жығылды талай дұшпан салып ойбай.



Жоңғар жорығында тойтарыс беру, қалмақтарды өз жеріміздің қуу үшін бірігу, табан тіресе алатын күш жинау үш жүздің ортақ мақсатына айналады.

н шұбырынды» босқынында тоз-тоз болып, сүттей іріген қазақ ру-
ын біріктіріп, жеңіске жетелейтін ерекше күш қажет болады.
Әуке хан XVIII ғасырдың басында қайраты кетіп қартайып, билік
бұрынғыдай берік ұстай алмайтын халге жетеді. Ол өлгеннен кейін
) таққа таласу басталады. Әбілқайыр және оны жақтаушы билер кіші
ске бөліп әкетуді ойлады. Мұның ақыры орталық биліктің әлсіреуіне
оқтырады. Тәуке ханнан кейін қазақ хандығының іштей ыдырап,
кете бастағанын сезген жоңғарлар кеткен есесін қайтарар сәттің ту-
ліп, жойқын шабулға шығады. Аз уақыттың ішінде хандықтың тас-
ы шығарып, тұтас елді босқынға ұшыратады. Сөйтіп халықтың қаралы
табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» басталады.
уке өлгеннен кейін оның орнын баласы Болат басады. Бірақ Болат хан
енің үлгірейген орнын толтыра алмайды. Енді халық өз тағдырын өзі
Оның бірден-бір жолы — билер арқылы шешу. Негізгі мақсат — ата
ққы беріп, атамекенді қайырып алу. Тек 1726 жылы ғана үш жүздің
Ордабасына жиналып құрылтай жиынын өткізеді. Ол жиынды
н шала-шарпы хандар емес атақты билер: ұлы жүз Төле би Әлібекұлы
56), орта жүз Қазыбек би Келдібекұлы (1667-1764), кіші жүз Әйтеке
би Байбекұлы (1682-1766) еді. Бұл ұлы жиын елдіктің, бірліктің көрінісі
рихқа енді. Сөйтіп халықтың санасына шапқыншылықтан құтылу,
тан сақтап қалу, сөйтіп дербес ел болу саясатын енгізді. Қожаберген
ің замандастары, құрдастары үш кеменгер бір арнаға қосылып, елдің
не жол ашты.
хан өлгеннен кейін оның орнына кіші жүз ханы Әбілқайыр, Әбілмәмбет
ің баласы), Сәмеке (Болаттың немере ағасы) таласты. Ұлы қырғын
лар бір-біріне бағынбай ыдырап кетті. Елді билер басқарды, ел бірікті.
ты өзенінің бойында қазақтар қалмақтарға ойсырата соққы береді. Бұл
ін «Қалмаққырылған» деп айтады. Одан кейінгі үлкен соққы Аңыракай-
ы. Осы екі жер қазақ елі бірлігінің, батырлығының ескерткішіндей бо-
ы. Ұлы жеңісті ұйымдастырған сол кездегі өз беттерімен түйе айдаған
ес, бірліктің берік қазығы болған дана билер еді.
ы аталған үш дана билер, Жәнібек хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абы-
л бірлігін, ел тұтастығын ойлаған ірі тұлғалар ұлттық тарихымыздың
ұрметті орын алады. Қожаберген жырау — өз өмірінде осыларды көріп
лармен араласқан, ұлылардан ұлағат алған адам. Ендеше оның да дана
уы, өсуі — заңды құбылыс. Бұл жерде Абылай ханның Қожаберген
ің өлеңдерінде неге кездеспейтіндігі жөнінде айта кеткен жөн.

Абылай Қожабергеннің саналы өмірі кезінде қалмақ басқаншылығына қарсы ұлт-азаттық күреске қатысып жүрген батырлардың бірі еді. Ш. Уәлихановтың айтуынша «әкесін өлтірген жаулардан жан сақтап жат елде өскен жетім бала Абылай (Әбілмансұр) хандықты мұрагерлікпен емес, өзінің батырлығымен, ақылдылығымен алған». Ал Бұқар жыраудың айтуынша, Абылай Төле бидің түйесін баққан құл болған, аты «Сабалақ». Қалмақ басқыншыларына қарсы жорықтарға қатысып, «хан болудың қамы» емес, халық үшін оққа кеудесін тосып, басын бәйгеге тіккен батыр болған. «Қарадан шыққан хан» деп атады. Бірақ Абылай төре тұқымынан, Шыңғыс ұрпағы. Сол Абылай-Әбілмансұр-Сабалақ Аңырақай соғысында «Абылайлап» шауып жауды ойсырата жеңіп, қуып шығады. Содан Абылай атанып кеткен екен. Сәбит Мұқанов өз еңбегінде Абылай 48 жыл хан болды дейді. Ол Арыстанбай ақынның мына өлеңін дәлел үшін келтіреді:

Қылады Мақаржада айлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері
Хан болған 48 жыл Көкшетауда.

«Абылай 1781 жылы өлді, олай болса, оны қазақтың хан көтеруі 1733 жыл болады», – дейді Сәбең. Бірақ бұл жерде Абылайды аға сұлтан деп танып, хандығын мойындамаушылық, тіпті батырлар санатынан да шығарып тастау біздің заманымызға дейін созылады. Абылайдың үш жүзге хан болып, таққа отыруын 1771 жылдан бастайды. Үш жүздің басын қосып, біртұтас ел жасау Абылай сияқты ерекше ер тұлғалардың ғана қолынан келмек. Сайып келгенде Алтын Орда хандығының қақпанынан құтылып, еліне оралған қазақтарды қалмақтар қайта мазалап, жерін тартып алып еді. Сол ұзаққа созылған соғыс қазақтардың жеңісімен аяқталды.

Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қожаберген жырау халқымыздың тағдырын айта келе бір жерінде былай дейді:

Қазыбек, ер Жәнібек, Алдарбек би,
Көрді олар өз халқынан кеткенін күй.
Үшеуі тозған елді біріктірер,
Қайғырма, азаматтар, есіңді жи!

Шынында Жәнібек айбарлы батыр, ерен қолбасшы болған. Хан болса Абылайдай, батыр болса Жәнібектей болсын дейді. Олай болса тарихта Жәнібек-

і Абылаймен қоса айтылады. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, ім қажы, Тәттіқара, т.б. Жәнібек Шақшақұлының батырлығына сүйсі-ерінің өлең, шығармаларында оны ерекше атап өтеді.

аберген жырау заманы дүрбелең соғыс, зобалаң қайғы-қасірет қана ып ақыл иелері мен әйгілі батырлар шыққан кез болатын. Бұқар жырау ай:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Орманнан көп орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек, –

тірегі

ібек екенін сөз етеді. «Ақтабан шұбырындыда» Арқаға көшкен қазақ (арғын, қыпшақ, найман, керей, уақ) бірнеше жыл хансыз тұрады. олса Абылай арқада 38 жыл хандық құрып, ақ туының астына халықты ырған. Содан соң ғана үш жүзді билеген.

аберген жыраудың артына қалдырған әдеби-рухани мұрасы (бізге , жетпегені бар) аз емес. Олар ондаған дастандары, толғаулары, өлеңдері, күйлері бәрі де асыл қазына. Осы қазынаның ішінде өзі бір төбе оқшау і еңбегі — «Елім-ай» дастаны. Белгілі зерттеуші-жазушы Нәбиден Әбу- «Елім-ай» — ел гимні» деп жазды. Әрине, сол XVIII ғасырды тарихи ен алсақ, бұл шығарманың гимн екеніне ешкімнің дауы болмас. Өйткені нде «Елім-ай» алдына шығар шығарма бола қойған жоқ. Жоңғарлар ын, халқымыздың қиын-қыстау кезеңін, қайғы-қасіретін бейнелейтін скан шығарма кейін де кездеспеген шығар. Оның алғашқы шумақтары р бойы ұмытылмай ел аузында жатталып қалуының өзі шығарманың ығын көрсетеді. Бірақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атты та-балаң-қасірет жөніндегі еңбекті білсек те, оны кім сөзін жазды, әнін кім ы деген сауалға жауап жоқ болатын. Халық әні деп айтылатын еді. Енді иесі табылып, тарих шындығының беті ашылуда. «Елім-айдың» иесі — рген жырау. Алдыменен «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» н айта кеткен жөн болар.

ілі зерттеуші-тарихшы Мұхаметжан Тынышпаев 1723 жылғы ұлы ңді былай суреттейді: «Қалмақтар шабулы кезінде халық ел-жұртын та-анынан, малынан, жерінен айырылып, босып кетті. Осы босқындарды



«Ақтабан шұбырынды» деп атаған. Сол кезеңде халық Сырдария өзеніне беттеп ағылады. Ол өзеннің екі қанатында Алқакөл деген екі көл бар. Екеуі де жаудан құтылуға қолайлы жер болған. Жан ұшырып, жан сауғалап Сыр бойына құлап жығылады халық. Мұны халық «Алқакөл сұлама» дейді». М. Тынышпаевтың айтуынша, Сыр бойына қашқандар көп қырылады, ал Каратаудан бері Ұлытауға, Торғай, Солтүстікке кеткендері көп шығынға ұшырамайды. Олардың көпшілігі арғындар болатын.

«Міне, осы құбылысты Қожаберген жырау өзінің «Елім-ай» дастанында бастан-аяқ жырға қосап суреттейді. Өз өмірін айта келе ғасыр мұңын, ғасыр сырын, ғасыр жырын шертеді. «Елім-ай» дастандық дәрежеден жоғары, бінік түр», – дейді М. Қозыбаев. Ол – эпопеялық ұлы туынды, өйткені онда ұлт тарихы сараланып, салт-сана, мемлекет билеу ісі, әскери оқиғалар, түрлі дүбірлі дүниелер айқын суреттелген. Олай болса Қожаберген – дауылпаз ақын, жырау. Ол – Жоңғар империясының дамуы мен күшею жолдарын ашқан тарихшы адам. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» себебі – екі империяның (орыс, қытай), көршілес Қоқан, Хиуа, Бұқар елдерінің қазақтарға қырын қарауы және іштегі алауыздық, бақталастық, берекесіздік болатын. Сөйтіп Қожаберген жырау осы уақиғаны егіліп-төгіліп жырлайды, бірақ болашаққа сеніммен қарайды.

«Елім-ай» дастанының зарлы, жоқтау, қайғылы үнмен айтылуы заңды. Оның «жыр мақамы» қобызбен орындауға лайықты. Халық әні деп келген «Елім-айдың» әні де, сөзі де Қожаберген жыраудікі екенін аңғару мына жолдардан байқалады:

Қолыма қобыз алып, әнге шырқап,
Айтайын көргенімді өлеңменен.

Қожаберген – ақын, дарын иесі, бүкіл саналы өмірі жаугершілік, соғыс, қырғын кезеңінде өткендіктен және қолына қару алып өзі де соған араласқандықтан дастан-жырларында ерлікті, батырлықты жырлайды, бірлікке шақырады. Оның дастандарының өзі(ел аузында қалған) – кесек-кесек шығарма, үлкен-үлкен мұра. Олар «Елім-ай», «Ер Көкше», «Ер Есім», «Ер Сырым», «Ер Қасым», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Бөгенбай», «Қабанбай», «Орақ батыр», «Ер Едіге», «Қойлыбай көреген», «Қорқыт баба», «Әмір Темір», «Айша – Жанша», «Соқыр абыз», «Баба тіл», «Ататек», т.б. дастандары, «Ақсуат», «Ғасыр жас», «Дүние», «Жігіттік сияқты толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Шоңғал тас», «Сылаң сыр», «Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың

ғы» атты өлеңдері, өзі шығарған «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр» ормамай», «Сұлама» күйлері еді. «Күлдірмамай» күйі өзі қолынан жа-ғарған білтелі мылтығына арналып шығарылған екен. Сайып келгенде ың дастандары да, толғаулары да, өлеңдері де, әндері мен күйлері де майдан, ерлік пей батырлық, сатқындық, қайғы-қасірет жайында болып ы.

аберген жыраудың шығармашылығы туралы Бұқар жырау өзінің ыма» деген елеңінде былай дейді:

Шаңқобызын Қожа-екең
Жосаменен сырлаған.
Елім-айдай қиссасын
Қан майданда жырлаған.

«Елім-ай» деп ат қойған
Ән мен күйін шығарған.
Жұрттың мұңын ұғасың
Тыңдағанда солардан.

«Ер Көкше» мен «Ер Қосай»
Ұстазымның жыры еді.
Қозғағаны сардардың
Халайықтың мұңы еді.

м-ай» дастанының шығу тарихы жөнінде бірер сөз айтуға болады. Ұлы болатын (1723) жылы Кожаберген отбасын алып, қайын жұртына бара-ын атасы Қабылан бидің үйінде (кіші жүз алшын) жаз бойы аунап-қунап п жатады. Сыр бойы, бүгінгі Қызылорда облысы болатын. Күз айының қалмақтардың тағы бір сұрапыл шабулы басталып кетеді. Бұл жоңғар арына қосылып шапқан Еділ қалмақтары болатын. Тыныш жатқан ін кенеттен шабуылдаған қалмақтар қоршап алып, елді қыра бастайды. да Кожаберген жырау да қалып қояды. Бұл жыраудың алпыстың асу-іп қалған кезі болатын. «Елім-ай» дастанының да басталуы осы кез еді.

Ызғарлы күн шығыстан жел келеді,
Шұбырған Алтай жақтан ел келеді.
Еділге «Убашы» қалмақ тағы шапты,
Зор бөгет тас маңдайға кез келеді.



Осылай екі жақтан тиді қалмақ,
Ғаскерін күн-түн демей жиды қалмақ.
Қазаққа екі беттей шабуылдап,
Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ.

Бастарын Қаратаудың мұнар жапқан,
Сылдырап Сырдың суы сылаң қаққан.
Жүргенде момын халқым көшіп-қонып,
Кенеттен қалмақ құрды қанды қақпан, —

дейді.

«Елім-ай» дастанының алғашқы шумақтарында. Жан ұшырып, әуре-сарсең болып жатқан кезде Қазыбек, Әйтеке, т.б. билерге, палуандарға, батырларға арналған үндеу-шумақтары, сол кездегі кіші жүз ханы Әбілқайырға ызасы былайша суреттеледі:

Қамданған жасақ жиын тігіп шатыр,
Қолбасшы Әбілхайыр қайда жатыр?

Көп тостық Әбілхайыр келеді деп,
Тосыннан жауға соққы береді деп.
Алайда негізгі қол көрінбейді,
Қорықтық халық түгел өледі деп.

Осы соғыста Қожаберген жыраудың көптеген туыстары, балалары қаза табады. Өзі қоршаудан құтылып шығып, жасының егделігіне қарамастан жауға қарсы күресін тоқтатпайды, жырларын жалғастырып жаза береді.

Айша бәйбішеден он төрт ұл, бір қыз туады. Бірақ Айша Қожабергеннен бұрын қайтыс болады. Кәрілік өнінде Қожаберген былай дейді:

...Орта жас — ол да мені тастап кетті,
Кәрілік Қожекеңе келіп жетті.
Ту ұстап тұлпар мінген қайран күнім,
Бір күнгідей болмай-ақ өтіп кетті.



1763 жылы тоқсан тоғыздан жүзге қараған шағында Қожаберген жырау туған жері Гүлтөбеде дүние салады. «Толыбай сыншы қорымында» жерленеді. Бір жылдан кейін (1764 ж.) туыстары Қожаберген бабасына арнап ас береді.

Абылай хан, Бұқар жырау, Бөгенбай, Қабанбай батырлар, түрлі жыра-
ын, серілер қатысады.
аберген жырау өзінің туған тегін былайша атап кетеді:

Көрші елге батырлықпен даңқы кеткен,
Сібірдің батыс жағын мекен еткен.
Керейде Толыбай сыншы кіші ұлы едім,
Жырларым қазақ жұртын елжіреткен.

Орта жүз арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты сүйіндіктен.
Жиырма ұлдың көкжал туған кенжесі едім,
Тұңғыш қыз Айдаболдың Ақбілектен.

л-ай» – ұзақ дастан. Өйткені онда Қожаберген жыраудың ұзақ өмірі,
йланысты тарихи кезең, ұзаққа созылған қазақ-қалмақ соғысы жайында
н бүкіл дәуір дастаны бар. Қазақ жерінің төрт бұрышын түгел қамтыған
ыс ешқашан ұмытылмақ емес. Ендеше бұл дастан ұрпақтан-ұрпаққа,
-ауызға тарап жалғаса бермек.
заманда туған «Елім-ай» дастаны – жалғыз Қожабергеннің көңіл-
ғана туған туынды емес, ол бүкіл халқымыздың қайғы-қасіретінен,
арынан туындаған тарихи шығарма.
ығарманы оқып отырсаң, Қожаберген жыраудың ата-тегі, үрім-бұтағы,
тасы, отбасы, халықтың әлеуметтік жайы, қалмақ-қазақ соғысы, бүкіл
дәуір поэзиямен суреттеледі. Әрі ақын, әрі шежіреші Мәшһүр Жүсіп
ы былай дейді:

Қолбасы, ақын, жырау һәм елші-би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй.

мәдениеті ол кезеңде дамымаса да, ауыз әдебиеті әбден дамыған қазақ
Қожаберген жырау бізге қандай күйде жетті деген сұрақ туары сөзсіз.
деректе Қожаберген мұрасы (өлеңдері) алғашында былғары теріге
н. Ол жазуларды Қожабергеннің немере інісі Дәстем сал Асқапұлы

Көшек деген кісіге табыс етеді. Одан соң бұл еңбек Сегіз серінің атасы Шақшақтың қолына түседі. Шақшақ бұл жазуды Сексен деген ұлына береді. Төңкеріске (революцияға) дейін бұл мұраны Қожабергеннің ұрпағы Боранбай деген кісі сақтайды. Ал 1917 жылы шаш ал десе, бас алатын қызыл әскер офицері Досай деген кісі Қожабергеннің қолжазба еңбектерін және музакалық аспаптарын отқа жағып жібереді. Одан кейін жырау және Сегіз сері ұрпақтарының жазып алған дүниелері де жоғалып кетеді. Сөйтіп XX ғасырдың ішінде бар дүниелер жоғалып, асыл мұралар ізсіз кететін күйге ұшырайды.

Бірақ халық аузында сақталған дүниелер жоғалып кетуі мүмкін емес. Әйтеуір әр түрлі нұсқалармен бізге жеткендері де бар. Оларды жеткізген әнші, ақын-жыраулар, шежіреші-зерттеушілер.

Қожабергенді XIX ғасырда зерттеп, жазып, оның дәрежесін көтеру мақсатын қойған ағым болды деп айту қиын. Тек ел аузындағы жаттанды-өлеңдері, одан кейінгі Ы. Алтынсарин мен Сегіз серінің және басқа ақын-жыраулардың айтып кеткендеріне сүйенуге тура келеді.

XX ғасырда С. Торайғыров, С. Сейфуллин, одан кейін Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, І. Омаров сияқты абзал ардақты азаматтар Қожабергенді зерттеуге шын кіріскен. Бірақ оған тарихи-қоғамдық, саяси өзгерістер кедергі болғаны да белгілі.

Қожаберген жыраудың мұраларын тиянақтап, күйелі жұмыс жүргізген жазушы Нәбиден Әбутәлиевтің еңбегін ерекше атаған жөн. Ол көптеген мақалаларымен қоса «Ордабасы Қожаберген» деген жинағын (1995 ж.) шығарды.

Соңғы 10-15 жыл ішінде Қожабергенді елге таныстыру жөнінде еңбек етіп жүрген белгілі азаматтар: академик Манаш Қозыбаев, Шаймұрат Смағұлов (э.ғ.д.) Темірхан Тебегенов (ф.ғ.к.), жазушы Ожан Қали, этнолог Жағда Бабалықов, фольклоршы-зерттеушілер Қаратай Биғожин, Әскер Кенжеғозыұлы, Амантай Барлықпаев, Шайхыуәли Нұрғожаұлы (зейнеткер, мұғалім), Мәдина Дастанова (мұғалім), т.б. Олар Қожаберген жырау туралы тарихи деректер жинап, ірі-ірі мақалаларымен көрініп жүр. Әсіресе, Мәдина Дастанованың құрастыруымен шыққан «Елім-ай» атты кітабы солтүстікқазақстандықтардың көңілінен шықты. Әттең, кітап аз данамен басылды. Сондықтан көпшіліктің сұранысын қанағаттандыра алмады.

Қожаберген жырау дәуірінен есептесек үш ғасырдай уақыт өтіпті. Бұл кездегі тұрмыс, салт-сана, мәдени дәреже ол кездегімен салыстырғанда әлдеқайда өсті, қай саланы айтсақ та дамыды. Сөз жоқ, жастар Қожаберген жырау сияқты ұлыларды білу керек, оқу керек. Олардың қолда бар мұраларын саяси, ғылыми,

әдеби дәрежеде жеткізу ғалымдардың, зерттеушілердің, жазушылар-
у саласы қызметкерлерінің ісі болмақ. Бұл жерде Қожаберген жыраудың
ін оқып беру, жаттап алу ғана емес. Сол шығармалардың философиялық
ы, сол кездегі тарихи кезең, елдің экономикалық жағдайы, соғыстың
әскері, әдісі, сауыт сайманы, қару-жарағы) қажетті және жеткілікті
ы терең түсіндірілуі керек. Мемлекет болғаннан кейін оның шекарасы,
айлығы, қалалары, сауда саттығы, қарым-қатынасы, өнеркәсібі, т.б. бо-
ожаберген жырау — ауыз әдебиетінің өкілі ғана емес, ол ірі қолбасшы,
т қайраткері. Сондықтан оны алдағы айтқан дәрежеде танып, біліп,
жастарға үйретуіміз керек. Бұл жөнінде Ұлттық ғылым академиясы
мек жасайды деп сенеміз. Сонда ғана Қожаберген жырау оқу орында-
з орынын табады.

1997 ж.

ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР-ЖЫРАУ ШЕЖІРЕСІ

Социал ЖҰМАБАЕВ,
өлкетанушы

Қожаберген батыр-жырау орта жүздің керей руынан тарайды. Біздің солтүстік өңірде керей шежіресін алғаш рет ұрпаққа мұра етіп қалдырушы ашамайлы керейдің көшебе руынан шыққан атақты қолбасшы батыр, Қожаберген жыраудың ұлы атасы Дәулен Таузарұлы болған. Бұл үлкен шежіре содан қолдан-қолға өтіп жүріп, ақыры Сегіз сері Баһрам ұлына (Дәуленнің жетінші ұрпағы) келіп жеткен.

Сегіз сері өзге өнерімен қоса үлкен шежіреші, жылнамашы да болған. Қазақ халқының шежіре-тарихын да мол жинаған. Шежіре туралы былай деп жазып кеткен: «Шежіре ата айтысу үшін емес, тарих үшін, туыс адамдар бір-бірімен қыз алысып қоймау үшін, кімнің кімге жақын екенін білу үшін де керек», – деп жазған. Ол жинаған қазақ халқының шежіре жылнамасы Қазақ Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының қазақ тарихы бөлімінде және Қазақтың көне мәдени, тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының орталық кеңсесінде сақтаулы тұр (№853 папка, 1-тізім).

Керей шежіресін Сегізден кейін жалғастырған, жинастырған, хаттаған, архивке тапсырған Тәшмұхамед (Тәштит) Тәбейұлы Барлыбаев болған. Осы керей шежіресі кейінгі ұрпаққа осы Тәштит арқылы жеткен. Тәштит теріскей Арқадағы үлкен шежіреші адам болған (Қолжазбадан, 125-126-бб.).

Сондықтан да болар осы шежіреде керейдің көшебе атасының шежіресін толық жазған.

Осы шежіреге қосар тағы бір ойымыз – бұл шежіре бірден-бір сауатты шежіре болуы керек, өйткені түпкі авторы Дәулен тархан Таузарұлы жеті ұлттың тілін білген дана адам болған, шежірені жалғастырушылар: Толыбай – Қожабер-

гіз Сері – Тәбей және Тәштит Барлыбаевтар сауатты және өз кезінің
ы адамдары.
сы керей шежіресі бойынша Қожаберген әулетінің аталарын таратайық.
– тайпалық одақтың арғы атасы. Ұраны – Ошыбай. Таңбасы – аша-

руының атақонысы жайлы Қожаберген жырау өзінің «Ататек» деген
да былай дейді:

Атанған бабам Ғали Ашамайлы,
Өсірген мыңдап тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып кеңес құрған би мен бегі.

Ашамайлы) – шежіре бойынша XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың ба-
ір сүрген адам. керей руының мекен жеріне арнайы тоқтап жатқанымыз
ойхшылар керейлерді Сібір жеріне кейін, қалмақтардан ығысып келген
р айтып жүр. керей руының мекендеген жері жайлы Қожаберген жы-
ı-ай» атты дастанында да:

Мекендеп Тобыл, Ертіс екі арасын
Қазақтың күйге бөлеп ен даласын,
Сауықшыл орта жүздің керейі едік
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын, –

ден бір бала – Мәңлікаған. Одан екі бала –Арыстанбек, Аслан-
станбектен бір бала – Наурызхан. Одан екі бала – Ғали (Ашамай-
кіт. Ғалидан – Бағдат батыр. Одан екі бала – Төбей, Көбей. Төбей
бала – Бабай, Әзизбек. Әзизбектен бір бала – Тұрлынхан сардар.
бала – Жарғақ, Балдақ, Қоянбай. Жарғақтан екі бала – Қажыхан,
Қажыханнан бір бала – Әлмұхамед. Одан үш бала – Уызбек, Уыз-
бай. Уызбектен екі бала – Қанай, Жанай батырлар. Жанайдан бір бала
ı би. Бағлан би осы күнгі солтүстік өңірдегі көп керейлердің түп атасы

болып есептеледі. Бағлан бидің бейіті Ресейдің Қорған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына қарасты Звериноголовка (Бағлан) қалашығының түбінде, Тобыл өзенінің жағасындағы керей тоғайында жатыр. 1928 жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрмеңкесі болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазақ халқының айтулы көсемдерінің бірі болған.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архад, Фархад, Сарымұрат туады. Фархад батырдың Гүләндам есімді әйелінен үш бала – Танаш, Аббас, Манас туады.

Танаш би Фархадұлы өзінен жасы кіші Мамай, Тоқтамыс, Ақсақ Темірге ақылшы болыпты. Сөйтіп ол өз заманында Алтын Орда хандығының көрнекті адамы – әділқазы би атаныпты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскербасы, қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақ Темірдің (Әмір Темір) әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір Темір әскерінің тобын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жараланды. Ол сарбаздарына өзін Ұлытаудың ең биік шыңына жерлеңдер деп өсиет етеді. Ақыры солай жерленеді.

Танаш бидің Манас есімді інісі майданда қаза болады да, оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Ақылды бәйбіше Айша үрпақ көбейту мақсатымен қайнысының әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Танаш биге қосады.

Танаш биден 17 бала туады, оның 16-сы – Балға, Балта, Едіге, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қаңтар, Орал, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр – Айша бәйбішеден, біреуі Тарышы – Сәлиманнан туады.

Танаш өзінің үлкен баласы Балғаға Сібір татарының бегі Ағайынбектің қарындасы Ғалия сұлуды әпереді. Одан Әзім есімді жалғыз ұл туады. Әзім туғаннан кейін көп ұзамай, Танаш бидің әйелі Айша ел жайлауға көшкенде көш үстінде босанып ұл туады. Баланың атын көшіп келе жатқанда туды деп Көшебе қояды. Ел жайлауға көшіп барғанда Танаштың інісі Аббас батырдың әйелі Бәтиха да босанып, ұл табады. Оның атын Жайлаубек қояды. Өзім туғаннан кейін екі шешесі де ұл тапты, арты құтты болды деп жеңгелері Әзімді «сыйлы бала» деп, содан Әзім «Сыйбала» атанып, келе-келе «Сыйбан» атанып кеткен. керейдің Сибан руы осыдан тараған.

Танаш бидің ортаншы баласы Балта батыр әр түрлі мұсылман халқынан 11 сұлу қызды атастырып алған екен. Солардан ол 47 ұл көріпті. Осылардан тараған ел Балта керей аталған.

Керей елінің қара шаңырағы Танаш бидің бәйбішесі Айшадан туған кейінгі ұлдарының бірі – Көшебе батырда қалған екен. Кейбір шежіреші – ғалымдар шежіре кітаптарында XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Көшебе батыр Танаш би ұлы мен сол Танаштың інісі Аббас батырдан тараған Кешубай батырды алмастырып алып жүр. Кешубай сардар жас кезінде әскер бастап,

тарларына көмектесіп, ел қорғап, жер-су үшін орыстармен соғысып, ні мен Кемер арасында көшіп-қонып жүріпті. XVII ғасырда өмір сүрген ерей Кешубай батырдың сүйегі туған ауылының маңындағы бейітке, Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жамбыл ауы-Суаткөл ауылдарының арасында бұрын болған қорымға жерленіпті. Ке-асиетті, зор кісі болса керек: бұл жер болып кеткен Кешубай бейітінің күргізілген тас жолда ылғи машина, мотоцикл аударылып, кісі өлімі бо-ады. Мұны сол маңайдағы ауылдың адамдары жақсы біледі. Кешубай-ар мен қалмақтар «Кочубей» деп атаған екен. Оның ұрпақтарын 1723 азда жоңғар-қалмақ басқыншыларының қандықол әскері зеңбірекпен қырып тастапты.

бенің он бірінші ұрпағы Қожаберген жырау былай дейді:

Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге?!
Қазақтың кейінгі жас батырлары
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?!

іреге, тарихи деректерге, Қожаберген жыраудың «Ататек», «Баба тіл», і» дастандарына сүйенсек, Көшебе атасынан тараған жұрттың атамекені ртіс өзендерінің бойында болған. Шежіре бойынша Көшебе батыр бір ауыр жараланып, оны ауылға үлкен баласы Жауынгер мен сарбаздары алып алып келеді. Қазіргі Омбы қаласы орналасқан жерге жерленген. берген жырау «Елім-ай» дастанында:

Оқ атып дамыл бермей қалмақ елге,
Сын болды қол бастаған біздей ерге.
Шегіне соғыс салып ақырында
Тірелдік Танаш көл мен Абақ көлге.

Бекініп екі көлдің арасына,
Шатырды тігіп судың жағасына,
Отырдық Көшебе орман қойнауында
Жауынгер дәрі жағып жарасына.

Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды,
Үздіксіз шабуылдап есе бермей..., –

Осы өлең жолдарында аталған жер-сулар, орман – бәрі Омбы қаласының маңында.

Көшебеден 15 бала – Жауынгер, Жәдігер, Жанқорыс, Жазы, Жомарт, Жарқынбек, Жанат, Жауғашты, Жалайыр, Жандарбек, Жантелі, Жұмат, Жаған, Жанәбіл, Жангелді туады.

Жауынгерден тараған ел Үлкен Көшебе немесе Жауынгер Көшебе деп аталады. Себебі, Жауынгер Көшебе батырдың бәйбішесі – Балумәржаннан туған тұңғышы екен. Ол туралы Қожаберген жырау «Баба тіл» атты тарихи дастанында:

Көшебе тұңғышы
Жауынгер баба ер болған.
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген
Үлкен көшебе керейде..., –

деп жазған.

Жауынгерден – Асылболат, одан екі бала: Байбол, Бибол туады. Байболдан – Алдаспан, одан Шілікші би туады. Шілікшіден – Жаңбыршы, Бораншы, Құланшы, Аққас, Қарақас, Жастабан, Жолжақсы есімді 7 батыр ұл туған. Жаңбыршыдан 3 бала – Ораз, Шәміл, Мәміл туады. Ораз батырдан – Айболат, Байболат, Биболат, Ерболат, Есболат, Жанболат, Ақболат, Сойылгер, Найзагер, Қаншыгер, Сойырғаш, Еламан, Жоламан, Тауузар, Баузар, Қанжарбек, Қылышбек – 17 ұл туады.

Тауузардан – 9 бала: Дәулен, Мәулен, Дәурен, Ақсары, Бексары, Жансары, Базар, Назар, Күжігір.

Тауузардың үлкен баласы Дәулен баһадүр XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген, ол көп жыл бойы қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының біріккен әскерін басқарып, ордабасы тархан деген әскери атақтар алған кісі екен. Дәуленнен 15 бала – Малыбай, Аулабай, Жақсыбай, Садақбай, Түрсынбай, Наурызбай, арғынбай, Қыпшақбай, Уақбай, Толыбай сыншы, Ертісбай, Жарқынбай, Қарқынбай, Барқынбай, Арыстанбай.

Толыбай сыншы Арқадағы керей руының басшысы, атақты әскербасы болған. Сонымен бірге ол алдағыны болжайтын көреген, адамды да, атты да, құсты да сынайтын сыншы, қара қылды қақ жарған әділ би, айыр көмей, жез таңдай шешен, ат сүрінгенше ақыл табатын дейтін адам екен. Гүлтөбеде көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып,

ы-баһадүр деп атанған. Шешендігін, әділдігін, сыншылдығын кезінде
зақ халқы қадір тұтқан.
бай сыншыдан 23 бала туған: Майлы би, Өтежан, Өтеген, Өтебай,
Өтебек, Өтегелді, Қарабас, Өмір, Әмір, Темір, Батыр, Бабыр, Ба-
іл, Жайық, Оралбек, Тобыш, Барқыт, Өтеғұл, Өтепберген, Өтеміс,
ген жырау.
іберген жырау — ағасы Қарабастың тәрбиесінде болған адам. Сегіз сері
абастан тарайды. Қарабас тарханның шежіресін таратпастан бұрын
Толыбайсыншыұлы туралы ел аузында сақталып қалған аңыз-әңгі-
ı кетейік.
доңыз жылы бір күні ауылға кенеттен жау тиіп, қалмақ шапқыншылары
саяқ атты айдап, соған қоса он төрт жастағы Қарабасты тұтқындап

а бірнеше күн жол жүріп, өздерінің мекеніне жеткен жаулар аяқ-қолы
ған жасөспірім Қарабасты басқа да олжамен бірге хонтайшыға әкеледі.
ы Қарабасты бір қалмақ шонжарының қарамағына жіберіп, тұтқын ба-
ндеп ұстауды тапсырды.
ндар қолға түскен жас баланы келеке етіп, аяғына кісен салып, бетіне
ып, өздері соған мәз болыпты. Бір күні тұтқын бала кісеннің шынжы-
ете жүріп, тезек теруге барғанда жылқының бас сүйегін тауып алып, әрі-
рып қарап, оның тұлпардың басы екенін таниды. Ол басты өзі жататын
шыққа алып келеді. Сол баспен Қарабас ылғи мұңдасады екен. Сонда
«Сені тұлпардың басы деп кім айтар, мені Толыбай сыншының баласы
йтар?» — деп мұңын шағады екен. Қазақ баласын күзететін қартаңдау
ас жігіт көзінде қазаққа тұтқын болып, сонда қазақ тілін үйренген екен.
ші қалмақ бір күні жылқының қу басын қолына ұстап, өзінен-өзі сөйлеп
Қарабастың сөздерін сыртынан келіп тыңдап алады да, қалмақ шонжа-
ып оның әкесіне тартқан сыншы екенін айтады.
бастың түр-тұлғасына қарап жоңғар шонжары да оны тегін бала емес
ған екен. Енді оның сол ойын күзетші шал расқа шығарып тұр.
ар тайшысы күзетші шалға Қарабасты алдырады. Қалмақ тайшысы:
қазақтың қай батырының баласысың?» — деп сұрапты. Қарабас:
— Толыбай сыншы ордабасының ұлымын» — деп тура жауап
пты. Қалмақтың шонжары оған тағы да: «Сен ат сынауды білесің
деп сауал қояды. Қазақ баласы:
ең ат сынауды білемін!» — деп жауап береді. Хонтайшы: «Менің жыл-
ының ішіндегі тәуір аттарды іріктеп, соның ішінде тұлпар бар ма екен,
!» — дейді.

Қарабас қалмақ тайшысының үш мың бес жүз жылқысын аралап, тәуір ат болуға жарайтын асауларды көрсетіп, жылқышыларға ұстатып үйретеді. Алайда бес жүздей жақсы аттың ішінде тұлпар жоғын Қарабас қалмақ шонжарына ашық айтады. Табылса құнын артығымен төлеп, сатып алмақ болып келісіп, қасына Қарабасты ертіп, бірнеше қалмақ байларының жылқыларын аралап, аттарды сынап көргенде тұлпар таба алмайды.

Содан олар ауылына қайтып келе жатса, бір өзеннің жағасындағы лашықты көреді. Ол бір қалмақ балықшы шалдың лашығы екен. Сол үйдің маңында екі жылқы жүргенін Қарабас алыстан көреді. Сыншы қазақ баласы: «Ана екі жылқыны көре кетейік» – деп, өтініш қылады. Екі жылқының бірі – торы ала бие, бірі – арық қара кер ат екен. Қарабас аттан түсе қап, биені де, атты да айнала жүріп қарап шығып: «Арықтығына қарамаңыз, қара кер бесті нағыз тұлпар болатын жылқы екен. Орнына жетектегі аттардан екі ат беріңіз де, осыны алыңыз. Ал, ана бие де жақсы екен. Бірақ ол тұлпар болатын құлын таппайды» – депті. Жоңғар тайшысы балықшы шал мен кемпірді шақырып алып, оларға екі күйлі ат беріп, арық қара кер бестіні алып кетіпті.

Ауылына бір күндік жер қалғанда олар тағы да өзен бойында отырған екі балықшыға кез болады. Сыншы Қарабастың айтуымен жоңғар тайшысы екі балықшыға екі-екіден төрт ат беріп, екі арық бесті жетелеп жүре беріпті.

Үйіне оралған соң, тайшыға Қарабас үш арық бесті атты күтуді өз міндетіне алатынын айтқан екен. Тайшы енді Қарабасты еркіндікте ұстайтын болыпты. Қазақ баласы үш арық бестіге жем-шөпті мөлшерлеп беріп, оларды жақсы бағады.

Аттарды баққанына бір жыл толғанда тұлпар торы атты сойғызыпты. Сонда торы аттың бел омыртқасының сүйегін сүйемдей жері қызыл-қоңыр болып, арқа сүйегінің басқа жері түгелдей ағарғанын көріпті. Қарабас: «Тұлпардың сүйегі түгелдей ағаруға әлі біраз уақыт бар екен!» – депті қалмақ тайшысына.

Арада тағы бір жыл өткен соң, Қарабас жоңғар тайшысына айтып, тұлпар емес көк атты сойғызыпты. Бала оның сүйегінің екі елі жері әлі ағармағанын байқаған екен.

Үшінші жылы күздің басында қазақ баласы қаракер тұлпарды мініп, әрі-бері жүріп, атты ылғи суытып, таң асырып қояды. Ол тұлпарды өзі баптап күту үшін жоңғар шонжарынан рұқсат сұрапты. Қалмақ тайшысы оның тілегін қабыл алыпты.

Қарабас әкесінің және басқа да атбегілердің сәйгүліктерді қалай таңдап, қалай баптағанына көзі қанық болып өскен жас екен. Ол соны іс жүзінде өзі де қолдану үшін үш жыл бағып, сүйегін ағартқан қаракер тұлпарды мініп, әуелі

қатты жүрмей, аз ғана шыға жүріп, үнемі суытып, таң асырып қойып екен. Ол тұлпарға жем ретінде тазаланған арпа, не сұлы және жалқыға ы қара шөп беріп отырыпты. Жемді қара керге шамалап, ретімен беріпті. яңдатып, кейде желіп, кейде шоқытып, кейде шауып жүріп, келгеннен иеге байлап, суытып, таң асырып, терін алған атқа жемді ел жата, түн ауа, таңға жақын беру керектігін Қарабас жақсы біледі екен. Тұлпарды жүрген ол үйқыны азайтып, сергек жүріпті. Талай таңды көзімен екен. Әдетте ол тұлпарды суытқан соң, отқа қоятын боптыпаған, не таң асырылып тері алынбаған жылқы семіз кезінде тез ынын, яғни қызыл май болатынын Қарабас біліпті. Түтқын қара кер ы күз, қыс бойы баптап, бәйгеге қосуға жаратыпты. Тұлпармен еліне ірмандаған Қарабас қалмақ тайшысының «таңдаған қызыңды әперем» амалсыз келісіп, қыз көруді кейінге қалдырыпты. Құдай оның көктен і жерден беріп, жаздың басында хонтайшының інісінің баласы келіншек болып, соның тойына зор дайындықпен баратын болыпты. Сонымен л тойда болатын ат жарысында Қарабас баптап, қыс бойы оқтаудай боп қаракер тұлпарды қосатын сәт туды. Атқа Қарабастың өзі мініп шабаған екен. Сондықтан ол тұлпардың кекілін түйіп, үкілеп, жалын тарап, ына шоқ тағыпты.

йдаушы жүйріктерді белгілі жерден жіберер алдында астындағы ерың үстіне екі басына орталап құм салынған қоржынды байлап, үстіне ып, аттардың артында кете барады. Бәйге аттарға мінген балалар тиісті кетіп конып, ат тынықтырып, өздері де дем алыпты. Ертеңіне ат жаісталған кезде де Қарабас қаракер тұлпардың екі бүйіріне құм салған ның екі басын теңдеп алып, сәйгүліктер қарасын үзгенше, артында келе ы. Бәйге аттардың алды ортасынан ауды-ау деген кезде тұлпардың екесі аздап терлей бастайды, көзі шырадай жанып, ілгері қарай шаба Сол шақта ол тізгінін тартып, ат басын тежеп, қоржынды ат үстінен алып жұлдыздай аққан тұлпардың көздерін жібек орамалмен сыпай сүртіп, нді іркіп үстап отырып, барлық жүйріктерді басып озыпты. «Қазақ! деп ұран салып, қарақшыдан өте шығып, ат басын тежеп, жоңғар тайқарап: «Бәйге сенікі, тұлпар менікі. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне, ош, аман болыңдар!» — депті. Дереу ат басын бұрып алып, жолға түсіп, ап!» ұран салып, ілгері қарай жөнеле беріпті. Былай шыға Қарабас ғы қаракер тұлпарға: «Жануар, қалмақ байына бәйге әпердің, енді мені н еліме жеткізерсің!» — деді де, бүйірі қызған тұлпармен еліне аттанып

Салқам Жәңгірдің орнына хан болған Шығай хан інісі Әз Тәукені әскери азамат етіп шығару үшін жас кезіннен үлкен әскербасы, батыр Қарабас Толыбай сыншыұлының (1633-1723) тәрбиесіне береді. Қарабас баһадүр жас Тәукені қолына алып жауынгерлікке тәрбиелейді. Тәуке онбасыдан түменбасыға дейінгі дәрежедегі әскери атақтарға ие болған уақыттарда қалмақ басқыншыларына қарсы соғыстарда әскер бастап жауларға талай рет соққы беріп, ерліктер көрсеткен екен. Тәуке өмірінің соңына дейін Қарабас баһадүрді ұстаз тұтып сыйлап өткен екен. Хан болғасын оны бас уәзір етіп сайлапты.

Қарабас тарханнан 7 бала: Асқап, Рүстем, Дәстем, Алдабек, Бүкпа, Қараша, Қаумен (Алтын әжеден).

Ордабасылары Қарабастың, Қожабергеннің қоғамдық қызметтері Әз Тәуке ханмен тығыз байланысты болғандықтан осы хан туралы айта кеткеннің артықшылығы болмас.

Үш жүздің соңғы ханы Әз Тәукенің (1645-1718) есімі оның «Жеті Жарғы» атты шығарған заңдары арқылы көпке мәлім. Бұл қазақ мемлкеттігінің бізге жеткен тұңғыш атазаңы еді. Тәуке қарапайым әрі көреген адам болыпты. Ол сол болжампаздығынан Әз Тәуке атаныпты. 1680-1718 жылдары, яғни отыз сегіз жыл хан болып, үш жүздің тұтастығын, елдің бірлігін сақтады. Ол өзінің бұрынғы хан болған ата-бабаларының, әкесі Салқам Жәңгір, Шығай хандардың жолдарын, дәстүрін мықты ұстап, соны әрі қарай дамытқан. Ол елдің ауыз бірлігін, ынтымағын сақтай білген әділ де тәуір хан болыпты. Өз Тәуке де өзінен бұрынғы хандар сияқты қазақ елінің шаруашылығын, діндарлығын өркендете түскен. Әз Тәуке тұсында қазақ хандығында егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, қол өнеркәсібі, шапшаң қарқынмен дамып, ислам діні ішінде нығая түсіпті. Сонымен қатар Әз Тәуке өз тұсында көрші елдермен татулықты сақтау үшін, сауда-саттық жасау үшін көптеген игілікті істер жүргізген. Әз Тәуке өз әскерін мылтықпен жабдықтау үшін Ресеймен одақтас болғысы келіп, оған елші жіберіп, зеңбірек және басқа қару-жарақ түрлерін, оқ-дәрі сұратып ала алмайды. Себебі, Ресей мұсылман мемлекеттерінің күшейгенін, тәуелсіздігін ұнатпаған. Керісінше жоңғар қалмақтарын оқ-дәрімен, мылтықтың түрлерімен қамтамасыз етіп отырған. Осы арқылы мұсылмандарды қырғынға ұшыратып, жер-суларына орыс дворяндарын қоныстандырып отырғаны да елге мәлім.

1719 жылы шілде айында Төле, Қазыбек, Әйтеке, Әнет билер мен қолбасы – жырау Қожаберген, Бөгенбай, Жәнібек, Хангелді батырлардың ұйымдастырумен үш жүздің игі жақсылары Әз Тәуке ханға арнап құран оқытып, үлкен ас беріпті. Асты қарт би Әнет бабаның ұсынысы бойынша Асқап баһадүр Қарабас Тарханұлы (1673-1769) басқарыпты. Асқап басқарған ас өте жақсы

Қайып Әз Тәукеұлы қатты риза болғанмен, сол төре әулетінен шыққан ы Жолбарыс, Әбілхайыр басқа төрелер күншілдік жасапты. Қазақ билері 1720 жылы жаздың басында ханның бір баласын хан етіп сайлау үшін й өткізбек болып келісіпті. Үш жүзді басқаратын болашақ ханға Қайып ық екені жұртқа сол аста-ақ мәлім болыпты. Осы ас туралы Дәстем сал ұлының «Әз Тәуке хан» атты тарихи дастанынан үзінді келтірейік:

Тағдырың жазуымен дәмі бітіп.
Жетпіс үш мүшелінде ажал жетті,
Тұп-тұтас үш жүзімен соңғы ханы —
Фәниден бақи жайға Тәуке кетті.

Ханның қырқы болғанда Қазыбек, Төле,
Әйтеке, Қожаберген мәжіліс құрып,
«Келер жаз ханның асы болады», — деді,
Әлеумет мақұлдады құлақ түріп.

Үш жүздің бектеріне хат жолданып,
Осылай ас уақыты белгіленді.
Қазақтың уақытша ханы болып
Жиында Қайып сұлтан әйгіленді.

* * *

Салтанатпен Тәукенің асы өтті,
Ас басқарған Асқап та еді епті.
Қожаберген, Әнет пен Ер Бөгенбай,
Үш би менен Асқапқа жәрдемдесті.

Осылайша Тәукенің жабдығы өтті,
Хан болуды Қайып ер арман етті.
Хан сайлауы боларын күткен ерге
Ақ аулап жүргенінде қаза жетті.

Тәукенің басқа уәзірі жігерсіз боп,
Хандықтың бөлшектенер шағы жетті.
Би мен бек, төре, шонжар келісе алмай,
Дәурені үш жүзімен өтіп кетті.

Осыны сыртқы жаулар пайдаланып,
Бақыт құс қазағымнан ұшып кетті.

Қарабас тарханның үшінші баласы Дәстем сал 1677 жылы туып, 1752 жылы қайтыс болған екен. Ол да Қожаберген жырау тұған Гүлтөбеде дүниеге келген, көп қисса-дастан, өлеңдер шығарған ірі ақын, әскербасы — батыр адам болыпты. Дәстем салдың бізге жеткен ірі шығармасының бірі — «Дәстемнама» деген тарихи жыр.

Асқап батырдан 2 бала: Көшек, Марқаш. Көшек сардардан 12 бала: Сүгірбай, Кәдірбай, Сәдірбай, Қалан, Қамбар, Жанкісі, Байкісі, Шақшақ, Әбдіқадыр, Әбдікәрім, Тілеулі, Сартай (1750-1821). Шақшақ биден 16 бала: Әйтемір, Байтемір, Ертемір, Міртемір, Жантемір, Өстемір, Шынтемір, Шыттемір, Битемір, Бектемір (Сексен қажы атанып кеткен), Баһрам, Бауыржан, Есенжан, Қайыржан,Шағырай сал, Жанат сері.

Баһрам батырдан 7 бала: Көрпеш, Нәупіл, Сүйір, Сүйін, Сейіткерей, Мұхаммедханафия (Сегіз Сері), Қуаныш. Сегіз сері Баһрамұлы шежіресін осы арадан үзіп, Қожаберген жырау шежіресін жалғастырайық.

Толыбай сыншының ең кенже баласы Қожаберген жыраудың өмірі жайлы баспа беттерінде аз жазылып жүрген жоқ деуге болады. Шаймұрат Смағұлов, Қосыл Омаров, Қаратай Биғожиндердің «Солтүстік Қазақстан» газетінде Қожаберген жырау жайлы әр кезде жазылған мақалалары басылып шықты. Белгілі жазушы Н. Әбуталиев 1995 жылы «Жеті жарғы» баспасынан «Ордабасы Қожаберген» атты монография жазды.

Бір жақсысы, Қожаберген жыраудың өмірдеректері ешқандай дау туғызбайды. Өйткені шежірелерінен бастап өз өмірін өзі жазып кеткен адам. Әсіресе, «Елім-ай» дастанының мазмұны өзінің өмір жолы желісімен жазылған. Әкесі жайында:

«Толыбай сыншы кенжесі ем Қожаберген.
Бата алғам Әнет пенен Әз Тәукеден», —

десе, анасы жайында:

«Анамның шыққан заты сұйіндіктен
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен», —

дейді. Оқуы жайында:

«Самарқанд, Бұхарадан білім алғам,
Өнерге құштар болып жас шағымнан.

Атанып зерек шәкірт қатарында.
Үргеніш медресесін тәмамдағам», —

н арғы өмірбаянын өз сөзімен айтсақ:

Адам деп өз бойына өнер жиған,
Ел-жұртым деп атайды мені имам.
Жорыққа он жетімнен араласып,
Болғам жоқ молда, софы, қожа, ишан.

* * *

Тіліне араб-парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жұрдім қазағыма қызмет етіп, —

іберген жырау өмірі жайлы одан әрі:

Жорықта 45 жыл ғұмырым өтті.
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға душар етті,
Болмаса ақсақалдық кезім жетті.

* * *

Жасынан ер жүрегі шерге толған,
Халқына қартайғанда қорған болған,
Қиналып қысылғанда жыр шығарған
Керейде Қожаберген бабаң болам. —

іберген бабамыздан қалған әдеби мұра көптеп саналады. «Елім-ай», л», «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қорқыт Асан ата» сияқты дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», к», т.б. толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Шоңғал, шоңғал, ас», «Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың ы» өлеңдері, «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», » сияқты күйлері бар. Бұл біздерге белгілі ғана. Қожаберген мұраларын , зерттеу — болашақтың міндеті.

Қожаберген жыраудан 17 бала: Әли, Әди, Әсет, Есет, Әбет, Мәди, Нәби, Науан, Бекет, Ақыл, Ноғай, Мамай, Бағыда, Сағынбек, Бектеміс, Тоқтамыс, Балқан (бәрі де Айша бәйбішеден туған). Осы 17 баласынан көпшілігі қазақ — қалмақ соғысында шәйіт болды. Бізге мәлімі ең кенже ұлы Балқаннан ғана үрпақ бар. Балқан батырдың сегізінші үрпағы — Қаражігіт үш баласымен бірге Ресейге қарасты Қорған облысының Макушин ауданында тұрады. Қаражігіт 1929 жылы туған кісі екен.

Қожаберген жырау «Баба тіл» дастанында өзінің шежіресі жайлы былай дейді:

Біздің жайды сұрасақ,
Қызылжар өңірі — мекенім.
Мұсылманға белгілі
Менің де кім екенім.
Орта жүз керей ішінде,
Ашамайлы деген елінде,
Ақылына сай боп күші де.
Көсем болған кезінде
Ер Фархадтың баласы
Танаш биден жаралдық.
Мекендеп Батыс Сібірді,
Қалың ел боп таралдық.
Танаштың ұғылы Көшебе —
Біздің арғы бабамыз.
Өсіп-өндік сол ерден,
Кемімес бедел бағамыз.
Көшебенің тұңғышы
Жауынгер бабам ер болған,
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген,
Үлкен Көшебе керейде
Қамалын бұзып көпірдің,
Бөленген ерлік мерейге.
Толыбай сыншы ұлымын
Тұлпар мініп, ту алған.
Тыныштық кезең болғанда
Мағына айтқан құраннан.

1995 ж.

ҰЛЫ БАБАНЫҢ БЕЙНЕСІ

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

жылдың күзіне таман дауылпаз жырау Қожаберген Толыбай сынының туғанына екі жылдан соң 340 жыл толуы әңгіме арқауына айнала . Облыстық әкімдік ұйытқы болып, бірқатар ауқымды шаралардың жоекітілді. Академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан ттік университетінде ғылыми-теориялық конференция өткізу, ақындар ысына конкурс жариялау шаралары қарастырылды. Осындай қомақты а батыр, жыраудың портретін салу енгізіліп, маңызын кемітпеу үшін онкурс жарияланды. Бұл іріктеуге өзіміздің өніріміздің ғана емес, көрші удың қылқалам шеберлерін де қатыстыру ұйғарылды.

кылдары нағыз ұлтшыл азамат Қуат Есімханов облыс әкімінің орынболып қызмет істейтін. Міне, осы басшының тікелей ұйымдастыруымқабат атқарылып жатқан көкжиегі кең істердің бірі Қожабергеннің ін салу болатын. Соған қоса, газет, теледидар журналистері таплып, батыр баба туралы мақалалар жазуға, бейнефильмдер түсіруге етті.

гі күннен он жыл бұрын өткен сол оқиғалар енді есіме түсіп отыр. н шаралардың басы-қасында болған, облыстық әкімдіктің әлеуметтікбөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған, бүгінде зейнеткер Раиса заны әңгімеге тарттым.

, бұл орайда көп ізденіп, жырау өміріне қатысы бар деректерді мұқият ыруға атсалыстым, – деді Раиса Орынбасарқызы. – XVII ғасырдың

ортасынан ауа туып, жүз жыл ғұмыр кешкен адамның өмірдеректерін, атқарған істерін, жазған жыр-дастандарын, атақты «Елім-айын» қаз-қалпында қайта оралту оңай болмады. Бірақ іздендік, біраз деректерді таптық.

Осы мақсатпен ол және облыс әкімінің баспасөз хатшысы Галина Халетова жандарына оператор алып, Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылына барады. Осында Қожаберген әулетінің келіні болып табылатын бір кейуанамен кездесіп, Галина Михайловна «Елім-ай» атты деректі суреттеме жасайды. Алайда, түр-түсін бейнелейтін ешбір дәйек жоқтығы қинайды. Жаңағы қарт ана айтқан «Сегіз сері Қожабергенге ұқсайды екен деген әңгімелер құлағыма шалынушы еді» деген сөздерден өзге ешбір ілгек болмайды. Сегіз серінің өзінің де суреті болмаған соң, Қожабергеннің портретін салуға бел шешіп шығатын суретшіні табу да қиын еді.

– Сол кездері марқұм Қосыл Омаров «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымын, мен қалалық бөлімшесін басқарған едік. Бір күні бізді өзге бір топ ақсақалдармен бірге Қуат Есімханов қабылдауға шақырды. Әңгіменің арқауы – жыраудың портретін салған суретшілердің туындыларын талқылап, сыннан өткізу. Онға тарта суретші жиналыпты. Екеуі – Көкшетаудан, қалғандары – өз қаламыздан. Карт тілші, сурет өнеріне де қабілеті бар Ожан Кали, бүгінде С. Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрында бас суретші болып істейтін Ғалия Қожахметова, қалалық классикалық гимназияның сурет пәнінің мұғалімі Мәдениет Шоқаев және өңірімізге танымал өзге де қылқалам шеберлері келіпті.

Талқылауға қатысқан азаматтардың бәрі әрі батыр, әрі жырау, Әз Тәуке ханның тұсында қазақ жасақтарын басқарған ордабасының сырт кейпі жөнінде ой-пікірлерін ортаға салып, оның жүзі қайырымды, бірақ сонымен қат-қабат қайсар, рухты болуы керектігін айтқанымен, келбетіне келгенде мүдіре берді. Суретшілердің салған портреттері көңілден шықпады.

Солардың ішінен ең беделдісі әрі шебері Анатолий Бургаевты Қуат Есімханұлы оңаша алып қалып, біраз сөйлесті. Біз сыртта тұрдық. Біраздан соң Бургаев екеуміз оның К. Сүтішев көшесіндегі шеберханасына келдік. Суретші жол бойы үн-түнсіз еді, келгеннен кейін қинала сөйлеп, тұйыққа тірелгенін жасырмай айтты. Оның менімен бүкпесіз әңгімелесуіне мұның алдында суретшінің республикалық көрмеге ұсынған ұлттық нақыштағы портреттеріне, кескіндемелеріне бір-бір шумақтан өлең жазып бергенім себеп болған шығар. Ол сөйтіп мені шығармашылық ынтымаққа тартқан еді.

– Сіз маған көмектессеңіз қайтеді, бұл қазақтың ұлттық нақышы ғой. Жаңа

імханұлы Қожаберген жыраудың біздің өніріміз ғана емес, барша анның ұлы тұлғасы, Тәуелсіздіктің ту ұстаушысы екенін зердеме құйып л бұл портрет тарихи туынды болып қалатындай салынуы керек деп — деді Анатолий Николаевич.

жылы отыз бір жасында ССРО Суретшілер одағының мүшесі болған, н астам көрмесі ұйымдастырылған оның шеберлігіне шәк келтіруге бол- Бірақ өте абыржып жүргенін анық аңғардым. Бірде ол телефон шалып, өтінген соң бардым.

қыт таяп қалды. Мен ең алдымен өзіне көрсетейін деп едім. Бірнеше нобайы салынды. Бірақ көңілімнен шықпайды. Бір кемдігі бар сияқты да тұрады. Мен кеше бір кітап оқып едім. Сонда бір суретшінің араға жылдар түсіп кеткен адамның суретін кейінгі ұрпақтарына қарап салғанын оқыдым. Адамның тегі ұрпақтарында сақталады екен. Раиса Орынбасарқызы Қожабергеннің Ұлы Отан соғысына қатысқан ының бірінің суретін ұсынып еді. Жүзінен қайсарлылығы аңғарылады. ртайған шағындағы суреті болған соң оншалықты кәдеге асыра алма- деді.

з жыраудың тегін, руластарын айтып тұрсыз ғой.

!

лай болса, менде Қожабергенмен аталас көшебе керейдің ағайынды екі суреттері бар. Соларды әкеліп берейін. Мүмкін пайдаланарсыз, — дедім. уанып кетті. Ертеңіне мен әлгі ағайынды екі жігіттің өзімде сақтаулы ін беріп кеттім.

а біраз уақыт өткенде Анатолий Николаевич қазіргі Достық үйіндегі қ «Қазақ тілі» қоғамы орналасқан кабинетке келіп, салған портретін Әбдірахманұлы екеумізге көрсетті. Қожаберген жыраудың бүгінгі — сол сурет.

кең екеуі Қуат Есімхановқа кетті. Одан соң облыс әкімі Қажымұрат ов портретті құптап, оған Анатолий Бургаевтың авторлығын бекіту н тапсырыпты.

дан көп ұзамай Қуат Есімханұлы портреттің көшірмесін талқылап, шін Ұлттық ғылым академиясына және Суретшілер одағына жіберді. кейін академиядан шақырту келді. Бекітуге оның өзі барып, маған қ құқық берілді, — деді Анатолий Бургаев.

жылы университетте өткен конференцияда және жыраудың 340 мерейтойы тойланған күндері Жамбыл ауданында Анатолий Бурга-


ев салған портрет асқақтап тұрды. Бүгінде Қожаберген портретінің Анатолий Бургаев салған негізгі нұсқасы облыстық бейнелеу өнері мұражайының қорында сақтаулы.

Сөз соңында айтарым, әйгілі суретшіміз салған портретті Қазақстан Республикасының Суретшілер одағы және Ұлттық ғылым академиясы авторлық құқық беріп, құптағандықтан кейін оны соған сай бағалау керек. Өкінішке қарай, кейбір оқу орындарында, мекемелерде Қожабергенді өздерінше кейіптеген, көркемдік деңгейі сын көтермейтін суреттер де кездесіп жүр.

«Солтүстік Қазақстан» газеті,
19 маусым 2013 ж.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Кожаберген жырау — Ұлы Дала дауысы



«Қожаберген жырау – Ұлы Дала дауысы» (Алматы) және Ел тұтастығы үшін күрескен қаһарман тұлға – Қожаберген жырау» стана) республикалық ғылыми-практикалық конференцияларының материалдары

ЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ТОЛЫБАЙҰЛЫНЫҢ ҒАНЫНА 350 ЖЫЛ ТОЛУЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

зақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №1678
сы

Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Респу-сы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі №1465 қаулысына сәйкес стан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қоса беріліп отырған Қожаберген жырау Толыбайұлының туғанына 350 олуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

«2012-2014 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтой-ен атаулы күндердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-стрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 3-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен тыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген 2012-2014 жылдары республикалық іде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесінде:

реттік нөмірі 9-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі»;

реттік нөмірі 10-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, БҒМ, барлық облыстардың, Астана, Алматы қалаларының рі»;

реттік нөмірі 11-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Қарағанды облысының әкімі»;

реттік нөмірі 12-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, Павлодар облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша)»;

– реттік нөмірі 13-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, Алматы, Қарағанды облыстарының, Астана, Алматы қалаларының әкімдері»;

– мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-1-жолмен толықтырылсын:

13-1	Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, БҒМ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі	2013 жыл

– реттік нөмірі 14-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, СДШІА, Ақмола, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері»;

– реттік нөмірі 15-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, БҒМ, Алматы қаласының әкімі»;

– реттік нөмірі 16-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, БҒМ, Павлодар облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша)»;

– реттік нөмірі 17-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, Қарағанды, Павлодар облыстарының, Астана, Алматы қалаларының әкімдері»;

– реттік нөмірі 18-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, Алматы қаласының әкімі»;

– реттік нөмірі 19-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

– «МАМ, Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша)».

Ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуы: мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

СДШІА – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі»

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі С. АХМЕТОВ

ҰЛЫ ДАЛА ДАУЫЛПАЗЫ

Қожаберген жырау – Ұлы Дала дауысы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциядан)

ы қаласында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, з атындағы Әдебиет және өнер институттары мен «Жеті Жарғы» және ен жырау» халықаралық қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен ырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әйгілі қаһарманы – жырау, күйші, батыр һәм қолбасшы Қожаберген лының 350 жылдық мерейтойына арналған «Қожаберген жырау – дауысы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. райда, Үкімет қаулысымен ұлттық мәдениет пен ғылымның аса өкілдерінің бірі ретінде 2012-2014 жылдардағы республикалық талып өтілетін мерейтойлар мен тарихи даталар тізіміне есімі енгізілген ен Толыбайұлы кім деген сауалды тағы бір саралап көрсек деймін.

хандығының құрылуы мен оның дербес мемлекет ретінде алысқа қынға сұс болып қалыптасуына өлшеусіз зор үлес қосқан данагөй о мен баһадүр оғыландар, абыз би-шешендер мен көреген көсемдердің Қожаберген Толыбайұлы да бар. Ол қазақ елінің алғашқы заңдық ының бірі «Жеті Жарғыны» жүйелеген Әз Тәукенің үзеңгілес жол-сүңгіні көлденең ұстап елге пана болған Бөгенбай батырдың ұстазы, ақылманы, қазақтың қара қылды қақ жарған әділ билеушісі Хан ің замандасы және кеңесшісі болған тарихи тұлға.

ына сан түрлі қасиет тұнған Қожаберген Толыбайұлы – ақын, батыр, лбасшы және мемлекет қайраткері. Соңында өшпес өнеге, мол мұра елдікті жырлаған ол Еділ өңірі түріктерінің, Батыс және Шығыс ғының, әрісі Еуразия, берісі Орта Азия халықтарының мәдени және лігі жолында аталы істің басында жүрген дала перзенті, адамзатты ерекелі өмірге шақырушы һәм ізгілікті үндеуші халық үні.

ерген Толыбайұлының шығармашылығы кезінде аз зерттеліп, терең ғені жасырын емес. Егер ел болып есімізді жимасақ, текті бабалар сімен аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізбесек, бәлкім, бұл бабамыз да іп, көңілден көшер ме еді?! Тәуба! Ұлан-ғайыр жерді аманаттап, ұлы

істерді атқарып кеткен батыр, би, шешен, қайраткер бабаларымыздың өнегесі мен өрелі ісі, қилы заманда қиянат көрген әрбір тыныс-тіршілігі тиянақты зерттеліп келеді.

Қазақтың абыз ақыны, ойшыл ғалымы Мәшһүр Жүсіп Көпеев кезінде өзінің «Данышпан» деп аталатын дастанында Қожаберген Толыбайұлының атын алғаш рет Алаш баласына таныс қылып, ұлы жырау туралы құнды деректі үзілген жіпті жалғағандай етіп кейінгі ойлы ұрпаққа табыстап кетті. Одан кейін халық ағартушысы, қазақтың тағы бір дана ұлы Ыбырай Алтынсарин Қожаберген Толыбайұлының кейбір өлең толғаулары мен әйгілі «Елім-ай» дастанының үзіндісін жинақтап, 1879 жылы Орынборда жарық көрген «Қазақ христоматиясына» енгізді. Ұлт үшін ұлы соқпаққа түскен Қожаберген жырау туралы әр заманда өзіндік үн қосқан қазақтың дуалы ауыз дауылпаздары жайлы деректер де табыла бастады. Мәселен, өз дәуірінің дүлдүлі болып, өз заманына үн қосқан Дәстем сал Қарабасұлы (1677-1752), Жанкісі жырау Көшенұлы (1734-1817), Баһрам Шақшақұлы (1779-1826) секілді тарихи тұлғалардың Қожаберген жырау туралы орнықты ой айтып, оның шығармашылығын тілге тиек еткендігі белгілі болды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Шәңгерей Бөкеев (1847-1920), Сұлтанмахмұт Торайғыров (1889-1921) сияқты көзі ашық, көкірегі ояу ұлдардың ұлы жырау туралы зерттеу ісімен шұғылданғанын анықтадық. Одан беріде Ермұхан Бекмұханов, Әлкей Марғұлан, Ақай Нүсіпбеков, Бауыржан Момышұлы өз кезегінде Қожаберген жырау туралы өздері қанық мәліметтерді жазып қалдырған.

Бүгінгі күннің белді де беделді ғалымдары да Қожаберген Толыбайұлы туралы талмай зерттеп, тарихтың қойнауында қалып бара жатқан тың деректермен қожабергентану ғылымын толықтырып келеді. Жыраудың жан-дүниесі мен ол өмір сүрген заманның сипатын айқындап, бүгінге дейін қолға түскен деректерді шып-шырғасын шашау шығармай өз баяндамасына енгізген көрнекті ғалым Манаш Қозыбаев десек, әсте қателеспейміз. Ол кісінің 2000 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Қызылжар топырағында өткен «Қожаберген жырау Толыбай сыншыұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясында алатын орны» атты ғылыми-теориялық конференцияда жасаған баяндамасы қыртысы қалың көп деректен сыр шертеді. Манаш Қабашұлы өзінің құнды деректерге толы баяндамасында «Қазақ мәдениетінің ірі қайраткерлері Ы. Алтынсарин, Сегіз сері, М.Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ш. Бөкеев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Б. Майлин, І. Омаров, М. Жолдыбаевтарды қызықтырған Қожаберген Толыбайұлының мұрасын игеру – заман талабы» деп орынды нұсқайды.

аберген бабамыздан қалған рухани мұраның шексіз екендігінде дау жоқ. алқының қабырғасы қайысқан заманда мұның тарқатқан «Елім-ай» өбе, «Күлдірмамай», «Қойлыбай көреген», «Қарасары Балта керей», абыз», «Баба тіл» дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», к» сияқты толғаулары мен «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ йдың қоштасуы» секілді өлеңдері, «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», мамай», «Шұбырынды», «Сұлама» күйлері, осының бәрі қатпар-қатпар ң қойнауынан құнды деректі суырып алуға сұранып тұрған қазына. ыртында жеті бөлімнен, 3683 шумақ, 14 732 жолдан тұратын «Елім- аны бірнеше ұрпақтың ғалымдары түгесе алмай кеткен құнды жәдігер, лған қазыналы қойма. Осының бәрі – кешеден бүгінге жалғасып келе гарих, терендеген сайын қазақтың тектілігін паш ететін зерттеу.

сөзіміздің басында айтып кеткен Ғылым ордасында өткен Қожаберген ға арналған ғылыми-тәжірибелік конференция туралы, оған қатысқан р мен қозғалған тақырып, ескерілген ұсыныстар жөнінде айта кетейік.

мыш конференцияда қозғалған әңгімеге қазақ халқының біртуар ұлы, тарихи тұлға және жаугершілік кезеңінің өкілі, өзінің ақындық шы- лығымен көшпелі қоғамның әлеуметтік идеологиясын құруға ықпал ет- каберген Толыбайұлының өмірі мен қызметі арқау болды. Ғылыми жи- зақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Серік в, тарих ғылымдарының докторы, генерал Абай Тасболатов «Дауыл- – Қожаберген», тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді в «Қожаберген жырау және тарихи таным», әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор айыр Мұтанов «Ұлттық рух ұрангері Қожаберген жырау», философия рының докторы, профессор Амангелді Айталы «Елім-ай» дастаны – идеяның мәңгілік арқауы», профессор Өмірзақ Айтбай «Баба тілі ту- лғаныс», Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов, тарих рының докторы, профессор Аманжол Күзембай, заң ғылымдарының , профессор, ҚР ҰҒА академигі Сұлтан Сартаев «Қожаберген жырау ың құқықтық көзқарасы», әскери ғылымдардың докторы, есімі елімізге таныс Қарулы Күштер ардагері Ким Серікбаев, ҚР еңбек сіңірген рі, заң ғылымдарының докторы Бекет Тұрғараев «Қожаберген жыра- қтау – ұрпақтың парызы» атты баяндамалар жасап, тарихи тұлғаның аша түсетін деректерді ортаға салды.

ференцияда сөз алған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, заң рының кандидаты Сабыр Қасымов ел тәуелсіздігімен бірге түрік тілдес

халықтардың бірлігіне, құндылықтарының сақталып, баюына қызмет еткен Қожаберген дәуірі басталды деген ойды дәйектеді.

Бұдан өзге тарих ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Еженханұлы «Цин патшалық қытай-мәнжу жазбаларындағы Қожаберген», филология ғылымдарының кандидаты Ақеділ Тойшанұлы «Қожаберген Толыбайұлының жаңадан табылған мұралары жөнінде», филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақжігіт Әлібекұлы «Қожаберген Толыбайұлы: тарихи шындық, көркемдік шешім, ғылыми сараптама», Пекиндегі Орталық ұлттар университетінің оқытушысы Нұрбақан Қалелханұлы «Ғұндардың «Янжи жыры» және Қожаберген жырау», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты Джабархил Хошал «Кожаберген жырау и Хошалхан Хатак: тема идентичности в поэзии Востока, 17-18 вв.» атты ағылшын тіліндегі зерттеулерін көпшілік назарына ұсынды. Тақырыпты талқылауға елуге тарта ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысқан жиынның кейбір баяндамалары мен ғылыми зерттеулерін ғана атап отырмыз. Ниетіміз – ел ішінде елеусіз қалған есті сөз, құнды дерек болса осы тақырыптар қозғау салып, бағыт сілтер дегеніміз.

Ғылыми-тәжірибелік конференция аясында жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі, XVIII ғасырдағы жекелеген тарихи тұлғалардың қызметі, халық ауыз әдебиетіндегі ұлттық қаһарман батырлардың бейнесі мен сол кезеңде өткен саяси үдерістерді қамтитын сауалдар кеңінен талқыланды. Конференцияда қамтылған зерттеу тақырыптардың әртүрлі қырларын зерделей отырып қатысушылар Қазақстанның жаңа заман тарихындағы батыр, қолбасшы, жырау Қожаберген Толыбайұлының рөлі мен орнын одан әрі бағамдау, жыраудың ақындық шығармашылығы мен қызметін толық әрі кеңінен суреттейтін тарихи деректерді іздеу және анықтау, ел тарихында әртүрлі себептермен тиісті дәрежеде көрініс таппай жатқан халықтық жыраулардың қызметі мен шығармашылығын, өмірі мен замандастары туралы кешенді зерттеу ісін ұйымдастыру, қазақ даласындағы қоғамдық дамуға үлкен ықпал еткен көрнекті тарихи тұлғаларды мәңгі есте сақтау, олардың идеяларын өзекті ету, рухани және материалдық мұраларын зерттеу, отандық және шетелдік қоғамдастықтардың назарын аударту, зерттеушілерге қолжетімді құжаттық және бейнелеу деректердің кеңеюіне ықпал етіп, тарихи тақырыпқа сәйкес ғылыми және ғылыми-көпшілік жұмыстарды жариялау, Қожаберген Толыбайұлының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Петропавлдағы әскери училищені оның атымен атау, батыр бабаға Астана қаласында ескерткіш орнату, артына қалдырған мол мұрасын жинақтап, кітаптар шығару секілді мәні зор мәселелерді қамтитын қарар қабылдады.

ғайпа елдің бағына бітетін қасиеттерді бір басына қондырған Қожаберген йұлы туралы зерттеу ісі әлі де жалғаса берері хақ. Ол туралы толымды мақалалар отандық баспасөз беттерінде өз оқырмандарына жол таба-ады. Қолдағы деректер мен жүргізіліп отырған ізденістерге қарап біз ргентанудың ғылым санатында бір саты жоғарылағанын, аса маңызды асап, халыққа етене жақындағанына куә болдық. Сөз соңында мысқалдап маңызды мәліметтерді ғылымның сөресінде қалдырмай, жас ұрпақты ту құралы ретінде қолданысқа енгізу міндетінің тұрғанын да ескерген есептейміз.

Қанат ЕСКЕНДІР
«Егемен Қазақстан» газеті,
5 наурыз 2013 ж.

«ЕЛІМ-АЙ» ДЕП ӨТКЕН ЕСІЛ ЕР

і тұтастығы үшін күрескен қаһарман тұлға — Қожаберген жырау» республикалық ғылыми-практикалық конференциясынан)

еттің қаулысына сәйкес Қожаберген Толыбайұлының 350 жылдығы аталып өтуде. Батыр бабамыздың мерейтойына арналған ғылыми-елік конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық уни-інің бас ғимаратында өтті.

ференцияға еліміздің барлық өңірлерінен билік пен қоғамдық ұйым қатысты. Қазақ рухының көтеріліп, жоғының түгелдене түсуіне ілкім ететін үлкен жиынға Алматыдан академиктер Сұлтан Сартаев, Серік в, Әлия Бейсенова, белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметов, Се-жазушы Медеу Сәрсеке мен ғалым Болатбек Нәсенов, Ақтөбеден ор Амангелді Айталы, Қостанайдан тарихшы Аманжол Күзембайұлы лт жанашырлары жетіп, алқалы жиын маңызын арттыра түсті.

еттің қаулысымен биыл Қожаберген бабамыздың 350 жылдық мерей-тап өту белгіленген болатын. Аталмыш жиын сол қаулының шеңберінде рған мәдени шара болып отыр. Аталмыш университеттен академик Сейіт

Қасқабасов бастаған барлық әдебиетші, тарихшы ғалымдар жиынға қатысып отырды. Конференцияны ашқан білім ордасының проректоры, белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы шараға 239 ғылым докторы мен кандидаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, Парламент депутаттары, Конституциялық Кеңес пен Жоғары соттың мүшелері қатысып отырғанын жеткізе отырып, Қожаберген Толыбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы ой толғады.

Қожаберген жыраудың өмірі мен тағдырын білуге деген қызығушылықтың осынша үлкен болу себебі неде? Бүгінгі таңда оны білудің қаншалықты маңызы бар деген сұрақтар туады. Оған конференцияда сөйлеген ғалымдар толығымен жауап бергендей болды. Қазақтың қойнауы құтты, даласы сүтті, дүние жүзінде тоғызыншы орын алатын алып аумағы бүгінгі ұрпаққа көктен түскен жоқ. Ол осы Қожаберген жырау сияқты бабаларымыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен әр қыры мен өріне, төскейі мен беткейіне, көлі мен шөліне қанын төгіп қорғап, ұрпаққа мұраға қалдырған жері. Сондықтан да оның әрбір түп көдесі мен бұтасына дейін қазақ үшін қымбатты, қасиетті. Сайын далада қазақ секілді көшпелі өмір сүрген халықтар аз болған жоқ. Жаугершілігімен, басқыншылығымен аты шығып, тіпті «көшпенділердің империясы» деген атаққа жеткендері де болды. Солардың кейбірі тіпті тарих сахнасынан өшіп, жер бетінен жойылып та кетті. XVIII ғасырда қысқа күнде қырық шауып, бейбіт жатқан қазақты қыра беруді ғана білген жоңғарлардың бүгін жер атауларынан басқа ізі де жоқ. Ал қазақ жол бастаған көсемдері, қол бастаған батырлары, сөз бастаған шешендерінің арқасында ұйысып аман қалды. Алып территориясын да шашыратпай, ұрпағына бүтін жеткізді. Тарих ғылымдарының докторы, генерал Абай Тасболатов әскери академияда оқып жүрген кезін еске алып, онда әріптесі, армян генералының өзіне қатты қызығып, «қарашы, картада біздің жерге «Армения» деген атауды да сыйғыза алмайсың, ал сіздер құлашты кең тастап, «Қазақстан» деп еркін жаза аласыздар. Қандай бақыттысыздар» дегенін айтты. «Сонда мен осынша алып жерді бізге мұраға қалдырған бабаларымызға қатты ырза болып, олардың рухына бас июші едім. Есімдерін білмекке құштар едім, бірақ бізге ешкім оларды айтқан жоқ, тек Суворов, Кутузов дегендерді ғана оқыта берді. Тек тәуелсіздіктің арқасында ғана біз олармен танысуға мүмкіндік алдық», – деді генерал.

Елі мен жерін сыртқы жаудан қорғап, қол бастаған, ұлан-ғайыр аумақта жатқан қандастарын жауға қарсы бірігуге шақырып, сөз бастаған ерен ерлердің бірі Қожаберген Толыбайұлы болған соң да оны білмекке, тереңірек танымаққа деген қызығушылық бүгінгі күнгі басы азат, жаны таза өскелең ұрпақта орасан болып отыр. Бұл азат елдегі патриоттық сезімнің жалындай шалқуының бір көрінісі болса керек.

ұзақ жылдар бойы өзге елдің мүддесін көздейтін идеологиялық күр-
ольп келдік. Қаншама рухани қазыналарымызды талақ етіп, олардан
е мәжбүр болдық. Елім деп еңіреген ерлеріміздің түсін түстеу түгілі
гаудан да қорықтық. Академик Серік Қирабаев өзінің сөзінде қаншама
ыз бен күйлеріміздің авторын атаудан қашып, «халық әндері» деп
мізді айтты. Көп уақытқа дейін «Батырлар жырларынан» «тоқсан үйлі
ын» асыраған Қамбар батырды ғана алып, қалғанының бәрінен байдың ба-
деп бас тартқанымызды күйіне жеткізді. «Сөйтіп, біз өзіміздің қаншама
қазынамыздан бас тартып, көз жазып қалдық. Ал бүгінгі күні олар ашы-
тса, жаңадан көрініп жатса, жатырқап, ондай адам жоқ еді ғой, қайдан
і деп үрке қарайтын халге жеттік», – деді ол.

күнгідегідей конференцияда түрлі мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың,
ішінде Білім және ғылым, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің,
ғылым академиясының, Ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің, Жа-
ір одағының, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдерінің де
гаулары оқылды.

жаберген жырау – қайраткер, қолбасшы» деген тақырыптағы негізгі
аны тарих ғылымдарының докторы, Мемлекет тарихы институтының
ры Бүркітбай Аяған жасады. Ол Қожаберген жырауға байланысты
і-зерттеулердің жалғаса беруі қажеттігіне тоқталды. «Ұлттың намыс
ы» деген тақырыпта сөйлеген қоғам және мемлекет қайраткері, ақын
ек Салықов Қожаберген жырау шығармаларының үлгісіне тоқталды.

убликалық ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің төрағасы, тарих
арының докторы Өмірзақ Озғанбаев Қожаберген өмірінен бүгінгі ұр-
ғибрат алар тұстарын көбірек айтты.

ім-ай» дастаны ұлттық идеяның арқауы болатыны туралы сөз қозғаған
сор Амангелді Айталы бүгінгі күннің проблемасынан биіктеп, ұлттың
ғы туралы әңгімелер қозғады. Қай күнде елдік ірі істер туралы толғайтын
ф бұл жолы да өзінің ұстанған жолынан айнымай, ұлт болашағының
проблемаларын Қожаберген жыраудың өмірі мен шығармашылығына
стыра өрбітті.

ғылымдарының докторы Томас Айтмұхамбетов Қожаберген жыраудың
ымен жазылған «Жеті Жарғының» тарихы мен маңызы жайлы әңгіме
Ал профессор Мекемтас Мырзахметов «Елім-ай» дастанының саяси
н ашуға тырысты. Қырық тоғыз түркі халықтарының қырық жетісін
алып, көбін жұтылдырып жіберген орыс империясы мен Совет Одағы
иясының зардабын айта отырып, Қожаберген жырау жырларындағы
шылықты әшкерелейтін тұстарды тереңірек таратты.

Конференцияда Қытай Халық Республикасынан келген қандасымыз, қарымды қаламгер Шәміс Құмарұлы да сөйлеп, Қожаберген жыраудың зерттеліп, қазір халықтың рухани қазынасына айналып жатқанына ризашылығын білдірді.

Конференцияны қорытындылаған халықаралық «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қорының төрағасы Бекет Тұрғараев жыраудың өмірін зерттеу, еңбектерін шығарып, халыққа таныту бағытында істеліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Бүгінгі күнге дейін түрлі тақырыппен Қожабергеннің өз шығармалары және ол туралы 11 мың дана кітап жарық көрген екен. Алғаш рет ол 2000 жылы ұлықталып, Петропавл қаласында көше, мектеп аты берілгенін айтты. Сондай-ақ, жерленген жеріне үлкен кесене тұрғызылып, зиярат етушілер саны жыл сайын артып келе жатқаны да жеткізілді. Конференция соңынан қарар қабылданып, онда жыраудың өмірі мен шығармашылығына байланысты қандай шаралар жасалуы керектігі жөнінде тиісті орындардан сұралды.

Бұдан әрі Қожаберген жырау мерейтойына қатысты шаралар Солтүстік Қазақстан жерінде жалғасты.

Республикамызға белгілі тұлғаларды, ақын-жазушыларды тоғыстырған мерейтойлық шара С. Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрында «Қожаберген жыраудың әдеби мұрасы және Тәуелсіз Қазақстан» атты дөңгелек үстелмен ашылды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Айдарбек Сапаров мәртебелі қонақтарға жылы қошемет білдіре келіп, аймақ басшысы Самат Ескендіровтің құттықтауын оқып берді.

Көрнекті ақын Кәкімбек Салықов «Қожаберген – намыстың адамы. Жас кезінен Әз Тәуке ханның сенімді серігі, айнымас досы, қолдаушысы, қолбасшысы болған ұлы тұлға. Сондықтан да оны қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі ретінде танитын мезгіл жетті», – деді. Мәжіліс депутаты Абай Тасболатов ел тәуелсіздігінің арқасында ғана өз бабаларымызды тануға қол жеткізгенімізге, олардың ішінде Қожаберген жырау ерекше орын алатындығына, 25 жасында үш жүздің қолбасшысы болғандығына, 67 жасында «Аңырақай» шайқасына қатысқандығына, баба өмірін кейінгі толқынға таныта түсу қажеттілігіне ерекше екпін түсірді. Тарих ғылымдарының докторы Бүркітбай Аяған «Елім-ай» дастанының қазақ пен жоңғар қалмақтары айқасын тарихи тұрғыдан сипаттайтын туынды екеніне тоқталып, шығармаға мәтінтану жағынан тарихи сараптама жасау қажеттігін сөз етті. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры Болатбек Нәсеновтің айтуына қарағанда, ұлы жырауды кеш білуіміз идеологиямыздың әлі де өз дәрежесінде жүргізілмей келе жатқанын

ды. Бүгіндері жұртшылыққа насихаттап жатқанымыз — Қызылжар атпал азаматтарының, өлкетанушыларының арқасы. Филология ғы-ының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің :оры, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мекемтас Мырзахметов берген жырауды «Бір ел — бір кітап» жинағына енгізіп, тарихымыздың ын нығайта түсуіміз керек» деген мағыналы ұсыныс тастады. Жазу-налист, Маңғыстау облысының құрметті азаматы Дүйсенбі Әріп 2000 Петропавлда белгілі академик Манаш Қозыбаев, сол кездегі облыстық төрағасы Бекет Тұрғараев бас болып өткізген конференциядан, ылы шыққан жырау шығармалары жинағынан кейін ғана тани бастаға-ткізе келіп, Жамбыл ауданындағы Благовещенка ауылын Қожаберген есімімен атау жөнінде ұсыныс білдірді. Оны мемлекет және қоғам ері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сабыр Қасымов, баба Бектас Тырқаев қолдады.

ожабергендей тарихи тұлғаға қандай құрмет көрсетсек те көптік етпейді. да бір топ зиялы азаматтардың атынан үкіметке Петропавл қаласындағы институтқа данқты сардардың атын беру жөнінде ұсыныс жасалды. Бұл уелсіз ел ретінде дамуымыздың айшықты нышанына айналған Астана-аудың еңселі ескерткіші тұрса, айбынымызды асқақтатып, мерейімізді сер еді. Сондай-ақ ел басына күн туған, зар заман атанған «Ақтабан ынды, Алқакөл сұлама» дәуірін көз алдымызға елестететін «Елім-таны ұлттың мәңгілік жыры екенін ескерсек, соған лайық белгі қою да күндердің еншісі, — деді әңгімелескенімізде Тоқсан бидің зиратына ке-ағжанның әке-шешесінің басына мәрмәр тастан белгі тас қоюға тікелей ық болған белгілі меценат Бекет Тұрғараев.

қстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, лықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай мерекелік шеңберінде ұйымдастырылған жыр додасына еліміздің әр қиырынан 50-ақын Қожаберген жырауға, «Елім-ай» дастанына және еркін тақырыпқа н үш шығармамен жабық конкурсқа қатысқанын, солардың арасынан алқасының сараптауынан өтіп, оза шауып, топ жарған он дүлдүл ақын өз ын өнерсүйер қауымға ұсынатынын жеткізді. Сегіз сері атындағы арнайы пен диплом астаналық ақын Серік Тұрғынбекке, С. Мұқанов атындағы алматылық Ерлан Жүніске, М. Жұмабаев атындағы сыйлық астаналық к Дәлейұлына, Шал ақын атындағы сыйлық Алмат Исаділге, F. ов атындағы сыйлық қызылжарлық Жарқын Жұпарға табыс етілді. орынды Ырысбек Дәбей, екінші орынды Әділғазы Қайырбеков, бірінші

орынды Темірғали Көпбаев жеңіп алса, бас жүлде оншақты жыр жинағының авторы, қарағандылық Абзал Бөкенге бұйырды.

Ақмола облысының әкімі Қосман Айтмұханбетовтің құттықтау хатын тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ғосман Төлеғұлұлы оқып беріп, Көкше өңірі бейнелеген картинаны тарту етті.

Бұл күнгі шара Бескөл ипподромында Қожаберген жыраудың 350 жылдығына арналған сахналық көрініспен және ұлттық ат спорты ойындарымен қорытындыланды.

Ертеңіне мәртебелі меймандар ұлы бабаның туған жері Жамбыл ауданына сапар шекті. Аудан орталығындағы баба есімі берілген үлкен алаңға жиналған көпшілік қонақтарды қазақтың салт-дәстүрімен қарсы алып, құрмет көрсетті. Қожаберген Толыбайұлының шығармалары үш ғасыр бойы ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарап келсе, енді халық жадында мәңгі сақталары анық. Үш томдығының жарық көруі, соның бір дәлелі. Бүгінге дейін дауылпаз жырау ретінде ғана біліп келсек, енді даңқты қолбасшылығын, ержүрек батырлығын жастар да танып-білетін болады. Алты алаштың айбыны, ұлтының қорғаны бола білген ірі тарихи тұлғаға қатысты шаралар мұнымен тоқталмақ емес деді салтанатты жиында сөз алғандар. Жыраудың кесенесіне тәу етіліп, аруаққа дұға бағышталды. Аудан орталығының қақ төрінде орналасқан мүсін гүл шоқтарымен көмкерілді. Жергілікті мүсінші Бақытжан Рамазановтың қолынан шыққан тастан қашалған бейне ерекше көз тартады. Пресновка мектебінде жұмыс істейтін мұражай үлкен қызығушылық тудырды. «Салтанат» мейрамханасында жырауға ас берілді.

Жақсыбай САМРАТ
«Егемен Қазақстан» газеті,
25 маусым 2013 ж.

ҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІ МҰХТАР ҚҰЛ-МҰХАММЕДТІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қауым!
Құрметті конференцияға қатысушылар!

ғы жырау, әйгілі қолбасшы, абыз шежіреші Қожаберген бабамыздың
ı биыл 350 жыл толып отыр. Жырау мұрасының бүгінгі ұрпаққа берері

берген жырау — ең әуелі, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»
ының жыршысы яғни қазақ мемлекеттілігінің жаршысы. Батыр
дың «Елім — ай» эпопеялық жыры — қазақ халқының нәубетті бастан
қиын — қыстау кезеңінде халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған,
ісырлық әрі әділетті, әрі азаттық соғысын суреттеуге арналған маңызды
рихи шығарма.
ау шығармалары — ғасырлар бойы бодандықтан арылмаған қазақ
ң ел болып еңсесін көтеруге, ұлт намысын оятуға, рухани тәуелсіздіккке
ін өшпес асыл мұра болып қалғандығымен құнды.
ң елшілік қызмет атқарған қайраткерлік келбетін де орынды бағалауға
Үргеніш медресесінде оқып жүргенінде парсы, араб, шағатай тілдерін
ңгергенін білген Тәуке хан оны елшілік қызметке пайдаланған. Батыр
ың ерен еңбегі ұрпақ жадында ешқашан өшпек емес.

Артымда өзім өлсем атым қалсын,
Жырыма барша жұртым құлақ салсын.
«Бабамның Қожаберген өлеңі», — деп
Ұмытпай кейінгі ұрпақ есіне алсын, —

ыр бабамыздың өзі жырлағандай, Қожабергентану мұрасын артында
ұрпақтары әлі де зерделеп, ел игілігі жолында іске асыратынына шүбә

гі конференция жұмысына табыс тілей отырып, бабалар атын ардақтап,
лықтаған ұрпақтардың игі істері оң болсын деп тілеймін!

М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ БАҚЫТЖАН ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақтың данқты батыры, жырау Қожаберген Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуына орай өткізіліп отырған «Ел тұтастығы үшін күрескен қаһарман тұлға – Қожаберген жырау» республикалық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен құттықтаймын!

Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында біздің еліміздің бүкіл әлем алдындағы беделі зор. Осындай еліміздің жеткен жетістігі мен мызғымас тәуелсіздігі – бізге тарих қойнауында әлі түндігі ашылмаған ақтаңдақтарды ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Еліміздің тарихында өшпес із қалдырып, XVII-XVIII ғасырда өмір сүрген жырау Толыбайұлы Қожабергеннің «Елім-ай» эпопеялық жыры қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы бағытталған жарты ғасырлық әрі әділетті, әрі азаттық соғысын суреттеуге арналған маңызды тарихи шығарманың авторы екендігі баршамызға белгілі.

Үргеніш медресесін бітіріп, араб, парсы шағатай тілдерін жетік меңгерген өз заманының білімді адамы Қожаберген жырау Әз Тәукенің сенімді елшілерінің бірі болды.

Тәуке ханның заңдарын жинақтап, бір жүйеге келтіруге атсалысқан Ол, өзі өмір сүрген заманның қоғамдық және әлеуметтік жағдайын баяндайтын «Жеті Жарғы» поэмасын жазды.

Сонымен қатар, Қожаберген жырау 1688-1710 жылдары жиырма жылдан астам уақыт қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған, Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер екендігін де ғалымдарымыз тарихи деректермен дәлелдеп отыр.

Қожаберген жыраудың өмірі мен тарихта алатын орнын зерделеу өркениетке бет алған еліміз үшін маңызы өте зор.

Бүгінгі Қожаберген жырауға арналған конференция жас ұрпаққа өткенімізді өшірмей, тарих жадында ұстауға бағытталған игі іс – шара боларына сенімдімін.

Конференция жұмысына сәттілік және шығармашылық табыстар тілеймін.

Б. ЖҰМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НҰРЛАН ОРАЗАЛИННІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

лі қауым, Сіздерді данқты қолбасшы, дауылпаз жырау Кожабергеннің ұығына арналған конференцияның ашылу салтанатымен құтықтаймын! ымыз атап өткендей, «қазақтың өткен тарихында қазақ ұлатындай жоқ». Біз ұлы оқиғалардың куәгерлеріміз, ұлы құндылықтардың ріміз. Бабадан қалған сөз — асыл, атадан қалған жол — даңғыл.

е әлемнің саяси — жағрафиялық картасында көлемі жағынан тоғызыншы ұрған, Алтайдан Атырауға, Алатаудан Шыңғыстауға дейін кең көсіліп ан-ғайыр байтақ өлкені аттың жалында, түйенің қомында жүріп, күндіз түнде ұйықтамай, алты малтаны ас қылған баһадұр бабалар өз өмірінің ақтап қалды. Көздің қарашығындай мөлдір осы дүниені бізге аманат етті. колды, тайғақ кешулі» күрделі кезеңдерді бастан кешіре отырып, «маанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген қазақы болқайыспас қара нардай жанкештілікпен, жанпидалықпен осы күнге — ігімізге де жеттік.

Ұлы Даланың әрбір тасы — түнған тарих, әр тұлғасы — сол тарихтың кіресі. Аумалы-төкпелі, алағай-бұлағайлы кешегі 17-18 ғасырлар, ұлт а «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалған қанды кадымыздан әлі өше қойған жоқ. «Қаратаудың басынан көш келеді, айын бір тайлақ бос келеді» деп зар басталғанда әлі күнге дейін сайырқырап, қабырғамыз қайысып, қан жұтардай күй кешеміз. Жаныған, жадымызда қалған, қанымызда қалған қасірет әлі қанша ұрпақты ı, қанша ғасырды күңіретер екен.

рманы мен мемлекет мүддесі жолында жанын найзасының ұшына л дала данышпандары мен алаш әулиелері, қазақ хандары мен баһадұр бейнесінің ішінде Кожаберген жыраудың да есімі биік тұр. Ол 1680дар аралығындағы оқиғалар кезінде алты алаштың аруағын көтерген ıһарман қолбасшы, даланың данқты абызы, әулиедей көрген ұстазы. хтың тірі куәгері, оны «Елім-айлап» ұрпаққа жеткізуші дала жырауы. арғыны» жазуға қатысқан, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси інде қолтаңбасы қалған дипломат, мемлекет қайраткері.

ерген жыраудың 350 жылдығы — елдің, ел мұратының тойы. Оның этеру ұлт тарихына деген құрмет деп білеміз.

Н. ОРАЗАЛИН,

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ САМАТ ЕСКЕНДІРОВТІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірменді қауым!

Қожаберген жырау бабамыздың торқалы тойы құтты болсын!

Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында елімізде ауқымды істер атқарылып, рухани қазынамыз жылдан-жылға молаю үстінде.

Мемлекетіміздің басшысы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздіктің іргетасы – ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға, арманда өткен асылдарымызды ардақтауға айрықша мән беріп отырғаны белгілі.

Соған орай Қожаберген Толыбайұлының 350 жылдығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ел көлемінде аталып өтілуде. Кең-байтақ жерімізді жат жұрттың шеңгелінен қызғыштай қорғап, жалынды жырларымен халық жігерін жанып, рухын көтерген дауылпаз ақын-жырау, атақты ордабасы, ержүрек батыр, мемлекет қайраткері Қожаберген Толыбайұлының есімі халық жадынан ешқашан өшкен емес, өшпейді де.

Өйткені, Қожаберген Толыбайұлы – қазақ елінің алғашқы заңдық құжаттарының бірі «Жеті Жарғыны» жүйелеген Әз Тәукенің үзеңгілес жолдасы, көк сүңгіні көлденең ұстап елге пана болған Бөгенбай батырдың ұстазы, Алаштың ақылманы, қазақтың қара қылды қақ жарған әділ билеушісі Абылай ханның кеңесшісі болған тарихи тұлға.

Бір бойына батырлық, қолбасшылық, ақындық, сазгерлік, күйшілік, көрегендік сияқты асыл қасиеттер молынан тарыған ұлы бабамыздың Қызылжар өңірінің киелі топырағында дүниеге келуі біз, жерлестері үшін айрықша мақтаныш.

Ел шежіресіндегі зар заман саналатын «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетінің айнасына, халқымыздың әнұранына айналған «Елім-ай» – баға жетпес асыл мұра. Оның «Баба тіл», «Қорқыт баба», «Асан ата», «Еңсегей бойлы ер Есім», дастандары, «Ақсауыт» «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Қазақ пен Ноғайдың қоштасуы», «Сылаң сыр» өлеңдері мен «Аңырақай», «Сұлама», «Боз айғыр» күйлері мен өлең-дастандары – замана сырын шерткен тарихи туындылар. Сондықтан да Қожаберген Толыбайұлы – барша қазаққа ортақ қаһарман тұлға. Халқымыздың бостандығын, еліміздің тәуелсіздігін қорғау жолында жанын шүберекке түйіп, ширек ғасыр қазақ қолын басқарған қолбасшыға қандай құрмет көрсетілсе де артық емес. Азаттық үшін арыстанша арпалысып өткен батыр бабамыздың атын ардақтап, рухына тағзым ету – әрбір саналы

ың қасиетті борышы. Қожаберген жырау есімін мәңгі есте қалдыру, ар-
лдырған бай мұрасын терең зерттеп, кеңінен насихаттау — өткен тарих
ғы парызымыз, бүгінгі және болашақ ұрпақтар алдындағы қарызымыз.
. Қожаберген жырау бабамыздың рухын асқақтату Тәуелсіз Қазақ
ожаберген жырау сынды патриоттарын тәрбиелеу үшін қажет.
ықтан да ұлы бабамыздың өнегелі өмірі мен өшпес ерлігін, жұрт жа-
ақталған шығармашылық асыл мұрасын зерттеп, ел игілігіне айнал-
лында тер төгіп жүрген ғалымдар мен ізденімпаз азаматтарға барша
қазақстандықтардың атынан зор ризашылық білдіремін.
гі конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

С. ЕСКЕНДІРОВ,
Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АЛИК АЙДАРБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

ратты отандастар, ардақты ағайын!
нің ащы сабағынан өрелі ой түйіп, ғасырлар қойнауында жіберген
есеміздің орнын еселеп толтыру, тәуелсіз Қазақ мемлекеттілігін
стыруда қапы жібермей, ұпайымызыды түгендеп, әркез ұтысқа шығу,
ı парасат, білім мен білік, өршіл ұлттық рухпен баянды болашаққа бағыт
– басты мұратымыз екендігін Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-
тратегиясында атап көрсетті. Халқымыздың басынан қаншама ауыр
тсе де, ел басына күн туған аласапыран кезеңдерден аман өттік. Әрине,
ен, ат ауыздығымен су ішіп, ел үшін, жер үшін болған қанды қырқыс,
іліктерде талайлаған қаһарман ерлеріміз халқына қалқан болып, қанды
арда шейіт кетті. Қара басының қамымен күйгелектемей, елдіктің
теген, мойнына ел қамытын жүктеген, ата намыс жолында атан нар-
ылып, атам қазақтың азаттығы мен бостандығы үшін қаһармандықпен
олған арыстарын халқымыз ұдайы жадында жаңғыртып, есімдерін зор
ен еске алады.
дай тар жол, тайғақ кешу, ел басына қара бұлт үйірілген «ақтабан
ңды, алқакөл сұлама» атанған дүрбелеңді дүниеде үш жүздің біріккен

қолының бас қолбасшысы әрі дәуір жырын толғаған дауылпаз жырауы атанған Қожаберген Толыбайұлының ғұмыр дастаны ұрпақтан-ұрпаққа кеңінен жария етерліктей данқ пен үлгі-өнегеге толы. Бүгінгідей өз алдымызға дербес ел болып, үйқымыздан дүр сілкініп жатқан тұғырлы шақта, ғасырлар бойы зарыға аңсап жеткен Тәуелсіздігіміз қандай қымбат, ұлы Отанымыз қандай қасиетті болса, Ұлы Даланың қарыс сүйем киелі пұшпағы үшін қасарыса қан төккен қайсар тұлғаларымыз қандай аяулы десеңізші! Тайбуырылдай асау тұлпардың айнымас ізіндей тарих сорабында мәңгі өшпес те өлмес ересен ерлік, қайталанбас данқ дәстүрін қалдырған баһадұр бабалардың біртуар болмысын ұлықтау — парызымыз да, қарызымыз да. Бүгінгі заманда егемен еліміздің кең-байтақ, шалқар жазирасы көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынды иеленсе, көңіл марқайтардай бұл өлшеусіз игілік, шадыман қуанышта қарыс сүйем жер үшін арғымағын ойнатып, қос дүшпанға көк сүңгісін бойлатқан жаужүрек ерлеріміздің, елді біріктірген, ынтымаққа ұйытқан хан-сұлтандарымыздың, батырлар мен билеріміздің, ақындар мен ғұламаларымыздың алар орны айрықша.

Міне, осындай қилы да қатерлі, тарихи сәтте елін, халқын қатыгез жаумен ымырасыз күреске үндеп, «Елім-ай» жырын толғаған қазақ даласын кеудесінен шыбын жаны шыққанша өліспей-беріспей қорғаған Қожаберген жырау — ұлы данамыз да, ұлы бабамыз да.

Ұлағатты той құтты болсын, ауызбіршілігіміз мықты, елдігіміздің қабырғасы бекем, тәуелсіз Қазақстанымыз ырыс пен ынтымаққа, береке мен мерекеге тола берсін!

Өсер, өнер ұлыс пен ұрпақтың бойына аруақты бабалар рухы қонсын, елдік жасампаздық істерімізді қолдасын!

А. АЙДАРБАЕВ,
Маңғыстау облысының әкімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ МҰРАТ ЖҰРЫНОВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті конференция қатынасушылары!

Өткен тарихты тану, бабалар рухын ояту, болашаққа бағдар беру бағытындағы мәні мен маңызы зор алқалы жиын, ғылыми бас қосуларыңызбен құттықтаймын!

і таңда даңқты бабамыз Қожаберген жырау Толыбайұлының әдебиет
хымызда, әскери тану ғылымымызда, жалпы руханиятымызда алар
кше. Парасаты биік, отаншыл да ұлтшыл азаматтардың, әдебиетші
ихшы ғалымдардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде біз Қожаберген
ы атақты «Елім-ай» эпопеялық дастанына қоса, «Күлдірмамай»,
ай көрген», «Қарасары болат керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл»,
Жарғы», «Кабанбай батыр», «Ер Көкше», «Асан ата», «Ер Қосай»,
ібек», «Қорқыт баба», «Ер Едіге», «Орақ батыр», т.б. ондаған құнды
лар қалдырған жалынды жырау ғана емес, ел басына күн туғанда
айза ұстап жауға шапқан ержүрек батыр, қол бастаған әскери қаһарман
ы, сондай-ақ «тоқсан ауыз сөздің тобықтай» түйінін айта білген ділмәр
тінде де танып білдік. Оның мұраларын түгендеп, қайта шығару, есімін
ырып, мектеп пен оқу орындарына атын беру, еңселі ескерткішін орна-
ында да бірқатар іс-шаралар атқарылды.

ызда – еркіндік, қолымызда – билік болмаған кешегі тоталитарлық
ұның бірі де болмады.

стан Республикасының Үкіметі 2013 жылы Қожаберген Толы-
ың туғанына 350 жыл толу мерейтойын атап өту жөнінде арнайы қаулы
ады. Осының аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым
нің, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты,
ов атындағы әдебиет және өнер институты, сондай-ақ «Жеті Жарғы»
жаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының
олып, ҚҰ Ұлттық ғылым академиясының қолдауымен 2013 жыл-
урызында Алматыда «Қожаберген жырау – Ұлы Дала дауысы» де-
ырыпта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып
а ғалымдар мен мамандар тарапынан мазмұнды да мәнді баяндамалар
ы. Қожаберген ісін биікке көтеріп, алға жылжытты.

іңіз бас қосып отырған бүгінгі жиын да соның заңды жалғасы болып
ошаңызды елдік мұрат пен мақсат үшін қожабергентану ісіне лайықты
ға шақырамын.

еренция жұмысына табыстар тілеймін!

М. ЖҰРЫНОВ,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының президенті

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕҰУ ПРОРЕКТОРЫ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР ДИХАН ҚАМЗАБЕКҰЛЫНЫҢ «ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН ҚАһАРМАН ТҰЛҒА – ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН АШАРДА СӨЙЛЕГЕН КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті зиялы қауым!

Қадірлі қонақтар!

Барлықтарыңызды қазақтың даңқты батыры, қолбасшысы, аты мен заты Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясынан» белгілі Қожаберген Толыбайұлының 350 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен ұжымымыздың және ректорымыз Е.Б. Сыдықовтың атынан құттықтаймын.

Бұл жиын – біле-білсек, Тәуелсіздік жолында күрескен батыр бабалар туралы және ел бірлігі жолында өлшеусіз тер төккен тұлға туралы ғылыми жиын.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» деп атап көрсетті. Бұл – аса маңызды ой!

Біз Тәуелсіздіктен бері тарихымызды қайта зерделеп, тұлғаларымыздың жасампаз еңбегін елдік мұраттар тұрғысынан жаңаша пайымдап жатырмыз. Осы ретте бізге Қожаберген Толыбайұлының аманат-мұрасының берер тағылымы аз емес.

Қожаберген мұрасы бізге нені аманаттайды?

Біріншіден, Қожаберген тұлғасы ел қорғаған батыр, сөз бастаған шешен, топ бастаған көсем қандай болу керек деген сұраққа толық жауап береді.

Екіншіден, Қожаберген тұлғасы сардар, ел ағасы, көш басшысы үшін дәстүр мен тарихты, ел басқару мен руханият заңдылықтарын білу қаншалықты маңызды екенін айғақтайды.

Үшіншіден, Қожаберген тұлғасы қаһарман қайраткердің сөзге ұста болуы өзі үшін ғана емес, халқы үшін айрықша олжа екенін дәлелдейді.

Қожаберген Толыбайұлы өз заманында аса беделді, абыройлы болғаның ұрпағы жадынан өшірген жоқ. Оны аты әркез ел бірлігінің, ел тұтастығының, сондай-ақ ұлттық намыстың ұранына айналғанын осы төрде отырған ғалам ағаларымыз жазып, айтып, дәлелдеп жүр. Қожабергендей батырлар бір атаның немесе бір аймақтың тұлғасы болмай, бүкіл халыққа қызмет еткені мәлім.



ɔген заманындағы ел бірлігінің алтын арқауындай Түркістан ұғымының
ғы, «Елім-айдай» халық туындысының жануы, сансыз батырлар
ың өмірге келуі — осының куәсі. Тіпті кәрі ауызша тарихтың бір са-
шежіре де тұтас ұлтқа қызмет етті.
сымыз «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Қазақ шежіресінің түпкі
ыпау керек, алып дарақтың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа
, барлығы бір ғана ұлы тамырға — қазақ деген ұлтқа барып тіреледі...
есіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса ала-
лігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен
мол болмақ», — деп атап көрсетті.
е, біз — тарихтан сабақ алған елміз. Елбасымыз айтқандай, «Қазақ та-
қазақтың ұялатын жері жоқ».
іберген сынды жырауларымыз жалаң қылыштай өткір мінезімен, та-
ында суырып салатын өнерімен жорықтастары алдында үлкен беделге
н. Аспаннан төнген қарадауылдай, жерден шыққан қара дөйіттей жау
, жасақ сасып, тығырыққа тірелгенде көптің көш бастайтын серкесі
тұлғалар еді. Сол себепті де олар тосылып тұрған сарбаздарға ұран та-
міз бен жерімізді қасық қаны қалғанша қорғады.
лескен ұрыстажыраудың ұлағатты сөзінен кейін қара түнек бұлттың
үн жарқ ететүскендей жасақтар арындап тасып жатқан судан да аман
ларлы жаудан да тайсалмады.
ларымыздың ер құнын екі ауыз сөзбен шешкен есті сөзіне тоқтама-
кемде-кем. Аласапыранды молынан өткізген қазақ халқы елін жау-
арынан, жерін жат атының тұяғынан қорғап бағуы — Қожабергендей
рдың тұлғасын аша түсетін қасиеттер. Ақауы жоқ ауызбірліктің, жа-
жігердің арқасында жаугершілік заманның ақ туы — күн мен айға
:қан намысы болды.
ісіздікке дейінгі қиын жылдарда біз Қазақ хандығы тұсындағы жы-
оэзиясына шөлдегеніміз, кейін олардың мұрасы жарияланғанда алдаса-
аулармен рухтанғанымыз — өзінше бір құбылыс дерлік оқиғалар.
ретте Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны», Қабиболла Сыдиықовтың
ыраулары», Ермек Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жа-
рдың байырғы өкілдері», Әнуар Дербісәлиннің «Дәстүр және
ық» атты зерттеулері мен «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық
здің әдебиет тарихымызға қайта қарауда, байыптауда көп көмегін



Әдебиет те, тарих та өзіміз секілді. Ол толығады, қайта сарапталады. Жаңа материалдардың табылғаны секілді жаңаша зерттеулердің де арнасы ашылады. Бұл — өте табиғи үдеріс.

Кезінде әдебиеттануда ұлы ғалымдар Қажым Жұмалиев пен Бейсенбай Кенжебаевтың айтысы, дискуссиясы немен аяқталғанын жақсы білесіздер. Нәтижесінде, ежелгі түркі әдебиеті, қазақ хандығы тұсындағы әдебиет санамызда орнықты. Жадымызда жаңғырды.

Бүгін де біз осыны айтамыз. Тарихта болған, аты мен заты шаң басқан мұрағатта қалмай, санада қайта жаңғырған Қожаберген жырау мұрасы тың, кешенді мәтіндік зерттеуді талап етеді.

Жасырып не керек, соңғы жылдары БАҚ-та, халық арасында басқа-басқа жыршы мен жырау ұғымдары да шатастырыла бастады. Бұл жөнінде де ғалымдар мен қайраткерлердің нақты, негізді ғылыми пікірі қажет деп білеміз. Сондай-ақ Асан Қайғының толғауы деп жүрген «Таза мінсіз асыл сөз» А. Байтұрсынұлының Жадовскаядан аударған еңбегі болып шықты. Қазір әдебиет тарихында осы мұра Асан қайғыда да, Ахметте де жүр. Бұған байланысты да ғалымдардың айқын пікірі болуы тиіс.

Біз айтар едік, қазір Қожабергеннің текстологиясына байланысты сын айтып жүрген сауатты әдебиетшілерді, тілшілерді тыңдаудан қашпау керек. Себебі, әр дәуірдің, заманның, уақыттың, кезеңнің стилі, ырғағы, тіпті лексикасы да бар.

«Адамзат білім толыққан сайын таным көкжиегі кеңейеді», — депті әйгілі Лев Гумилев.

Мемлекетімізде Елбасы жүргізіп отырған бейбітшілік пен тұрақтылыққа құрылған елдік саясатты мәдени мұра арқылы қоғамның бар жігіне түсіндіру, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін «мемлекет дамуына бәріміз жауаптымыз» дегенді ұғындыру көбіне-көп білім саласы мамандарының қолынан келеді. Сондай-ақ осы жауапты іс білім мен ғылымның өзін тоқтаусыз алға жылжытады.

Құрметті азаматтар!

Біз ешқашан Қожаберген жырауды тарих қойнауына немесе қоймасына кеткен тұлға деп есептемейміз. Ол кеше де керек болған, енді бүгін де, ертең де керек болады. Өйткені, ол — тұлға! Қисапсыз отарланған, санасы өшірілген, мұрасы саяси теперіш кесірінен жоғалтылған аймақтың рухтанатын тұлғасы! Қазақстанның солтүстігі көрген ұлтсыздандыру құқайын қасиетті Отанымыздың барлық бөлігі сезініп жатса, оның зардаптарын жоюға болсып жатса, бұл — елдіктің жеңісі!

Ұлт тұлғасына құрмет әр түрлі формада жасалады. Мысалы, 12 мыңнан астам студенті, 2 мыңға жуық оқытушы-ғалымы бар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті үшін Қожаберген мұрасы — үлкен зерттеу мен зерделеу

сы. Мұны ғалымдарымыз жақсы біледі. Біз ғылыми пікірталастан, дис-
дан қорықпауымыз керек. Шындық, ақиқат содан шығады.
ның бәрі Елбасымыз айтқан дәстүр мен мәдениеттің жалғасын көрсетеді.
ференция жұмысы сәтті өтсін! Бұл көпке ой салған ғылыми жиын болсын!

ЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

емлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай АЯҒАННЫҢ сөзі)

ихты халық жасайды» дегенмен, тарих тұлғасыз тұл, жетімсіреп
. Сондықтан еліміз бен жерімізді қорғауда ерлік көрсеткен батыр-
ізды, халқына сүйеу болған хандарымызды, елін көкке сүйреген
тыларымызды ұлықтау, олардың қызметін насихаттау, көпшілік қауымға
ыру тарихшылардың міндеті болып табылады. Қасірет мен ерлікке толы
арихында ел аузынан түспейтін тарихи тұлғалар аз болмаған. Әсіресе,
Уәлиханов «ерлік ғасырына» балаған XVIII ғасырға шегініс жасасақ,
ыңызға жоңғар шапқыншылығынан елін қорғаған қаншама билер мен
ар елестейді.
лекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде
андай, «1723-1727 жылдардағы «Ақтабан шұбырындыдан» қазақ
ың өміршеңдігіне сын басталды. Ұлтты қорғаушылар қатарына Бөгенбай,
ай батыр, Наурызбай батыр және солар сияқты ұлттың жауынгерлік ру-
ытатын жарқын тұлғалы жаубасар ерлер келіп қосылды».
е басының батырлығымен, қолбасшылық дарынымен елін қорғаған, жа-
жырларымен халқының рухын көтеріп, күреске жігерлендірген таны-
ихи тұлғаның бірі — осыдан үш ғасыр бұрын өмір сүрген Қожаберген
йұлы (1663-1763). Ол батыр ғана емес, өз заманының «көзі ашық,
ояу» азаматы да болды. Туған жерінің тарихын, халқының мәдениетін
лген, елінің болашағы үшін аянбай күрескен.
аберген жыраудың өлеңдеріне елдің бірлігі мен ынтымақтастығы, бейбіт
н ел қорғау идеялары арқау болды. Қожаберген халық ақыны болды.
ргеннің жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қиын-қыстауда туған «Елім-
лқына күш-жігер берді және сол дастан арқылы патриотизм рухымен
ды.

Тарихымызда Қожаберген сияқты тұлғалар болмаса, қазақ халқы толыққанды өмір сүрмеген болар еді. Халық қашанда өзінің батырларын көкке көтерген, жадында сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Егер Қожаберген жырау өз заманында ерлігімен көзге түспесе, оның жырлары халыққа жетпес еді, оның есімі ұрпақтар жадында сақталмас еді.

Өкінішке қарай, тәуелсіздік алғанға дейін Қожаберген жырау туралы мәліметтер әдебиеттердің біріне енсе, екіншісінде ұмыт қалып келді. Мысалы, Қожаберген жыраудың шығармалары 1984 жылғы «Бес ғасыр жырлайды» атты 3 томдықтың 1-томына енбей қалған. Өйткені, советтік қазақ әдебиетінде оның азаттық күреске толы шығармашылығын кеңінен насихаттау қауіпті болатын.

Патшалық және советтік отарлық кезеңде Қожаберген жыраудың атын атауға тыйым салынды. Академик Манаш Қозыбаев оның себептеріне тоқтала келіп, «бірінші – Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы шықты, оның «Елім-айы» – империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп айыптайды» деген қорытынды жасайды.

Елбасымыз отаршылдыққа қарсы күрескерлердің тағдырына қатысты ойларымен толғана келіп, «...қазақ халқының небір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан түзағында тұншықты» деген болатын.

Қожаберген жырау Толыбайұлы (1663-1763) қазақтың екі бірдей ханы Тәуке (1680-1718) мен Абылайдың (1771-1781) тұсында жыраулығымен, батырлығымен ерекшеленген, «сардар», «елші», «қолбасшы», «ордабасы», тіпті «хан кеңесшісі» атанған. Ол әйгілі Бұқар жырауға, Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбайға ұстаз болған, оларға бағыт-бағдар беріп отырған. Оған Бұқар жыраудың «Ғаділ ер», «Ұстазыма» атты өлеңдері айғақ бола алады.

Тәуелсіздік жылдарындағы арнайы зерттеулер бойынша Қожаберген жырау орта жүз Ашамайлы керейдің Көшебе руының Таузар әулетінен шыққан. Арғы атасы Көшебе де, атасы Дәулен де батыр болған, яғни батырлық қасиет оған ата-тегінен дарыған делінеді. Оның жастайынан нағашысы Жалаңтөс баһадүр ұрпақтарының қолында тәрбиеленіп, Үргеніш, Бұқара, Самарқан медреселерінде оқығаны, араб-парсы тілдерін игергені белгілі. Ол 13 жасынан ақындыққа бет бұрып, аңыз әңгімелерді жатқа білген.

Жазба деректерге сүйенсек, Қожаберген жырау екі әйел алған (Дүзік, Айша), соңғысы кіші жүзден, Қабылан батырдың қызы екен. Дүзіктен Жандәулет, Айшадан Науан, Әсет есімді балалары болған. 1723 жылы Қожаберген жырау кіші жүздегі қайын жұртына аттанады, алайда, сол жақта жоңғарлардың қоршауына түсіп, екі бірдей баласынан айырылып қалады. Қожаберген жырау Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» әзірлеуге қатысқан ықпалды адамның бірі болған. Тарихқа

:к, Тәукенің билік құрған кезеңі — «әділеттілік пен парасаттылық сал-:ұрып, рулар арасындағы қырқысулар тыйылып, қой үстіне бозторғай ғқалаған заман». Кезінде Шоқан Уәлиханов дала жыр-дастандарының ылығы нақтылы өмірден алшақтамайтынын алға тартқан болатын. Олай Көтеш ақынның «Жиен жырау» дастанындағы «Ақылдасып үш бимен і Жарғыны» жазған ер. / Кім десеңіз ол бекті: / Қожаберген кемеңгер» эздері шындыққа жанасады.

ісі ақпарат 1757 жылғы 30 қыркүйек күні Железин бекінісінен түскен берілген. Оны Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатынан Солтүстік тан облыстық мемлекеттік мұрағатының басшысы, тарих ғылымдарының аты Сәуле Мәлікова алдырған және филология ғылымдарының канди-арқын Тайшыбай дайындаған жинаққа енгізілген. Онда былай делінген: үйектің 30-ы күні, өзеннің дала жағынан кімдікі екені белгісіз көп әскер еліпті... Сол әскерден алты салт атты адам келіпті, екеуінің мылтығы бар. н Иса Мұратов деген татар арқылы сұрастырса, олар былай депті: «Біз й сұлтанның әскеріміз, басшымыз — Қожаберген. Бір мың түндікпен жоғары бойлап көшіп барамыз. Бұл жерде екі күн тұрамыз да, Осмо-кінісіне және одан әрі Құлсары батырдың әскеріне қосыламыз. Оның әскері бар... Сөз арасында олар Әмірсана ноян туралы сұрапты». Осы тен Қожаберген мен Құлсары батыр жоңғар ханзадасы Әмірсананы дап жүргені байқалады. Бұл оқиғаның болғаны тарихтан белгілі. Цин 756-1757 жылдары жоңғарды қыспаққа алғанда Әмірсана, Даваци хан-Абылайды паналаған. Осы арада ашып алатын мәселелер бар.

ншіден қанқу сөзге ілесе бермей (Ж. Артықбаев, т.б.) Қожаберген а телінетін өлең-жырларға сараптама (экспертиза) жасауымыз керек. дай қиын іс емес. Тіл, әдебиет институты бар, университеттер бар, бұл дағы мамандар арқылы шешуге болады.

шіден, мұрағат құжаттарында Қожаберген атауы жиі айтылады. , керей тайпасына, Петропавл қамалы мен Есіл – Ертіс өңіріне қатысты тер көп кездеседі. Егер де біз Қожаберген есімді бірнеше адам болған онда оның шыққан тегі, ұрпағы, елі болуы керек. Мұрағаттарда Петро-ңайындағы Канжығалыдан шыққан Қожаберген туралы материалдар ейді.

белгілі «Русско-казахские отношения в XVIII-XIX вв.» атты жинақта й ақпарат бар. 1742 жылы тамыздың 30-ында Әбілқайыр ханмен бірге ірішісінің атына ант берген қазақ рубасыларының арасында орта жүз, ке-і атынан бірінші болып Қожаберген батыр аталады. Ресми құжаттардан ңыз, оның руы мен батырлығы анық көрсетілген.

Әмірсанаға жақтастарымен бірге қашуға қолайлы жағдай жасалғаны белгілі. Кейінірек Әмірсана сүзек ауруынан көз жұмған дейді, ал шынында оның өлімі күпия жағдайда қалып отыр.

Келесі үшбу хатта, 1757 жылдың 2 қазан күні қазақ тұтқынынан қашып келген қалмақ Баисун Чирин «Абылай сұлтанның әскерлері қайда деген сұраққа «білмеймін» және «Қожабергеннің қайда екені белгісіз» деп жауап берген (Қараңыз: Сәдуақасов Т. Ел мен жер. – Алматы, 2003. – 24-б.; Қараңыз: Абылай хан. Астана, 2005. – 234, 236-237-бб.).

Қалай дегенмен, 1750-1760 жылдары Есіл – Ертіс бойында болған саяси оқиғаларда Абылаймен бірге Құлсары, Күлеке, Қожаберген есімдері жиі айтылады және олардың батырлығы әрі мемлекетаралық күрделі істерге араласқаны анық көрінеді.

Ендігі мәселе – әрине, Қожаберген бабамыздың өмірбаянын анықтап беру. Осы айтылған деректер Үкілі Ыбырайдың ел тарихына арналған поэмасында кездеседі. Ол жоңғар соққысынан ес жинап арғын – керейдің отанына, қазіргі Қостанай, Солтүстік Қазақстан жеріне қайтқанын жырлай келіп, мынадай мәлімет келтіреді. 1740-1750 жылдары елге қайтқанда, «ертең реніш болмасын деп атығай – қарауыл Есілдің сол жағына (Көкшетау жағы) керей ағайындар бөлінген» дейді. Демек, Шал ақын, Құлсары, Қожаберген бабаларымыз елді Сыр бойынан қайтарып, туған жеріне алып келген.

Соңғы жылдары Қожаберген жыраудың есімін ұлықтау мақсатында «Қожаберген жырау Толыбай сыншыұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясында алатын орны» (Қызылжар, 2000) «Қожаберген жырау – Ұлы Дала дауысы» (Алматы, 2013) атты республикалық ғылыми-теориялық конференциялардың өткізілуі де тегін емес. «Жеті Жарғы» және «Қожаберген жырау» қайырымдылық қоры жұмыс істейді. Қожаберген жыраудың таңдамалы шығармалары жарыққа шықты. Солардың ішінде Н. Әбуталиев, Т. Сүлейменов, Б. Тұрғараев, А. Тасболатов, т.б. авторлардың зерттеулерін атаған жөн.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылыми ізденістер тарихтың «ақтаңдақтарын» толықтыруда. Биыл Қожаберген жыраудың туғанына 350 жыл толады. Осыған орай үкімет тарапынан өткен жылдың 2013 жылғы 25 желтоқсанында жыраудың 350 жылдығын республика көлемінде атап өту туралы арнайы қаулы қабылданды. Үкімет шешімін орындау үшін елімізде бірнеше ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды, баспасөз беттерінде көлемді ғылыми-танымдық мақалалар жарияланууда.

Сондай іс-шараның бірі осы жылдың наурыз айында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен М. Әуезов атындағы Әдебиет

өнер институты бірігіп өткізген «Қожаберген жырау — ұлы дала дауы-
ты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болды. Осы тұста
ашып айтатын бір мәселе бар. Бұқаралық ақпарат құралдарында «осы
ерген қайдан шықты, бұрын қазақ тарихы мен әдебиетінің оқулықтарында
ықты тұлға жоқ еді ғой?» деген сауалдар пайда болды.
ғелсіздікке қол жеткізген кезеңде ғылыми ортада Қожаберген жыраудың
ғасырда өмір сүргеніне, оның «Елім-ай» дастанын шығарғанына күмән
шілер шықты. «Қожаберген жыршы, батыр да, қолбасшы да емес, ол —
жасалған қаһарман. Жыраудың әкесі Толыбай да ойдан шығарылған
ір. Ол керей руынан емес, арғынның қанжығалы тармағынан және ол
ғасырдағы адам емес, ерте заманның, эпикалық дәуірдің қаһарманы» де-
ұсақ пікірлер кездеседі. Басқасын айтпағанда, үкіметтің қаулысы, оны іске
ағы қыруар жұмыстар, тарихшы, әдебиетші ғалымдар мен ғылыми зерт-
ституттарының ізденістері қайда қалады? Кейбір ғалымдардың пікірінше,
бәрі бос әурешілік болғаны ғой.
ыми ортада әрбір ғалымның өзіндік ұстанымы, ой-тұжырымы, дәйекті
асы болғаны дұрыс. Бірақ, «менікі ғана дұрыс, ақиқат» деп, көпшілік
даған тарихи шындықты жоққа шығаруға ұмтылу абырой әкелмейтін
н кімге пайда, кімге зиян?.. Ойланайық, ұтылатын өзге емес, қазақ.
қтан шыққан тегі орнықты керей Қожаберген жыраудың шежіресін қайта
дан келер пайда жоқ. Осы ретте Ахмет Байтұрсыновтың

«Қинамайды абақтыға жапқаны.
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны»

ып кеткен өлең жолдары еріксіз тілге оралады.
лдікті ту еткен Қожаберген жырауға қай әулеттен болғаны емес, ең
ысы қазаққа адал қызмет еткені тарихи шындық.
інде Қазақ елі адамзат көшіне ілесіп, әлемдік өркениетке бағыт алды.
ң өркениетке ұмтылып, елін өрге сүйреген көрнекті тарихи тұлғаларды
у және оларды құрметтеу — жоғары мәдениеттіліктің белгісі.

09.09.2013 ж.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ТАНЫМЫНЫҢ САЯСИ ӘЛЕМІ

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Абайтану орталығының жетекшісі Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВТЫҢ баяндамасы)

«Түбінде құруыңа елден ерек
Мен айтайын болады жерің себеп».
С. Торайғыров

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» қиссасын терең танып, саяси астарын білу үшін бүкіл түрік халықтарының «тарихи үш бұрышына», яғни алапат тарихи иірімдеріне тартылу себептеріне назар аударып, шолу жасау қажеттілікке айналуда. Ертеде 49 түрік ұлысы болса, соның біреуі ғана, яғни Түркия түріктері о бастан-ақ саяси тәуелсіздігін бүгінгі дейін тапжылтпай сақтап келеді. Ал қалған 48 түрік халқы тұтастай Ресей мен Қытай империясының бодандығына айналды. 48 түрік халқының біреуі, яғни ұйғырлар XVIII ғасырдан бастап Қытай империясының шеңгелінде бодан болып қалды. Ал қалған 47 түрік халқы тұтастай Ресей патшалығының отарына айналып, бодандық бұғауына түсті. Ресей патшалығы Иван Грозныйдан бастап, түрік, моңғол халықтарын шоқындырып, орыстандыруды өзінің саяси миссионерлік саясатын жүзеге асырудың басты саясатына айналдырды. Ал 1917 жылы қазан төңкерісінде билікке келген большевиктер партиясы дінді терістеп, жауынгерлік атеистік танымды ұстануы себепті, патшалы Ресейдің шоқындыру саясатын лақтырып тастап, орыстандыру саясатын жасанды ұлттар достығы саясатымен бүркемелеп жүзеге асыра бастады. Ұлт саясатына «жан ашырлық» танытқан боп атсалысса да, келе-келе СССР ұлы державаға айналып күшіне мінген соң, бас хатшы Леонид Ильич Брежнев заманында орыстандыру саясатына ашық кірісуге айналды. Оның айғағы бір ғана совет халқы (единный советский народ) деген ұғымды шындыққа айналдырып та үлгерді. Осы кезде 1926 жылғы халық санағында Совет үкіметінде 194 ұлт пен ұлыс есепке алынса, 1991 жылға дейін 93 ұлыс пен

имиляцияланып, 101 ұлт пен ұлыс қана қалды. Осы тұста Ресей жаулап 7 түрік халқының 27-сі тұтас орыстанып, сіңіп кетті де, 20 түрік халқы лды. 1991 жылы Совет үкіметі құлап, 5 одақтас республика тәуелсіздік , 15 түрік халқы Ресейдің қол астында қалып, ашық түрде ассимиляция-орыстандырылуда.

е, бұл дәстүрді империялық саясаттың, яғни Карл Маркстің «Тра-ная политика в русского царизма» деген атақты мақаласында арнайы гап өткен дәстүрлі саясаттың арғы түп тамырында қандай құбылыстар Олардың саяси-әлеуметтік жетістігі қандай еді? Оларды терең танып кіл даму жолындағы ортақ құбылыстарға ғана мән бере қарауды, өткен ымызды танып біліп, болашағымызға бағыт-бағдар алу біздер үшін қажеттілікке айналуда. Еуразия құрлығында біздің заманымызға дейінгі н 751 жылы Талас өзені бойындағы қытай, араб, түркеш — үш мемле-сындағы ұлы шайқаста қытайлардың күйрей жеңілуі себепті, алғашқы, інші алапат тарихи иірімнің (бірінші бұрыш) тартылу күшінен айырылу на дейінгі кезеңді жатқызамыз. Өйткені осы екі аралықта Еуразиядағы арихи иірімінде түрік халықтары мен қытайлардың тарихи тағдыры шыр айналып, осы тарихи алапат иірімнің тартылу күшінен босанып шыға Бірақ осы екі аралықта Қытай империясының отаршылдық саясатының рлау саясатымен ондағы халықтарды идеологиялық қыспаққа алудағы лаларының сан түрлі қақпанға қаптырып, түзаққа түсіру тәсілдері дүниеге Осы айла-амалдар арқылы отарланған ұсақ ұлттардың жері қазіргі Қытай ликасының 60 пайыз жерін құрап отыр. 1949 жылы түрік халықтарын ып ұстау саясатын ұстанған бас хатшы И. Сталин Қытайда өмір сүретін лықтарының ырқымен дүниеге келген Шығыс Түркістан республика-йып, олар жайлаған жер Қытай мемлекетінің бөлінбес меншігі ретінде ен қосып берген күпия сыры бүгінде айқара ашылып, әлем халықтары а әшкереленіп отыр.

к халықтарының тарихи тағдыры біздер үшін түңғыш тарихи алапат ірту күшінен айырылып, 751 жылы қытайлар араб пен түркештен Талас йында күйрей жеңілуімен тоқтаған еді. Түрік халықтары VIII ғасырдан XVIII ғасыр арасында мың жылдан астам уақыт ішінде екінші тарихи иіріміне тартылып, араб-парсы әлемімен мидай араласып кетті. Ислам ну арқылы түрік халықтары тарихта алғаш рет маргиналдық санаға Өзінің ата жазу таңбасынан айырылып, араб жазу таңбасының ша-зорлықпен мінуге мәжбүрленді. Рухани әлемі де исламданды. Әсіресе, шы түріктер ислам идеологиясының ықпалына түсіп кетті де, көшпелі

өмір салтын ұстанған қазақтар мен басқа түрік халықтары қос дінді халықтарға айналып жүре берді.

XVIII ғасырдағы еуразиялық кеңістіктегі түрік халықтарының 47-сін Ресей империясының тұтас жаулап отарлануына байланысты тарихта енді тарихи алапат үшінші иірімінің тартылу күші пайда болды. Славян, яғни орыс халқымен отарланған түрік халықтарының тағдыры осы алапат үшінші тарихи иіріміне тартылды. Қазір де осы түрік халықтары мен славян халықтарының тағдыры осы аталған тарихи алапат иірім ішінде шыркөбелек айналудамыз. Әлі де тарту қуаты күшті осы тарихи алапат иірім бүгін де сол зар қалпында. Бірақ, бұл құбылыс та мәңгілік емес. Өйткені мұның да күре тамыры солқылдап, тарту күші күн өткен сайын екпіні басылып баяулап келеді. Бәлкім, енді Еуразия кеңістігінің тағдыры тарихи төртінші алапат иірімін күтіп тұрған шығар деп ойланудамыз. Жоғарыда аталып өткен Еуразия ауқымындағы алапат тарихи иірімнің ішінде түрік халықтарының, әсіресе, қазақ халқының тағдырына аса ауыр тиген қасіретті де апатты күндер Ресей мен түрік халық арасындағы үшінші алапат иіріміне соқтырды. Өйткені, әлемдік жаһандық соғыстармен мемлекетаралық соғыс атаулының өзегі, басты шығу себебі жер үшін талас-тартыста жатады екен. Тарих қазақ халқының тағдырын Қытай мен Ресей сияқты ашкөз, жер дегенде араны ашылған, ең отаршыл екі империяның ортасында ұлан-байтақ, құс үшса қанаты талатын, тұлпар шапса тұяғы тозатын апайтөс далада өмір сүруді жазыпты. Ғұмыр бойы екі империяның сұқ көзі асты-үсті таусылмайтын қазынаға толы қазақ жеріне қадалумен өтіп келеді. Бұған тарих куә. Бірақ аузынан сілекейі ағып, қазақ жеріне сұқтанып, неше түрлі амал-айлаға басса да, қазақ жеріне ене алмапты. Жетілген зеңбірек, мылтығы болса дағы XVIII ғасырға дейін тұмсығын еркін сұға алмапты. Бұлай болуының себебі: олар тұрақты әскер ұстап, қару-жарағы сай болса да, талай рет сайланып қарулы қолмен келсе де, күтпеген қарсылыққа ұшырап, жүрегі шайлығып отырған. Мұндағы басты себеп: қазақтардың тұрақты әскері болмаса да, ат үстінде соғысуға, ат құлағында ойнаған асқан шебер, бетпе-бет келгенде әдіс айла жасауға мейлінше жетілген табиғи болмысы үстемдік жасай берген. Өйткені екі империяның жаяу әскері мол болса да, атты әскерінің жетілмеуінде, жетіле қалған күннің өзінде соғыста дала табиғатының қыр-сырын жете танып білмеуінде. Ал өмірі ат үстінде өткен көшпелі қазақ кең-байтақ жерін қорғады, ал жері қазағын қорғады. Амалы таусылған, бірақ өкпені қысқан екі империя енді келіп қытай мен араб басқыншыларының отарлау саясатында қолданған бөтеннің қолымен от көсейтін амал айланың ішінен «жабайыларды жабайылардың қолымен қан жоса етіп қыру» айласына көшті. Екі империя

ғы жері мол жауынгер көшпелі екі елді, яғни қазақ пен қалмақты бір-дап салып, бірін-біріне қырғызып, босаған жерге бекіністер орнатты. мақсаттарына жетудің жолында дипломатиялық түрде тіл табысты. шылдық амал-айланы қолдануға қалмақ пен қазақ хандығын таңдаудың қайталанбас себебі болатын-ды. Әрі бұл көшпелі екі хандық малдың аласып, бір-бірімен қақтығысып тұратын. Міне, осы қайшылықты ыл империя өз мақсаттарына пайдаланып, қалмақтарды қазақтарға лудың қандықол саясатын ұстанды. Бұл кезде қалмақ хандығы тіпті қытайлардың өзіне қысым жасау жолына түсті. Қалмақ тегеуріні қатты сезілген қытай патшалығы қалмақтардың арасында ын қоздырып, күшін екіге бөлуге әкелсе, Ресей патшалығы Аюке қалмақ тобын өзіне пайдаланып қалу үшін, ал Қытай қалмақтарды іп, күшін әлсірету үшін Еділ мен Жайықтың арасындағы аса құнарлы не келуге жол ашты. Оларды қолдап, жетілген оқ пен атылатын қару-ы жабдықтап отырды. Жаңа жерде малға жайлы қоныста Аюке хан қалмақтар күшейіп, қуаттана бастады. Бүкіл сарбазы атқа мінген, ып, жеңілсе шегініп соғыс өнеріне өте жетік қалмақ қолын Ресей ғы қазақтарға, ноғайларға, башқұрттарға айдап салса, тіпті, өзіне терліс жасаған казак орыстарға әлі келмеген Ресей Степан Разин шаруалар көтерілісін қалмақтың қарулы қолымен жусатып салды. хандығын жаулап алу жолында қалмақтардың атты сарбаздарын оққа Аюке хандығы дәуірлеп зорайып күшейгенде олардың ішіндегі рулық і керек кезінде қоздырып, пайдалануға жағдай жасап қойды. Енді олар-ндырып, орыстандыру үшін қалмақ қыздарын оқытатын миссионерлік ы мектеп ашып, отбасына, ағайын-туыстарына әсер ету жағын алдын тырып, іске кірісіп, миссионерлік саясатын жүзеге асырудың амалына алысқан әрекетін де көреміз. Аюке ханның Оралдың шығысына келуі ды екі жақтан қысу мақсатын да көздеген еді. Осы жағдайды терең Кожаберген жырау: «Орыстың мылтығымен қаруланып, / Оралтау ға жаулар келген», — деп тап басып айтуында ашы шындық та болатын-ғырған малға толы қазақты жақтаса, қалмақты екі бүктеп, алған жерін ияға бермей зорайып кетіп, өздеріне салмақ салатын тегеуірінді күшінен ді. Сескенді де жері аз, саны аз қалмақты жақтауды қолайлы деп тап-саяси айла-амалдың бәрі әрі соғыс театрының көрінісі, сол соғысқа ық қатынасқан аса білімді төрт-бес тілді меңгерген атақты қолбасшы ген жыраудың «Елім-ай» қиссасында өзінің реалистік көрінісін танып-себепті Кожаберген жырау:

Жұртымнан неге аяйын өнерімді,
Жоғалтпан тірі жүрсем беделімді.
Халқымның ауыр хапін баян етіп,
Бастайын «Елім-ай» деп өлеңімді. –

деп халқының апатты ауыр халін суреттеп баян етуді мақсат еткен жыраудың туындыларын танып білуді, әрине, кеш бастап отырсақ та, жақсылықтың ақжолтай бастамасы екеніне осы конференцияның өзі-ақ айғақтап отыр емес пе? Торайғыровтың бір кездері «Сондай-сондай замандар өткендігін / Қазаққа әдебиеті берген ашып» деп айтқанындай, біздің мұрағатымыз қазақ ақын-жырауларының туындыларында жатқанын Кожаберген жыраудың «Елім-ай» киссасынан көріп қанығып отырмыз.

Советтік билік әдебиет пен тарихты саналы түрде бөлек оқытуды қолға алды. Себебі тарих пен әдебиетті қосып оқытса, алғыр ойлы шәкірттерге Ресей империясының отаршылдық саясатының құпия-сырлары ашылып кетуінен сескенді. Әрі ақын-жазушыларды тарихи тақырыптан шеттетіп не нәрсе жазса да әдебиеттің таптығы мен партиялығы тұрғысынан суреттеп баяндауды қатаң талап етті. Ресейдің 47 түрік халқын отарлап жаулап алуы, олар үшін прогрессивтік құбылыс деген жалған, жасанды танымды мадақтап, жастардың санасына күн өткен сайын сіңіріп келді. Бұл идеялық жалған танымының қарқыны қапай болғанын Қазақстанның Ресейге өз еркімен 1731 жылы қосылуы актісінің 250 жылдық мерейтойы 1982 жылы Алматыда арнайы аталып өтуі айғақтайды.

Ал, бұл жалған танымның әуселесін, яғни тарихи шындықты, әсіресе, көркем әдебиеттің шыншылдықпен суреттеп беруі бар мәселенің маскасын сыпырып көрсетсе, тарихи шындық бар құпиясын айқара ашуға қызмет етпек. Бұған нақты мысалды Ресей, Қытай империясының өзара астыртын құпия түрде жүргізген дипломатиялық келісім саясатының өзекті мәселесі, көксеген арман-мүддесі түрік халықтарының атамекен жерлерін тұтас әрі оңай жолмен отарлауға келіп тіреледі екен. Бұл екі отаршыл ел қазақ пен қалмақты бір-біріне айдап салып, жабайыларды жабайылардың қолымен қыру арқылы босаған жерлерге бекініс қамалдарын салып, қуаныш сезіміне бөленген қасіретті оқиғасына бастан-аяқ қатысқан Кожаберген жыраудың «Елім-ай» қисса-дастанында жер мәселесіне шешушімен бірге қаралған әрі терең танымен халқының, бозторғайша шырылдаған жыраудың қасіретті үні, жаны бар саналы азамат атаулының жан дүниесін астан-кестен етіп қоздырмай тұра алмайды.

Қазақтың сахарасы жүз құлпырған,
Қытай мен Ресейді қызықтырған.
Күнгейдегі хандықтар көз алартып,
Үш жүзді бас салуға даяр тұрған, —

аазиялық хандардың да қазақ жерінен дәмелегенген саяси соқырлығын асып нүскай кетеді.

Шаттанып бекінісін орыс салды,
Мекенін естек, татар жауда қалған, —

лаған жау атаулының қазақ жерін бөлуге аш бөрідей ұлысып табысу-қсатын жырау жұрт алдына жайып салады. Осы үш жаудың: Ресей, алмақ сұм ақылдасып, қазақ жерін үшке бөліп алмақшы. Басып алу ба-ан-мақсаты болса, бұл аз болғандай, Бұхара, Хиуа, Қоқан хандығы мен , башқұрт елі қазақ жерінен үлес алып, калмаққа жанталаса, бір бүйірден Гумет, Тілеуіт деген қалмақ елдері өршеленіп соғысты. «Керек боп қазақ » деп бәрінің мақсаты — қазақ жерін айнала өрт болып лаулаған отты ортасында қалдырып, аузын ашып, азу тісін ақситып, талап жеу арқылы аулыны жер бетінен сыпырып жоюға ұмтылған қатыгездік, геноцидтік а қатар жүргізіліп жатты.
й, Ресей, қалмаққа қазағы тұтас қырылған жері ғана керек болуы се-

Жоңғарлар татарларды шапқан кезде
Ресей қалмақтарға қой демеді.
Жердің елсіз қалғанын қош көрді орыс,
Оларға қажет болды иесіз қоныс, —

дің иесіз қалуы, жабайыларды жабайылардың қолымен қырып, түбінде ı бірге қалмақ жерінің қырылудан иесіз қалуы — Ресей мен Қытайға ерек болды. VIII ғасырда Қытай патшасы үйғыр жерін жаулағанда, рды бала-шағасымен тұтас қырып, жерінің иесіз қалуын талап етуі, ықтың төркіні қайда жатқанын меңзейді. Шынында, қазақ жері қаптаған отасында қалды... Осыған байланысты Бұқар жыраудың:

Былай барсаң орыс бар,
Баланды берсең қоныс бар.
Былай барсаң Қытай бар,
Жапырағынды бұтай бар.
Былай барсаң қалмақ бар,
Күшіңді еппен алмақ бар.
Былай барсаң Қоқан бар,
Қоқаңдаған әкең бар. —

деп қазақ халқының жоғарғы азу тістері ақсиған қасқырлардың ортасында қалған қоянның тағдырындай ажал аузында қалған заманды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Соғыста жаңа қару-жарақпен қаруландыру шешуші күшке айналды. Бұл күшті кімге қарсы қолдану мәселесін Ресей мен Қытай империясы өз мүддесіне орай, қалмақтарға түрік халықтарын, әсіресе, қазақтарды қырып, жер бетінен жоюды мақсат тұтты. Осы саясаттың түбін терең сезіне білген Қожаберген жырау сол тұста Ресей мен Қытай империясының саналы түрде жүзеге асырып, бірін-бір қолдап отырған геноцидтік саясатын әшкерелей көрсетіп, сынай қарайды. Қожаберген жыраудың саясат әлемінде біліктілігін, өз көзімен көрген, білгенін замандастары мен келешек ұрпақтарының алдына жария етуінің мән- мағынасы баға жетпес бірегей құбылыс деп бағалаймыз. Әз Тәуке заманында қарудың жаңа түрін пілтелі мылтықты Қарнақта жасап шығуға ұмтылыс болғанын:

Қару соғу, жарандар,
Ерте кезде басталған.
Пілтелі мылтық білсеңіз,
Қарнақта бұрын жасалған.
Әз Тәуке өтіп дүниеден,
Шеберлік кәсіп тұсалған. —

деп Әз Тәукеден кейінгі хандар ынтасыз, алдын болжай алмас осал жандар болғанына күйініш білдіреді. Қазақтар үшін аса өкінішті жайт:

Алшынның темір тауына
Дұрыстап назар салмадық.
Мылтық соғу шаруасын
Үш жүз боп қолға алмадық. —

хандарының өзара тайталасы мен сатқындыққа бой алдыруы мылтық
етін мүлде тоқтатып тастады. Сол тұста қолдануға түскен қарудың жаңа
лоқ (қазіргі күндегі қол гранатасы) қан майдан үстіндегі шайқаста қазақ
ы қолданған қару болғанын біздер «Елім-ай» қиссасын оқу арқылы
болып отырмыз.
манның қаһарлы қаруы — зеңбірек, винтовкамен соғыс жүргізудің амал
жауға шабуыл жасаудың жол жобасы мен тактикасын қалмақтарға
ақтарды жер бетінен жойып, иесіз қалған жерлерін иемденуді мақсат
империяның жымысқы әрекетін аяусыз әшкерелейді.

Мылтығын Ресей, Қытай қалмаққа сатты.
Айдап сап малғұндарды қоқандатты.
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты, —

й, Қытай қазақтарды қырғызып жатса, діндес деген өзбектің үш
ұа қазақтарға қару сатпай, сырт айналып кетуіне күйіне қараған жырау:

Туысқан болыса алмай туысқанға,
Ұқсап тұр бүгінгі күн шын дұшпанға.
Қырсығып Бұқар ханы мылтық сатпай,
Жат болды Өзбек, Тәжік дін исламға, —

деген Бұқар хандығы өзбек, тәжік жат қылық танытып, қазақтың
на өз үлестерін қосып жатса, Хиуа хандығы түрікмендерге мылтық са-
ғыстауға айдап салуын жаулыққа баласа,

Хиуа алып түрікпеннен арғымақты,
Орнына берген қылыш дандай сапты.
Қазақты аяғансып тұрса дағы,
Мылтықпен түрікменді жабдықтапты.
Үш жүзге ықыласы түспей қатты,
Бұқар да түрікменге мылтық сатты, —

г алдында көрмес соқырдай, түбін ойламай, ортаазиялық үш хандық
ға мылтық сатудан бас тартып, қазақтарды жығылған үстіне
тап, иесіз қалса қазақ жерінен үлес алмақшы болып жауыздыққа ба-
ы. Ал Ресей мен Қытай империясы болса:

Қазақ пенен ноғайды қыртқызбақ боп.
Сөйлесіп орыс, қытай табандады. –

деп қазақтар үшін бас қауіптің қайдан келіп жатқанын баса көрсетіп, қазақты тұтас қырып жойып, иесіз қалған жерін үшеу ара бөлісіп алу мақсатын терең тани білген Қожаберген жырау жырларында пессимистік ниеттің ұшығы да жоқтығына көз жеткізеді. Бастан өткен апат күннің ауыр салмағын өз көзімен көрген Төле би де түптің түбінде әділетті жеңіс қазақтарда қалатынын көріпкелділікпен болжап айтқан еді.

Жау қалмақ бүгін бізді жеңсе дағы,
Түбінде оны қазақ жеңер деген. –

деп болжау сөзі Қожаберген жырауға да рухани дем бергені жыраудың ойтолғанысынан ашық сезіліп тұрады. Келешек жеңіс қазақтардың қолында болатынына оқырманын сендіре отырып, жақсылықты болашақтан күткен оптимистік көзқарастағы жырлаудың «Елім-ай» қисса-дастан түріндегі рухани жыры – біздің тарихи жадымызды жаңғыртып, тәлім-тәрбиемізді ұштай бермек. Өйткені Қожаберген жырау қазақ елінің бастан кешкен қасіретті тағдырын іштей сезіп, қанды қасап майдан төрінде көзбен көріп толғанысқа түскен батыр жырау:

Дүшпаннан кек алуға еттік шешім,
Ел-жұрттан жасырамын мұның несін.
Халқымның ауыр халін баян етіп,
Жырладым апат күннің шежіресін. –

деп келер ұрпақ қазақ елінің бастан кешкен апат күннің шежіресін білсін деген өсиет сөзі біз үшін рухани қазына көзіне айналып, жауға деген ыза-кегімізді қайрай отырып, адасқан соңғы ұрпағының көзін ашар шындықтың туын жалаулата көтеретіні бар.

Қожаберген жырау қазақ хандарының бірлікке, ынтымаққа келе алмай, тұтас бір халықты көрер көзге бөлшектеп билеу арқылы халықтың күшін ыдыратумен болғанын жете түсінді. Ал билігі бір қолда болған қалмақ қонтайшысының қазақ жеріне жойқын шабуылына жол ашқанын танып-білуі саяси өзгерістердің табиғатын тап басып танып отырғаң сұңғылалықты көреміз. Бұған қоса, екі империя оларды бақайшағына дейін қаруландырып, қазақ-ноғайды қырып са-

ардың иесіз қалған қонысын иемденіп, бекініс қамалдарын салып жа-
алысты көздеген отаршылдық саясаттың жалғаса беретінін іштей сезініп,
на соқыр болмай, көкірек көзін ашу қажеттілігін ұқтырып өткен.
раудың пікірі бойынша, қазақтардың қалмақтан жеңіліс табуының ба-
ебі, көрші екі елдің, яғни Ресей мен Қытайдың дипломатиялық саяса-
катыр деп біледі. Өйткені қалмақтармен болған бұрын-соңғы соғыстарда
р басым түсіп жататын. Ал көрші екі ел қалмақтарды қолдап, оларға
ың айла-тәсілін үйретіп, сол заманның ең жетілген қаруы — зеңбірек,
пен қаруландыру саясатында жатыр деп білген.

Алтын, күміс, мал беріп, аямай-ақ,
Орыстар мен қытайдан білгір жалдап,
Сыбан Раптан ден қойды өнерпазға,
Әскерін үйретуде он жыл қамдап.

Оларды надан қалмақ меңгерген жоқ,
Дәу мылтық жасауды олар үйренген жоқ.
Көрші екі ел мылтық беріп айдап салды,
Өйтпесе қалмақ бізге тең келген жоқ, —

сат мәселенің төркіні қайда жатқанын дәл танып білді.
аберген жырау қазақ, қалмақ соғысында қазақ елінің жеңіліске ұшырап,
қоршауында қалуына себеп болған ел билеген хандар мен төрелердің
ық әрекетімен ұштастыра қарауында ішкі саяси ахуалдың осалдық кор-
гізін дәл танып, аяусыз сынға алуында көрегендік танытты. Өйткені
ар қазақ батырлары сияқты елін, жерін сүйген патриоттық сезімнен
болып, жеке басының мүддесіне жығылды. Осы себептен де батыр жы-
каберген олар жайлы ой танымын ашық айтуды мақұл көргендіктен,

Сақтауға өз бастарын кейбір төре
Қалмақпен құда болып, аман қалған.
Жоңғарға кей төрелер елді сатқан,
Көсемі жоқ қазақтың басы қатқан.

Бұл соғыс қазағыма қатты батты,
Қара жер боздақтарды жалмап жатты.
Қыз алып, қыз берісіп, құда болып,
Кей төре ойда-жоқта елді сатты.

Қылдырап кері кетті қоғамымыз,
Болды ғой аяқасты Отанымыз.
Кетірген ұш жүзімнің берекесін,
Хан, сұлтан, бекке болсын обалымыз.

Орта жүзді төрелер,
Екі бөліп билеген.
Алдап момын қауымды,
Саз балшыққа илеген.
Бөлшектеп елді басқарды
Әбілмәмбет пен Сәмеке.
Бір хандық төртке бөлінсе,
Бола ма, халқым, береке? —

деп қазақ елі тағдыры қыл үстінде тұрғанда ел билеген хан мен төренің сатқындығы қазақ атаулыны жері үшін көзін жоюға ұмтылған үш елдің (Ресей, Қытай, Қалмақ) отына май құйғанмен бірдей жаулыққа басты деп өзінің әділ бағасын бере білді.

Қожаберген жырау ел билеуге ұмтылған төрелердің талантты қолбасшы деген Әбілқайыр сұлтанның хан болуға ұмтылған түлкі-бұлаң қулығына сын көзімен қараған. Қожаберген жыраудың өз танымы тұрғысынан берген саяси әділ бағасы баға-ақ. Бүгінгі Ресей тұрғысынан зерттеп, Әбілқайырды біржақты бағалап танытып жүрген зерттеушілердің идеялық бағытын сын талқысына салып, әділет тұрғысынан бағалау — азаматтық борышымыз болып саналатынын білуіміз керек-ақ күрделі құбылыс. Осы себепті де тарихты қайта сараптағанда Қожаберген жыраудың бағыт-бағдары, ой толғаныстары бізді бүгінгі қоғамдық танымның ой орманындағы адастырып жүрген қалың тұманнан жол тауып адастырмас соқпақпен жүре алмақпыз. Өйткені жыраудың Әбілқайыр сұлтан туралы сыншылдық ой-пікірлер желісінен:

Қамданған жасақ жиып тігіп шатыр,
Қолбасшы Әбілқайыр қайда жатыр?
Сәмеке, Ғайып, Болат, Әбілмәмбеттің
Жәрдемі бар қазаққа тимей жатыр.

Мақтанған жайшылықта Барақ қайда?
Қытай мен орыстарды мақтаушы еді,
Тапты екен сол жұрттардан қандай пайда?

Дұшпанға қарсы тұрды арғын қолы,
Кесілді еріксізден жаудың жолы.
Айнакөл жағасында тұрсақ тағы
Келмеді Әбілқайыр жиған тобы.

Әбілқайыр төреңіз
Хан болудан үмітті.
Қолға алса істі бұлдірер,
Бермеңдер оған билікті.
Кіші жүзге хан болса ол,
Алшыннан бақыт жойылар.
Сыртқы дұшпан басынып
Талайдың көзі жойылар.
Билік құрса ондайлар
Жол бермес жайсаң, қасқаға.
Адастырып халқыңды
Кіріптар етер басқаға, –

ен бағасы сол қанды майдан жорықта болған жырау өзі танып-білген ын алдымызға жайып салады. Бұл шындыққа сенбей біздер кімге Біздің тарих отаршылдар көзімен жазылған жалған тарихты, жалған ı пенделердің саясатқа байланған ой-танымынан тұтқын болған ой- са- ı арылтып, шындық ауылына үй тігер заман келді.
ке бидің өмірден өтер кезінде сұлтан, төрелердің ел билеу қылығынан лып, қалың қазаққа айтып кеткен өсиеті болатын-ды:

Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті.
Бағыну бір көсемге дұрыс қой деп,
Боларын осы апаттың болжап кетті.

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сөйлер кезің деді.
Қазақты алғыр батыр басқармаса,
Ата жау быт-шыт қылар, сезін деді.

Хан, сұлтан, төре күні өткен деді,
Олардан ақыл, айла кеткен деді.

Үш жүзім өзіңді өзің тұтас ел қыл,
Басқарар енді уақыт жеткен деді.

Үш жүзден үш ақылшы болсын деді,
Қазаққа бақ пен дәулет қонсын деді.
Сайлаған көсемдерің кеменгер боп,
Халқының болашағын шолсын деді...

Өсиетін Әйтекенің естеріне ап,
Қазыбек, Төле, Ақсуат шайқады бас, –

деген өлең жолдарындағы Әйтеке бидің көрегендік өсиетін заман жүрісі өзгеріп, жаңа уақыт талабына сай келмеген ел билеуші төре, сұлтан, хан атаулының сатқындыққа бой ұруы елдің бағын қайтарды, себебі ел билейтін батыр көсемді, оған көмекші үш жүзден үш биді таңдап, халық қамын ойлауды шешуші орынға көтерді. Әрине, бұл ұлттық сананы жаңғыртып, оянудың бастамасы деп білмек керек.

Өткеніңді танып білмей, болашағыңды болжай алмайсың. Сол өткен рухани қазыналарымыздың бірі Қожаберген жыраудың әдеби мұрасы – XVIII ғасырдағы атамұрамыз. XVIII-XIX ғасыр басындағы қазақ қауымының бар болмысы, тарихи шындығы осы «Елім-ай» қисса-дастаны берген бағыт- бағдарымыз бола бермек. Өйткені ол бізді шындыққа бастайды. Көріпкел бабамыздың «Елім-ай» жырында сол заманда-ақ тарихи шындық пен бізге қарсы оқталған жаулардың қатыгез геноцидтік саясат ұстанған жаулығын танып-біліп, келешек ұрпақтың сусындауына өсиет еткен мұрасы жас ұрпақтың өткен тарихтың ащы шындығын әшкерелейді, ата-баба ұстанған сара жолын ұрпақ санасына сіңіріп, отаншылдық сезімін оята түсу үшін «Елім-ай» қиссасын «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында бүкіл халық оқуға қолға алғаны дұрыс жол болады.

ҰЛТ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН

(Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек САЛЫҚОВТЫҢ сөзі)

өметті қауым!
ференцияға қатынасушы достар!
аналықтар мен ардақты қонақтар!
ақ халқының ұлы перзенті Қожаберген жыраудың туғанына 350 жыл толуланысты мерекелі де мерейлі қуаныш құтты болсын! Еліміз Тәуелсіздікке Қазақстан Республикасы дүниені бір сілкіндірген айтулы елдер қатарына ы. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясаткерлік атағы мге жеткен үздік қайраткер екендігі әмбеге аян болды. Еліміз аз жылдарлас елдерден оза шығып, әлемдік дағдарыстан күйзелмей өтіп, намыскер н дос-дұшпанды таң қалдыра отырып, өркениет өресіне көтеріліп барады. і аталған заманауи жетістіктердің ішіндегі ұлт мүддесін ойлауға туған на тарихы киелі тәуелсіздікке сүйеніп, жүйелі түрде шындық сырын моаша бастады. Біздің ғалымдарымыз, саясаткер мамандарымыз, көрнекті қайраткерлері ұлттың ұлықтылығын көтеріп, ұлттық рухты ту етерлік ге жетердей еңбек етіп, қолда бар деректерді өз керектеріне айналдырып, ныңлық биіктерге көтере бастады. Адамзат тарихындағы өркениеттерге рикация жасаған тарих зерттеушілері әркеһиеттің түп-тамырына қарай 1 өркениет болды десе, біз өз өркениетіміздің тарихына үңіле қарап, таай ғажап сырларын аша бастадық. Өшкендеріміз өмірге қайта оралып, ндарымыз табылып, өздерінің тарихи орындарын алып жатыр. Міне, еніс өзінің аясын кеңіте түсіп, ұлтымыздың тарихи санасын күннен-күнге і түсуде.

нгі сөз болып отырған дауылпаз баба Қожаберген жырау жайында келелі ары айдан анық, конференция жұмысына сәт тілеймін! Қазақтың мәндайрихшысы, академик Манаш Қозыбаев: «Қожаберген — батыр, баһадүр, гі мемлекет қайраткері, дауылпаз жырау, замана дүлділі», — десе, атақты р Жүсіп:

«Қолбасы, ақын, жырау, һәм елші, би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.



«Елім-ай» әні менен жырын тағы,
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй», –

деп мәлімдеді.

Осындай «Замана дүлдүлі» жайлы сөз еткенде, қожабергентанудың бір үлкен тармағы оның ел мұңы қозғау салған намыскерлігіне тоқталмақпын. «Елім-ай» әнін бала күннен айтып жүрдік, алғашқы рет қолыма домбыра алып үйрене бастағанда да «Елім-ай» әні есімде мәңгі қалды. Соғыс жылғы балалардың көрмегені жоқ қой, әсіресе, майданнан келген суық хабар «қара қағаз» келгенде аналарымыздың, апаларымыздың жылаған зарына «Елім-айды» қосқандары ет жүректі әлі де шымырлатады. Атақты Огинский өзінің полонезін «Атажұртты аңсау» деп атаса, өз елін жаншып езген жат жерлік жаулардан поляк халқы қырғыншылыққа ұшыраған кезде жазған екен. Біздің дауылпаз атамыз Қожаберген де «Елім-ай» дастанын, осы аттас әнін, күйін, ұлт бірлігін сақтай білген әз Тәуке хан өлгеннен кейін ел қырғынға ұшыраған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» арнап отыр. «Елім-ай» әні ұлт намысын қыздырып, бостандыққа ұмтылу жолында қазақ халқына үш ғасырдай ұран болды. Бұл әнді мен ұлтымыздың ұлы намыс жыры дер едім.

Ал Қожабергеннің намыскер батыр ел қорғаны бола білгені өзінің:

«Басқарып үш жүз қолын 23 жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар қалт қылған жоқ жарлығымды,
Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын», –

деген сөздері өзге қоспасыз анық айтып, ел намысын қорғай білген батырдың ширек ғасырға тақау уақыт додада, қан майданда жүріп ат үстінен түспеген айғақтайды. Бұл шындық та Қожабергеннің қолбасшылығын айқындайды. Ордабасы, баһадүр, тархан атанған нағыз намыскер болғанын бүгінгі тарихшылар дәлелдеп берді.

Қожаберген жырау өзінің әйгілі еңбектерінде зар заманға талдау, зерттеу жасап, өз көргенін хаттап етті. Оның ақындық, жыраулық өнері де ар – намыстың айғақтарына толы қаһармандық ақиқатшылдықтан туып отыр. Ол тарихи шындықты бейнелеудің жазба түрін ұлттық поэзиямызда сирек кездесетін ұлы дәстүрдің үлгісі етіп жасап кетті. Оны ұлы бабамыз Бұқар жыраудың ұстаз тұтқанының өзі қазақ жырауларының шың басына көтеріп тұр. Сондықтан да Қожаберген жырауды қазақ жырауларының атасы десек көп болмас деп ойлаймын. «Кейінгі ақындарға нұсқа айтқан, қазақтың аға жырау жорғасы едім» деген

і де ұмытпайық. Ол аға жырау деп әдепті айтса, біз «ата жырау» деуге байық.

андану үрдісі қанатын кең жайғаннан бері ұлт мүддесі қай халықты терең ойландырады. Бұл орайда Қазақстанда ұлттың болашағын көкейкесті шаралар жүріп жатыр. Әсіресе Алаш зиялыларынан алатын старымызға Қожабергендей бабаларымыздан алатын үлгілерімізді де кең ну керек. «Елім-ай» дастанының жыр басында:

«Өзі алсын Алла бізді панасына,
Дұшпанның қол жеткізсін жағасына.
Майдында ерлеріме қуат беріп,
Көрші елдің қалдырмасын табасына», —

лттық мүдденің нағыз өзі, ұлттық намысты қыздыра, үдете, айқындай көрші елдің қалдырмасын табасына» деуі — ел намысының қорғаны ұлы тұлғаның сөзі. Ұлт мүддесін қорғау ол ұлтымыздың болашағы мен ін қолдау деген сөз. Бұл орайда ұлттық идея сөз болғанда, Қожаберген зды үлгі етуді парызымыз деп білейік. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегендей, тағдырын терең ойлап, оны сақтаудың жолын ойласақ, ең алдымен өз ізді ойлау — басты мақсат. Мәңгілік ел болуды көздесек, ішкі намысты ргенше қорғай білу — зор міндет.

ңғыс хан: «Бойына білім жинаған кісі алтын арқалаған адамнан артық», — Жеті Жарғының» нұсқасын жасау да Қожаберген жыраудың ақылымен енін көрсетеді. Әз Тәукенің ұсынысымен бұл жұмысты орындап, билер а талқылап қабылдауды да Қожаберген Әз Тәукеге ұсынған екен. Бой- л білімі болмаса, бұл талапты орындай алмас еді.

осы бір мысалды дерек етіп Қожабергеннің билер сотын қолдауын асыл Салық Зимановтың Қызылжарда өткен (1911) Қожабергенге арналған нциядағы сөзі есімде қалды. Бұл да ел бірлігін ойлаған дананың шын на- л мінезінің көрінісі. Ал, тіл мәселесіне келсек:

«Әз Жәнібек кезінен,
Қазақша таңба іске асқан.
Арабтың ғарпын негіздеп,
Қазақша жазу құрасқан.

Атам қазақ тілінде
«Жеті Жарғы» жазылған,

Әз Тәукедей ханымыз
Жоқ еді елді аздырған»,-

деп тіл мәселесін көтеруі де ел намысын, ер намысын қорғайды. Ол татаршылап кеткендерді сынайды.

«Асан Қайғы, Жиреншe
Сөйлеп өткен қазақ тіл.
Әз Жәнібек, Қойлыбай
Сөйлеп өткен гажап тіл», —

дей келе, «Жат алдында ез болмай, берік ұстаңдар өзіңді» деп шегелеп тастайды.

«Хан деуге аузың бармайды
Тәукенің ұлы Болатты.
Неге десең, ол сұлтан
Өзбекше тілді қалапты.

Әбілқайыр төре де,
Татаршылап жазып жүр.
Жаңбыр жаумай су болып,
Өзінен-өзі азып жүр.

Бұйырсаң да айыпқа,
Оңайлықпен көнбеспін.
Кеудеде жан тұрғанда
Теңдікті қолдан бермеспін», —

деп Қожаберген бабамыз тіл қорғауды ұлттық намысты сол арпалысты заманда шартпа-шұрт жасқанбай айта білді.

Қожаберген жырау ақ патшаның озбырлық қылықтарына қарсы шықты. «Елім-ай» дастаны — ең әуелі осы ойға оранған ұлы туынды. Оған қоса ұлт тағдырын терең ойлаған дана жырау қазақ хандарының төре тұқымынан ғана сайлануына қарсы болса, бұл пікір де «Елім-ай» дастанында ашық айтылды. Міне, ел намысын қорғаудың осындай асыл үлгілерін көрсеткен Қожаберген жырауды ұлтымыздың ұлы перзенттерінің қатарына қосып, ерекше ардақтау — біздің ұрпақтың міндеті. Оны ел намысын қорғаған парасатты ойшыл, ұлы тұлға деп Тәуелсіз ел тарихында көтере білсек дауылпаз бабаның алдында ел парызы ақталады.

20.06.2013 ж.

ҚАБЕРГЕН ЖЫРАУ – ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ ЖОҚТАУШЫСЫ

(Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, философия ғылымдарының докторы Амангелді АЙТАЛЫНЫҢ сөзі)

тар ғалымдар ұлттық идеяны бүгінгі әлемнің тірегі, іргетасы деп мойын-
бірақ оның мәні қайшылықты, өрісі кең, өзгерістерге толы.
тар шапқыншылығы және «Ақтабан шұбырынды» алмағайып заманда
ттық идеясының бағыт-бағдары айқындалып, отаншылдық, патриоттық
өзекті ойларға арқау болады. Ұлттың мұраты мен мүддесі, қайғы-
ен абыройы, арманы мен иманы, тілі мен ділі «Елім-ай» дастанында
рініс алады.
ық идея бүгінгі ғылыми және көпшілік әдебиетте ұлттық қарама-
ктың, дау-дамайдың көзі деп қараушылық кең өріс алған. Совет
ыдыраганнан кейін саяси кеңістікте демократия ұлттық рең алып, соғыс-
ларға ұласты. Ұлттық идея зеңбірек, танк, ракета тілімен сөйлей бас-
асында да, ұлт идеясы екі жүзді өткір қару, елмен елді біріктіреді де,
салады. Мәселе бұл қару кімнің қолында: адамгершілікті, достықты
ындардың ба, әлде арандатушы, тәкаппар, менменшіл күштердің
ма?
ы ұлттан айыратын да ұлттық сана-сезім. Ол «біз» және «олар» деген
ік-психологиялық терең тамырлы, келелі құбылысқа негізделген. Өзін
айыру, қауымдастық, үйірлік психологияның тамыры ру, тайпалық
басталады. «Біз» ұғымы этнос дамуында оның біртұтас әлеуметтік
ық қауым болып бірігуіне әкеледі. «Біз» бен «оларды» антитеза ретінде
айшы қою, салыстыру кейде әдейі, кейде өзінен-өзі, бірте-бірте эт-
изм сияқты психологиялық құбылыстар ұялатады. Оның мәні-басқа
ың құндылықтарын өз ұлтының үлгісімен өлшеп, барлық жағынан
н жағымды, жақсы жағынан көрсетіп, өзгелерден артықшылығын
Этноцентризм басқа халықтарға өктемдік жүргізген ұлттың басында
авалық дертке айналады. Орыс ақыны Е. Евтушенко «Казанский уни-

верситет» атты поэмасында орыс халқының кейбір психологиялық қырларын былай білдіреді:

Даже дворничиха парашка
Армянину кричит:
«Эй армяшка!»
Даже дурная шлюха визжит
На седого еврея:
«Жид».
Даже пьяница, падая в грязь,
На татарина:
«Эй ты, князь!»
Бедняков, доведенных до скотства,
Научают и власть, и кабак
чувству собственного превосходства:
«Я босяк,
ну, а все же русак!» [1]

Бұл – астамшыл, отарлаушы ұлттың психологиясы. Орыстың қора сыпырушы әйелі, жезөкшесі, маскүнемі, тіпті, жалаң аяқ қаңғыбасы орыс болғандықтан ғана армяндардан, еврейлерден, татарлардан және басқалардан артық.

Ал қазақ сияқты ешкімді өзінен кем көрмейтін, өзін басқамен тең көретін халықтың ұлттық идеясы байсалды, парасатқа толы. Қазақ халқының тарихи жадында Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ ханы қонтайшыға айтқан мына бір сөзі ұлттық патриотизмге толы.

«Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден күт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп үкі таққан елміз. Басымыздан сөз асырмаған елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды, ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ-қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір – еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!» [2].



Қонақтарды қабылдау





Конференция қонақтары



Республикалық Ардагерлер ұйымының төрағасы, академик
Ө. Озғанбаев тілшіге сұхбат беріп тұр



Қонақтар



Ұйымдастырушылар



Ұлды Хамитқызы немерелері Мағжан мен Қарақызбен ойларын ортаға салып тұр



Ақын Х. Есенғараева профессор Д. Қамзабекпен ой бөлісуде



Л. Гумилев атындағы университетінің орталық залында



Оңтүстік Қазақстан облысынан келген қонақтар



Полковник Ж. Ахметовті марапаттау сәті



Күлтегін ескерткішінде суретке түсу



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Р. Халмурадовтың қажы Жаһиямен кездесуі



Делегаттарды тіркеу



Залдан көрініс



Залдан көрініс



Академик С. Қирабаев мінберде



Конференция төралқасы



Мемлекет тарихы институтының директоры Б. Аяған баяндама жасауда



Ел ағалары, академик С. Сартаев пен бауыржантанушы ағамыз М. Мырзахметов



және мемлекет қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов баяндама жасап тұр



Залдан көрініс



Мемлекет және қоғам қайраткері А. Айталы баяндама жасауда



Жазушы Медеу Сәрсеке



Академик Серік Қирабаев



Академик Сұлтан Сартаев



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,
генерал-лейтенант А. Тасболатов баяндама жасауда



Профессор Т. Айтмұхамбетов баяндама жасап тұр



Ғалым Мекемтас Мырзахметовті марапаттау сәті



Ақынның көңіл күйі



Секен Тұрысбеков күй шертуде



Академик Сейіт Қасқабасов пен конференция ұйымдастырушысы



Ақ дастархан басында бас қосқан академиктер



Конференция ұйымдастырушылары қонақтармен бірге

гі таңда да қазақ халқы бұл сөздерді өз жанына жақын қабылдайды. бақыт құсының қастықта емес, достықта екенін терең түсінген халық. ойындағы қасиеттер ұлтаралық қақтығыстар, ұлт-азаттық қозғалыстар ұшталып, ұлттың белсенділігі артады.

берген жырау ұлтқа төнген қауіп қатерді әр түрлі қырынан саралап, ан, қай-қай заман» деп қайталай келе, заманға баға береді.

Бұл заман, қай-қай заман, қайғы заман,
Бос кеткен ер еңбегі зайғы заман.

Бұл заман, қай-қай заман, күйін заман,
Шіріткен тамам жұрттың миын жаман.

Бұл заман, қай-қай заман, азған заман,
Ел-жұртым апат келіп, тозған заман.

Бұл заман, қай-қай заман, орлы заман,
Орнаған үш жүз үшін торлы заман.
Атадан ұл, анадан қыз адасып,
Жұртымды тентіреткен сорлы заман.

Бұл заман, қай-қай заман, қасқыр заман,
Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған.

Бұл заман, қай-қай заман, мыстан заман,
Қазақты әлсіреткен дұшпан заман.

Бұл заман, қай-қай заман, шұбар заман,
Қазаққа таулар торын құрар заман.

н қазақ ұлттының психологиясының қарама-қарсы екі феноменіне назар ы. Бір жағынан, қазақтар өздерін алты алаштың — ноғай, қарақалпақ, ырғыз, башқұрт сияқты бір ұлы деп есептейді.

Біздің қазақ жұрты да
Алты Алаштың біреуі еді,
Ерте кезден жауынгер,
Мұсылманның тіреуі еді, —

ді жырау.

Екінші жағынан, қазақтар ел болып ұйысқан ұлт:

Өскенбіз Қазақ ұлы бір ұяда,
Қызыққан ел емеспіз дүнияға,
Үлкенді кіші сыйлап әрқашанда
Той болса, сөз бастатқан қарияға.

Осы екі феномен – қазақ ұлтының талай ұрпақтарының еңбегімен, қуаныш, қайғысымен сараланған, дәлелденген рухани құндылықтар.

Бұл – бағыт-бағдар, өмірге қазақ ұлтының өзіндік болмысымен келген, сол себептен де оның дүниетанымының айнасы.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы алты алашқа сын болды. Көрші екі ел, Қытай мен Ресей, қалмаққа қару беріп, қазаққа айдап салды. Алты алаштың ұлдары қысылтаяң кезеңде сырт дұшпанға алданып, Ресей мен Қытайдың айтағына еріп, бір-біріне жәрдем бере алмады. Қазаққа естек жау болды, күнгей беттен түрікпендер соқтықты, башқұрттар татарларды шапты. Ноғайдан басқалары қазаққа болыспады.Осылай туысқан туысқанға болыспай, сырт айналып кеткен соң, қазақ ешкімнен көмек күте алмады. «Сор маңдайға қасқыр да өш болмады» дегендей, мұсылман мұсылманға қасқыр болып, қандастар жат болды.

Екінші феномен – қазақтың ішкі бірлігі. Н. Назарбаев «Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі» деп орынды айтқан. Кожаберген жырау үш жүз қазақ ұлтының екінші атауы дейді:

Қазақ деген атауға
Ілескен үш жүз есімі.
Бір жұрттың екі аты боп,
Тағдыры ерте шешілді.

Қазақтың ту үстап, қол бастайтын ұлдары, дінін, тілін сақтаған, дұшпанының табасына қалмаған, тірлікте бір-біріне жәрдем берген халық. Жырау азаттықтың қамы үшін қажымай, сескенбей, ілгері ұмтылып, жаумен теңдесіп, дұшпанның туын жығуға шақырып, намыс отын тұтатады. Төре, төленгіт, қожа да қазақтың ұлы, би мен бек болып бөлінбей, жұртын қорғауға, бірін бірі демеуге, тобын жазбай іргелі ел болуға шақырады.

«Елім-ай» идеясы жапа шеккен елдің мұңы ғана емес, қайсар, дұшпанның табысына қалмайтын, ұлт мерейі үшін дұшпанды да, өзін де аямайтын идея. Дастан да бірқатар тұлғалар сынға алынады.

жаберген жырау елдің ауыр халін тек дұшпандардан көрмей, қазақ да сынға алады, алауыздық қысылтаң кезде елді бірліктен айырып, әлсіз гін көрсетеді. Өз бастарын сақтау үшін кейбір төрелер қалмақпен құда аман қалған, елді сатып, қыз алысып, қыз беріскен. Ел басқарған азамат, ыл болар, паң болмас деп, жырау Сәмеке, Болат, Барақтың әлсіздіктерін, мбет пен Сәмекенің бір хандықты төртке бөліп, халқының берекесін ығын, Әбілқайырдың дер кезінде жауға соққы бере алмағанын сынайды. ай мадақтауды идеологияға айналдырған біздің қоғамда ұлтшылдық сын мы мол сабақ.

ім-ай» елдік психологиясы — елді тұтастыратын, үш жүздің басын н, көсем, шешен би сайлайтын, көршімен жауласу үшін емес, татула- табыстыратын ұлттық идея. Қазақ ұйымдасып, тізе қосып, топтасып, ұрып, есін жиып, жауды түбі жеңді. «Әр пенде өз халқына сенеді екен, ікте ер ел-жұртын көреді екен» дей келе, жырау «қазаққа ұйымшылдық ып тұр» дейді.

ім-ай» ой тұжырымы — қазақтың мұңы мен налы, ызасы мен кегі, ар- ен мұраты, XIX-XX ғасырларға жалғасып, патшалық қысымға, совет гіне қарсы күрестің арқауы болды.

ет Байтұрсынов:

Қазағым — елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Қамауда жаның,
Талауда малың,
Аш көзіңді оянып, —

гты елдікке, рух тәуелсіздігіне шақырады.

Ж. Тәшеневтің қазақ атамекеннің тұтастығы үшін 60 жылдардың ағы принципсіз, немқұрайлы, кең қолтық жайлаған ортада Мәскеудің на қарсы тұруы — отаншылдықтың үлгісі. Оның Ақмола, Көкшетау, ай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары (оның ішінде Целино- азіргі Астана қаласы да бар) Ресейге берілуіне қарсылығы, осы жолдағы ығы көп қазаққа үлгі болды.

не, Ресей қазақты бағындырып, көндіріп қана қойған жоқ, жартылай та алды, орыстандырды, дінсіздендірді. Тарихи жадынан айыра ба- қазақты жалтақ, көнгіш, айдауына жүретін, айтқанын істейтін ұлтқа ыруға тырысты. Оның зардабын бүгін де шегіп отырмыз. Бірақ қазақ

түгел бас ұрушы ұлтқа айналмады, метрополия қазақты өзінің ықпалына толық бағындырып, шортанша жұтып қоя алмады. Қазақтың намысы империяның тынысын тарылтып, Ж. Тәшенев сияқты тұлғалар оның тамағына көлденең тұрған сүйектей болды.

Ж. Тәшеневтің қарсылығы қазақ ақын-жазушыларын қанаттандырды, шабыт берді. Өмірге Ж. Нәжімеденов пен Ш. Қалдаяқовтың кейін гимнге айналған «Менің Қазақстаным» әні, Ж. Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасы, І. Есенберлин мен Ә. Кекілбаевтың романдары, басқа да шығармалар «Елім-ай» ұлттық патриотизм идеясын ел санасында сіңірді. Ал ұлттық идеяның әдебиетте, ұлт санасына терең ұялауы Желтоқсан көтерілісіне рухани дайындық болды. Жастар «Елім-аймен» алаңда тоталитарлық билікке қарсы тұрды.

«Елім-ай» – дін мен ұлттық тіл, дін байланысының, ұлт тұтастығының идеологиясы. Дін – ұлттық сананың қашанда басты діңгегі. Оның басты себебінің бірі ұлт-азаттық қозғалыстармен тығыз байланыстығы. Ел басына ауыр күн туғанда ислам діні ортақ ұлттық мүддені қорғаудың негізіне айналып, ұлттық бірлікке, отаршылдыққа қарсы күреске жұмылдырушы, рух беруші күш: «Алла, аруақ, әулиелер желеп-жебеп, Қазақты ел боларда қолдап-демеп», – дейді жырау. Дастанда қазақтың дәстүрлі мұсылмандығы сөз болады: медресе мен мешіт ашқан, шәкірттер тәрбиелеген, қазақ жұрты аузына харам салмаған, ата аруағын шақырып, ұран салып ел қорғаған. Алыс жолға шыққа қазақ «құдия, бағымды аш» деп Алладан пәрмен сұраған. Мұсылмандық – ел бірлігінің бұзылмауының негізі. Бір-біріне жәрдем беру мұсылмандықтың белгісіне айналған.

Елдің ұйытқысы, мұсылмандықты шайқалту үшін қалмақтар медресе мен мешіттерді өртеген, өлі аруақтарға соқтығып, бейіттерді қиратқан. Шор, түба, хас, сахаларды ислам дінінен айырып, өз дініне мойынұсындырған.

Қиын-қыстау, жаугершілік заманда мұсылман қауымы бірлесіп ортақ жаумен күресе алмағаны, тіпті қол ұшын бермек түгіл, Қоқан мен Хиуа хандықтарының дұшпанмен бірге болғанына, мұсылманның мұсылманға көмектеспегеніне ашынып, жырау бір Аллаға:

Дұшпанға көктеп жасын түсір, Алла!
Баласын мұсылманның панаға алып,
Үш бірдей жаудың үнін өшір, Алла! –

деп жалбарынады.

Осылай, «Елім-айда» әділеттік пен теңдік идеясы сарқылмайтын рухани күш алып, қиындықтарды жеңетін, ұлтты торығу мен ашынудан сақтайтын парасат көзіне айналды.

гек Жаратқанға құлшылық емес, оны сүю ғана емес, дін — ұлт өмірінің қты қамтитын азаматтық, құқықтық, білім тәрбие, өмір салтын қамтитын ттейтін жүйе. Нақты тарихи жағдайларға байланысты ұлт тағдырының тұстары маңызға ие болады. Ұлт үшін, ел үшін намазды да қаза етуде емес. Жырау:

Намазды тоқтатыңдар, азаматым,
Ұнаса менің айтқан насихатым.
Қожа, молда, имандар уақытша
Қоржынға сақтап қойсын шариғатын.

Намаз оқып жатқанда, жаулар қырар,
Атылған дәу мылтықтан доп кеп ұрар.
Мінәжат қып жайнамазда отырғанда
Сұм халхи ұстап алып, тұтқын қылар, —

ыз айтады. Тек көңілің Алла таза болсын.
дан дін мен ұлттық идеяның байланысы ашық көрініп-ақ тұр. Дінінен ған халық ұлттық қасиетінен де ажырайды, ұлтсызданған халық дінінен, айырылатыны белгілі. Ұлт болып ұюдың негізі — дінде. Кейбір ұлт- қозғалыстардың көсемдері дінді адамнан да жоғары қояды. Халық са- ұлттық идея діннен бірге енгеннен кейін тәуелсіздікке деген арманнан ай отаршылдық айныта алмайды, себебі, онда құдайдың бейнесі. Діни наным-сенім аясында қалмай, ұлт болмысымен, мәдени мұрамен арала- ы құдіретті күшке айналдырып отыр.
ен ұлт байланысының ең басты көзі отаршылдық саясат дедік. Ол өзі әр дінді құдалаумен бірге жүреді де, ал дінұлттық сезімді қайрап, ұлттың күш-қайратына, ар-ожданына сенім туғызады. Үстемдік жасаған ұлт ттер алмасуы, білім мен ғылым тарату сияқты желеумен кейде ашық, асырын түрде өз дінін, тілін енгізеді. Оның айқын көрінісінің бірі — ияға дейін Ресейде 300 мың татарды шоқындырып, христиан дінін туы [3].
ынғандар қазақ арасында да болды.
ық мәдениетті аяққа басу, салт-дәстүрді, намысты қорлау дінге бет ды. Дін — төлтума мәдениет, өмір салты, ұлттық сананың басты тірегі ін-өзі танудың маңызды жолы. Дінге бетбұрыс бұқараның іс-қимылын ырып, оны саяси күреске тартады. Азаттық жолындағы күрестің діни

сипат алуы оған терең бұқаралық мән береді, себебі, отарлаушы көпшілік жағдайда тілі, діні бөтен ұлт. Діни қозғалыс ұлттық діни мақсаттар төңірегінде көптеген ұлттар топтасып, панисламизм сияқты мұсылман дінін қолдайтындардың мүддесін қорғайтын ағым қалыптасты.

Дін мен ұлт байланысының көлеңкелі, қайшылық жақтары кейінде байқалған. Кейде дін өкілдерінің бейбіт, қатар өмір сүруге тырысып, империя үстемдігіне қарсылық білдірмеген, тіпті, олардың саясатын құптаған тұстары да аз болмаған. Діннің қоғам ертеңгісінен гөрі кешегісін көксеуі, отаршылдыққа қарсы күресте жаңа бағыт бағдар ұстай алмауы ұлттық қозғалыстың тиімділігін тежейді. Діни-ағартушы ақын Әбубәкір Кердері, мысалы, кезінде патшаны дәріптеген:

«Ақ патша шығарып тұр әділ жолды,
Кісі жоқ әділ болсаң сенен оңды...» [4]

Адамгершілік қағидалар мен ұлттық құндылықтар дінге жақын жанасып жатса, дінді қорғау ұлттық идеяның маңызды мұратына айналады. Ұлттық идея халықтың наным-сенімдерін, адамгершілік таразысынан екшелеп өткізіп, ұлттық дүниетаным қазыналарына сіңірген.

«Елім-ай» идеясы XX ғасырдың басындағы қазақ демократтарының идеяларымен ұласты. Ұлт көсемдері діннен әлеуметтік нақтылықтан тыс (трансценталдық) негіздерді емес, ұлттық қауымдастықтың жасампаздық рухани жігерін, «ұйықтап» кеткен жағдайынан оятатын қайрат көзін табады. Ұлтжанды ойшылдар үшін дін тек қасиетті кітаптарды өсиеттерді, құдайды мойындату, ақиқатты қабылдау ғана емес, ұлттық даналықтың, имандылықтың бейнесі. М. Дулатов замандастарына, көңілі ояу, көзі ашық інілеріне арнаған өсиетінде былай деп жазады:

«Әуелі цйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның көміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың» [5].

Қожаберген бабамыз тіл мен дін байланысына аса зор мән берген: «Туған тілді қор етсек, / Бұзылып кетер дініміз», – дейді. 2002 жылғы Ресейдегі халық санағы бойынша, татар, башқұрт ағайындардың үштен біріне жуығының ана тілі – орыс тілі. Сонымен бірге, орыс тілді мұсылмандар бүгін, еуроислам, «либеральдық ислам» бағытын насихаттауда. Ал орыс тілді татар, башқұрттардың

православия дінін қабылдаған. Бүгін Татарстан мен Башқұрстандағы
лав шіркеулерінің священниктері башқұрттар мен татарлар, Ресей ресми
бойынша, бұл ұлтаралық, дінаралық татулық. Шындығында бұл татар-
башқұрттардың дінінің бұзылғандығын айқындап отыр.
мен ұлт мәселесі бүгін біздің елде де өте күрделі. Ел халқының
ылғы халық санағы бойынша 70,2 пайызы мұсылмандар, 2,8 пайы-
е сенбейтіндер, 0,5 пайызы діни бағдарын анықтамағандар. Қазақтар-
айызы дінге сенбейтіндер. Мұсылмандар арасында немістер, корейлер,
), поляктар да бар, олардың саны 5 пайызға дейін. Бірақ қазақтардың
ісы христиан, пуданизм, буддизм, басқа діндерде жүр. Протестант, пра-
священниктерінің бірқатары қазақтар. Сонымен бірге, қазақ халқының
йызы мұсылман деген деректің өзі де күмән туғызады. Дінтану ғы-
а мұсылманбыз, православпыз дегендердің діни ғибадатханаларға барып
ық ету, діни парыздарды өтеуі, діни мерекелерді арнайы өткізу, басқа да
р жөнінен саралағанда, шынайы діншіл адамдар аз болып шығады. Соны-
ге мұсылмандардың арасындағы дінішілік қайшылықтардың барлығын,
анағы кезінде тек қазақ болған соң мұсылман, орыс болған соң православ
ей салғанын ескерсек, шынайы діни ахуалдың күрделі екені түсінікті.
м-ай» идеясының салтанат құра бастағаны, ұлттық мемлекеттің ка-
ы Тәуелсіздік заманынан басталады. Әсіресе, мемлекеттік сана қалып-
да Қазақстан-Ресей шекарасының айқындалуы, келісімнің бекуі, оны екі
ттің парламентінің ратификациялауы маңызды тарихи оқиға болды. Тер-
жағынан еш мемлекет те ұтылған жоқ, бірақ моральдық ұтыс Қазақстан
а болды, себебі ол күні кешегі отарланған ел еді. Оның шекарасын мой-
есейліктер үшін іштей оңай болмады. Ресей Мемлекеттік Думасының
татының қарсы дауыс беруі — шовинистік пиғылдың көрінісі. Ресей
әдебиетінде шекара қазақ немесе орыс тілімен аталған елді мекендердің
ылығына қарай, болмаса қазақ болмаса орыс тілінің тарауына қарай
сын деген пікірлер жиі қайталанды. Отарлаушы елде отарлық, үстемдік
ң тамыры терең болса, отарланған елде, әсіресе, қазақтарда, өзін кем тұту
гиясы да терең тараған. Сондықтан да ұлттық мемлекеттік сананың да-
де үлкен қайшылықтар туғызуда.
т Одағы ыдырағанымен, тарихи сахнадан кеткенмен, санадан кеткен жоқ,
оның тірі иелері әлі біраз. Советтік идеология, астамшылық психология
еясы, рухы әдебиетте, білімде, жер-су аттарында әрі айқын көрініп тұр.
ішінде көп ұлттарды кириллицаға көшіру орыс мемлекетінің, ұлтының
ын мойындау еді. Сондықтан әліпби лингвистикалық, педагогикалық

мәселе емес, оның геосаяси маңызы да зор болды. «Алфавит» служит целям государственного обьединения» деген сөз 1910 жылы 13-26 маусымда болған Қазан қаласындағы миссионерлердің сьезінде айтылған. Енді бүгін мәдени мұраны, ғылыми әдебиетті, оқулықтарды латын әліпбиіне көшіру талай онжылдықтарды талап етеді.

Бүгін «Елім-ай» идеясы қанат жайып, қазақы ортада, жеке адамдардың да санасында өз орнын алып келеді, оның интеллектуалдық, психологиялық жігер-қайратының да сарқылмағандығы көрсетілді. Оның болашағы да мол, оның, патриотизмге, елдік санаға рух, сенім, серпін беретіндігіне бүгін көз жетті. «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан», — деді Н.Ә. Назарбаев. Қазақтар — мемлекеткұраушы ұлт. Кейде диаспоралар өкілдері біздер осы елдің азаматымыз, біз де мемлекет құраушы халықпыз деп қарсы уәж айтады. Әрине, барлық үлкенді-кішілі этнос уәкілдерінің заң алдында құқы бірдей. Бүгін этностар бір елден екінші елге қоныс аударып жатқан тұста еліміздегі диаспоралардың саны азаяр, не көбейер, бірқатары тіпті, түгел қоныс аударып, болмаса басқалармен сіңісіп те кетер, бірақ ол өзгерістер мемлекетіміздің атына, мәніне әсер етпейді. Себебі, елдің табаны, байырғы халқы — қазақтар. Қазақстан мемлекетін қазақсыз көз алдымызға елестетуге болмайды. Қазақстансыз қазақтар шетте өмір сүрер, бірақ қазақсыз Қазақстан елі болуы мүмкін емес.

Дегенмен, заманның бет алысы ұлттық тілге, мемлекетке қауіп туғызып тұр. Бүгінгі заманды кейде «дуффузия этносов и рас» деп атап, ұлттың, нәсілдің тегі бөтен халықтардың, тарауы, араласуы, мемлекеттілікті де, саяси және экономикалық жүйені де тапап өткелі тұрған заман делінеді. Бұл «диффузия», тіпті, адамзаттарды жаңа бір нәсілге, орысша айтқанда, «расовый бульонға» айналдырғалы тұр. Бұл жаңа «сорпадан» жаңа этностар, суперэтностар, нәсілдер пайда болуы ықтимал деген болжамдар айтылады.

Нарықтық экономикаға көшкен тұста біз өмірдің қай саласы туралы сөз қозғағанда, оның қаржы тапшылығына тірелетінін айтудан жалықпаймыз. Десек те мемлекетте рухани бір арқаудың, тіректің жоқтығында сезінеміз. Өмірдің барлық қырын валюта нарығындағы доллардың, болмаса еуроның құнымен өлшеуге болмайтындығын, қоғам бағыт сілтейтін құндылықтарға сүйенгенде ғана қалыпты өмір сүре алатынын түсіне бастадық. Оның өзі — ауыр індеттен сауыға бастауымыздың нышаны. Ұлттық идеяға қажеттілік туды. Ол идеяның бастауы билік кабинеттерінде емес, рухани мұрамызда жатыр. Тек өткен шақпен ғана байланыстыруға болмайтын, бүгінгі күнмен үндесіп жатырған шығарманың бірі — ұлттық идеяның қайнар бұлағы Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны.

ім-ай» идеясы еркіндікке, рухани құндылықтарды жаңартуға үлкен реді. Бүгін де отаршылдық, тоталитарлық үстемдікті басынан өткізген, интернационализмнің зардабын шеккен қазақ ұлты үшін ол — отарлаушы ктан, ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі. Сол себепті де бүгін өткен а, дәстүрлікке, әлеуметтік тәжірибеге деген ынта өсіп, төлтума ұлттық еліктерге көз жеткізуге, нығайтуға күш салынуда. Ұлттық идея дәйекті ұлттық сана қалыптастырып, біржақты еліктеушіліктен, басқа ұлтқа сіңісіп н сақтандырады. Әр ұлт өз тағдырына тән мәселелерді өзіндік жол-ешеді. Ал ұлттық топыраққа басқа өркениетті көшіру, тарихи тәжірибе кеніндей, күйзеліске әкеледі.

йдаланылған әдебиеттер:
. Евтушенко. Избранные произведения, т.2. — Москва, 1975.
Э. Кекілбаев. Үш пайғамбар. — Алматы, 1992.
Коммунистическая революция». — 1924, №4.
Кердері Әубәкір. Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар. — Алматы, 1993.
Ұлатов М. Шығармалары. — Алматы, 1991.

ҚОС ЖЫРАУ ХАҚЫНДА

(Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері Социал ЖҰМАБАЕВТЫҢ сөзі)

іміздің арқауы қазақтың «Зар заман» деп аталған ауыр кезеңінде өмір сүрген қос жырау Кожаберген мен Бұқар жыраулар өмірлерінің астығы, ұстаз-шәкірт ретіндегі достығы, ой-пікір ұстанымдығының дығы, туысқандық қатынасы туралы болмақ.

деріңізге белгілі қазақтың бір тума ақын-жырауы Бұқар Қалқаманұлының ректері кейінгі кезге дейін бұрмаланып келді. Мысалы «Бес ғасыр жыр-» (Алматы: Жазушы, 1989) кітабында «Бұқар 1668 жылы туып, бір ан астам жасап, 1781 жылы қайтыс болған. Бұқардың, тіпті, сауып ішер мініп-түсер аты да болмайды» деп қате жазылды.



Қожаберген жырау Бұқардың туған жылын 1723 жылы жазған «Елім-ай» дастанында былай жырлайды:

Бұқаржан биылғы жыл отыз жаста,
Атағы ақындықпен шықты Алашқа.
Өзі де көп қайғырып жүрген шығар,
Түскен соң ауыр бейнет қайтсін басқа!

Қазақстан Республикасының соңғы шыққан энциклопедиясында Бұқар жыраудың туған, қайтыс болған жылдары Қожаберген жырау мен Көтеш ақынның деректерімен 1693 жылы туып, 1787 жылы қайтыс болды деп түзетілді.

Біздің қолымызда екі жыраудың рухани және туысқандық қарым-қатынасына дерек болатын «Елім-ай» дастанынан басқа Бұқар жыраудың шығармаларының жинағына кірмеген, ғылыми айналымға түспеген «Ғаділ ер», «Ұстазыма» атты толғаулары бар. Екі жырау туралы сөзіміз осы толғаулар негізінде өрбімек.

Өйткені, Бұқар бабамыз бұл екі шығармасында Қожаберген жыраудың бүкіл болмысын, оның шежіресін, өмірбаянын, ұлылығын, батырлығын, жыраулығын, даналығын санамалап айтып шығады.

Бұқар жыраудың өзін сөйлетсек, «Ұстазыма» атты толғауында Қожаберген жыраумен қарым-қатынасы туралы былай дейді.

Бата алған Бұқармын
Қожаберген асылдан,
Қожакеңнен үлгі алған
Әкем аты Қалқаман.
Нұсқа үйрендім өзім де
Ермедік деп айта алман.
Өзімнен бұрын әкем де
Қожекеңе көп ерген.
Соғыстың әдіс-тәсілін
Сол ұстаздан үйренген.

Жыраудың «Елім-ай» дастанын шығарғаны туралы:

Шаңқобызын Қожекең
Жосаменен сырлаған,
«Елім-айдай» қиссасын
Қан майданда жырлаған.

«Елім-ай» деп ат қойып
Ән мен күйін шығарған.
Жұрттың мұңын ұғасың
Тыңдағанда солардан.

ғаудың шығармашылығы туралы:

«Ер Көкше» мен «Ер Қосай»
Ұстазымның жыры еді.
Қозғағаны сардардың
Халайықтың мұңы еді.

«Құламерген», «Ер Есім» —
Қожаекемнің дастаны.
Көшіріп жаттап әншілер
Басына жырды жастанды.

ғаудың «Баба тілі» дастанын шығарғаны туралы:

«Баба тілі» деп ат қойған
Тарихын елдің жырлаған,
Сол «Баба тілі» қиссасы
Халайыққа ұнаған.

ырлығы туралы:

Күрзісімен жауды басқа ұрған,
Сыбан Рабтанды састырған,
Жаралы дүшпан басшысын
Ат тұяғына ылғи бастырған.

Халдан Бошохты да ұтыпты
Жас сардар болған шағында.

Айбарынан жау қашқан
Есінен қалмақ адасқан.
Ұрандап жауға тигенде
Жарқылдап қолда алдаспан.

Жыраудың ордабасы болғанын да айтып кетеді

Ел қорғаудың жолында
Бар ғұмырын өткізді.
Бас қолбасшы Қожаекем
Қазақты қорғап жеткізді.

Ел арасын бүтіндеп,
Қазы болды тұсында.
Ордабасы шағында
Қамалды бұзды құлшына.

Жыраудың «Жеті жарғыны» жазғаны туралы:

Тәукенің жазып мизамын,
«Жеті Жарғы» деп атаған.
Қатаң бапты енгізіп,
Бұзықтарды матаған.

Жыраудың даналығы, ұлылығы туралы:

Қожаберген бақадұр
Адамзаттың пілі еді.
Ақындардың ағасы
Болғаны да шын еді.

Қазақ, ноғай, татар мен
Қарақалпақ бәрі де
Ақыл сұрап көп барған
Қожаберген көріне.

Разы болып оралған
Қожаберген данадан.
Төрелік берген ұстазым,
Асып кеткен қарадан.

Қожаберген жырау өмірдеректерінен оның 1710 жылы Әз Тәуке мен оның уәзірлеріне, үш жүздің билері мен бектеріне, батырларына өзінің ұзақ жылдарға созылған жауға қарсы күресте шаршағандығын айтып, өзін ордабасы қызметінен босату туралы тілек қойып, өзінің орнына шәкірттерінің бірі арғын Бөгенбай

ы (1683-1775 жж.) деген жас батырды сайлатқанын білеміз. Бұл тура-ұқар жырау «Ғаділ ер» атты толғауында былай деп жазды:

Қожаберген ғаділ ер
Қадірін білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға
Билігін берген ардагер.

Баласы да, інісі
Ұстазымның бар еді.
Оларға бермей орнын,
Арғыңға берген нар еді.

Бөгенбайдан кем емес,
Дәстем салдың бектігі.
Асып түсер тура айтсам,
Жаратылыс тілегі.

Інім деп бұрмай Дәстемге
Басшы бол деп әскерге
Бөгенбайды сайлатқан
Лайық ер деп көсемге.

Інілерім, ұлдарым
Өкпелеп жүрер деместен,
Бөгең ерді ұсынды
Ойлатуға келместен.

аберген жыраудың да Бұқарды аса құрметтегенін «Елім-ай» ндағы мына бір шумақтан байқауға болады.

Шәкіртім қайда екен Бұқар жыршы,
Ол Бұқар – әрі ақын, әрі сыншы.
Естісе жау тигенін аттан салар,
Жырына оның, халқым, құлақ түрші.

қ халқының тағдырына қабырғалары қайысқан алаш ұранды қос ың ой-пікірлері, ұстанымдары да бір жерден шығады. Екеуі де халық әжеттікпен хан-сұлтандарды қатты сынаған, айыптаған.

«Баба тілі» дастанында Қожаберген жырау:

Қожаберген айтты деп
Хан-сұлтандар, шамданба!
Сынады деп тіл үшін
Жазалауға қамданба!

Қолданатын шараңды
Төңкерермін басыңа.
Соқтықсаң маған, сұлтандар,
Мінбессің тұлпар астыңа.

Асқақтама, бектерім,
Сұлтанға еріп асыға
Ілтипатқа алмасаң,
Бұлт төнер әлі-ақ басыңа! –

деп хан-сұлтандарға күш көрсетсе, азуы алты қарыс Абылайға Бұқар жырау:

Ашуланба, Абылай!
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін.
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Орыспенен соғысып
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба! –

дейді.

Екеуінен басқа да жыраулар хандарға қарсы мұндай батыл сөз айта алмаған.

Қожаберген Толыбайұлы – өз шығармаларында ата-тегінің шежіресін, өзінің өмірге келген уақытынан бастап өмірдеректерін жазып кеткен жырау. Сондықтан да жыраудың өмірбаяны дау туғызбайды. Жырау өзінің нағашы жұрты туралы «Елім-ай» жырының бірінші бөлігінде былай деп жазды:

Орта жүз арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты сүйіндіктен.

Жиырма үлдың көкжал туған ең кішісі ем,
Түңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.
Нағашым Айдабол би, Күлік мырза,
Ісіне туған халқы болған риза.
Аруағы сол екі ердің желеу болып,
Көрерміз туған елді дәм бұйырса.
Ақбура, Тұлпар менен Қабыланбек
Бір туған нағашы атам інілері еді.
Аруағы үшеуінің қолдау болар,
Олар да шапағатты нағашым еді.

раудың бұдан үш ғасырға жуық уақыт бұрын жазған арғынның сүйіндік ың бұл шежіресі қазіргі ғылыми айналысқа түсіп жүрген арғын шежіресі-дей: орта жүздің арғын атасынан Мейрам туады. Мейрамның 12 ның бірі – Сүйіндік. Қожаберген жыраудың анасы Ақбілек Айдаболқызы ік атасынан тарайды. Сүйіндіктен 6 бала: Қаржас, Орманшы, Құлболды, лды, Мәжік, Тортуыл. Құлболдыдан 5 бала: Айдабол, Күлік, Ақбура, , Қобылан. Айдабол – Қожаберген жыраудың өзі жазып кеткендей ағашысы. Бұқардың әкесі Қалқаман Айдабол бимен немерелес. Осы-туысқандық қатынасы жағынан Бұқар Қожаберген жыраудың туған сы екен.

жырауды көзі көрген Қазыбек би Тауасарұлы былай дейді.

жаберген жырау мен көргенде қартайған, екі тізесінен ақсап басатын шал н. Осысына қарамай, жырау сонша әдемі киінеді. Басында сусар бөрік, күзен ішік. Белінде діңмент. Оның қолында домбырасы да жоқ. Бірақ апырып, мен көргенде домбырасыз тақпақтап айтты... Қожаберген То-баласы Тәуке заманында ғаскербасы болған, жау түсіріп, ту алған батыр – батырлығымен бірдей сол заманның өзі көзбен көрген оқиғасын мол ан адам. Жасы мен құралпы Бұқар оған құлдық ұратын. Бәлкім, егер рген жырау болмаса, бізге ол заманның көп шындығы жетпес те еді» ұқияннан өзіме дейін. – Алматы: Жалын, 1993. – 215-б.).

конференцияны өткізіп отырған Білім және ғылым министрлігіне ы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, М. Әуезов атындағы т және өнер институттарына жыраудың тарихи мекені Гүлтөбе жеріндегі ы, елі атынан рахметімізді айтамыз. Қожаберген бабамыздың рухы қорғап, қолдап жүрсін!

2013 ж.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТАРИХИ ДЕРЕК

(Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Аманжол КҮЗЕМБАЙҰЛЫНЫҢ сөзі)

Қазақ тарихына терең бойлауға, тарихи процестерді жан-жақты ашуға, неғұрлым шынайы көрсетуге әсер ететін фактор – тарихи деректердің жеткіліктілігі. XX ғасырда өмір сүрген француздың атақты тарихшысы Люсьен Фебер: «История, несомненно создается на основе письменных документов. Когда они есть. Но, она может и должна создаватса и без письменных документов, когда их несуществует», – деп ауызша деректерді пайдалану қажеттігін айтыпты [1]. Қазақ халқының тарихы осы күнге дейін шетел мұрағаттарының, авторларының, жиһанкездерінің, шенеуніктерінің қалдырған мәліметтері бойынша жазылып келді. Өкінішке қарай, қазақи дәстүрде жазылған жазбаша деректерге, ата-бабадан ауызша беріліп келе жатқан шежіреге сенімсіздікпен қарадық. Сондықтан да, тарихымыз қысқа, бір жақты болып жазылды.

Негізгі баяндамаға көшпес бұрын қазақ шежіресі негізінде жазылған тарихи шығармаларға шолу жасауды жөн көрдік. Қазақтың тарихтану дәстүрінің негізінде шежіре жатқандығы белгілі. Сонау XV ғасырдан бастап жазылған тарихи әдебиеттерде шежірені кеңінен пайдаланған.

1499 жылы туып, 1551 жылы дүниеден өткен Мұхаммед Хайдар Дулати келер ұрпаққа «Тарих-и Рашиди» атты шығарма қалдырды [2]. Көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, ақын, ғұлама ғалым М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты әлемге әйгілі еңбегі алғаш рет қазақ оқырмандарына қолжазба нұсқасынан тәржімаланып, 2003 жылы ұсынылды.

1530-1605 жылдары өмір сүрген Қадыр-Әлибек Жалайыри «Жамиғ-ат-Тауарих»[3] атты кітап жазды. Бұл негізінен жоғарда айтылған Рашид-ад Диннің кітабын негізге ала отырып, қазақ шежірелерін пайдаланып жазылған еңбек. Мұнда ол сол заманның саяси-шаруашылық, этникалық процестеріне тоқталады. Осы күнгі қазақтың құрамына кірген көптеген рулар туралы мәлімет аламыз.

ктің бұл түрінің ерекшеліктерін, оның табиғатын түсіну үшін, «шежіре» нің қай уақытта, қалай пайда болғанын ескеруіміз керек. Алғаш рет ді біз М. Қашқаридың сөздігінен кездестіреміз. Ол: «Мен бұл кітапты сөздер, сежілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, режез және нәсір секілді здермен безендіріп, мақсұс әліппесі ретімен түзеп шықтым» [4], – деп

кіре бүкіл түрік халықтарында кездеседі. Мәселен, түрікмендерде », башқұртта «шежіре», татарда «шаджара», қырғызда «санджыра», а «шастир», моңғолда «цээлинджээр дасх» деп аталады екен. Бір , тува тілінде бұл ұғымды «чечен» деген сөзбен түсіндіреді екен. Бұл ң шешен деген сөзімен түбірлес. В. Санчиров деген ғалым қалмақтың)» деген сөзін қытайдың «чжуань» – әңгіме, тарих, жылнама, ғұмырымын беретін сөзден шықты деп есептейді [5]. Якут тілінде «сасанна» «әңгіме айту, әңгімелесу, сөйлесу» дегенді білдіреді екен [6].

қ пен қойы қоралас, малы аралас қалмақтарда «цэцэн» деген сөз бар. ың шешен деген сөзіне өте ұқсас. Араб тілінде бұл термин «тамыр» дегартады екен. Осы күні қазақ арасында осы араб тіліндегі нұсқасы ата ы білдіретін шежіре ұғымы пайдаланылып жүр. Қалай болғанда да, ң шежіресі – сол әулеттің тарихы. Халқымыз жеке бір әулеттерден десек, бұл термин халқымыздың тарихы деген ұғымды білдіреді.

н ғасырдың 90 жылдары екі бірдей мұңғұл тілінен аударылған шежіре айналымға енді. Оны қазақ тіліне аударған сол елдің еңбегі сіңген мәдераткері, жазушы Мағауия Сұлтанияұлы және Абай Мауқараұлы. Оның ысы «Алтын шежіре» [7]. Бұл шығарма түрік-моңғол тайпаларының асырда дүниеге келген көне жазба мұрасы. Мұнда қазақ хандығын керей, жалайыр, қоңырат, меркіт, найман, т.б. түркі тайпаларының 00 жыл бұрынғы өмір тіршілігі Шыңғыс хан қағанатының тарихымен баяндалады. Көне әдеби мұраның мазмұнында сол заманның уақыт тыақты деректер мейлінше кең қамтылған.

шісі «Моңғолдың құпия шежіресі» [8]. Бұл шежіре де адамзат тінің құнды мұраларының бірі. Мұнда XII-XIII ғасырлардағы керей, татар, қоңырат, меркіт, т.б. түрік тектес тайпалардың тарихы, ірі мемлераткері Шыңғыс ханның жүргізген саясаты, сол кездегі ірі-ірі оқиғалар ады. Кіндік, Орта және Батыс Азия көшпелілерінің тарихнамасын і қамтыған аталмыш шежіре халқымыздың тарихымен де тамырласып, ып жатыр. Кітапта қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне өмірі мен тыныс-тіршілігі жайында құнды мәліметтер мен деректер көп.

Халқымыздың тарихын танып білудегі маңызы зор бұл еңбек қазақ топырағында алғаш рет жарияланды.

Қазақтың шежіресі атадан балаға ауызша ғана жеткізілді деген қате пікір бар. Шежіре көбіне жазылған. Бізге жеткен деректерге қарағанда, алғашқы шежіреші – Өтеміс Қажы екен. Оның «Шыңғыснама» [9] еңбегі сұлтандардың шежіресіне арналған. Өтеміс Қажы – белгілі ортағасырлық тарихшы. Шыққан тегі, істеген қызметі, жазған еңбегі қазақ тарихында алтын әріптермен жазыларлық. Оның жазған «Шыңғыснама» кітабы Алтын Орда мемлекетінің тарихынан мол мәлімет береді. Кітаптың негізгі дерегі – Шыңғысхан ұрпақтарының шежіресі. Яғни, ол – даланың ауызша тарих дәстүрін қағазға түсірген алғашқы ғалымдардың бірі. Автор өзі жазып отырған Алтын Орда хандарынан кейін өмір сүрсе де, өте ыждаһаттылықпен, шындыққа тым жақын фактілерді бізге жеткізіп кетті.

Бір қызығы, Өтеміс Қажы тек қана шежіре деректерімен шектеліп қоймайды. Ол қызмет бабымен Алтын Орда мемлекетінің түкпір-түкпірінде болып, көптеген адамдармен кездесіп, пікір таластырып, жиған-терген материалдарын өз кітабына енгізген. Сондықтан да «Шыңғыснама» – өте құнды, сол заманнан мол мағлұмат беретін бірден-бір бағалы еңбек.

Қазақ шежіресі тарихшылар назарын осыдан үш ғасыр бұрын аударды. Елімізді, жерімізді отарлауға ниеттенген көрші орыс елі XVIII ғасырдың басында-ақ жаңа құрылған Ғылым академиясына негізгі тапсырма ретінде қазақ елінің тарихы мен этнографиясын зерттеуді жүктеді.

Қазақ шежірелерін ел ішінде көп жүрген, қазақ тілін, әдет-ғұрпын жақсы білетін Г. Потанин, Ә. Диваев сияқты ғалымдар да зерттеді. Осылардың ішінде өте мардымды еңбек атқарған Әбубәкір Диваев ақсақалды айтуға болады. Ұлты башқұрт Әбубәкір ақсақал қазақ тілінің, әдебиетінің, әдет-ғұрпының білгірі еді. Ол бізге екі жүзге жақын ғылыми мақалаларын мұраға қалдырды. Өткен ғасырдың соңында оның ғылыми еңбектері «Тарту» [10] деген атпен кітап болып жарыққа шықты.

Қазақ шежіресін кеңінен пайдаланып жазылған еңбек – Құрбанғали Халидтің «Шығыстың бес тарихы» [11]. Автор Орталық Азия, Шығыс Түркістан халықтарымен қатар қазақ даласын мекендейтін ру-тайпаларға да тоқталады. Өзен-көл, жер, ру-тайпа аттарының этимологиясы жөнінде көптеген мәліметтер бар.

Қазақ шежіресін алғашқы қағазға түсіргендердің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857-1931) [12]. Ол өзінің кітабын 1911 жылы Орынборда шығарды. Совет заманында бұл шығарма бірнеше рет жарық көрді. Мәшһүр шежіресінің

ігі ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың өз тұсында болған р туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады. Сондықтан ан шежіре оқуға өте қызықты.

кірені өлеңмен жазған жерлесіміз Нұржан Наушабаев (1885-1919). «Манзумат қазақия»[13] аталатын 1903 жылы қазанда жарық көрген а қазақ шежіресінің біраз материалдары пайдаланылған. Нұржанға шежірені өлеңмен жазатындар көбейген.

қ тарихнамасында шежіре деректерін деректемелік талдаудан өткізу лігін алғаш айтқан Шәкәрім Құдайбердіұлы [14]. Көп оқыған, көп шығыстың да батыстың да тарихи әдебиеттерімен таныс Шәкәрім қажы зерттеулерде батыс ғалымының әдіс-тәсілдерін пайдалану қажеттілігін Әсіресе, ол шежіре деректеріне үлкен күмәнмен қарап, оларды деректер-а да түрлерімен салыстыра отырып пайдаланады. Сондықтан да оның жөніндегі еңбегі шығыс және батыс тарих жазу дәстүрлерінің арасында ан.

юлогиялық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, ол қазақ тарихын гүрде баяндауға тырысты. Шәкәрімнің керей-уақ жөніндегі пайымдалу-лас тудырып, осы күнгі қалаптасқан пікірлермен сәйкес келмейді.

т үкіметі заманында шежірені өзінің ғылыми еңбегіне негіз қылған тжан Тынышпаев қазақтар жөніндегі алғашқы еңбектің авторы бол-да ол өзіне белгілі қазақ руларын талқыға салды [15]. Өткен ғасырдың дары Ташкент қаласында жарық көрген оның кітабы көпшіліктің сүйіп шығармасына айналды.

қтың белгілі жазушысы Сәбит Мұқановтың көзінің тірісінде баспаға , бірақ өзі қайтыс болғаннан кейін жарыққа шыққан еңбегінде қазақ іне арналған бөлім бар [16]. Онда Сәбең атамыз қазақ шежіресіне си-бере келе, қожа және қазақ шежіресіне талдау жасайды. Ол шежіре тек , жазбаша ғана болып келмей оның өлеңмен айтылғанын да атап көр-ұл кітаптан жазушының туған жері Солтүстік Қазақстанда сол заманда ген шежіреші қарттар жөнінде де мағлұмат бар. Бір қызығы, солардың СРО халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі Бекмұхамбет те бар.

ыры тәлкекке түскен, атақты Ермұхан Бекмаханов өз еңбектерінде материалдарын арнаулы тарихи дерек ретінде молынан пайдаланды. ейінгі Х. арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров, Н. әлімбай, Б. Жакин ғы да басқа тарихшылар шежіре деректеріне зор баға берді [17].

лардың қорытындысы ретінде 2007 жылы қарағандылық тарихшы Алпысбес Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында

«Қазақ шежірелері — тарихи дерек ретінде» атты докторлық диссертациясын қорғап шықты [18]. Онда ғалым қазақ шежіресіне жан-жақты баға беріп, олардың маңызды тарихи дерек екендігін дәлелдеді. Өзінің ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін бірнеше ғылыми мақалаларында жариялады.

Автор бұл еңбегінде сондағы қазақтардың өткені мен келешегі төңірегінде күйірене баяндаған.

Өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ шежіресіне «өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі» деп баға берген екен [19]. Жалпы айтқанда қазақтың тарихтану дәстүрінің негізінде шежіре жатқандығы белгілі.

Бүгінгі баяндама тақырыбы — атақты бабамыз Қожаберген жыраудың «Елім-ай», «Ататек» шығармаларын тарихи дерек ретінде қарастыру. Бабамыздың өмірі, оның шығармашылығы соңғы жылға дейін бізге белгісіз болып келді. Оның себебі, Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы шыққан адам. «Елім-ай» жырын мұқият оқып шыққан адам жоңғар шапқыншылығына демеу беріп, Жоңғарияға әрқашанда қол ұшын беріп отырған Ресей екенін аңғарады.

Кез келген тарихи оқиға алдымен тарихшылардан бұрын жазушы-жорналшы бауырларымыздың қалам тартатындығы белгілі. Қожаберген бабамызға да алғашқы рет көңіл аударып, өз шығармасына арқау еткен белгілі драматург-жазушы Нәбиден Әбуталиев. Оның 1995 жылы «Жеті Жарғы» баспасынан жарық көрген «Ордабасы Қожаберген» деген кітабы қалың оқырманды қызықтырғаны мәлім [20].

Алғашқы рет Қожаберген шығармаларын жинақтап, баспаға дайындап жарыққа шығарған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы Мәдина Дастанова [21].

1999 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен ғылыми-теориялық конференциясында жасаған баяндамасында академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев «Дауылпаз Қожаберген — дүлдүл тарихшы» деп оның тарихи шығармаларына жоғары баға беріп еді [22].

Қожаберген шежіресі негізінде қазақтың белгілі тарихшысы Марат Сәбитұлы Мұқанов 1998 жылы өз монографиясын жариялады [23]. Мұнда ол тарихтану дәстүріндегі шежіренің рөліне тоқталады. Кітаптың бірінші бөлімі толығымен қазақтың шежіресінің құнды тарихи дерек екендігін дәлелдеуге арналады. Келесі бөлімінде қазақ халқының рулық қоғамындағы таксономикалық деңгейлері сөз болады. Монографияның соңғы бөлімі керейдің тарихы мен шежіресіне арналған.

Бүкіл ғұмырын шежіре жинауға арнаған Сегіз серінің тікелей ұрпағы, фольклоршы-ғалым Қаратай Биғожин көзі тірісінде бірде-бір кітабын жарыққа

алмады. Денсаулығының дімкәстігіне қарамастан ол қазақ елін, көршілейдің қандастарымыз мекендейтін өңірлерін жаяу-жалпылап түгелге ралап шықты. Оның назарынан бірде-бір шежіреші қарт тыс қалған олына түскен тарихымызға байланысты материалдарды «Мәдениет», әдебиеті», «Ауыл», «Орталық Қазақстан», «Солтүстік Қазақстан», рқа», «Жаңа Сарыарқа», «Қазақ батырлары» және де басқа газетқарға жариялап түрды. Қожаберген жырау шежіресін жалғастырып, ганал беттеріне жариялаған да осы кісі [24].

ыарқа», «Жаңа Сарыарқа» жорналын шежіретану орталығына айналқазақтың көрнекті жазушысы Нұрғожа Ораз өзінің кітабына қазақ а арналған әр жылдары әр басылымдарда жарияланған мақалаларын . Оның «Шежіре хақында», «Керей шежіресі», «Бөгенбай Мама ы хақында», «Тарышы керей», «Көшебе керей» мақалаларының өте жоғары [25].

жылы Костанай аумақтық тарихи-зерттеулер институты Қожаберген негізінде керейдің Ашамайлы атасының шежіресін басып шығарды. қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан керей на қатысты мәліметтер берілген. Олардың көне заманда пайда ботағасырда мемлекет құрып, XII ғасырда сонау Моңғолия жерінен анның Солтүстігі мен Сібір өлкесіне қоныстану тарихы, XYI ғасырдың қазақ хандығының құрамына кіруі баяндалады. Сонымен қатар, Ашерейден тарайдан рулардың схемасы және осы елден шыққан атақты дың өмірбаяны берілген.

күнге дейін аталған шежіре көптеген авторлдардың шығармаларында ғылғанымен оған деректемелік талдау жасалған емес [26].

ғасырдың орта шенінде ғылыми деректанудың негізін қалаған Болтин және Август Шлецер деректерді сынаудың екі деңгейін анықтап олатын. Одан кейінгі В. О. Ключевский, француз ғалымдары Э. Берн. В. Ланглуа, Ш. Сеньобос тарихи құжаттарды ішкі және сыртқы сынзіп барып, ғылыми айналымға кіргізу қажеттілігін дәлелдеді [27].

нді, Қожаберген жыраудың мұрасын іздеу, табу және жариялау мәтоқталалық. Бұл шаруа деректану жұмысының алғашқы кезеңіне жаелгілі тарихшы Марат Мұқановтың зерттеуінде керей шежіресінің алағазға түсірген Дәулен Таузарұлы екен [28]. Оны ұлы атақты Толышы толықтырып, өзінің ұрпағы Қожаберген жыраудың қолына тигізді. інде Қожаберген, осы шежіре негізінде «Ататек» деген дастан жазды. қолға өтіп, керей шежіресі Сегіз сері Бахрамұлына жетті. Сегіз серіден

кейін бұл шежірені жинап, жалғастырған Тәшмұхаммед Тәбейұлы Барлыбаев [29].

Қожаберген шежіресін жазып алған Тәшмұхаммед Барлыбаев Қазанда білім алған, заңгер мамандығын алған. Имам Шәміл басқарған Солтүстік Кавказдағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан. Елге қайтқан соң мемлекеттік қызметтерде болған. Сондықтан оның жазып алған шежіресіне шек келтіруге болмайды деп ойлаймыз [30].

Сегіз сері шежіресінің бір данасын оның үшінші баласы Мұсайын ақын өзіне қалдырып, екінші данасын құдасы Мырзай Тұяқұлы деген жас әншіге берген екен. Мырзай ақсақал Сегіз сері шежіресі бар хадимше (арабтың ескі әрпімен) жазылған қолжазбаларды Сегіз серінің шөбересі Нұрғожа Нұрмұхаммедұлына 1948 жылы жазда табыс етіпті. Алайда, 1963 жылы 7 қыркүйекте сол Нұрғожаның үйі өртеніп кетті. Соның салдарынан Сегіз сері мұраларын фольклортанушы Қаратай Биғожин ел аралап жүріп, ауыз әдебиеті білгірлерінен жазып алды. Оларды бір-бірімен салыстарды. Құсайын Өтегенұлы, Мырзай Тұяқұлы, Айтбай Істөлеуұлы, Нұрмұхаммед Мұсайынұлы, Әбіл Жақауұлы, Дүйсек Нұрпейісұлы, Қожахмет Жолкеұлы ақсақалдардың арқасында Қожаберген шежіресі біздерге дейін жетіп отыр [31].

1965 жылы тамыз айының басында Қаратай Биғожин Қызылжар қаласында Мәлік Рамазанұлынан Сегіз сері жинап құрастырған, қазақ шежіресінің және соның ішіндегі керей шежіресінің бас жағын жазып алыпты.

Ауыз әдебиеті білгірлерінің бірі Мәлік Рамазанұлынан Сегіз сері мұраларын біраз адамдар жазып алған көрінеді. Солардың бірі – әдебиетші-ғалым Төлеш Әушахымұлы Сүлейменов екен. Көшебе шежіресін Төлеш Әушахымұлы Сегіз серінің шөбересі Нұрғожадан да жазып алғандығы белгілі. Оған 1963 жылы жаздың басында Нұрғожа ақсақал Сегіз сері мұраларының біразын табыс етіпті [32].

Қолға түскен тарихи құжаттарды алдымен формальды талдаудан өткізу қажеттілігі туындайды. Қожаберген жыраудың шығармаларының қалай табылғандығын, олардың біздің заманымызға қалай жеткендігін, газет-журнал беттеріне қалай жариялағандығын біз жоғарыда айтып өттік. Бұл шығармалардың көпшілігі 1963 жылға дейін қағазға түсірілген нұсқалары болуы ықтимал. Дегенмен, оларды текстологиялық талдаудан өткізіп, түпнұсқасы мен көшірмелерін салыстырудың сәті түспегендігі белгілі. Ал енді бұл құжаттарды атрибуциялау мәселесі талас туғызбайтын шығар. Әлбетте, тарихи құжаттардың әрбір көшірілген нұсқасы өз заманындағы қазақ тілінің нормативтеріне сәйкестендірілуі табиғи құбылыс. Қазіргі кейбір тарихшылардың Қожаберген жыраудың «Елімай» шығармасының авторлығына күмән келтіруі де сондықтан шығар [33].

ақтың ауызша деректерінің өз өзгешеліктері бар. Антика заманының
ары, ортағасырлық хроникалар, орыстың жылнамаларында кездесетін
іктер уақытында зерттеліп, талданып ғылыми айналымға кіргендігі
Ал қазақ тарихының деректері терең зерттеу жұмыстарын қажет етеді.
ет Байтұрсынұлы «шежіреде көбіне ата, туыс қуып, тарихи оқиғалар
лмайды, болған тарихи фактілер «өтірік-шынды әңгімелерге айна-
теді» деп жазады [34]. Әлбетте, оның шежіре жөніндегі пайымдаула-
осыла отырып, қазақта жазбаша шежірелердің болғандығын да айтуы-
рек. А. Байтұрсынұлы өзіне алған Шәкәрім қажының «Қазақ әм хандар
сі» бізге жазба түрінде жеткен жоқ па? Шежіре – қазақтың көнеден
атқан тарих жасау дәстүрі. Шежіредегі жеті атаға дейінгі фактілер
қтан алшақ емес. Оның арғы жағындағылар көмескі болуы тиіс.
ихты жасайтын – адамдар, ал шежіре – адам тарихы. Сондықтан ше-
тарихи дерек ретінде қарауымыз кажет. Әрине, шежіре деректерін
қа тарихи құжаттарда келтірілген фактілерімен немесе ауыз әдебиеті
ірында кездесетін оқиғалармен байланыстыра зерттеу – тарихшының
елі міндеті. Қазақ сияқты мұрағаты мен мұражайы болмаған халық үшін
нің рөлі мол.
ғы жылдары елімізде Қазақтың бірыңғай шежіресін жасау қозғалысы
ы. Әсіресе, интернет арқылы осындай жұмысты жүргізу қажеттілігі
п отыр. Осы ретте 2005 жылы Алматыда жарық көрген Халидуллин
анышұлының «Қазақтың біртұтас шежіресі» атты кітабы қызығушылық
ы [35].
есімде, өткен ғасырдың 60 жылдары қазақтың белгілі тарихшысы Беке-
лейменов Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорындағы қазақ
лерін 40 томдық кітап етіп шығаруды армандап еді. Сол кезде осындай
ы академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан жасап жатыр деп те естіп едік.
дағы «Алаш» орталығының қазақ шежірелерін бастырып жатқандығы
ық шаруа. Дегенмен, мұндай жұмысты арнайы ғылыми мекеме құрып,
иялық дәрежеге көтерген абзал.
ылжар қаласында облыстық өлкетану мұражайының жанындағы «Асыл
орталығы шежірелерді жинап, оны өңдеп және жариялау жұмыстарымен
суда. Соңғы жылдары бұл орталық ондаған кітапты жарыққа шығарды.
е материалдарын өз зерттеулерінде пайдаланып жүрген ғалымдар саны
мес. Соның бірі – қостанайлық тарихшы, тарих ғылымының докторы,
сор Еркін Әбіл. Оның жақында керейлер тарихына арнап жазған моно-
сы ғалымдар қауымын елең еткізді [36].

Сөз соңында 2000 жылы желтоқсан айында Қызылжарда өткен конференцияға қайта оралғым келеді. Бас баяндамашы академик Манаш Қабашұлы былай деп еді: «Кожаберген баба атында жыл сайын сыйлық, студенттерге арнайы стипендиялар белгіленсе, спорт жарыстары өткізілсе, қандай ғанибет! Кожабергеннің мұрасын кезінде Ыбырай Алтынсарин хрестоматиясына кіргізгені белгілі. Оның «Елім-ай» әні жеке күй табақ болып шығуы, оның есімі тәуелсіз заманада оқулықтарға енуі дау тудырмайтын басы ашық мәселелер. Ал, ұлы дауылпаз жыраудың есімі тарихқа хатталуы, ғылыми өмірбаяны жазылуы мен мұндалап-ақ түр» [37].

Содан бері он жылдан өтті. Не өзгерді? Осы күнге дейін Кожаберген жөнінде бір кішкентай кітапшадан басқа ештеңе жоқ.

«Кожаберген жырау туған жер Солтүстік Қазақстан елдің шетінде, желдің өтінде, ұлы империяның бетінде түр. Кожаберген баба – қазақ мемлекеттігінің жаршысы, жоқшысы. Сондықтан Тәуке хан заманасынан бері қазақ хандарының, билерінің, сұлтандарының, әскери басшыларының, батырларының ордасы болған Гүлтөбе-Маманай елі Кожаберген ауданы аталып, еңселі ескерткіш орнату ең алдымен әділеттік үшін керек, одан қалды тәуелсіздік заманасында шекара жігін айырып, бір қолына қылышын, бір қолында қаламы бар бабаның Солтүстік көрші елге көз тігіп, айбын болып тұруы символика үшін де керек-ақ», – деп еді [38].

Осы жылдары Жамбыл ауданының орталығы Преснов ауылында Кожаберген бабамыздың бюсті қойылды, сол жердегі қазақ мектебіне оның аты берілді. Жамбыл ақынның атында Алматы облысында аудан, тіпті оңтүстіктің бір үлкен облысы бар. Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданын Кожаберген атымен ауыстырса, Жәкең тірі болса бабасынан қызғанбас еді деп ойлаймыз.

Еліміздегі аға газет «Егеменді Қазақстанның» 2013 жылдың 13 ақпанында жарияланған Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, тарих ғылымының докторы, профессор Абай Тасболатовтың ұсыныстарын қолдай отыра, жақын арада Солтүстік Қазақстан университеті жанында «Кожабергентану» орталығын құру қажеттігін ұсынамын. Бұл орталық жазушылар мен ғалымдардың, әдебиетшілер мен тілшілердің басын қосып, елдің шетінде, жаудың өтінде жатқан қандастарымыздың үлес салмағы аз өңірдің тарихын одан әрі тереңірек зерттеуге мүмкіндік берер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Күзембайұлы А. Тарихтану теориясы. Оқу құралы. – Қостанай, 2012. – 21 б.

Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, – 616 б.
Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. –Алматы, 1977. – 128-б.
Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі. – Алматы, 1997. Т. 1. – 591-б.
В.Санчиров Этнический состав ойратов XY-XYIII вв. По данным « эл шастир. // Из истории докапиталистических и капиталистических от- ий в Калмыкии, Элиста, 1977. – 3-30-бб.
Бұлда сонда.
Лувсанданзан. Алтын шежіре. Моңғол тілінен ауд. А. Мауқараұлы. – ы: Өнер, 1998. – 224-б.
Моңғолдың құпия шежіресі (XII – XIII ғасырлардағы көшпелілер есі) Ауд. М.Сұлтанияұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 224-б.
Этеміс Қажы. Шыңғыс-нама. – А., 2005. 400-б.
Әбубәкір Диваев. Тарту.
Құрбанғали Хали. Тауарих Хамса Шарқи (Бес тарих). – Алматы, 1992.
Көпеев М. Ж. Қазақтың осы күнгі әңгімесі. – Қазан. 1907. 24 б., Қазақ есі. – Алматы, 1993. 76-б.
Наушабаев Н. Манзумад қазақия. – Қазан, 1903.
Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Орын- 911.
Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Таш- 925. – С. 64.
Мұқанов С. «Халық мұрасы». Алматы, «Қазақстан», 1974 ж.
Бекмаханов Е. Фольклорные источники о восстании Кенесары Касымо- з кн. Бекмаханов Е. –Павлодар, 2005. – С. 266.
Алпысбес М. Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде докторлық е алу үшін орындалған автореферат. – Алматы: Шығыстану институты,

Байтұрсынов А. «Ақ жол» өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар деби зерттеу. Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 398 б.
Әбуталиев Н. «Ордабасы Қожаберген». –Алматы: Жеті Жарғы, 1995 ж.
Қожаберген Толыбайұлы. Елім-ай. Құрастырған және алғы сөзін жазған раби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы Мәдина Да- а. Қазақ заң академиясының Солтүстік Қазақстан филиалы. – Петро- 2000.
Козыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы. «Қазақпарат», 2009. – 120

23. Муканов М. С. Из исторического прошлого (родословная племен керей и уак). – Алматы: Қазақстан, 1998. – С. 160.

24. Жетеев Т. Ауыл арайы. – 2009.

25. Ораз Нұрғожа. Талқандалған тарихат (Тарихымызға тәуелсіздік тұғырынан қарасақ)». – Астана: Фолиант, 2003. – 488-б.

26. «Ашамайлы – керей Танаш баба шежіресі». Құрастырған: Аманжол Күзембайұлы. Қостанай: Центрум, 2011. – 732-б.

27. Бернгейм Э. Учебник исторического метода. – СПб., 1889; Ланглуа Ш., Сеньобос Ш. Введение в изучение истории. – СПб., 1889.

28. Муканов М. С. Из исторического прошлого (родословная племен керей и уак). – Алматы: Қазақстан, 1998. – 160 с.

29. Мұқанов Қ, Жұмабаев С. Бір әулеттің тарихы. Солтүстік Қазақстан өлкетану мұражайы. «Асыл мұра» орталығы. – Петропавл, 2003. –265 б.

30. Бұл да сонда. 44-б.

31. Ашамайлы – керей Танаш баба шежіресі. Құрастырған: Аманжол Күзембайұлы. – Қостанай: Центрум, 2011. – 732-б.

32. Бұл да сонда. – 159 б.

33. Масанов Н. Э., Абылгожин Ж.Б., Ерофеева И. В. «Научные значение и мифотворчество современной историографии Казахстана». – Алматы, 2007.

34. Байтұрсынов А. «Ақ жол» өлеңдер мен тәржімелер. публ. мақалалар және әдеби зерттеу». Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 398- б.

35. Хамидуллин О. Х. Қазақтың біртұтас шежіресі. Керей. – Алматы. 2005. 344 б.

36. Абиль Е. «Керей: Проблемы этнической и политической истории». – Костанай: Центрум, 2012. – С. 192.

37. Козыбаев М.Қ. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: Қазақпарат, 2009.

38. Бұл да сонда. – 120-б.

ҚОЖАБЕРГЕН БАБА – ХАЛЫҚ ҚАМҚОРШЫСЫ, ЕЛ ҚОРҒАУШЫСЫ

(Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әскери ғылымдарының докторы, профессор Ким СЕРІКБАЙҰЛЫНЫҢ сөзі)

ғих XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басы еліміздің, лыздың басына қайғылы, ауыр күндер, жағдайлар түскенін дәлелдеп еске ады.

ı жылдары қазақ елінің ханы Тәуке ерекше күш салып ішкі саясат-ытша болса да жөнге келтірді. Бірақ, сұлтандар мен ру, жүз басқарған ерлердің алауыздығын, бақталастығын пайдаланып, қазақ халқының йтақ жеріне, айдын көлдері мен өзендеріне қызыққандар зұлымдықпен шылық жасады. Оңтүстік батыстан Жайық казактарының қолдауымен тар маза бермеді. Солтүстіктен Сібір казактары, Жайық өзенінің жайла-ызығатын башқұрттар шабуыл жасады.

гүстіктен Бұқара және Хиуа хандықтары жерге таласып халқымызды ырды. Ал, қазақ халқына негізгі қауіп, әлімжеттік әскери қару жарақталған ландағы Жоңғар хандығынан болды.

ı қиын-қыстау жылдарыТолыбай сыншы бабамыз (1603-1680) қазақ, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып, жауға аттанған.

ыбай сыншының кенже баласы Қожаберген бабамыз 1663 жылы наурыз ң басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы ещенск селосы орналасқан жерде бұрынғы «Толыбай сыншы қарағайы» рманның қойнауында дүниеге келіп, сол туған жерінде 1763 жылы қазан ı жүз бір жасқа қараған шағында ауырып қайтыс болыпты.

каберген баба — әнші, күйші-сазгерлерінің, ақын-жырауларының және батырларының бірі. Қожаберген – тек жай ғана батыр емес, кезінде қазақ ының әскерін басқарған ұлы қолбасшы, әйгілі ғұлама, шежіреші. Оған оның армасы «Елім-ай» жыр-дастанының бірінші бөліміндегі мына шумақтар қ бола алады.

Алла өзі алсын бізді панасына,
Дұшпанның қол жеткізсін жағасына.
Майданда ерлеріне қуат беріп,
Көрші елдің қалдырмасын табасына.

Алаштың алты ұлының бірі — қазақ,
Жұрт еді қайырымды салты ғажап,
Тілеймін жалбарынып жаратқаннан
Халқымды еткізбе деп жауға мазақ.

Қожаберген — кең-байтақ жерімізді, бытырай қонған елімізді қызғыштай қорғаған ер тұлға. «Елім-ай» жырының авторы, елші, мемлекет қайраткері, «Жеті Жарғы» заңнамасын жасауға қатысқан қазақ тарихындағы өте ірі дара ғұлама, зиялы адам екендігін қазіргі ғалымдар айтып жүр.

Қожаберген ақынның «Елім-ай» дастанын дұрыс та жоғары бағалаған көрнекті білгір адамдардың бірі — халқымыздың әскери қайраткері, білімпаз да аса дарынды, қадірлі жазушысы, қазақтың хас батыры, есімі әлемге әйгілі Бауыржан Момышұлы: «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры — әскери дастан. Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?!» — деген екен.

Қожаберген батыр 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның елшілік қызметінде бес жыл басшылық етіп, сонан кейін немерелес туысы Бөгенбай Малбайұлының ордабасы ауыр жараланған соң соның орнына Әз Тәукенің ұсынысы бойынша құрылтайда Толыбай сыншы ұлы батырды «боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне ақ киім кигізіп, ақ киізге отырғызып көтеріп» халық 1688 жылы ордабасы сайлайды. Сол күннен бастап Қожаберген батыр өзінің немере ағасы Бөгенбай баһадүрдің қызметін ақсатпай әрі қарай жалғастырып үш жүздің жасағына бас қолбасшы болыпты, ол қазақ әскеріне қоса ноғайдың маңғыт, қара ағаш руларының, сібір татарының, қарақалпақ халқының жасақтарына да қолбасшы болған.

Қожаберген сардар — 1688-1710 жылдар бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен қолына әскербасы болып, екі жақты қалмақ шапқыншылығына қарсы ұзақ жылдарға созылған соғыстарда талай рет үлкен шайқастарға қатысып, ордабасы тархан атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның жиырма үш жыл әскер басқарғаны туралы өзінің «Үш биі» атты өлеңіндегі мына шумақтар дәлел.

Басқарып үш жүз қолын жиырма үш жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар қайт қылған жоқ жарлығымды
Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын.

амыз 1710 жылы жаздың аяғында өз шәкірттерінің бірі жас батыр ығалы Бөгенбай Ақшаұлына ерекше ықыласы түсіп, өзінің орта жасқа қалғанын, ұзақ жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып, ғанын мойындап, Әз Тәуке ханға өзін ордабасы қызметінен босату ту-тінішін айтады. Әз Тәуке келісімін бермесе де, өз орнына қоятын кісі айтып, Қожаберген баһадүр ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орны-енбай батыр Ақшаұлын қазақ, ноғай, қарақалпақ жұрттарының біріккен і басқаратын бас қолбасшы етіп сайлатады.

кабергеннің ғұлама ордабасы, әскербасы батыр екендігіне оның шәкірті жыраудың «Үстазым» атты дастанындағы мына шумақтар дәлел:

Қиын-қыстау кезеңде
Намысын қозғап өлеңмен,
Батыр, ақын үстазым
Қалың қолға дем берген.

каберген батыр әрі жырау, ерекше дана екені елге белгілі. Ал бірақ, ыздың есімі неге аталмай келді деген заңды сұрақ туады. Бұл сұраққа : тарихшы, академик Манаш Қозыбаев жауап берген. Бірінші – ерген баба орыс империясының саясатына ашық қарсылық білдірді. Орыс ясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп өз пікірін ашық айтты.

Торғауыт, жоңғар, ойрат бәрі қалмақ,
Орыстар мен ноғайлар қойған жалдап, –

лім-ай» жырына қосса, тағы бір жерінде:

Жолығып көп мылтықты дүлей күшке,
Айналды жақсы түрмыс көрген түске.
Ресей, қытай, қалмақ ақылдасып,
Алмақшы қазақ жерін бөліп үшке, –

оның ізбасар мұрагері Сегіз сері – ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, таршылдары баба Қожабергеннің қонысына Преснов селосын орнат-



ты, ата-мекеннің қара шекпенділер жайлап, казактар Горькая линияны қазақ мемлекетінің тірегі болған өлкені баса-көктеп салды. Отаршылық өтті, бірақ кешегі совет заманында Сәбит Мұқанов та, Ғабит Мүсірепов те бұл тақырыпқа белсеніп кірісе алмағаны осыдан болса керек деген ойлар бар.

Екіншісі – «Елім-ай» жырында бабамыз қазақ хандарының тек қана төре тұқымынан сайлануына қарсылық білдірген. Ал, төрелер әулеті қазақ қоғамына еңдеп, бойлап, араласып-құраласып кеткен-ді.

Қорыта келгенде, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, Қожаберген Толыбайұлының қазақ тарихынанда, қазақ әдебиетінен де өз орнын алатын уақыты жетті дегеніміз жөн.

Абай атамыздың

«Өлді деуге бола ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»

дегендей, қазақ халқының үш ғасырлық жүрекжарды жыры «Елім-айдың» авторы – Қожаберген жырау өз халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қожаберген есімі Әз Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан, Бұқар жырау, Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би сияқты ұлтымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында сақталады. Сөзімді Қожаберген жыраудың мына өлеңімен аяқтағым келеді.

Жырыма құлағың сал, азаматым,
Ұнаса менің айтқан насихатым.
Кеуденде шыбын жанын болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизмнің біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың табысының негізі екенін атап көрсеткен. Олай болса, жастарға тәрбие берудің негізгі саласы халқымыздың тарихы, бабаларымыздың елге атқарған ерлігі мен еңбегі деп есептеймін. Бүгінгі ғылыми конференциядағы талқыланып отырған Қожаберген бабамыздың бейнесі – тек қана бүгінгі жастарға емес, келешектегі ұрпаққа үлгі.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)», III том. (121-147-б.).

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
тан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан
еттің жаңа саяси бағыты»
Қожаберген жырау». – Алматы, 2007.
ожаберген жырау. «Елім-ай» дастаны. – Петропавл, 2009.
ожаберген жырау. «Баба тілі». – Петропавл, 2010.

ЛҚЫНА ҚАМАЛ БОЛҒАН ЕР ҚАБАНБАЙ

. Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасының профессоры,
оих ғылымдарының докторы Тұрсынхан ҚАЙЫРКЕННІҢ сөзі)

III ғасыр – Қазақ жері мен елінің тарихы тайталасқа түскен, тағдырдың
ғатының соққан кезі. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында
ндай, қазақ халқы ең әуелі көрші жатқан қалың ойраттың шабуылына
ı «ақ табан шұбырынды» болды. Бұл Қытайды билеп тұрған Манжу-
мпериясы күшіне мінген кезі еді. Қазақтар оларды бұрынғы атымен
тер деп атайтын. Тегі жүржіт, баяғы XIII ғасырда моңғолдар олардың
етін (Цзинь-Алтын патшалығын) жойып (1234), сол арқылы Қытайды
ыруға жол ашқан болатын. Сол беті еңсесі түскен шүршіттер кейін
ұар қытайдан айырылып, өздерінің Моңғол даласына шегініп, Моңғол
етін қайта орнықтырған кезде, олардан жалғасты қысым көрді. Бірақ
еле, моңғол да, қытайлық Мин мемлекеті де әлсіреген тұста (бұл кез-
олдардың ең күшті жауынгер тайпасы ойраттар Жоңғарияға көшіп
болатын) 1616 жылы шүршіттер өз мемлекетін қайта құрды. Құрып,
емлекетін Манжу деп атады. Бұрынғы шүршіт деген аттан баз кешті. Сол
уиыр Шығыстың ауқымды бөлігі олардың қоластына қарап түрды. Бұл
кейін келе Манжурия деп аталды. Манжулар 1644 жылы Қытайдағы
летіне қарсы шаруалар соғысы кезінде Ұлы Қорғаннан өтіп, Бейжіңді
алды. 1662 жылы тұтас Қытайды жаулап алды. Император Канси
геодезиялық зерттеулер жүргізіп, «Хуанюй цуанланту» (皇與全覽
Императорлық үлкен сызба) атты карта жасап, сол бойынша Қытайдың
нда жатқан жерлерді игеруге, ол жерлерді Манжу-Цин империясының

құзырына қаратуға әрекеттенді. Сол мақсатта алдымен Моңғолияны, Тибетті жаулады. Артынан Жоңғарияға ауыз салды. Бірақ жауынгер ойраттарды бағындыру оңайға түспеді. Екі ірі империяның аралығында бұрыннан жау екі күш — ойраттар енді ымыраға келуге мәжбүр болды. Ойрат моңғолдары Абылайды өздеріне одақтас ретінде тартқысы келсе, Абылай ойраттарды Ресейге қарсы күресте пайдаланбақ болды. Бірақ ойраттардың артында оларға ата-бабасынан өш Манжу империясы тұрды. Қазақ үшін нағыз қиын-қыстау кезең басталды.

1757 жылы манжулар ойраттарды қанға бөктіре қырған соң, Қазақ хандығы Манжу-Цин империясымен бетпе-бет келді. Олармен бұрыннан өш-қасы жоқ қазақтар үшін Манжу-Цин империясымен бейбіт қатынас орнатудан басқа жол жоқ еді. Өздерін «аспан астының егесі» деп есептейтін тарихтағы Қытай патшалықтары өздерімен тікелей қарым-қатынаста болған елдерді әманда өздеріне «тәуелді» және «сырттай тәуелді» деп екі түрге айырып келген. Император Цянь Лун қазақтар туралы «олар ел болды, біз қабыл алдық, бұл дегеніміз оларды бейне Вьетнам, Тайланд елдері секілді жанамалай баурау үшін керек. Мұнымыз оларға тек Тәңір патшалығының лебізін білдіріп қою» дейді. Шын мәнінде, бұл жердегі «ел болу» тек формалды түрде болған.

1757 жылдың қазан айында алғашқы қазақ елшілері Цин патшалық ордасына жетеді. Осы алғашқы дипломатиялық миссияның құрамында Қабанбай батырдың өкілі болған. Оған дәлел — жаңадан табылған Цин патшалығы Цянь Лун патша кезіне тән мұрағат құжаты. Онда осы реткі Бейжіңге жеткен 7 адамның бірін «орынбасар елші Танаш, ол — Қаракерей найман руының зайсаны Қабанбайдың немере інісі» деп көрсеткен [1, 18-б.]. Осы тарихи құжатта Қабанбайдың өкілі Абылай мен Әбілпейіздің атынан барған бас елші Кенжекарадан кейін түрғанына қарағанда, Қабанбай батырдың орны сол кезде қазақ қоғамында шынымен жоғары болған дейді зерттеуші Б. Еженханұлы [1, 3-б.].

Цян Лун патшаның орда естелігінде (Цинь Гаоцзун шилу) көрсетілген Цин патшасының 1758 жылы 3 наурыздағы бір жарлығында мынадай мәліметтер бар: «Шундене маған мынадай мазмұндағы бір мәлімдемесін жолдапты — Қазақ Дәулетбай батыр маған: естісек Батур-Обаш шешектен өліпті. Ал Қасақшира басқаратын ел түгел махачин (таудағы кезбе, босқын — авт.) болып кетіпті. Тек Церен ғана Чечен Қараның жерінен Сарыбелге[1] қашыпты. Қазақ

Сарыбел (Манжу құжаттарында «Шарабел») – Б. Еженхан Абылай ханның 1760 жылы Цин патшасына жолдаған хатында елімнің оңтүстік шеті Шарабел деп көрсеткенін тілге тиек етіп, бұл жерді қазіргі қазақ-қырғыз шекарасындағы Қастек және Кордай асуларының төңірегі деп тұжырымдайды.

з ханы Нұралы інісі екеуі қол бастап екі жолмен олардың ізіне түсіпті
ı мәлімдемесінде тағы былай деді: Қазақ Әбілпейіз маған мен қол бастап
Самынға барғанымда тұтқындардан сұрап мына жайды білдім – Цереңге
ɔ түменнен аса түтін қараганымен, олардың көбінің ішерге асы жоқ, аш-
ұрген көрінеді. Әйткенмен, күні қиындаған екен деп біз оларды бейжай
ı алмаймыз. Себебі, оларды түбегейлі құртпасақ, елімізге түбі тыныштық
ді. Оларды түп-тұқиянымен құртып жібермесек те, Жәркен, Кашқар
ырғыз асырып жіберсек іс аяғына жетер еді. Сондықтан, біз бірлесе оты-
лай деп келістік: кіші жүзден Ералы сұлтан бастаған бір түмен қол Шуға
ɨрта жүзден Сары-Төкен батыр Ақтау-Үктаудан аттанып Кербұлаққа
Қабанбаймен қосылып, одан ары Цереңді қуалап, көктемде қар кете
ралатын болды. Артынан біз улеттердің қай жерге барып тиянақтағанын
, ұлы армияға, айтармыз деді» [2, 17-19], – делінеді. Бұл деректен Қазақ
ының жоңғар қалмақтарының қалдық күшін ел шетінен ысыра қуып шығу
алы сұлтан, Сары-Төкен және Қабанбай батырлардың Қазақ даласының
і мен оңтүстік-шығыс шебіне жібергені, олардың басты мақсаты Це-
сақшира және Батур-Обаши бастаған жоңғарларды Тәңіртаудың арғы
- Кашқар, Жәркенге қарай асыра қуу болған. Деректен осы операцияның
асында Қабанбайдың жүргенін, тіпті, оның осы мақсатта Жетісуға күні
кеткенін байқауға болады.

деректің шынайылығын Цин орда құжаттарындағы мынадай дерек
ай түседі. 1758 жылы наурыз айының соңында қалмақтарды қуа соққылап
ойын шарлап бара жатқан Цин ұлықтары Хошоци мен Таңкалуға жол-
і Қаламбай деген қазақты кездестіріп, одан Қабанбайдың 3 мың әскер
Сарыбел жеріне барып, Батыр-Обашы мен Қасақсиранды тонағалы
ı естиді [3, 60]. Бұдан соң Қабанбайдың қазіргі Боратала өңіріндегі
Цаханмен соғысқаны туралы дерек кездеседі. Онда былай делінеді:
ı құпиялық амбандарына: Хэцуйши, Таңғырулардың мәлімдеуінше,
ханы) Абылай өзінің Бораталаға шеру тартып, Шырын, Буке Шахан-
соғысқанын, Төгіс Кашқа бастаған жүз шақты түтінді қолға түсіргенін,
ласақтарынан да бірталай шығын болғанын елші арқылы хабарлапты.
ıдардың мыңдай түтінінің қайда кеткені белгісіз көрінеді... Абылай
аттандырған қолының наурыздың орта тұсында Қоңырөленге ат басын
дігін айтып жолдама жіберді. Бұл хабар Чжао Хуэйларға да айтылсын»
Бұл жолғы қосынға Қабанбайдың бас болғанын Цян Лунның 23 жылы
ı 23 күні (жаңаша 1758 жылдың 24 қазаны) қатталған төмендегі дерек
ы. Онда: «Бұдан алдын қазақ батыры Қабанбайдың жіберген өз ба-

ласы Едіге Буке Шаханның ұлын айдап әкелді. Олар осы келісінде сауда малын айдап ала келген болса олармен лайығында сауда жасасайық. Қазақтарға жіберілген (елші) Науандар Абылаймен жүздескеннен кейін, қазақтардан саудаға келетіндердің көп екені белгілі болса дереу мәлімдейміз деген сөздер жазыпты» делінеді. Демек, бұл арада Буке Шаханды Қабанбайдың ұстағаны және оның ұлын кепіл үшін өз ұлы Едігеден айдатып жібергені мәлім. Өйткені, Буке Шахан ойраттар жойылғаннан кейінгі кезде әлі де болса Циннің Жоңғариядағы үстемдігіне қауіп төндіруші күш есептелетін. Демек, Қабанбай батыр Сарыбелден 1758 жылдың көктемінде «қар кете» қайтып, сол беті қол бастап жоңғарлардың Боратала өңіріндегі Буке Шахан, Шырын, Төгіс Кашқа бастаған қосындарымен соғысып, олардың біраз елін бағындырып, Буке Шаханның ұлын айғақ әрі кепіл ретінде Цин ордасына жөнелткен. Осы соғыстан кейін Цин патшалығының қазақтармен сауда жасасуға ниетті болғаны байқалады. Демек, Қазақ-Цин мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас осы кезден бастап бейбіт, тату көршілік сипат алған. Цин мұрағатынан табылған келесі бір құжатта (Цян Луннің 23 жылы 1 ай, жаңаша 1758 жылдың жыл басы) Қабанбай батырдың сол кезде найманның қаракерей руының бірнеше мың түтінін басқаратыны туралы жазады (Қаракерей Байжігіт Найманның он мың отбасы Қабанбай батыр мен Дәулетбай батырдың (?) билігінде [1, 24-б.]).

Осы кезден бастап қазақтар Цин үкіметімен арадағы сыйластықты пайдаланып сонау ойрат басқыншылығы кезінде (XV ғасыр) қолдан кеткен Іле, Алтай, Тарбағатай өлкесіне біртіндеп қоныс аударуды ойлады. Ол өлкелерге қайтып барып қоныстану, және ол жерлерді түбегейлі қайтару туралы қазақтар сонау 1757 жылы Цин патшалығына өтініш білдіреді. Сол кезге тән Цин патшалығының дерегінде (Цянлунның 22 жылы 10 айдың 22 күні, жаңаша 1758 жылдың 16 қарашасы): «Елшілеріңіз ежелгі қонысымыз еді деп сұраған Тарбағатайға келсек, ол жер енді ғана тыныштальды. Қазірше иен жатыр. Ол жерлерді былайда берер едім, бірақ сіздер бізбен енді ғана байланысып, еңбек көрсетуге үлгірмедіңіздер. Мұндай жағдайда оны сыйға беру мемлекетіміздің тәртібіне үйлеспейді. Тіпті, оған өздеріңіз де іштей қынжыласыздар. Ал егер қашқын Әмірсананы ұстап берер болсаңыздар, оны сыйға беруге әбден болады» [4, 36-37-бб.], – делінеді. Бірақ Абылай Әмірсананы ұстап бермейді. Оны Ресейге қашып кетті деп мәлімет береді. Цин мұрағаттарында бұл сөзге тым сенбестік танытқан сөз-сөйлемдер кездеспейді. Соған қарағанда, манжу билеушілері Абылайдың берген жауабына сенген секілді.

Бұдан соң 1760 жылы Әбілмәмбет пен Абылайдың екі мәрте жіберген елшілігі кезінде (Құттыбай мен Аталайдың елшілігі) де, Орыс сұлтан бастаған

:те де қазақтар Цин императоры Цянь Лунға: «Іле жері қазақтардың ı болса» деп талап қояды [2, 548 ц.]. Бірақ бұл жолы да император жар- жауап бермейді. Цин патшалығынан (Ежен ханнан) күдер үзген қазақтар, ығыстағы жерлерге өз беттерімен жаппай қоныс аударуды бастады. Бұл лар Цин патшалығының әскери сесінен қорыққан жоқ. Осы көштің ал- Қабанбай, Көкжал Барақ, керей Жәнібек батырлар жүрді. Көкжал Барақ ың Ертістің жоғарғы жағындағы ұранқайлармен соғысы Цин империясын гіргені сонша, император оны ұстап беру туралы Абылайға үзілді-кесілді ояды. «Әбілмәмбет, Абылай, Әбілпейіз, Қабанбай секілді ел ағаларына:) сіздердің елден кейбір адамдар ұранқайлардың жылқы және басқа ын барымталап кеткеннен кейін, генерал, амбандарымыз аттаныс жа- ірды ұстамақ болған еді, арамызда қарым-қатынас жасап тұрғанымызға ақыт болып қалғандықтан, сол істің шын-өтірігіне көз жеткізуді ойладым. үстіне, сіздерден келген керуеншілердің мәлімдеуінше, ұранқайларды салған сіздердің елдегі Барақ батыр екен... Егер Барақ батырды ұстап здер, адалдықтарыңызды тіпті де әйгілеген болар едіңіздер». Бірақ омиясы Абылай көпке дейін үндемеген соң, Монғолия бағытынан әскер ырмақ болады. Осы кезде барып Абылай кешірім сұрап хат жазады. атор көктің ұлымын деп кешірім береді [4, 62]. Бірақ жер дауы мұнымен н жоқ. Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлар елді байырғы мекендеріне ірт-артынан көшіре берді. Ол кезде Алтайды иелеп жатқан жеті тайпа й мен дөрбіттердің, Тарбағатай жағына жаңадан келіп орныға бастаған ыттардың күші мығым еді [6, 249]. Өр Алтай мен Тарбағатайға кылдан басталған көш ең әуелі Цин ұлықтары мен қарауылдарының іне ұшырады.

ы бір құжатта былай делінген: «Елшілеріңіз Іледен қоныс беріп қасын дегенді айтады. Тарбағатай бұрыннан Жоңғарға тән қоныстар әрі мыз тыныштандырған жер... Қазақтың жері аса кең. Жүйеге жүгінер ыздар, сол бұрынғы шекараларыңызды сақтағандарыңыз жөн. Коныс / ойында болмаңыздар... Абылай, сіздің Тарбағатайдан қоныс сұраған ңізді де мақұлдамаған едім. Солай бола тұра, енді мына бассыздыққа қалай отырсыздар (елді неге көшіресіздер демекші — авт.)?! Жоңғарлардың та- н құрты түсіп тұрғанда шегімізге маңайлай алмаушы едіңдер. Біз Ілені тандырғаннан кейін ғана бейбіт тұрмысқа қолдарыңыз жеткендей болды. ға шүкірлік етпейсіздер ме?» [4,60-б.].

ылай деу арқылы император қазақтардың шығыстағы атамекендеріне ерімен көшіп барып жатқанына қатаң наразылық білдіреді. Бұларыңыз

шектен асқандық деп ренжиді. Бірақ, тарихи фактілер қазақтардың қытай қарауылдарының тосқындығына қарамай байырғы мекендеріне тоқтаусыз көшіп, біртіндеп қоныстанғанын көрсетеді. Бұл үрдіс XVIII ғасырдың соңына дейін жалғасты. Ақыр аяғында Цин үкіметі онда көшіп барған қазақтарды өз бұқарасы ретінде қабылдауға мәжбүр болды.

Қабанбай батыр өз халқын сыртқы жаудың басқыншылығынан күткарумен бірге башқұрт, қарақалпақ сияқты қазақпен бір туысқан бауырларына да жанашыр болып, оларды да қанатының астына алып отырған. 1751 жылы Барақ сұлтанның үлкен ұлы Ханбабамен бірге оңтүстікке жасаған жорығында жиырма мың адамдық үлкен қолға бас болған Қабанбай Сыр бойын, Сайрам, Ташкент қалаларын жоңғардан тазартып, Тәшкентте Төле бидің билікке келуіне көмектескен. Шыршық өңірінде Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты күткарып қалған. Артынан Ресейге қарсы Башқұрт көтерілісін ұйымдастырушы Карасақалдың қазақ даласынан, оның ішінде наймандарға келіп пана табуына байланысты, Каракерей Қабанбайдың есімі орыс деректерінде ұшыраса бастады. Қазақ билеушілерінің кейбірі Карасақалды Ресейге, енді бірі Жоңғар хандығына ұстап беруге тырысады. Бірақ олардың барлығы оны Қабанбайдың соңында түрған қалың найманнан тартып алуға әрекеттенбеді. Ресей деректері де оны Қабанбайдың қорғаштап отырғанын жазады [5,568 б.].

Қытай деректерінің кей жерлерінде Қабанбаймен қатарлас Қожаберген жыраудың да аты аталады. Қазақ мемлекетінің ірі саяси қайраткері ретінде ол Цин патшалығына баратын дипломатиялық миссияның жағдайын ақылдасуға, оларды жіберуге қатысып отырған. «Бұрын біздің Чжао Хуэй есімді генералымыз сіздердің Абылай, Ханбаба, Қабанбай, Қожаберген және Дәулетбай қатарлы адамдарыңызбен ақылдасқаннан кейін барып, Үрімжіде сауда базарын ашу жөнінде патшамызға мәлімдеме жазған еді» [1, 41-б.] делінеді деректе (1759 ж.). Демек, Қабанбай батыр да Қазақ хандығының аса ірі саяси қайраткері, батыры Қожаберген жырау секілді тек қару алып ел шетінде жүрмей, мемлекет ісіне де араласып отырған. Бұған оның қарақалпақтар атынан Бейжіңге жолданған бір хатқа өз мөрін басқаны дәлел болады. Бұл мөрдің қағазға басылған көшірмесі жақында Бейжіңдегі Қытайдың бірінші тарихи мұрағатындағы «Әскери басқармаға жолданған ұлықтардың мәнжу тіліндегі мәлімдемелерінің көшірмесі» атты Цин патшалығының мұрағат құжаттары қорынан, ондағы құжаттардың микрофильмдері арасынан сақталу нөмірі 1736-03 және микрофильм бойынша 051-001761 нөмірлі «шағатай» жазба тілінде хатталған тарихи құжаттан алынды [7, 11-б.]. Қожаберген жыраудың:

Қолбасшы батыр болмасам,
Көбелі сауыт кимеймін.
Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақбоз мінбеймін.
Талапты жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимеймін.
Қару-жарақ соқпасам,
Зергер де болып жүрмеймін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызықты дәурен сүрмеймін.
Дулығамның төбесі,
Буылмаса маржанмен,
Басыма оны кимеймін! –

айтөстенгені секілді, Қабанбай батыр да жоңғарға қарсы күресте бірде ол шетінен, бірде бұл шетінен шығып, ел іргесін кеңейтіп, батырлықты н, елдің алыс келешегін ойлаған айтулы тұлға. Оның бір басының қадір-н, қазақ үшін қаншалықты керек екенін өз замандастары да айтып кетті. ай батыр науқастанып жатқанда оған келіп көңілін сұраған Сарышуаш ың:

Уа, Қабанбай, көзелім,
Ескіден қалған көз едің.
Бұл науқастан сауықсаң,
Еркелігін кешірген,
Ақ сүтін беріп өсірген,
Қуанатын өз елің.
Бұл науқастан оңалмай,
Бақиға қарай бет бұрсаң,
Жау тиді десе жата алмай,
О шетіне бір шыққан,
Бұ шетіне бір шыққан,
Көкіректі кек кернеп,
Көз жасыңды мың сыққан,
Жылайтын тағы өз елің! [8, 235-236-бб.] –

ғауы оның қиын-қыстау кезде нағыз еліне қамал, қорған болған ер екенін йді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Еженханұлы Б. Қабанбай батырға қатысты жаңадан табылған сегіз манжу құжаты. – Алматы, 2012. – 91-б.

2. Цин Гаоцзун шилу清高宗实录(影印本), Пекин, Чунхуа Шуцзуй баспасы. – 1986. – 555-ц.

3. Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин патшадығы арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастар туралы қытай мұрағат құжаттары, I том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 460-б.

4. Мұқан Қ., Қайыржан К. Ауд., құраст. Цин әулеті сарай жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер(清实录哈萨克史料). – Куйтун: Іле халық баспасы, 2009. – 171-б.

5. Сыдықов М.Қ. Тоғыз таңбалы найман – Қаракерей шежіресі. I том. – Павлодар, 2009. – 659-б.

6. Алтай аймағының тарихи материалдары – 阿勒泰文史资料 (Қытай халық саяси мәслихат кеңесі Іле Қазақ автономиялы облыстық комитетінің Алтай аймақтық қызмет комитеті құрастырған). I том. – Алтай, 2006. – 400-б.

7. «Дала мен қала» газеті, 2013 жыл 7 қаңтар, – № 1(482) сан. – 11-б.

8. Әбдірахман К. Хан батыр Қаракерей Қабанбай. – Астана, 2005. – 236-б.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫ ҰЛЫҚТАУ – ҰРПАҚТЫҢ ПАРЫЗЫ

(«Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қайырымдылық қорының төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Бекет ТҰРҒАРАЕВТЫҢ сөзі)

Қазақта «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» деген қанатты сөз бар. Мұның мағынасы кең, ұғымы терең. Біздің халқымыздың тарихында талай-талай жол бастаған көсемдер, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер, көңілдегі көрікті ойды өлең тілмен жеткізе білген ақын-жыраулар

Алайда, біз олардың бірін білсек, бірін білмей келдік. Оған әр түрлі лар себеп болды. Ең бастысы біреудің боданында болғандықтан басы- билік, қолымызда мүмкіндік болмады. Сондықтан да өз заманының озық артушы ғалымы, ұлы Шоқан: «Әр халықтың кемеліне келіп, өсуі үшін ең н азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен болжап айтты.

-бабаларымыз өмір бойы аңсаған, осы жолда күресіп, қаншама тері нын төккен азаттық пен еркіндікке біз XX ғасырдың аяғында қол ік. Басымызға бақ болып қонған тәуелсіздік, Қазақстанның өз алдына мемлекет болуы саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуымызға ғана емес, арихымызды түгендеп, қилы-қилы «ақтаңдақтардың» бетін ашып, ұмыт аздаған қайраткерлеріміз бен тұлғаларымызды тірілтіп, олардан қалған ды зерттеуге де даңғыл жол ашты. Осы орайда тәуелсіздіктің алғашқы ында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың інде біз бұрмаланған тарихтың үйінділерінен өзіміздің түп-тамыры- іздеуге мәжбүрміз. Мұнда әңгіме халқымыздың қандай да бір еленіп, дәріптелген тарихы емес, бастан кешкен әр алуан, әрі шынайы ары жайында болып отыр» деп айтқаны бар еді.

і, тым алысқа бармай-ақ, әйгілі зұлмат «37 жылдың» құрбаны болған: ім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып в, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды арыстарымызды «бетбұрыс» пен «қайта құру» заманында ақтап алып, туған халқымен ауыштырғанымыз әлі естен шыға қойған жоқ.

еріңіз жақсы білетіндей, кез келген мемлекеттің, елдің дамуы мен өсіп- уінде мәдениеттің, тарихтың, өнердің, жалпы рухани саланың алар орны . Жүріп өткен жолымызда, тәуелсіздіктің артта қалған жиырма жылдан ақыты ішінде экономика мен әлеуметтік саладағы жетістіктерімізге қоса, тта да ауыз толтырып айтарлықтай бірталай игілікті шаралар мен өнегелі ткарылды. Арғы замандағы хан Абылайдың абыройын асқақтатып, рей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбайды тұғырына орнаттық, елдің мен татулығын көксеген Төле, Қазбек, Әйтеке билердің шешендік өнерлері пломатиялық шеберліктерін қайта жаңғырттық. Бергі тарихымыздағы байдың, жырау Жамбылдың 150 жылдықтарын, кеменгер қаламгер Әуезов пен ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдықтарын, күллі ұртының тұпқазығы болған Түркістан қаласының 1500 жылдық мерей- ын кең көлемде атап өттік. Бұлар арқылы ұлттық сана-сезімімізді оя- басар ұрпақтың санасына сәуле түсірдік. Арнайы қабылданған «Мәдени тартегиялық бағдарламасының аясында да талай шаруалар тындырылып,

жүзеге асырылды. 2000 жылы «Мәдениет жылы» деп жарияланды. Бұл да барымызды бағалап, жоғымызды түгендеуге ықпал етті. Мәдениеттің мәртебесі көтерілді. Осындай ұстаным мен саясат, бағыт-бағдар өзге түлғалар мен қатар Қожаберген жырау бабамызды «алтын кездіктей қап түбінен шығарып», қайта тануға шарапатын тигізді. «Мәдениет жылы» деп жарияланған сол 2000 жылдың аяғында, яғни желтоқсанның 19-21 күндері Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Петропавл қаласында «Қожаберген жырау Толыбайсыншыұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясында алатын орны» деген тақырыпта алғаш рет республикалық ғылыми-теориялық конференцияның болып өткенінен көпшілік хабардар. Айтулы ғалымдар мен мамандардың, білікті тарихшылар мен әдебиетшілердің басын қосқан аталмыш алқалы жиын Қожаберген жырау бабамызды жұртшылыққа тереңірек таныстыра түсті. Тарихымыз бен әдебиетіміздегі алар орнын бағалап көрсетті.

Ақиқатын айтсақ, біз бұған дейін Қожаберген жырау есімін «Елім-ай» әні мен «Елім-ай» дастаны арқылы еміс-еміс естіп келдік. Соның өзінде ол шығармалардың мәні мен маңызы зор болатын. Өйткені, тасқа қашалып, қағазға жазылмағанымен ұлан-ғайыр даланы алып жатқан қазақ сахарасының тарихы ұрпақтан-ұрпаққа осындай өлең-жыр, ән мен күй, қисса-дастан, толғаулы термелер арқылы жетіп отырды. Ол мұралар ауыз әдебиетінің құнды туындылары болып қана қоймай, оларда халқымыздың ғасырлар қойнауындағы тыныс-тіршілігі, көшпелі тұрмыстағы салт-дәстүрі, бастан кешкен оқиғалары, мұңы мен сыры, қайғысы мен қуаныштары жатты. «Елім-ай» эпопеялық дастаны қазақ халқының сыртқы жауларға тойтарыс беруге бағытталған жарты ғасырлық әділетті күресін, азаматтық соғысын баяндап қана қойған жоқ, жастарды отаншылдыққа, бірлікке, ұйымшылдыққа үндеген әскери-патриоттыққа тәрбиеледі.

Парасат-пайымы биік, отаншылдығы жоғары тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміздің зерделі зерттеулерінің арқасында Қожаберген бабамыздың жырау мен ақындығына қоса, ел басына күн туғанда жауға шапқан батыр, қол бастаған баһадүр, жеті жұрттың тілін білген елші-дипломат болғанын танып білдік. Батыр, қолбасшы дейтініміз, ол халқының тәуелсіздігі мен бостандығын бәрінен жоғары қойып:

Шабуылы жау қалмақтың күшті екен деп,
Кетпеңдер жаудан қорқып, тарап бәрің.
Кеуденде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын! —

руластарын бірлікке, ерлікке шақырды. Бұл – нағыз отаншылдықтың гісі.

ғасырға созылған қазақ-қалмақ шапқыншылығының халқымыздың цегі ауыр кезең болғанын, мұнда жан берісіп, жан алысқан, қаншама қан н шайқастар болғанын тарихтан жақсы білеміз. Тауымыз шағылып, та-ыз қайтып, амалсыз елден, жерден ығысып, «Ақтабан шұбырынды, эл сұламаға» ұшырайтынымыз осы тұста. Бұл халқымыздың бостандығы уелсіздігі жолындағы елдік пен бірліктің, батырлықтың таразыға түсіп, ір шағы еді. Соғыстың барысы тарих сахнасына талай ержүрек батырлар hармандарды, сардарлар мен қолбасыларды шығарды. Қожаберген баба- сондай bahадүрлердің бірі ғана емес, бірегейі болды. Ол 1688-1710 жыл-алығында, яғни, 22 жыл бойында қазақ, қарақалпақ, ноғай ұлыстарының арын бастаған қолбасы, Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер танылды.

ці бір деректер Қожабергеннің жастайынан нағашысы Жалаңтөс baha-йітқұлұлының ұрпақтарының қолында өсіп, Үргенші, Бұқара, Самарқанд елерінде оқып, араб парсы тілдерін меңгергенін айғақтайды. Сондай ылығының, зеректігінің арқасында ол өзіне дейінгі ақын-жыраулары-лең жырларын, медреседе тәлім алғанда кезінде шығыстың жеті зы атанған Жәми, Низами, Науаи, Физули, Фирдауси, Сағди, Рудаки маларын оқып, солардан ғибрат алды. Бұған қоса көне дәуірдегі Рашид н, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри және өзінен аз бұрын Әбілғазы bahадүр хан сияқты ғұламалар жазып қалдырған шежірелерімен болды. Бұл оның дүние танымын, ой-өрісін кеңейтті дейді.

ке хан тұсында Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтары мен парсы, түрікмен асында елшілік қызмет атқарғаны, 1688 жылы Әз Тәуке бастаған қазақ жақсылары 25 жастағы Қожаберген жырауды ордабасы етіп аны осындай білім мен біліктілігінің арқасында оған көрсеткен құрмет нім болатын.

Әз Тәукенің тапсырмасымен атақты «Жеті Жарғыны» ақ былғарыға л, бұл тарихи оқиға жайында:

Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».
Салыстырып талдадым
Бергі менен арғыны, —

деген жыр жолдарын қалдыруы Қожабергеннің өз заманының зиялы заңгері болғанын білдіреді. Мұндай мемлекеттік істерге білікті де білімді көзі ашық, озық ойлы, келешекті де болжай білетін көрген азаматтың тартылытыны талассыз шындық.

«Жақсының аты көпке ортақ» деп текке айтылмаған. Ақындар, әдебиетті зерттеуші ғалымдар Қожаберген бабамызды өзінің «жырау» деген тіркесі айтып тұрғандай ең бірінші кезекте өз дәуірінің талантты да дарынды ақыны-жыршы-жырауы болды деп еншілейді. Бұған талас жоқ. Себебі, Қожаберген жыраудың артында оқырман қауымның көңілінен берік орын алған, әдебиетшілердің лайықты бағасына ие болған әйгілі «Елім-ай» дастанынан басқа «Баба тілі» дастанының алғашқы бөлімі, «Ататек» тарихи жырының, «Қуаныш» атты өленінің, «Ер Қойлыбай» дастанының үзінділері, «Жастық», «Кәрілік», «Өсиет», «Наурыз басы», «Насихат өлеңдері» сияқты ондаған шығармалары бізге мұра болып қалды. Бұл туындылардың әлі де талай толықтырылып, қаншама ғылыми зерттелер мен іргелі ізденістердің тақырыптары болар анық.

Қай кезде де жалпы адамзаттың даму тарихында әрбір адамның өмірдегі орны мен мәні қоғамдық қатынастар арқылы айқындалып, елге, халыққа жасаған қызметіне қарай бағаланып отырған. Қайтпас қайсар батыр, қаһарман қолбасшы, білімге шақырған ағартушы, шежіреші шешен, елдестірген елші Қожаберген бабамыздың халқына сіңірген еңбегі орасан зор, ақын-жырау ретіндегі қалдырған мұрасы мол. Ол қандай да құрмет көрсетуге де лайық. Тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін насихаттау мақсатында құрылған біздің «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қайырымдылық қорының шама-шарқынша жұмыс істеп, бірталай игілікті шараларды атқаруға ұйытқы болып келе жатқанын айта кеткім келеді. Мәселен, осы қордың бастамасымен Қожаберген жыраудың туған жеріндегі қорымда жерлестері оған арнап күмбез орнатты, құран бағышталып, ас берілді. Жамбыл ауданының орталығы Пресновка селосындағы қазақ мектебінің алдындағы алаң Қожаберген атымен аталып, ескерткіш бюсті орнатылды, мектепте мұражайы ашылды. Осы сияқты, Петропавл қаласындағы №6 қазақ орта мектебі де ұлы жыраудың есімімен аталады. Қордың қолдауымен: «Қожаберген жырау», «Елім-ай», «Баба тілі», «Өнерпаздар әулеті» деген тәрізді кітаптар басылып шықты. Олар жұртшылыққа кеңінен таратылып, оқырмандар жылы пікірлеріне ие болды. Мұндай өнегелі шаралар мен шаруалар әлі де жалғасын таба бермек. Республика көлемінде жыраудың 350 жылдық мерейтойының аталып өтуі де баба рухына адалдық пен құрметтің, биік ілтипаттың белгісі.

Жалпы Қожабергендей тарихи тұлғаға қандай құрмет көрсетсек те көптік етпейді. Жақында бір топ зиялы азаматтардың атынан үкіметке Петропавл

ндағы әскери институтты даңқты қолбасшы Кожаберген Толыбайұлы-
ымен атау жөнінде ұсыныс жасалды. Егеменді ел ретінде дамуымыздың
ғы нышаны болып отырған Астанада Кожаберген батырдың еңселі
іші түрса айбынымызды асқақтатып, мереймізді өсіре түсер еді.
ыта айтқанда, Кожаберген Толыбайұлы сияқты даңқты тұлғалардың
ұлықтап, атқарған істерін, насихаттап, қалдырған мұрасын ұрпақтан-
а жеткізіп отыру — әр буынның, әр қайсысымыздың ортақ азаматтық
міз бен парызымыз.
кені, өсемін, өркендеймін деген әрбір ел «өткенін еске алып, бүгінмен
ріп, болашақты ойлап отыруы керек».
ңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

2013 ж.

ЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫҢ БАҺАДҮРЛІК ІРБАЯНЫ: ЗАР-ЗАМАН ТУЫНДАТҚАН КӘСІП-НӘСІП ПӘЛСАПАСЫ

.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ХАА академигі, философия ғылымдарының докторы Дәуренбек ӘУБӘКІРДІҢ сөзі)

күртыңды сүйер болсаң, менше сүй деп айтардай ғибраты мен аманал-
дырған ұлы бабаларымыздың бірі Кожаберген Толыбайсыншыұлы
іне кеш те болса, бүгіндері анық-қанық болып отырмыз. Біреуге біреу
бөліп берсе де, жанын ұсақтап, үзіп бере алмайды! Бүгінгінің сөзімен
ешкім де басқа үшін жыр-дастан жазып, күй шығарып, ән құрастырып
ді, арнауы мүмкін, шым-шымдап жымқырып алуы да, айтпай-ескертпей
ып кетуі де ықтимал, бірақ ақыл-ойын басыбайлы біреудің қанжығасы-
ап берді дегенді естімеппіз. Сондықтан да, XVII-XVIII ғасырлардағы

зар-заманда «Елім-айлап» жүз жасаған Қожаберген Толыбайсыншыұлы бабамыздың, оның тікелей ұрпағы XIX ғасырда азғана ғұмыр кешсе де, «Елім-жерім» деп орыс империясы алдында тайсалмай, өзін жанпида еткен Сегіз серінің (Мұхаммедқанафия Баһрамұлы) еншісіне бірдемесін бермек түгілі, олардан аларын алып, ал солардың өздерін болмаған, жай ғана миф-әфсана деп жария етіп жүрген пенделер де жер басып жүр ғой арамызда. Тіптен, бұл пенделердің кейбірі сондай игіліктердің арқасында нәпақасын тауып, шен-шекпен киіп, атақ-данқты иеленуге де арланбайды. Әлбетте, Ресейдің кешегі империялық болмысына құлдық ұрған, содан осы күнге дейін арыла алмай мешел күй кешуші оларға не қайыр, олардан қандай тәлім?!

Қанеки, Қожабергенше шындықты шымырлатып кесіп айтар ер қайда:

Ресейдің қолтығына еніп алды,
Солардың мылтығымен қаруланды.
Жоңғарға батыс жақтан демеуші боп,
Жұртына кіші жүздің ойран салды!

Осылай екі беттеп тиді қалмақ,
Гаскерін күн-түн демей жиды қалмақ.
Қазаққа екі жақтан шабуылдап,
Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ!

Үш жүзге дүшпан болып шығыс жақтан,
Қытай да қаскөйлігін жасап жатқан.
Айдап сап қалмақтарды халқымызға,
Көк шалғын сахарамды шаң, қан жапқан!

Бұл заман, қай-қай заман, қайғы заман,
Бос кеткен ер еңбегі зайғы заман.
Айырылып бала-шаға, мал-мүлкінен,
Жұртыма апат келді өте жаман!

Алтай мен Жайсаң жақтан көш келеді,
Тай-тайлақ көш бас сайын бос келеді.
Айырылған егізінен қандай ауыр,
Мөлдіреп қара көзге жас келеді!

Үш жүзді көрші елдер жоқ аяп жатқан,
Жат болды мұсылмандар дінді ұмытқан.
Қол ұшын Қоқан, Хиуа бермек түгіл,
Дұшпанмен бірдей болды пәле баққан!..

кеу түбіндегі Дубна қалашығындағы халықаралық университетте қыз-йтін Б.Е. Большаков деген досыма «Жазу тарихы» мұражайын арала-ріп, «Жоңғар басқыншылығы» мүйісіне келгенде мынадай сауал қойдым: Евгеньевич, как так случалось, что русские помогали в столетней во-инициированной китайской вассальной империей –Джунгарской импе-жунгарам оружием, пушкой, а не нам – ближайшим соседям?». Сонда ің берген жауабы: «Дауренбек, большие империи помогают сильным, а ым!..»

сұхбат сарынының жалғасын мен өзімше ой-топшылаумен толықты-тура келді: «Яғни, бүгіндері біз екі жақтағы сол баяғы Ресей, Қытай дер-ымен дос болуымыз үшін солармен тереземіз тең, мықты ел болуымыз Сондықтан да, Елбасының ұсынған «Қазақстан-2050» стратегиялық амасында даму қарқыны тұрғысынан бұрынғы «Қазақстан-2020» иясындағы ең алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарынан өтіп барып, ең н 30 елдің қатарына қосылу межесін қолдап, соған қол жеткізсек, Ко-ен баһадүрдің де аманатын ақтағандай болар едік. Ел-жұрттың басына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубеттен ел мен жерді ара-абыроймен алып шығып, екі аждаһа-империя қолдағанына қарамастан, лып шаппастай соққы беріп, жер бетінен қазақтың емес, түріктік дүниенің Жоңғар империясының» тып-типыл жойылуына әкелген Қожаберген ге «Елім-айлап» ерген, сол ұлы мақсатта өмірлерін жаңпида еткен сан-ырлар, ел басқарған хандар еді.

гі көрген, өз заманындағы екінің бірінің қолы жетпес білім алып, оқып-ы бар Қожабергенге тән үлкен қасиет – оның ғажап көрегендігі. Осы оған әкесі Толыбайдан және анасы Ақбілектен дарып, өзінің ұзақ а толы өмір жолынан жинақтағаны екені айдан анық [1].

абергеннің әкесі Толыбай сыншы ел қорғаны, батыр болумен қатар, ұста-балташы, өрімші, етікші, дихан, аңшы, құсбегі, мерген, балуан, емші, сөзге шешен, ақындық қабілеті бар әрі көреген кісі болыпты. Ел ішінде й айтты деген нақыл қанатты сөздер де кездеседі. Адамды да, аттар-басқа жануарларды, гауһар, меруерт, маржан тастарды, қару-жарақты, итті сынап білгені үшін Толыбайға сыншы деген атақты қазақ, башқұрт,

қарақыпалпақ, қырғыз, татар, ноғай халықтары берген екен. Оның Қарабас есімді баласы сыншылық өнерінің арқасында түтқын болған кездерінде үш рет құтылып, аман қалған екен...

Жыраудың анасы Ақбілек – Баянауыл өңірін мекендейтін орта жүз сүйіндік арғын Айдабол бидің қызы екен. Ол кісі де өнері асқан сыныққшы, тоқымашы, тігінші болыпты. Ол жайында Қожаберген өзінің «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінде былай дейді:

Орта жүз арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты сүйіндіктен.
Жиырма үлдың көкжал туған ең кіші ем,
Тұңғыш қыз Айдаболдың Ақбілектен...

Кәсіптің осынау сан-алуан түрін игерген Қожабергеннің кез келген жаудан айласын асыруы және де сол қабілетінің ел-жұртқа да сауабы тиіп, тұрмыстың тауқыметін оңай еңсере алуының сыры болса керек. Ол далалық тіршілік құру, өмір сүру жағдаяттарын, жол-жоралғыларын молынан меңгерген айлалы да, тәсілшіл де, басқаға басшы бола алатын ақылман, қиын-қыспақтан алып шығатын нар-толағай жан. Бір бойында ордабасы болу (Әз Тәуке хан ордасының), бас қолбасшы болу (23 жыл қазақ, ноғай, қарақалпақ және башқұрт жоңғарға қарсы біріккен қолына сардар болған), «Жеті Жарғыдай» далалық заңнаманың ең озық үлгісін жазуға атсалысқан ғұлама болу – нағыз «Сегіз» деген атаққа лайық екендігін өз замандастары мен шәкірттері Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді, Дәстем сал, Тәтіқара, Жанкісі секілді ақын-жыраулар; Бақсары, Бөгенбай, Жәнібек, Бөкенбай, т.б. көптеген батыр-ізбасарлары мойындап, кейінірек ағартушы Ыбырай Алтынсарин, философ-ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, ақын-жазушылар Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, академиктер Әлкей Марғұлан, Ақай Нүсіпбеков, Манаш Қозыбаев сынды қазақтың бетке ұстар жақсы-жайсаңдары жүрекжарды ықыластарын білдіріп, әдебиетші-ғалымдар Т. Сүлейменов, Н. Әбуталиев, М. Жармұхамедов, Ш. Смағұлов, Қ. Омаров, Қ. Биғожин, Қ. Мұқанов, Ғ. Қадырәлі және С. Жұмабаев деген зерттеушілер арнайы ғылыми-танымдық мақалаларын арнап, Ожан Қалиев сияқты ақындар өз жыр-дастандарын баба рухына тарту етті [1].

Философия диірменіне салсақ, «өркениет ошағы» деген ұғым мынадай негізгі үш тағаннан құралады [2]:

әкениет ошағын (ӨО) даралап айғақтайтын материалдық жәдігерлер мен
ықтыр;
ӨО табиғатымен біте-қайнасқан түрмыстық кәсіптер, тәсіл-айлалар, яки
ргиялар [3];
ол ӨО болмысын паш етерлік дүниетанымдық жүйе, яки пәлсапа — фи-
я.
ы Дала өркениеті» (ҰДӨ) ұғымын Қожаберген баһадүр-жыраудың
ыны һәм шығармашылығы тұрғысынан саралай келсек, баба рухының
гау биігінің біз осы ұғымның асқаралы биіктігі мен шыңырау тереңдігін
шалып тұрғанын байқаймыз.
ипенділік қарекет Жоңғар империясымен алапат соғыста түркі дүниесінің
ып қалуының, соның ішінде жоңғарларды жеңуде қазақтардың басты
қарғандығының басты сыры, негізгі себеп-салдары дер едік. Өйткені,
ғшылыққа айналған талай жұрттар өркениетін сақтамақ түгілі, өздері де
гінен жойылып, ошақтарының орнында күресін де қалмағаны ұзын-сонар
ын белгілі.
і Ұлы Дала өркениетін жоғарыдағы сұлба бойынша талдап көрейік:
ı Дала өркениетінің материалдық жәдігерлері: киіз үй, үйге қажет түрмыс
ұстары, ат әбзелдері, арба, мал ұстаудың далалық қажеттіліктері мен оны
, киім-кешекке, киіз үй жабындысына, мінер-көшер көлікке жарату,
арақтың бес түрі, сауыт пен дулыға, өрмек, қылыш пен мосы, мазарлар
ябездер, кесенелер мен қорған-төбелер, дуалдар мен қарауыл-мұнаралар,
ар мен мүсіндер, барықтар мен мешіттер, т.т. жәдігерлер ҰДӨ теңдессіз
-материалдық құндылықтарын құрады;
ı Дала өркениетінің кәсіптері, тәсіл-айлалары: мыс пен жез, темір мен
күміс пен алтын қорытып, кәдеге жарату, асыл тастарды өңдей білу,
лер жасау, тоқыма мен алаша, ши тоқу, киіз басу, сырмақ сыру, жүн мен
ан арқан есу, камшы мен бишік өру, ағаштан алуан түрлі киіз үй қаңқасы
бдықтарын, қару-жарақтар, құрал-саймандар, ыдыс-аяқтар, бесік пен
сау, таяқ пен арқаннан құрық жасау, сөйтіп ағашқа «жан бітіру», тері
дан киім-кешек, ыдыс-аяқтар, ат әбзелдерін жасау, шымнан, тастан үй,
орған түргызу, қыштан ыдыстар жасап күйдіру, саз аспаптарын жа-
й мен ешкі, сиыр мен қодас, бие мен інген сүтінен тағамның жүздеген
үй жануарлары мен құстың етінен астың көптеген түрін, соның ішінде
қыт көшіп-қонуда, соғыс жағдайында бүлінбейтін азық-түлік дайындау;
қолға үйретіп, үй жануары ету, жабайы өсімдіктерден астық дақылдарын

өндіріп пайдалану, т.б. тұрмыстық технологиялар ҰДӨ арқау болған. Тіптен, сол заманның әр кезеңі үшін кейбір тәсілдер өзіндік жаңғырмаларға сайып, инновацияға айналып отырған;

Ұлы дала өркениетінің дүниетанымдық жүйесі, яки философиясы: ҰДӨ дүниетанымдық жүйесі де өзгелерден ерек болғандығы көптеген тыңғылықты зарттеулермен дәлелденіп үлгерді. Қоршаған орта мен табиғаттың тылсымын аспан денелеріне тиесілі деп түйсінген далалықтар табынушылықтың «Күнге табыну» түрін өздерінше дамытқан, соның бір дәлелі оларды басқа жұрттардың «Күн адамдары» — «күндер» (қытайларша «гүндер», «ғұндар» болып аталуы осыдан) деп атауы, яғни мұсылмандықты қабылдағанға шейін далалықтар Айға емес, Күнге табынған. Келе-келе, түркілік дәуірде Тәңір құдайының және соның діни нанымдық жүйесі бөгү дінінің ықпалына бүкіл басқа түріктермен бірге қазақтар да түскен. Бұл да сол мұсылмандыққа бетбұрыс жасағанына дейінгі біздің Ата жұртымыздың өмір сүру нышаны, тіршілік қарекеті болды. Кожаберген баһадүр-жыраудың заманы мұсылмандыққа түбегейлі көшкен заман еді. Толассыз жаугершілік дүниетанымдық үрдіске де өз таңбасын салмай қоймады. Жыраудың бүкіл ой-өрісі, ел басқару, қолбасшылық ету әдіс-тәсілі, шығармашылық қарымы, өнерге, жазуға ден қоюы, өмірге көзқарасы, бар болмысы, демек, пәлсапасы жаугершілік шырмауынан қалайда ел-жұртын алып шығу, бейбіт өмірге жеткізу болғаны аян. Осы межеге ол жанкештілікпен, абыроймен шыға білді.

Дала тіршілігінде «Зар заман» деген атауға ілігіп тарих түңғиығына тап болған XVII-XVIII ғасырлар Ата жұртымызға бұрын-соңды болмаған нәубет әкелгені белгілі. Жүз жылдан артық уақытқа созылған Жоңғар империясымен жан берісіп-жан алысқан соғыс, соның үлкен бір салдары халқымызға орасан зор «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атауымен тарихта қалған қасірет «қазақ» атаулыны дүниеден «жоқ» қылып жіберердей оқиғалар еді. Міне, содан халқымыз қалай аман қалған? Бүгінгі егемен ел болу жолына түсуге, соған қол жеткізуге ата-бабалардың «Ұлттық идея» болуға лайық қандай ғұлама істері алғышарт болды? [3]. Ендігіде Ұлы мұрат «Мәңгілік ел» болудың жолы, тетігі неде дегендей сан-алуан бұрыннан келе жатқан сұрақтар бүгінгі, болашақ ұрпақтардың алдынан шыға берері хақ. «Алаш» ардақтылары өз жауаптарын кезінде беріп те бақкан [4]. Халықтың басынан өткерген сонау зар-замандар, сан қилы соғыстар сабағымен құнды да шығар [5], [6], бірақ олар жойқын құрбандықтарды ешқашан ақтай алмайды...

даланылған әдебиеттер:
Қожаберген жырау (шығармалар жинағы)» /Құрастырғандар Б. Тұр-С. Жұмабаев. – Петропавл: «Жеті жарғы және Қожаберген» ҚК, 2010. б.
олдасбеков М.Ж., Шалахметов Г.М.,Аубакир Д.А. «Философия ин-ионной цивилизации и глобальная концепция УР» // Устойчивое разви-аука и практика» (журн.). – М.: ВНИИГеосистем, №1. 2002. – Стр.

убәкір Д.Ә. «Өлеңнен өрдім поэма, арқаннан естім тәсілді». Инновация ии рознь. – Семей: Printmaster, 2006. – 250 б.
Алаш» қозғалысы / Құрастырғандар Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, ахмет. – Алматы: Сардар, 2008. 324 б.
заттықтың өшпес рухы (Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан Тарихи баян. – Алматы: Сардар, 2008. – 388 б.
омышұлы Бауыржан. Соғыс психологиясы. – Семей, 2010. – 400 б.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

(Филология ғылымдарының докторы, профессор Зұфар СЕЙІТЖАНОВТЫҢ сөзі)

лсіздік ұлттық намысымызды оятып, еркін санаға ие етті. Белгілі бір ден шықпай сөйлейтін тілге тиек қойылған заман келмеске кетті. Жау-аба тоқуды қойып, жалтақтамай айтуға мүмкіндік берді. Тәуелсіздіктің ыда төрт құбыламызды түгелдей бастадық. Осы ретте «Мәдени мұра» амасының аясында қаншама игі істер атқарылды. Қазақ халқының ығы жолында күрескен арыстар мн көзден көшкенмен көңілден өшпей

жүрген ақтаңдақтарды ашып, халықпен қайта қауыштырдық. Солардың бірі – Қожаберген жырау.

Осы тұрғыдан келгенде, сегіз қырлы, бір сырлы өмір кешкен баһадүр-батыр, суырыпсалма ақын Қожаберген Толыбайұлының артында қалған мұраларын жан-жақты танып-білудің мәні зор. Бұл – әдебиеттану ғылымының да басты міндетінің бірі.

Қожаберген жыраудың «Жастық» атты толғауын оқығанда оның ғұмырнамасынан біраз хабар табамыз. Елдікті, ерлікті мақсат еткен жыраудың жансыры айтылғандай әсер қалдырады. Бұл толғауда ешқандай әсірелей айту жоқ. Қайта қай кезде де елдің еркіндігі мен тыныштығы үшін белді бекем буған адамның тәуекелін танығандай боламыз.

Саналы болып тумасам,
Ата жолын қумаспын.
Қолыма найза алмасам,
Елдікке белді бумаспын.

Не:

Білекті жігіт болмасам,
Жауға өрт боп тимеспін.
Жүректі жігіт болмасам,
Көбелі сауыт кимеспін.

Алып жігіт болмасам,
Еменнен садақ имеспін.
Сардар жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимеспін.

Ел мен жердің бүтіндігі, амандығы үшін сардар болып, садақ алу міндет деп біледі. Ер – азаматтардың жауынгерлік рухын көтере суреттеп, ерлікті олардың басты белгісіне балайды.

Қолыма ту алмасам,
Арабы ақбаз мінбеспін.
Дүшпанды дәлдеп атпасам
Қарыма садақ ілмеспін [1, 126-127 б.], –

дейді.

ырлық, ерлік сарын басым туындысы көпке айтқан антындай естіледі. ңіл айтыла салған сөз емес. Өйткені, төгілте айтқан жыр жолдары-шілдік, өзінде, өзгені де жігерлендіре сөйлеу аңғарылады. «Қазақ — соғыстары XIV ғасырда басталып, 1771 жылға дейін созылды. Үздік-, бірде шабысып, бірде алысып, түрік тектес екі халық үш жүз алпыс-жыл шамасы өзара қырқысты» [2,5-б.]. Осындай қиын-қыспақ за-қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасы батырдың өз тұлғасы көз алдымызға келеді. Ерлікті ту етіп, ел на-бәрінен жоғары қойған өз заманының дана жырауы жаугершілік за-етін шынайы бейнелеген. Дүбірлі дәуірде жат жұрттың озбырлығына ымен де, айбатымен де қарсы тұрып, қалың қауымға қажетті жырын йды.

аберген жырау шығармаларының басты тақырыбының бірі — ел ы. Өмірінің қырық бес жылында қол бастап сардар болған батырдың лғауларында жорық-жортуыл үнемі айтылып отырады. Аумалы-төкпелі і баһадүр-батыр болып та, көсем де шешен болып та іс-қимыл жасаған. ен қаламды қатар ұстаған. Жауынгерлік рухтағы поэзиясы жігерді жа-мысты қайрап отырады. «Ақсауыт» атты өлеңінде:

Ер жігіт деген сол болар,
Жасқанбай жауға беттесе.
Жан жолдас деген сол болар,
Жалғыз тастап кетпесе.
...Ерлердің ісі еленбес,
Халық үшін терін төкпесе [*3. 223 б.*]. –

ң, жердің ерлік рухына қанып өскен ақын ел намысынан, жердің інен мәнді ештеңе жоғын ұғындырады. «Ерлердің ісі еленбес, халқы ын төкпесе». Ата-баба салтын сақтайтын намыскерлікке үндеп, оны сырт ұғынан қорғауды перзенттік парыз санайды.

аберген жыраудың «Жеті Жарғы» өлеңінде оның тағы бір қыры і. Ол биік парасат-пайым иесі болғандықтан Әз Тәуке хандық құрған 718 жж.) тұста дүниеге келген «Жеті Жарғыны» жазуға қатысып, лінің әдет-ғұрып заңдарын қалыптастыруға атсалысқан. Себебі, бұл шкі мәселесін реттейтін заң — түзім болатын. Мұндай белгілі заң нор-

маларын басшылыққа алғанда ғана халықтың бірлігі артады, мемлекет нығая түседі. Осыны ескерген Әз Тәуке елді басқарудың қалыптасқан ережесіне сүйенуді мақсат еткен. Ал Қожаберген жырау хан тапсырмасын орындаған.

Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».
Салыстырып талдадым
Бергі менен арғыны, –

деп түсінік береді.

Жырау жас кезінде Үргеніш, Бұхара, Самарқанд медреселерінде білім алған. Араб, парсы, шағатай тілдерін жақсы білген. Ендеше өз заманының білімді азаматы халық үшін аса мәнді құжатты жазуға қатысқаны ешқандай күмән туғызбайды. «Салыстырып қарадым бергі менен арғыны» деуінің мәні жоқ емес. Заң, ережені жазарда «Есім ханның ескі жолы мен» «Қасым ханның қасқа жолын» қараған, қайта реттеген. Өз кезінің әлеуметтік ортасына лайықтап тереңдете қайта жазған. Мұны ақынның өзі де растайды. Тағы оқып көрейік:

Көмектесті біздерге
Қазыбек, Төле, Әйтеке,
Қазақтың заңын нығайтып,
Тыйым салды тентекке.
«Жеті Жарғыны» жазуда,
Іс тындырдым бір талай
Деген жоқ ешкім бұл қалай? (4, 112-б.) [4], –

деген жолдардан «бір талай іс тындырғанын» білеміз.

Бұған қарағанда қазақ елінің қоғамдық-әлеуметтік қажеттігінен туған заң – түзім жинағын жазуға кеменгер үш бидің (Төле, Қазыбек, Әйтеке) қатысқанын көреміз. Дала даналығын бойына сіңірген айтулы тұлғалардың «Жеті Жарғыны» жазуға қатысуы олардың қайраткерлік қырларын көрсетері хақ.

Ақынның «Білерсің» деген толғауында өмір құбылысынан көрген-білген, түйгендерінен сыр тарқатады. Тіршілік мәніне немқұрайды қарайтын кейбір самарқау жандарға ой салғандай болады. Параллел салыстырулар арқылы түйін-тұжырым жасайды.

Жігіттіктің қадірін
Қартайғанда білерсің.
Дәулетіңнің қадірін
Бақ тайғанда білерсің.

есе:

Қызыл тілдің қадірін
Байланғанда білерсің.
Жақсы туыс қадірін
Айырылғанда білерсің.

заманының терең ойлы азаматы ретінде өмір заңдылықтарын тереннен брат айтады. Мұны келелі кеңес десек те болады. Толғау дыбыс үндестігі н да айшықты. Мұндай ерекшелік жыраудың өлең-толғауларында мол. ат та арыдан тамыр тартар көркемдік дәстүр десек артық болмайды. аберген жыраудың бір өлеңі «Кәрілік» деп аталады. Кәрілік – дауасыз с, одан ешкім де сырт қала алмайды. Карттықтың өз заңы бар. Жақастық өткен соң бойдағы күш-қайрат азаяды. «Аузымда тіс қалмады маған» деп өкінгендей болады. Ал енді осы карттықтың қарымтасын айтаруға болады? Ол үшін жастықты бағалай білу керек. Өкінбейтіндей кізіп, байлыққа да, бақытқа да өз күшімен жетуді кеңес етеді. Бір сәт мұсылманның бер, жасаған» деп аталық ақ тілегін айтады. Жырау соңын:

Жылқыда ұстатпайды сұр ат маған,
Сөзімді кей адамдар ұнатпаған.
Жүзіне бұл фәнидің көз тастасам,
Пенде жоқ мәңгі қалып тұрақтаған. –

еді.

змыштан озмыш жоғын» мойындағандай болады. Осы арқылы көпке ы. Тағы да тәубеге шақырғандай болады. Дана жыраудың өлеңінің осы-алуы да шындыққа жанасымды. Өйткені, картаймау үшін қандай әрекет е одан нәтиже шықпақ емес. Сондықтан жастықтың да, карттықтың лық адамға ортақ екенін ұмытпаған жөн. Осы арқылы адам өмірі әр н сыр-сипатына қанықтырады.

Жыраудың «Едіге биге айтқаны» толғауында қарттық пен жастық салыстырыла сөз етіледі. Толғау сәлем бере келген нағашысы Едіге бимен амандасудан басталады. Одан кейін өткен өмір жолдарынан хабардар етеді. Қарт жырау жүзінен ажар, көзінен нұр кетіп, бір дәрменсіз күйге түскенін мойындайды.

Есімнен ұмытылды өнер-білім,
Қарлықты кәрілік жеңіп асқақ үнім.
Көзімнен осы күнде бір-бір ұшты.
Ту ұстап, тұлпар мінген қайран күнім [5, 88 б.].

Бұл кезде 97 жасқа келген жырау «ту ұстап, тұлпар мінген қайран күнім» деп жастық шағының алыс қалғанына налиды. Баяғы жастықтың алымы мен шалымы жоқ, кәрілік әбден меңдеткен. Қатар құрбыларының бәрі кеткен. Жалғыздық жанына батады.

Қазақтың көрдім талай жарлы, байын,
Көмейден ағылтуға жырым дайын.
Кәрілік иығымнан мықтап басып.
Меңдетіп әлім кетті күн-күн сайын.

Кәрілік иығынан мықтап басып, еңесін көтертпейді. Бұрынғы күш-қуат жоқ, жаны жүдеу тартқан. Үйден ұзап шыға алмайтын күйге түскен. Сыр айтып, мұң шағар пенде жоқ. «Қор болды, күн өткен соң ғазиз басым» деп кәрілікті дауасыз дертке балайды.

Бұдан соң жастарға қайрыла толғайды. «Жігіттер алды-артыңды ерте ойла, тірлікте күн түспесін надан-насқа» деп ойлы болуға шақырады. Қысқа ғұмырда қапы қалмауды өсиет етеді. Енді бірде басқа әуенге ауысады. Көпті көрген, аузы дуалы жырау бірлікті, елдікті сақтайтын ақыл-өсиет сөздерді айшықтайды.

Өрлей түс қыран құстай көкте қалқып,
Үш жүзді соңына ерт, түгел қамтып.
Дұшпанға тіршілікте басыңды име,
Жайнай бер жанып тұрған отша шалқып, –

деп ақтық аманаттай асқақ сөз айтады.

толғауда адам өмірінің бір кезеңі — кәрілік жайында ғана айтып қоймай, ршілік туралы философиялық түйіндеулер жасап отырады. Әлеуметнді мәселелер көрініс табады. Сонмен бірге әділдік, қанағат, сабырйластық, т.б. тәрізді адам арасындағы моральдық-этикалық қарымстарды көлденең тартып отырады. Бұдан Қожаберген өз заманының ы мәселелері мен өмірді мағыналы-мазмұнды өткізудің жолдарын үзбей н айтулы ақын болғанын білуге болады.

ының «Қайран жастық» толғауы — әсерлі туынды. Бұл шығармасы ұ шақпен қоштасу сипатында жазылған. Бойыңды күш-жігер, ойың ан-үміт кернеп, ешнәрседен тайсалмайтын жалыны мол жастыққа сің! Жастық — ойын-сауықпен өтетін думанды шақ, адам өмірінің ғы кезі. Бірақ жастық та «жел-құйындай тез өте шығады» екен. қтан:

Өттің бе, есіл жастық көрген түстей,
Тойыппыз қызығына жемей-ішпей.

се:

Шынында өткен дәурен түс секілді,
Жастық шақ бір жарамды іс секілді, —

кырау. «Есіл жастықтың көрген түстей» қас-қағым сәтте өткеніне ан сыңай танытады. Ақын-жыраулар мұрасынан сабақтасып үзілмей ткан бір дәстүр бар. Олар адамның өмір белестері арқылы танымдықік ой толғайды. Біз мұны Қожаберген жыраудың жастық, қарттық ағы өлең-толғауларынан байқаймыз. Талабы таудай, той-думан десе і қозатын жастық шақ өткен соң не болмақ?

Жастықта жігіт кісі озады екен,
Ду десе делебесі қозады екен.
Жас жетіп, уақыты өткен сайын
Матадай өңі оңған тозады екен.

ырға балаған жастық шағы өткен адамның ажарын «Матадай өңі оңған екен» дегендегі салыстыру ерекше мағыналық сипат танытып, ақынның йын әрлендіре түскен.

Қожаберген жыраудың «Жас шаңырақ иелеріне», «Жас келіндерге», «Жас жігіттерге» тәрізді арнау өлеңдерінде үлкенге құрмет ету, адамгершілік, әдеп-ізетті бұзбау сияқты жастарға моральдық қасиеттерді өлең өзегіне айналдырған. Ата-ананың жағдайына қарау — қалыптасқан әдеп нормасы. Мұны бұзбаған жас шаңырақ Алланың сүйген құлы болмақ. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген даналық сөзді естеріне салады.

Аялап күтсең көріңді,
Сыйлайды сені жат адам.
Тірлікте зиян көрмейсің
Үлкендер берген батадан.

Ата салған жолды, ана тіккен тонды ұмытпауды естеріне салады. Құлықты ұл, әдепті келін болуды өсиет етеді. Дәстүр бұзылмаса отбасының бірлігі де бекем болмақ. Бұрыннан келе жатқан жөн-жосықты сақтау — жастардың парызы.

Шайпау болса алғаның,
Бәрінен де сол жаман.
Аяуды еш білмейді
Сезімі жоқ хас надан.

немесе:

Пайдасын халқы көрмесе,
Батырмын деген ер жаман.
Өз жақсысын бұқтыртса,
Бірлігі кеткен ел жаман [142-б.].

Бұл жолдар да үлкен түйіндеу бары хақ. Шайпаулық ақылдылықтың белгісі емес. Адам әдеп-ізет шеңберін бұзатын ашу-ызаға жол беруге болмайды. Айналасына, үлкен-кішіге ілтипатпен қарап, жақсы әсер ету — кісілік белгісі. Осы өлеңнің соңғы шумағында да салмақты ой жатыр. Халқына пайдасы тимеген батырлықтың не қажеті бар? «Өз жақсысын тұқыртса» ол — күншілдік. Біреудің бақытын, жетістігін, артықшылығын көре алмау тіршіліктің шырқын бұзуға да себепкер болуы ғажап емес. Мұндай іс елдің

еке бірлігінің бұзылуына әсер етеді. Ақын осындай жамандықтың бол-
қалайды.

каберген жырау жеті өлеңнен тұратын «Насихат» топтамасында не
, не жаман деген мәселе төңірегінде ой өрбітеді. Адам бойында кездесетін
ық та, шайпаулық та, жалқаулық та жақсы қасиет емес екенін атап
еді. Батыр аңқаулықтан ұтылуы мүмкін. Әйел адамның шайпаулығы
ландыққа жол ашуы ғажап емес. Ол күйдірмесе де күйелейді. Ал күллі
ің хас жауы жалқаулық деп біледі. Жырау адам болмысына үңіледі. Онда
ойындағы адамгершілік қасиет оның «көкірек тазалығымен» өлшенбек.
ı таза» болмаса деп отырғаны жүрек екені белгілі. Өйткені, жүрек –
ің сана-сезімін басқарушы. Мәселен:

Көкірек таза болмаса,
Көз тазасы не керек?
Жаны таза болмаса,
Тіл тазасы не керек? –

ыны аңғартады.
ихат – ежелден келе жатқан өлең түрі. Адамның жаратылыс –
ының тазалығы – бір сәт күн тәртібінен түспеген мәселе. Сондықтан
кісілік жайында ілгерінді-кейінді өмір кешкен жыраулардың бәрі де
тербеген. Солардың бірі Қожаберген жырау да ақыл-нақылға жақын
олдары арқылы өнегелік ой түйіп отырады.

Адал адам би болса,
Бұзылмас сөзге арадан.
Харам кісі би болса,
Аузы кетпес парадан, –

і түрлі бидің кейіп-кеспірін қатар алып көрсету, салыстыра жырлау
ı жақсы, жаманның аражігін ашады. Жамандықтан сақтандырып, адам
ң тазалығына ден қояды. Өйткені, адалдық – тіршіліктің мәні мен сәнін
іп тұратын асыл қасиет.

Аға деген кісіні
Жаным десе болады.



Қатар өскен ұл-қызды
Сәнім десе болады.
Сусап ішкен сусынды
Балым десе болады.
Ақылы дара ерлерді
Ғалым десе болады.

Қатар өскен ұл, қызды сәнге баласа, шөлдегенде ішкен сусынды балға теңей келіп, ақылы асқандарды қадір тұтуға шақырады. Жырау жақсы, жаманның мәнін ашып, әр нәрсеге сын көзбен қарауды жөн санайды, ақылды адамды үлгі етеді, азаматтықты насихат етеді.

Жырау кейде ұқсас жайларды тізбектеп айтып, енді бірде қарама-қарсы ұғымдарды қатар алып шендестіре жырлайды. Кейде адам мінезіндегі міндерді шенейді. Әрине, пенде болған соң артық-кем болуы мүмкін. Барлық адам ақыл-парасат биігінен көріне алмауы да ықтимал.

Көрінгенге ұрынса,
Ожар демей не дейміз?
Айналасын жалмаса.
Тажал демей не дейміз?
Үлгісін жұрт үйренсе,
Даңғыл демей не дейміз? [145-б.]

Өзінің іс-әрекетімен көпке өнеге көрсететін адамдар қай кезде де болған. Жырау озбырлық пен ожарлықты шенеп, ибалы-тәрбиелі жандарды алға тартуының тағылымдық мәні үлкен. Жырау өмірлік мән-маңызын жоғалтпайтын шындықтарды ақыл-нақыл түрінде ғибрат етсе, жамандықты жасындай қиып отырады, өшпес өнеге ұсынады.

Жыраудың «насихат өлеңдерінің» бәрінде адам жайында толғанады. Оның өлең-толғаулары қанатты сөз-шешендік ойға бой ұратындықтан, онда дидактикалық сарын басым болып отырады. «Түнді қанша мақтасаң» өлеңінде былай дейді:



Көргенсізге айтқан сөз
Босқа кетер, ем болмас.

Жиналса да жамандар
Данышпанмен тең болмас.

Тұлпар аттар жарысар
Баптаулы тұрған күйімен.
Іс тетігі табылар
Ерлердің үлкен миымен.

ие-дәурен, өмір құбылыстары жайында төгілте айтып, түйіндеп отырады. ерген поэзиясына тән тақпақ-терме, сипатындағы афоризмге айналған сөз гары баршылық. Өзіндік өрнек танытар әсерлі туындылар мол. Сонымен айталаулар да жиі ұшырасып отырады. Мәселен 108 тармақтан тұратын сің» толғауында бір сөз елу төрт рет қайталанады. Мұндай ерекшелік – лар поэзиясына тән сипат. Басқаша айтқанда, көркемдік тәсіл. Оның ында дәстүрлі қолданыстар мен қатар өзіне тән ажарлы айшықтар да лық.

р құбылысының сан қырын өлеңмен өрнектеген Қожаберген жырау ғтың орнын елмен, жермен байланысты бағалайды. Сыртқы жаулардан алмауды үнемі еске салып, ел амандығын тілейді.

Ер айтса – ел айтқаны,
Елдің қамын жеп айтқаны.
Ері даңқты болса,
Елі айтты болады.
Аруағы артып жүреді,
Жау аяғын тартып жүреді.
Самалы ерде сауыт бар,
Санасызда қауіп бар [149-б.]

гілі бір тарихи дәуірдің ерекшелігіне қарай оның идеалы болады. ошілік заманда (XVIII ғ.) елдің тыныштық, бүтіндігін сақтау басты нің бірі болды. Сыртқы жауларға қарсы жорықтар да сардарлық атқарып, басты орын алуы табиғи қажеттілік. Сондықтан жырау латтарға ерекше салмақ сала сөйлейді. «Ері даңқты болса, аруағы жүреді, жау аяғын тартып жүреді». Ол азаматтардың еліне қорған


болуын қалады. «Саналы ерде сауыт болмақ». Сонау Асан, Қазтуғандардан басталған елдік, ерлік мәселесі жырау шығармасында жалғастық тапқан. Қожаберген – ерлік пен жыраулық дәстүрді ұштастыра дамытып, оның кемелденуіне үлес қосқан тұлға. Оның поэзиясын елдің тарихи тағдырынан бөле қарауға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожаберген жырау. Баба тілі. – Петропавл, 2010. – 156 б.
2. Қозыбаев М. Дауылпаз баба – Қожаберген. – Алматы, 2007. – 272 б.
3. Сонда, 223 б.
4. Сонда, 88 б.
5. Қожаберген жырау. Баба тіл. – Петропавл, 2010.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Жыр арнадық өзіңе, жырау баба!



ДАУЫЛПАЗ БАБАМ ТАБЫЛДЫ

Жайнатты тағдыр таңымды,
Жақсылық хабар ағылды:
Абылай хан барып бата алған,
Бұқарға ұстаз атанған
Қожаберген жырау табылды.
Аспанда жұлдыз жағылды,
Әлемге қоңырау қағылды.
Ақтаңдақ бетін ашқандай
Тойладық еркін жасқанбай,
Дауылпаз бабам табылды.
Жаңа өмір ашты сағымды,
Тулады Есіл ағынды.
«Жеті Жарғыны» нұрлаған,
Халықтың зарын жырлаған
«Елім-айдың» иесі табылды.
Жоғалтқан таптық барымды,
Шаттықтан жүрек жарылды.
Шындықты таза айта алған,
Айқаста жауын қайтарған
Ордабасы бабам табылды.
Ескерткіш сәтті салынды,
Орнаттық тозбас тағыңды,
Риза бол туған жеріңе,
Бақұл бол, баба, еліңе,
Алдыңа халқың ағылды.

Қызылжар, 2010 жыл.

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» АШЫПСЫҢ ЖАРҚЫН МӘНІН

(Жыраудың мүсінін ашу салтанатында оқылған өлең)

Ерен тұлға бабамыз Қожаберген,
Ер екенсің уақыттан оза желген.
Ел жаңарды, ақталды ақ сенімің,
Болашаққа қолыңды соза берген.

Ойран салған жан едің ойраттарға,
Ел шебінде тұрғанда ойлантты Алла.
Ойлы сазға орадың жырларыңды,
Зар заманда зобалаң толғантқанда.

Сегіз қырлы, бір сырлы байқағаным,
Үлгі болды ұрпаққа бай талабың.
Әз Тәукенің әйгілі заманында
Тайдырыпсың сан рет жау табанын.

Тарих сырын кең аштың, асыл бабам,
Жау қалмапты қазақты басынбаған.
«Елім-аймен» жеткіздің мұңға бөлеп,
Қазағымның көл-көсір жасын маған.

Бар қазаққа ерекше жақын адам,
Үстаздығың ешқашан басылмаған:
Қаршадайдан жабыссам домбыраға,
«Елім-айдан» бастатты ақын ағам.

Үстаз болып Бұқарға қарқындадың,
«Жеті Жарғы» ашыпсың жарқын мәнін.
Бұрын өткен Шыңғысхан жорығынан,
Алаша ханын қазақтың айқындадың.

Кім сыйламас сендей зор ғұламаны,
Терең жаздың «Алқакөл сұламаны».
Бүгін басқа күн туды — дербес елміз,
Басқан ізің болардай жыр алаңы.

Біз қуансақ ескерткіш қойып алып,
Сені атадық тарихтан ойып алып.
Шырт үйқыдан, Қожеке, аунап түсші,
Болып жатыр бір үлкен тойың анық.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУҒА ОДА

Біздің ел қайыңдар арасында,
Көк Есіл, Күміс көлдер жағасында.
Туған жер, өжет батыр, дана жырау,
Гүлтөбе ұқсап кетті дара шыңға.

Толыбайсыншыұлы Қожаберген,
Ол бекзат текті әулеттен оза желген,
Атақты жырау, сардар, ордабасы,
Жарқырап шыққан дүлдүл тозған елден.

Оң қолы Әз Тәукенің, қолбасшысы,
Ақыл, ерлік, тәсілқой қолдатты ісі.
Төкпе ақын, мәліметер, ұлы ханға
Одан артық табылмас жолдас кісі.

Дәрежесін ол ханмен тең сақтады,
Жас Абылай бата алса, ел жақтады.
Бұқар жырау пір тұтты ұстазым деп,
Баптаушым деп Бөгенбай ардақтады.

«Жеті Жарғы» негізін салған адам,
Ұлт қорғаны, ұлы ойшыл тарлан бабам.

Төле, Қазыбек, Әйтеке билерменен
Ел сыйлауда «Жарғыны» армандаған.

«Елім-ай» дастаны қырғыз «Манасындай»,
Дана жыршы, ақындық данасындай.
«Елім-ай» әні — қазақтың әнұраны,
Ел сақтаған көзінің қарасындай.

Осынау әнді жас күннен жаттап, естіп,
Қаратаушыл сарынын сақтап өстік.
«Алқакөл сұламаны» естігенде
Елдің мұңын жаттағыш салтқа көштік.

Қожаберген ел-жұрттан жабық жатты,
Бодан күннің азабын халық татты.
«Ханның досы әрі ұлтшыл, залалды» деп,
Ең үлкенін пәленің анық жапты.

Зұлымдықтың көкесі көрінгендей,
Жүрдік шыдап пәлеге көңіл көнбей.
Қолдан келер еш лаж болмаған соң,
Кештік күнді көз жасы төгілгендей.

Айта алмадық зорлықты бадырайған,
Білеміз ғой келгенін тағдыр қайдан.
Қабырғаны кетті ғой қайыстырып,
Даналармен кеңестік содыр майдан.

Тәуелсіздік көзді ашып асылдандық,
Қожаберген жырауды ашып алдық.
Пәле жапқан Мәскеудің залымдары
Үндері өшті жасаған басынғандық.

Ұлы ғалым, ақтүйғын қарқынды адам,
Жау шапса да шындықтан тартынбаған.
Қожаберген жыраудың кім екенін
Қозыбаев Манаш нақ айқындаған.

Туған елдің жасатса мұңы жорық,
Солтүстіктің кетті ол ұлы болып.
Илиада мен Одиссеяға теңеп берді.
«Елім-айды» әділдік құлы болып.

Бүгін жырау ардақтым төрімдегі.
Ең қымбатты ашылды өмір кені.
Дана бабам оралып тұғырына,
Қайта жанды жұлдызым көгімдегі.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

АБЫЗ

Жан айқай жыры болып «Елім-айлап»,
Халқымен бір жасаған абыз ата.
Соқса да замананың желі қайдан,
Санадан сен өшпедің, аңыз ата.

Барады бұрынғыдан өмір озып,
Тап енді бұзбас қамал қияс арнаң.
«Елім-ай» — жыр қалыбы, тәңір өзі
Көз жасын қазағымның құя салған.

Өмірге құштарлықтан жанып тұрып,
Жүрек-ай, жыр толқытып, ән шығарған.
Халқының қайсарлығын таныттырып,
Өрт болып жалындаған өршіл арман.

Жалынмен шарпып жазып жан жарасын,
Маздатқан үміт отын тамұқта да.
Рухына абыз ата таң қаласың,
Қырандай биік шырқап қалықтаған.

Айналып ұлт арына, намысына,
Толғады жер тағдырын, ел тағдырын.
Дем берді алты алаштың арысына,
Сезімнің төгіп сазды сел жаңбырын.

Сай болған өнеріне ерлігі де,
Сан рет жауға шапқан атойлатып.
Тұлпардың тер қатырмай терлігіне,
Найза сап, қылыш қаққан, ат ойнатып.

Жырымен жазбақ болып жан жарасын.
Маздатқан үміт отын кеуделерде.
Қазақта Қожаберген — шын дара шың,
Рухына бас иетін сен де, мен де.

Сан ғұмыр өтті бұрын сан ғасырың,
Жаңғырар санада одан із біртіндеп.
Арқасы аға ұрпақтар арғы, асылы,
Бар болсақ, бүтін болсақ біз бұл күнде.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

ҚОЖАБЕРГЕН

Азап пенен ғажаптың
Бұл өмірде сыны көп.
Олпы-солпы қазақтың
Жүре алмады ол бірі боп.

Шырақ етпей шындығын
Шығам демес шыңға бір,
Толыбайдай сыншының
Толғағынан туған ұл.

Үрлеп үміт ұшқынын
Ұсынбасын неге өнер,
Кеніш ойлы үш биден
Кеңес алған кемел ер?!

Балаң шақта Бұхар мен
Үргеніште сүрді өмір.
Батырлық пен білімнің
Бап екенін білген ұл.

Өткізерде өмірдің
Жиырма бес көктемін,
Ордабасы сайлану
Оңай кәсіп деп пе едің?!

Аларда ел алғысын
Жау қарғысын қоса алған.
Әз Тәукенің «Жарғысын»
Жаза ала ма осал жан?!

Тентегі мен телісін
Тізгіндеген төте кеп.
Жөнге салды ел ісін,
«Жеті Жарғы» жетелеп.

Елдің шетін торымай
Еңкейсе де жатпаған.
Жырдағы ерлік — «Елім-ай»,
Қырдағы ерлік — «Ақтабан...»

Діңкелетіп төбеңнен
Дүйім жұртқа төнсе сын,
Сол «Елім-ай» көтерген
Езілгеннің еңсесін.

Арайланған арманнан
Алқабына дарып нұр,

«Ақтабаннан...» сау қалған
Қаратабан халық тұр.

«Бұлт ала да, жер шола
Булықтырған шерім-ай.
Шұбыру жоқ болса да,
Әлі айтылад «Елім-ай».

Жоңғария жоқ, ғажап деп
Жүргендер бар боп мазақ.
Қазақия бар,
Қазақ деп,
Жанын үзген жоқ қазақ.

Көзін сүзген сәніме
Көршім бейне шырмауық.
Сейілмей тұр әлі де
Секемі зор бір қауіп.

Ұлттың жүгін жүгім деп
Ұл қалмады бөгелер.
Қат болып тұр бүгін де
Қожаберген деген ер.

1. Тебіну

Шұбырынды...
Ақтабан шұбырынды,
Шыдам атты шарт үзді
шығырымды.
Орыс, қытай құтыртқан
Себан Рабдан
Ойрандамақ ту тіккен
тұғырымды.

Шұбырынды...
Ақтабан шұбырынды,

Тегі тарпаң тарих – бұл,
түбі мұңлы.
Босқан халық...
Алдан жау тосқан халық,
Кім төлейді қан-қасап
шығынымды?

Шұбырынды...
Ақтабан шұбырынды,
Түнек түнге батырмақ бүгінімді.
Самалды бел, саумал көл
жауда қалды
Сауғаға алды бұйрат бел –
Бұғылымды.

Шұбырынды...
Ақтабан шұбырынды,
Шәуліңізді шаптыққан
шыбын ілді.
Айла таппай, алқынды
ақылды хан,
Амал таппай, мұң басты
тұғыр ұлды.

Шұбырынды...
Ақтабан шұбырынды,
Отап кетті көк өрім шыбығымды.
Төрт ғасырға созылған бұл
шайқастың
Жарылқары белгісіз түбі кімді.
Шұбырынды,
Шұбырынды,
Шұбырынды...

2. Сарыжеліс

Қалмақтан қан-жоса боп тамам елі,
Қазақтың қалжыраған заманы еді.

Бірі ойда, ағайынның бірі қырда,
Аулақта ат шалдырып аман ері.

Сөйлесе ерітетін сары майша
Қосағы Қожаекеңнің ару Айша
Төркіндеп туған елге бармақ болды,
Аңсатып Сыр бойының бағы майса.

Боларын кім біліпті, қандай заман,
Қалмағың аласұрған аңдай жаман.
Әкесі Қабылан би қартаң тартты,
Ер еді шүберекке жан байлаған.

Сипаты көрсетсе де кәрі нарды,
Қожаның жол жүрердей халі бар-ды.
Шын сүйіп, сыннан өткен жан жарының
Қайт қылмай, айтқан сөзін қабыл алды.

Қырынан әрең шыққан қиын қыстың,
Сәуірі ед мың жеті жүз жиырма үштің.
Төрт ұлмен қайын жұртқа келіп жетті,
Түбіне жеткендей боп түйінді істің.

Көрісіп екі жағы көзайым боп,
Айшасын әке құшты: «Боз айым!» — деп.
Торқасы қуаныштың сәлден соң-ақ
Тұрғанын сезбеді ешкім тозайын деп.

«Түнектен басқа түк жоқ төбеңде өзге», —
Дегендей демде тиді тебен көзге.
Қоршауда қалып қойды Қожаберген
Еліне енді аттанам деген кезде.

Аптапта кеткендейін ақпан ұлып,
Бір күйын ойнап өтті лақпа, бүлік.
Қалың қол бейқам елді таптап өтті,
Қапыда кеткен селдей ақтарылып.

«Шал-шауқан, — деп жатпады, — кәрі білем»,
Жасанған жау деп ұқты бәрі кілең.
Қылышы қарақшының жалаң қағып,
«Ойнады» жүкті әйелдің қарынымен.

Тыл күшті, тылмен бірге шебі күшті,
Тексіздер нақақ қанды тегін ішті.
Беті ауған жаққа қашқан бейбақ қауым
Сеңдей боп бір-бірімен соғылысты.

Айырм-ай, жауы қай бет, елі қай бет,
Қамықты Қожаберген: «Елім-ай!» — деп.
Белсенді берік туған емен тұлға,
Теңселді: «Текпі көрген жерім-ай!», — деп.

Наймандар Алтай таудан ажырады,
Арқаны сарыуайым сазы ұрады.
Қаратал, Іле менен Шу, Балқашың
Қалмаққа қорек болды қазыналы.

Құтырып Шона Доба дүрегейің,
Зеңдірді зеңбірекпен Іле бойын.
Дулат пен жалайырды дөң асырып,
Шілдей қып шашыратты шүрегейін.

Көріп ед бұрында да жау шапқанды,
Ал, мынау қан-қасапқа саусақ малды.
Төле би амалсыздан Шуға шұбап,
Қаңлының қара орманы қаусап қалды.

Әр күнді, әуре қылып әр жұманы,
Қастықтан қарашы жұрт қалжырады.
Коршауда қалып кетіп сіргелілер,
Шанышқы, Ошақтымен зар жылады.

Өмірдің өлмес жанға өкімі — сын,
Қазақсыз қара орманның жетімі шын.

Қараусыз қараң қалған қайран жұртқа
Орнатты орыс келіп бекінісін.

Арман-ай, қазағымның жері қандай,
Малына шөбі шұрат, көлі балдай.
Шалғыны соғып аттың омырауын,
Ойпаңда қалушы еді көріне алмай.

Тек қана қалмақ емес қимылдаған,
Бұл жерге Бұхара, Хиуа, үйғыр да алаң.
Тек жатқан түрікмен тұр тап бергелі,
Сөйтеді боларында пиғыл жаман.

Орыстың зеңбірегі осып көкті,
Ойраттың мейманасы өсіп кетті.
Топ оқтан өлгені өліп, қазекеңнің
Қалғаны жаяу-жалпы босып кетті.

Күйіктен күңіреніп қарғап көкті,
Қазақтан сансыраған салмақ кетті.
Арал мен Түркістанның арасынан
Басқа жер... басы бүтін қалмаққа өтті.

Не қалды енді қазақ хандығынан?..
Күн туды арты — тұман, алды — бұлаң.
Қайғыдан қан қақырған Қожаберген
Қамығып, ат үстінде салды бір ән.

Сүйекті сырқыратқан дені қайғы,
Сол әннің өшпес аты — «Елім-ай-ды».
Алайда, әнге сыймай шер қайғысы
Дастан боп жүйе-жүйе желі жайды.

Қағаз не, қаламың не ақпа арынға?!
Қожаекең шығарды оны ат жалында.
Үрпаққа өлеңімен ұран салды,
«Қалма, — деп, — ку қалмақтың қақпанында».

«Елім-ай» — күш-қайраты тасып екі,
Жанардан тамып түскен жасын оты.
Тірілген өшіп барып бұл қазақтың
Тағдыры,
Тауқыметі,
Қасіреті.

«Елім-ай» — еңіреген ана үні,
Бала үні — жолда қалған балалығы.

3. Тізгін тартар

Аққан жоқ теңіз теріс, тоған кері,
Үш ғасыр өте шықты содан бері.
«Алқакөл сұламадан» аман қалған
Жазылды бүкірейген қоғам белі.

Мінәжат еткен естіп сыбырымды
Тәңірім нәсіп етті бұ күнімді.
Өкшесі тасқа тиген «ақтабан» жоқ,
Жоқ және «сұламалы шұбырынды».

Қарсы алып сенімменен біз бүгінді,
Қолыма алсам-дағы тізгінімді,
Әлі де асыл бабам, Қожаберген,
Естігім келіп тұрар ізгі үніңді.

Ер керек бүгінге де елді ойлаған,
Пенденіз елді ойламай, болмайды адам.
Үрпағың өскен де жоқ, өшкен де жоқ,
Сойлы емес,
Емес және соры қайнаған.

Киқулап салғанымен қырқа дүбір,
Үлт болып өспей қойды ұлпа ғұмыр.
Қан төккен бабаларым байтақ жерде
Қазақтың бір-ақ уыс үрпағы жүр.



Жатқанда тоқсан тарау жол айрылып,
Жұртына оғыз -түрік орай бұрып,
Рухына Қожаберген тағзым жасап,
Жыр төкті Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Мына жыр — сол сарынның жалғасқаны,
Жорықта «Елім-ай» жыр қол бастады.
Жұртымен Қожаберген қауышты ғой —
Жарқылдап асыл сөздің алдаспаны!

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

«ЕЛІМ-АЙЛАП» ӨТКЕН ЕР

Әрі батыр, әрі аты мәшһүр ақын-жырау Қожаберген Толыбайұлы туралы толғау-терме

Келер ұрпақ бақытты,
Керуен уақыт кешігер,
Тоқтата алмас уақытты,
Атағын кім өшірер,
Ғасырлар үнсіз жатыпты,
Ұрпағын бүгін кешірер,
Қожаберген батырым —
«Елім-ай» деп өткен есіл ер!

Тыңдауға елім түр дайын,
Бұған енді не дейін.
Ағыл-тегіл жырлайын,
Ұрпаққа айтып берейін —
Қожаберген дегенде,
Бүлкілдеген көмейім,
Арғы тегі — орта жүз,
Ашамалы керейім!

Керейім ғой киелі,
Ағылған жырдың тиегі,
Тағдыры бар зиялы,
Таузар әулет сүйегі.
Көшебедей рулы,
Тұлпар аттай жүйелі,
Жалаңтөстей баһадүр,
Қожаберген жиені.

Арылып даусы мұңды үннен,
Қырандай самғап жырды ілген,
Үргеніш, Бұхара, Самарқанд,
Араб, парсы тіл білген,
Шуақ шашып өмірге,
Кеудесінен күн күлген,
«Жеті Жарғы» жазуда,
Жеті арыспен бір жүрген!

Биік таудай бек тұлғаң,
Көрінген сонау көк қырдан,
«Елім-айлап» ұлты үшін,
Дұшпан, жауын жоқ қылған,
Қалың қазақ жұрты үшін,
Тұла бойы от тұнған,
Он үш жаста бақ дарып,
Ақындыққа бет бұрған.

«Елім-ай» ғой астанам,
«Елім-ай» ғой асқақ ән.
Қазағыма тірелер,
Бар әулетім баспанам.
Киелі ғой бұл өнер,
Шектен шығып аспаған,
Текті атаның ұрпағы,
«Ата тектен» бастаған.

Өмір ғой көздің ұшында,
Ұшырған жырмен құсын да,
Сан тараулы тағдырдың,
Қақаған қарлы қысында,
Тіршіліктің түңғиық,
Аударып ішкі тысында.
Елдестірер елші боп,
Әз Тәуке хан тұсында!

Әз Тәуке хан қасында,
Айналып от жасынға,
Бар қазақтың салмағы,
Бір өзінің басында.
Не дер жүйрік жырауға,
Не дер қазақ асылға,
Ордабасы бола алған,
Жиырма бестей жасында!

Әз Тәукеден қол алған,
Қаймықпай дауыл, бораннан,
Қоқан, Хиуа, Бұхара,
Елшіліктен оралған.
Қолдағасын жақсылар,
Бойында асқақ мол арман,
Сол жиырма бес жасында,
Бас қолбасшы бола алған!

Сол қолбасшы, сол бабам,
Қолдау тауып ордадан,
Қырып-жойып жоңғарды,
Туған жұртын қорғаған.
Батыр болды еліне
Бір құдайым қолдаған,
«Ұстазым» атты толғауда,
Бұқар жырау толғаған.

Күн мен айлы аспанын,
Шомылдырып жас жанын,

Өлшеулі бір өмір ғой,
Өте де шығар қас-қағым.
Туған елін таң қылып,
Алатаудай асқағым,
Тарихқа жазды мәңгілік,
«Жеті Жарғы» дастанын!

Қозғалыссыз тұрмады,
Тылсым үнді тыңдады,
Бұл өмірдің күпия,
Маза бермей жұмбағы,
Бір бақыты — батыр боп,
Жырау болды бір бағы,
«Алқакөлді сұлама»,
«Елім-айлап» жырлады.

Жауларынан саспады,
Дұшпанға сыр ашпады,
Алға түскен жоңғардың
Қаза болды қашқаны.
Жастай батыр атанып,
Жауын жерге жастады.
«Баба тілі» дастанын
Атажұрттан бастады.

Ақын боп жырмен ашылдық,
Батыр боп жауға ашындық,
Еліміз аман жұрт тыныш,
Жауларды жеңіп басылдық,
Аллам қолдап тәңірім,
Жаратқасын асыл ғып,
Толыбайұлы осылай,
Жырлады жырды ғасырлық.

Баба жолын із білді,
Тағдырды ащы тұз білді,
Арпалысты тағдырмен,
Жауға бермей тізгінді.



Бір құдірет батырлық,
Бір құдірет сөз білді,
Ел намысын сақтаумен
«Гүлтөбеде» көз жұмды.

Көз жұмса да көкке енер,
Тарту еткен көпке өнер,
Ат үстінде күн кешіп,
Қанын ел деп төккен ер,
Жаңғырығып даламыз,
Үні бізге жеткен ер,
Несін айта берейін,
Қожаберген бабамыз –
«Елім-айлап» деп өткен ер!..

«ЕЛІМ-АЙЫМ» СЕНІҢ АРҚАҢ...

«Елім-айда» тәуелсіздік үні жатты,
Жүректерге запыран мұңы батты,
Болашағы ертеңге сенімменен,
Балбұлақтар, өзендер күліп ақты.

«Елім-ай» бостандықтың арманы еді,
Қазаққа үміт отын жалғап еді,
Аққу-қазы, қыраны қанат қағып,
Құстары келешекке самғап еді.

«Елім-ай» тәуелсіздік үміті еді,
Төбесіне төнген мұң бұлыт еді,
Азаттықты армандап, ай-күнімен,
Қазақтың жұлдыз түнған ұлы көгі.

«Елім-айлап» күресті бар қазағым,
Тауқыметті тағдыр да салды азабын,

Ерлері басын тігіп күресті елім,
Азаттығын күткендей таңғы азанын.

Алатаудың шыңынан ар көрінді,
Қайғы басқан қашаннан зарлы өмірді,
Желтоқсанның желі де «Елім-айлап»,
«Елім-айлап» қазағым қан төгілді.

Келешекке бүгінім сенім артқан,
Берекелі қазақтың елі дархан,
Тәуелсіздік күн туды Алатаудан,
Бәрі де «Елім-айым» сенің арқаң!..

Жүзді бұлттай керуен көші бірге,
Бет бұрып қолын берер досы кімге?
Тәуелсіз туым көкке желбіреген,
«Елім-айым» жеткізді осы күнге!

«Елім» деп ұран солай тастала ма?
Қозғаусыз ұлы көшім бастала ма?!
Ұлтына ұлы жырау «Елім-айлап»
Жеткізді ақордалы Астанама!..

Шөмішбай САРИЕВ

ДАУЫЛПАЗ ЖЫРАУ – ҚОЖАБЕРГЕН

Ақберені, абызы алты Алаштың,
Куәсісің қаншама жанталастың...
Ел мүддесін қорғаумен өмір бойы
Ішкі-сыртқы жаулармен тайталастың.

Көшебенің тұңғышы ақыл қонған,
Арғы атаң – Жауынгер батыр болған.

Темірланның талай жыл қолын бастап,
Әмірменен пікірлес, жақын болған.

Түпнағашың айбары көк тіреген,
Ордабасы Жаланғтөс көпті көрген,
Үзеңгілес баһадүр Дәулен атаң,
Жамал қызды алыпты текті жерден.

Әкең – сыншы Толыбай аты шыққан,
Дос сүйініп, атынан қасы ыққан.
Майлы шешен, Қарабас тархандардың,
Інісісің тәлімін жақсы ұққан.

Самарқанд пен Бұхара, Үргеніште,
Алған білім жатпады бұғып іште.
Ақ былғары бетіне сен хаттаған,
«Жеті Жарғы» – ата заң енді күшке.

Араб, парсы, шағатай тілдеріне
Жетік болып, мың шүкір білгеніңе.
Тәуке ханның атынан шет елдермен,
Елшілікке жарады жүргеніңе.

Ерліктерің көрсеткен майдандағы,
Жаудың талай жоспарын талқандады.
Бата беріп Әз Тәуке, Әнет баба,
Ордабасы көтеріп ел сайлады.

Жиырма үш жыл үш жүздің қолын бастап,
Аттан түспей жүріпсің жоғын жоқтап.
Ер Бөгенбай, Бақсары, Жәнібектер,
Тәлім алды шәкірттік жолын сақтап.

Жас келгенде беріліп терең ойға,
Ықыласың ауыпты Бөгенбайға.
Тәуке ханға мән-жайды түсіндіріп,
Орныңа сайлаттың құрылтайда.

Сардарлықтан қолыңды үзген шақта
Шора болып сайландың керей-уаққа.
Елді шашау шығармай уысыңнан,
Есен-аман тапсырдың ер Асқапқа.

Тәуке өліп үш жүзді біріктірген,
Төрелердің ішіне бүлік кірген.
Хан болуға лайықты Қайып сұлтан,
Аңға шығып ажалын іліктірген.

Уақыт күтіп тұрмайды, зымырайды,
Басы піспей төрелер қыңырайды.
Бірін-бірі ұқпастан би, сұлтандар,
Қазақ қайта бөлініп ыдырайды.

Бөліп, билік құруды олжа көрген,
Әйтеке би без деді төрелерден.
Қауіп-қатер төнерін болжап айтқан
Әйтекені қолдады Қожаберген.

Мансап қуған үш жүздің шонжарлары
Би сөзіне елітіп толғанбады.
Төрелерді жиында ашық қолдап,
Батыр көсем қарадан сайланбады.

Ұлы жүзге Жолбарыс хан сайланып,
Күн-түн демей жатыпты той тойланып.
«Қамдан» деген ақылын Төле бидің
Ой жіберіп ұқпапты басы айналып.

Әйтеке би мезгілсіз қайтыс болып,
Кіші жүзге кетті ғой жайсыз соғып.
Бөгенбайдың қайнысы Әбілқайыр,
Әскербасы сайланды бақыт қонып.

Әбілмәмбет, Сәмеке сұмдық қылды,
Орта жүзді бөлшектеп билік құрды.

Бараң, Қайып сұлтандар бас сауғалап,
Хонтайшымен құда боп құлдық ұрды.

Тоз-тоз болған береке қашып елден,
Жау қаптады әйелше шашын өрген.
Қайран болмай үш жүзге төрелерден,
Көріпкел би болжамы анық келген.

Орыс, қытай елдері құлақ түріп,
Жансыздардан отырды сұрап-біліп.
Кару сатып ойратты айтақтады,
Қазақтардан өздері жырақ тұрып.

Батыс, шығыс елінің ұлықтары,
Жат қолымен «жемтігін» сұрыптады.
Ұлан-байтақ жері бар қазақтардың
Кетсе екен деп тіледі құрып бәрі.

Дініміз бір өзбектер қырын қарап,
Түрікпендер өшікті сұғын қадап.
Айырбасқа Хиуадан мылтық алып,
Қазақ жерін ойы бар жырымдамақ.

Жау жағадан алғанда көні кепкен,
Жармасады екен ғой бөрі етектен...
Қазақтарға Бұхара да қару сатпай,
Одан сайын жағдайы кері кеткен.

Жан-жағының бәрі де қастық ойлап,
Қалжыратты үш жүзді аштық жайлап.
Төрелерге сенгені бекер шығып,
Аңғал қазақ өкінді бармақ шайнап.

Жоңғар-қалмақ сығымдап екі тұстан,
Қазақтардың өкпесін еді қысқан.
От қаруға оқ шашқан төтеп бермей,
Арлы-берлі үдеріп ел ығысқан.

Алакөлде тұтанған үшқын лаулап,
Алты алаштың алады ырқын жаулап.
Тең жартысын қазақтың жалмап жұтқан,
Ақтабанға ұласты қырғын нәубат.

Тәрбиелеп Төле би «Сабалақты»,
Дүшпан көзден жасырды аманатты.
Ер жеткенде шәкіртін хан көтертіп,
Абылайды үш жүзге бағалатты.

Хан Абылай өзіңнен бата алған,
Тайдырмады қазақты ата жолдан.
Ордабасы тауында басын қосып,
Үш жүз қолы бірігіп атқа қонған.

Сардарлары үш жүздің қолды бастап,
Қарақалпақ, Ноғайлар ерді қоштап.
Жұдырықтай түйіліп сарбаздары,
Атой салып қалмақтың қолын шаппақ.

Қаламастан жау тізе батырғанын,
Намыс буды үш жүздің батырларын.
Әдіс-айла, қолданып жаңа тәсіл,
Рух берді жорыққа шақырғаның.

Өз отанын қорғауға көп күш салып,
Қазақ қолы кірісті белді жазып.
Қалмақ-жоңғар ығысып жерімізден,
Жарылқады Жаратқан елді ғаріп.

Сол дәуірдің өмірін көзбен көріп,
Аманаттап жеткіздің сөзбен өріп.
Төрелерді, орыстың саясатын
Сынаған соң келіппіз сенен «жеріп».

«Елім-айлап» ерсің ғой еңіреген,
Жырды оқып толғанам, тебіренем.

Тілді білсе тәкаппар Байрон ақын,
Кетер еді дос болып сеніменен.

Жыраулардың, ұстазы батырлардың,
Сыйынатын пірісің ақындардың.
Әнші, күйші, шешенсің орақ тілді,
Жүзі жарқын сенімен жақындардың.

Санай берсем тағы да қырларың көп,
Шабыт қозып кетеді жырлағың кеп.
«Қолөнерші, шабандоз, сынықшы» деп,
Жұрт білген соң менсіз де, қумадым көп.

Сұлтандардан тілазар, орашолақ,
Баба тілді жүріпсің арашалап.
Ата текті қаузаған шежіреші,
Кім сенімен шендесіп, таласа алмақ?!

Елдің қамын ойлаған тарлан баба,
Кер заманға ұсындың бағдарлама.
Байыбына барады құндылықтың,
Өзің тектес дауылпаз жандар ғана.

Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара,
Әр шәкіртің өнерде шапты дара.
Абылайдың айыртіл ақылгөйі,
Бұқар жырау өзіңдей шықты дана.

Жастайынан ұстазын сыйлап өсті,
Тәліміңді бойына жинап өсті.
Өмір бойы өзіңді мақтан тұтып,
Үлгі етіп Алашқа жырға қосты.

Әр пендеге несібе тартылады,
Жүк ауыры нарларға артылады.
Тұлға болу жазылған пешенеге,
Азаматтар ел үшін қайғырады.

Сенен алып өнеге хас дәстүрді,
Сегіз сері, Махамбет жалғастырды.
«Жеті Жарғы» – Кожаберген қоры сенің
Өнегеңнің өшпесін қамдастырды.

Гомерменен иықтас данышпаным,
Күтты болсын ұлтыңмен табысқаның.
Алмас қылыш, қолыңа қалам ұстап,
Қазақ үшін барыңды қарыштадың.

Көз жеткіздік, ұғындық қадіріңді,
Өнегеңнің қалдырған бәрі құнды.
Өмір сүрген жалтақтап замананың,
Тәуелсіздік алған соң зәрі сынды.

Күтылғанбыз бүгінде бодандықтан,
Көтерілді еңсеміз, сана бұққан.
Жоғалтқанын іздеген қазақ елін
Алла енді сақтасын жамандықтан.

Шекарасын белгілеп еліміздің,
Әр пұшпағы қорғауда жеріміздің.
Салтанатты Астана Арқадағы,
Кие қонған айбыны төріміздің.

Ұлтымыздың рухынан ажар тайып,
Кетпеу үшін сананы тазартайық.
Қабылдатты мәдени бағдарлама
Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев.

Терезені алғанбыз теңестіріп,
Енді бізге жүрмейді әбес қылық.
Бұрмаланған тарихты жөнге салып,
Алудамыз шындыққа үйлестіріп.

P.S. Ақсауыты кең байтақ даламыздың,
Аты өшпес дауылпаз бабамыздың.

Тұрар әлі қасқайып ескерткіші,
Нақ төрінде ең басты қаламыздың!

* * *

Он жыл бойы соғысқа дайындалып,
Өршеленді жоңғарлар жанын салып.
Арқа сүйеп аш көзді көршілерге,
Жоймақ болды қазақты тауын шағып.

Ел аспаны қара бұлт жамылғанда,
Қандастары үдеріп сабылғанда,
Алдаспанға қаламын ұштап өскен,
Қарт жырауға дауылпаз дамыл бар ма?!

Қос ішектен зарлы күй төгіледі,
Қайран болмай қабырға сөгіледі.
Туған жерден еріксіз көшіп жатқан
«Елім-айлап» ел-жұрты егіледі.

Шау тартқанда қол бастар жастан өтіп,
Қайғы қосты қасірет бастан өтіп.
Қобыз алып қолына көргендерін,
Баба жырау жырлады дастан етіп.

Берекесін қашырған өрелі елдің,
Бетпердесін сыпырды төрелердің.
Тәлімдерін дәріптеп жырға қосты,
Қаз дауысты Қазыбек, Төлелердің.

Бос қайтқаны жіберген елшілердің,
Сатқындығы діні бір көршілердің,
Торға түскен арыстан кейпіндегі,
Зығырданын қайнатты есіл ердің.

Жыры болып халықтың, сыры болып,
Төгіледі қайғысы, мұңы болып.

Жеке-жеке тоқталып тұлғаларға,
Шақырады бірлікке үні болып.

Жырыменен оятып бір ғасырды,
Қожаберген бабамыз бізге асырды.
Өлеңменен хатталып эпопея,
Жұмбағы көп дәуірдің сыры ашылды.

Кендебай АХАТ

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Лә иллаха илла Аллаһ,
Мұхаммад дүр расул Аллаһ!
Жебей көрші, Тәңірім,
Қолдай көрші, аруақ!...

* * *

Азуын айға білеген,
Төбесі көкті тіреген,
Қарсы да келген қас жауын,
Ақ семсерімен іреген,
Айбарлы жұртым Алашым!

Кеудесі тұнған жыр-өлең,
Алладан рахым тілеген,
Тамыры терең жайылған,
Өзегі мықты бір емен,
Айдарлы жұртым Алашым!

Атырау – Алтай арасын,
Жетісу – Арқа даласын,

Найзаның қорғап ұшымен,
Жерұйық жердің саясын
Жайлаған жұртым Алашым!

Заманмен тауып жарасым,
Төмендетпеген бағасын,
Қанаты кеңге жайылып,
Қырандай бейне тау асып,
Самғаған жұртым Алашым!

Қасиетті дінін сатпаған,
Құранның сөзін жаттаған,
Талайлы ғұмыр кешсе де,
Тамырлы тінін сақтаған,
Аллашыл жұртым Алашым!

Қырса да нәубет ұрпағын,
Өткеріп тағдыр бұлтаңын,
Күдіктен ойын арылтып,
Үмітпен күткен нұр-таңын,
Тәубашыл жұртым Алашым!

Қастерлі Атамекенім,
Қатерлі еді-ау кешегің.
Азаттығыңды айғақтап,
Түнектің түрші етегін,
Арналы жұртым Алашым!

Еңсеңді тіктеп, көтеріл,
Елім деп өтсін өсер ұл,
Бабадан қалған мұраның,
Қасиетіне жете біл,
Ордалы жұртым Алашым!

***

Қазақтығым — қанымда,
Алпыс екі тамырда.

«Елім-ай» деп егілдім,
Жөнімді айтып қауымға.
Байлығым да, барым да,
Азаттығым — жанымда.
...Туған жерге ту тігер,
Туар әлі нар ұлдар!

«ЕЛІМ-АЙ» ДЕП ӨТКЕН ЕР

«Алла өзі алсын бізді панасына...»

Қожаберген жырау

Запыран құсқан заманның зарын айтатын,
Сұрапыл едің өзегі — өрт, жаны — мәрт ақын.
Ақ сауыт киіп ақ найза түйредің жауға,
Бостандық үшін күрескен сәруар хакім.

Тамыры текті бекзатым, асыл да туған,
Жүрегі түкті, санасы ақылға тұнған.
Шерлі де мұңлы зор дауысың «Елім-айлаған»,
Жетеді бізге жаңғырып ғапыл ғасырдан.

Қаламның үшын қайғы мен құсаға малып,
Ілім іздедің Самарқанд, Бұхара барып.
Қараша үйден қара үзіп, қатардан оздың,
Тілекшің болып әманда бұқара халық.

Сусындап Шығыс өлкенің шайырларынан,
Жүректі қозғап, ұсындың қауымға жыр-ән.
Сөз бастап, бірде қол бастап атойлап шықтың,
Даланың ғана заңына бағынған ұлан.

Батырлық рухтың тамырлас, жалғасы болған,
Баһадүрім-ай, тарихта таңбасы қалған.

Сен шерткен шерлі жыр-қисса, шежіре-дастан,
Құйылған сынды батпандай қорғасын ойдан.

Қазақы қаның туласа арман мен кектен,
Азаттық үшін алыстың жаулармен де өктем.
Қалың ел сеніп, өзіңді қолбасшы сайлап,
Құлағын тосқан сөзіне хандар мен бектер.

Қайран да қазақ шұбырып «Ақтабанда» да,
Тап болған шақта жалаңаш, аш заманға да.
Керуен де керуен жұртына жұбаныш тілеп,
Мінәжат айттың күні-түн Жаппар Аллаға.

Тілім де тілім боп кеткен тіліңді ойлап,
Дендеген шақта кәпірлер дініңді бойлап,
Алысып өттің арысым жауларыңменен,
Қызыңды күң қып, әкеткен ұлыңды байлап.

Балуан бабам жауырыны жер иіскемеген,
Жігері мығым намыс пен жеңіске деген.
Білектің күшін ақыл имен иманға байлап,
Құранның сөзін құп алып, терістемеген.

Сен туған өлке құнарлы, қарағайлы орман,
Қызылжар маңын шұрайлы жағалай қонған.
Қалың қол жиып қайыспас толағайлардан,
Қорғадың ел мен жеріңді қомағайлардан.

Тегіңнен тартып санаңа тағылым қонған,
Қазығын қаққан ордаға абызым болған.
Өзіңдей нағыз ұстаздың жанына еріп,
Үмбетей менен Бұқарлар тәліміңді алған.

«Елім-ай» жырың қаралы тарихым менің,
Алаштың қайрап намысын, жанитын кегін.
Өзіңдей дана ғалымның хаты болмаса,
Жылдардың зұлмат түр-түсін танитын ба едім?!

* * *

...Елім деп өткен есіл ер, жерім деп өткен,
Намысын елдің қайрадың сөзіңмен өктем.
Қанқүйлы ғасыр дастаны — «Елім-ай» жырың,
Кітап боп қалың тұр енді төрімде көптен.

Оқысам кейде жырыңды жасындай бабам,
Үйып тыңдайды әр сөзін асылдай балам.
Сәл ойға шомып, мақтанып, дейді ұлым маған:
— Өскенде мен де
Ер Қожаберген батырдай болам!..

Алмат ИСАДІЛ

ҚОЖАБЕРГЕН БАБА РУХЫНА

«Қожаберген ғаділ ер,
Қадірін білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға
Билігін берген ардагер.

Қожекеме Бөгенбай
Шәкірт болған жан еді.
Сайлатқан оны ұстазым,
Карадан шыққан хан еді».

Бұқар жырау. «Ғаділ ер»

Халықтың сөнер болса шамшырағы,
Тарих та көз жасына малшынады.
Басына туған елдің күн туғанда
Карадан халқын сүйген хан шығады.

Шер тұнып домбыраның шанағында,
Батқанда қасіреттен дала мұңға,

Қолбасшы, сардарбегі – Қожаберген,
Қазаққа тұтқа болған заманында.

Астарлы ақиқаты ашылмаған,
Жоңғардан жапа шеккен ғасырда алаң,
Шындықты шырқыраған шежіре етті
Ғаділ ер – Қожаберген, асыл бабам!

«Алқакөл сұлама» күн елестеді,
Басынан бұл қазақтың не көшпеді?
Жұртымыз жылағанда «Елім-айлап»,
Жұбатқан Қожаберген емес пе еді?

Тұс-тұстан ата дұшпан анталаған,
Үмітін үш жүзімнің балталаған.
«Елім-ай» – қиын күндер дерегі ғой
Халқымның қайғы-шерін арқалаған.

Қайғырса «Елім-айлап» жылап алып,
Қайралып, қайта көшкен бұла халық.
Тарпаң жыр,
Тархан ғұмыр тарих сырын
Тұмардай еске салып тұрары анық.

Қалмақтар қанға малып кең өлкесін,
Көшкен жұрт жау көргенде көлеңкесін.
Қайтпас ер, қажымас нар – Қожаберген
Көтерген жасын жырмен ел еңсесін.

Жанарын ыстық жасқа бұлауменен,
Босқан ел жанға сауға сұрауменен.
Баталы Бұқар бабам сол заманда:
«Үстазым – Қожаберген жырау», – деген.

Танылып заңға жүйрік кемел жері,
Ел үшін маңызды істе еленді ері.
Әз Тәуке «Жеті Жарғы» заң жаздырған,
Даланың дархан ойлы кеменгері.



Қызылжардағы С. Мұқанов атындағы театрда өткен дөңгелек үстелден көрініс





Залдан көрініс



Дөңгелек үстелге қатысқан зиялы қауым



Дөңгелек үстелге қатысқан зиялы қауым



Жалпы көрініс



Қызылжардағы дөңгелек үстелдің тоғалқасы



Қожаберген жыраудың жырларын насихаттаушы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,
генерал-лейтенант А. Тасболатов



Концерттік бағдарлама



«Елім-ай» деп өткен есіл ер» атты республикалық ақындар мүшәйрасының жеңімпаздары



Мүшәйраның қазылар алқасы



Жас дарабоз Ерлан Жүніс



Ақын Серік Тұрғынбек жырауға арналған өлеңін оқып тұр



Ақын Ұларбек Нұрғалымұлының шабытты сәті



зығұрт» баспасының директоры, ақын Т. Көпбаев – жыр мүшәйрасының жүлдегері



азақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы, ақын Ғалым Жайлыбай мүшәйра қорытындысын шығаруда



Жеңімпаздарды марапаттау





Құғын-сүргін музейінің директоры Х. Есенғарақызының
ақын Ұларбек Дәлейұлын марапаттау сәті



Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары
Айдарбек Сапаров мүшәйра жеңімпазы, ақын Абзал Бөкенді марапаттау үстінде



Жырау тойына жыр арнау



Баба рухына арналған әдеби-музыкалық драмалық қойылымнан көрініс



Театрландырылған музыкалық қойылымнан көрініс



Бабалар жолы өткеннен тарихи көрініс



Бабалар жолы өткеннен тарихи көрініс



Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Айдарбек Сапаров жиынды ашып тұр



Ат шабыстан көрініс



Жеңімпаздарды марапаттау



Конференция қонақтарының жиынды өткізгеннен кейінгі бас қосуы

Көгерткен көрікті оймен көсегені,
Қазақтың Қожаберген көшелі ері.
Билерден беделімен басым түсіп,
Абылайға ақыл айтқан көсем еді.

Қалардай қарсы келсе қаймығып хан,
Ақберен ақын ел деп қайғы жұтқан.
Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара,
Өр жырын бабамыздың үлгі тұтқан.

Бөгенбай, Көшек батыр, Асқан, Жабай,
Ақпанбет, Жайнақ жаудан жасқанбады-ай.
Болған соң пірі олардың Қожаберген,
Қала ма батыр рухы аспандамай.

Бесігін «бозым-айлап» тербеткенмен,
Қайран ел үміт күткен жөргекті ерден.
Қазақтың арғы-бергі бар тарихы,
«Елім-ай» дастанында өрнектелген.

Бірлікті айнымайтын мұрат қылып,
Басынан күйкі мұңды лақтырып,
Бабаның өзі айтады өз жайында,
Байқасаң әр сөзіне құлақ түріп:

«...Атанған бабам Ғали Ашамайлы,
Өсірген мыңдап тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Мекендеп Тобыл, Ертіс екі арасын,
Қазақтың күйге бөлеп ен даласын,
Сауықшыл орта жүздің керейі едік,
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын».

«...Арғы атам – ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге,



Қазақтың кейінгі жас батырлары,
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?»

«...Атыма көптен қанық қазақ, ноғай,
Есімім – Қожаберген, әкем – Толыбай.
Бөгенбайдан бұрынғы ордабасы ем,
Үш жүзде сардар болған қалың қолға-ай».

«...Қалмақтың қамалдарын бұзған талай,
Әз Тәуке тұсындағы қолбасы едім.
Кейінгі ақындарға нұсқа айтқан,
Қазақтың аға жырау жорғасы едім».

Жайылған сахараға күллі атағы,
Жампозым осылай деп тіл қатады.
Жылдардың желкенімен жеткен үні
Көз жасын жылағанның құрғатады.

Тұлпарды тани білген жүрісінен,
Карт бабам – қазыналы ырысым ең.
Дауылпаз ақын да өзің, батырда өзің,
Қаламын тең ұстаған қылышымен.

Ел үшін басты тігіп бір өлімге,
Түн қатқан талай жылдар сүреңінде.
Үрпақтың қамын жеген ұлы бабам,
Халқыңның мәңгі қалдың жүрегінде.



ЕЛІМ-АЙ

(Қожаберген жырауша)

Басынан Қаратаудың көш келеді,
Сұлама, зарлы күндер сес береді.
Жан баба, ұрпағыңның әз басынан,
Тамұқтай талай зұлмат көшкен еді.

Қапыда құнттамаған ештеңені,
Қазаққа ақиқат сыр кеш келеді.
Тарихын жирен орыс бұрып жазып,
Тағдырын тағы да орыс шешкен еді.

Жан баба, сөге көрме ұрпағыңды,
Демеймін қасіреттен жұрт арылды.
Аспан көз, аузы түкті шегір көршің
Діңкесін ұрпағыңның құрта білді.

Көргеннен көп екен-ау көрмегенім,
Мұңдансам «Елім-ай» деп шерленемін.
Кеткен соң қолдан билік, бастан ерік,
Қалайша дүниені кең көремін?

Бабаның сөзі бізге ем болмады,
Қаймана қазақ кімге жем болмады?
Жиырмасыншы ғасырдың алапаты
Жоңғардың шапқынынан кем болмады.

Бәлшебек, қайыс белбеу бастық болды,
Амалы ел қырудың аштық болды.
Тарыдай тентіретіп, түздай құртып,
Қазаққа ойлағаны қастық болды.

Ол заман, ажал аран ашқан заман,
Тіреліп тығырыққа сасқан заман.

Аштық пен зобаланның құрығынан
Шұбырып, шекара асып қашқан заман.

Соңынан соғыс келді, неміс келді,
Көп қала жермен-жексен тегістелді.
Айырылып талай қыршын боздағынан,
Зардабын жалпақ қазақ тегіс көрді.

Артынан атом деген бәле келген,
Алыстай қоймады ғой әлек елден.
Даламды айналдырып полигонға,
Қырғынды қыр қазағы және көрген.

Көп өтпей заман келді орыстанған,
Өтірік айла тауып болысқаннан.
Тың игеру дегенді желеу етіп,
Арқаға мыңдап орыс қоныстанған.

Асығыс қырға қонған құмарланып,
Орыстың саясатын ұға алмадық.
Әліптің артын бақпай ана тілім,
Әп-сәтте шыға келді шұбарланып.

Жан баба, жырлап едің баба тілін,
Тілдің де қайырылды қанаты мың.
Өз елім, өз жерімде әлі күнге,
Өгейдей жаутаңдайды ана тілім.

Бұл күнде азат елміз егеменді,
Тәуелсіз ел деген сөз шегеленді.
Өз қолым өз аузыма жете бере,
Жемқорлық деген пәле ере келді.

Адалдық, асқақ мұрат тәмам болды,
Пиғылы шенеуніктің жаман болды.
Ақырзаман таяу ма деп қорқамын,
Қара қытай қаптаған заман болды.

Төсінен Сарыарқаның көш келеді,
Тайлағы құр бақырып бос келеді.
Алдыңды көре алмаған жаман екен,
Екі көзден еріксіз жас келеді.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫҢ АСҚАП БАТЫРҒА АЙТҚАНЫ

Тебінгі теуіп түн қатқан,
Терлігін ерде құрғатқан,
Қасқая шауып қиырдан,
Көк Тәңіріге үн қатқан.
Еңку-еңку еңсерген,
Ер үстінде теңселген,
Еркіндікті еп көрген,
Еңселі жұртын сеп көрген,
Бас асау бабаң басынан,
Дүрия дәурен өткерген.
Сен сол тектінің тұяғы
Бүгінге Тәңірі жеткерген.

Ереуілдей жасанып,
Қарауылдай қасарып,
Елдің мұңын мұңдадың,
Қалмақты қырмай тынбадың.
Мақтан етсе жарайды ел,
Өзіңдей асыл ұлдарын.
Атыңды ел деп арыттың
Алашқа ісің таныттың.
Атаның ғана ұлы емес,
Ардағысың халықтың.

Атамыз біздің Ғұн еді,
Ашина тауда түнеді.



Құртқа анамыз демеген,
Үмай анамыз жебеген,
Көкбөрі киең түзіліп,
Үйіркөктен үзіліп,
Абадан шыққан арланнан,
Кияға қарап қамданған,
Ердің сойы сен дедім,
Азаттықтың жолында
Жана берсін еңбегің.
Аман болсын өзіңдей,
Бөрі текті ерлерім.

Темірғали КӨПБАЕВ

БАС САРДАР

(Қожаберген жырауға)

Батыр десем, жауға түскен салмағы,
Түмен-түмен қол төңкерген арланы.
Ширек ғасыр жоңғарменен соғыста
Қол бастаған қазақтың бас сардары!

Жырау десем, биік қойған мұратын,
Таңдайынан дауылды сөз туатын.
Отты жырын тыңдағанда сарбаздар,
Жалау тіктеп «жау қайдалап» шығатын.

Күйші десем, жорықтарда түн қатып,
Келген абыз сақалына мұз қатып.
«Елім-ай» боп төгіледі пернеден,
Домбыраның тұла бойын сыздатып.

Дана десем, асу бермес асқарым,
Тарихынан сыр шертеді тастағы үн.

Тәуке ханның жарғыларын жасасып,
Жазып кеткен «Жеті Жарғы» дастанын.

Елші десем, хандықтардың санасын
Билей білген ерді қайдан табасың?
Парасатпен елдестірген сол қазақ
Түрікмен, Парсы, Хиуа, Қоқан арасын.

Діндар десем, Алла деуден танбаған,
Араб, парсы тілдерінде сарнаған.
Шариғаттың шамын іздеп шарқ ұрып,
Самарқанд мен Бұхараны шарлаған.

Ұстаз десем, айналаға жөн айтқан,
Асыл құны ат көтермес сөз айтқан.
Тәтіқара, Үмбетейлер үлгі алып,
Бұқар жырау «Ұстазым» деп өзі айтқан.

Асыл текті Қожаберген ер бабаң,
Өр тұлғасын уақыт өзі сомдаған.
Ей, қазағым, сол жыраудың тілімен
«Елім-ай» боп төгіліп ед шер-налаң.

Енді, қазір сол хас батыр хақында
Айтар наз көп алабүйрек ғасырға.
Жасықтарды алмастырып шатастық
Ақ алмастай жарқылдаған асылға.

Қайран бабам...,
Езді бүгін ер қылды,
Құл-құтанның сөйлер жерін төр қылды.
Көлеңкеде қалмау үшін мәстектер,
Алыптардың атағына тор құрды.

Бодандыққа бой үйреткен бор кемік
«Елім» деген ердің сөзін қор қылды.
Төрт ғасырдан бері қарай қазақтың,
Көкірегінде аунақшыған сол жырды,

Көбесінен сөккісі кеп біреулер,
Төбесіне қарға-құзғын қондырды.
Айтпайды олар Бөгенбайға қалдырған,
Хан тағынан кем соқпайтын орныңды.

Қайран қазақ!
Самға, талма, көкті кез,
Қайда сол бір хас қыраның отты көз?!
«Елім-ай» деп өткен есіл бабамды
«Ерім-ай» деп еске алатын жетті кез!

ШЕРЛІ ТАРИХ ДАСТАНЫ

Қалмақтар аса жауыз жыртқыш тектес,
Қорлығы ол сұмдардың естен кетпес.

Қожаберген жыраудың
«Елім-ай» шерлі дастанынан.

Айқасқанда алмас қылыш суырып,
Шайқасқанда жау тізесі бүгіліп,
Садақ жақты жырау шығып келеді,
Қан майданның ортасынан жырылып.

Шоңдарына шоқпар сілтеп келеді,
Нарларларына найза түйреп келеді.
Қолмен бұрап қоңтайшының айдарын,
Қалғанына қамшы үйіріп келеді.

Қаһарына мініп алған қарт жырау,
Келе жатыр, сақал, қасы ақ қырау.
«Қалмақтарға орыс, қытай болысып»,
Қазақтарды шауып жатқан шақ мынау!

Қыз-қатынды жауға олжа ғып бөлдіртсең,
Жер бетінде одан өткен қорлық кем.
Ел қайғысы езіп келеді еңсесін,
Маңдайына удан да ащы сор біткен.

Айырылып мыңғырған мал, түліктен,
Қанша қазақ мекенінен үріккен.
Бір жағынан қоқаңдайды қоқандар,
Түн ұйқысын төртке бөліп түрікпен.

Сонда-дағы ел намысын ту қылып,
Жауға шапқан ердің жайын жыр қылып.
Естен кетпес сұм зұлматты сол жырау,
Қыл қобыздың шанағына сіңдіріп,
Күңірене жырлап кеткен дейді жұрт,
Көзбен көріп, кеудесіне тұндырып,
Көкірегін жанартаудай кернепті,
Шерлі күннің шежіресі булығып.
«Елім-ай» боп жетті бізге тарих,
Шыңыраудан шыққан үндей шыңғырып.
Баға жетпес жәдігерің сол болар,
Болшаққа алам десең үшін үлгі қып.

Ерлерім-ай айтқан сөзі серт болар,
Бұдан өткен қандай асыл, тек болар!
Ұрпағымыз жылап жүрмесе екен деп,
Көз жасымен дастан жазып кетті олар.

Сол дастанда бабалардың серті бар,
Сол дастанда жүректегі өрті бар.
«Елім-айды» тыңдап өскен анадан,
Елін ойлап еңірейтін ер туар.

Бір кездері басымыздан озған бақ,
Қайта оралды, енді қандай сөз болмақ?!
Ел болуым ертегі боп қалар ма ед,
«Елім-ай» деп боздамаса сол боздақ?!



БОСТАНДЫҚ КӨШІ

Исі алаштың арманы болып,
Ғасырлап күткен азат күн.
Талайын естен шығарғаны рас,
Қаймана көрген азаптың.
Алайда, бүгін мен саған арнап,
Салмағы жерей сөз айтам,
Қазақстаным – жер бетіндегі
Жалғыз Отаны қазақтың!

Буынсыз тілім бұралаңдамай,
Жүректе жатқан сөзімі айт.
Шет жақта жүріп, шет қақпай көріп,
Шерменде болған кезімді айт.
Өз елімде де өзгеден төмен,
Өмір кешетін өзімді айт.
Сырт жақта әлі жаутаңдап жүрген,
Қандасым – қара көзімді айт.
Іледей жоңкіп, Ертістей толқып
Ағарын жалғап қоса алмай,
Көкірегіндегі сағыныш толы,
Буырқанып жатқан сезімді айт.

Сан ғасырлардан әлі бітпестен,
Сарпалдаңға оны салған көш,
Қапыда жауы, қара нарының
Бүйдасын кесіп алған көш.
Белдің астында ботасы боздап,
Жете алмай әлі жүр неге?
Бостандық іздеп, көңілді зары,
Көзінің жасы тамған көш.
Азаттық үнін естігенде алғаш
Сәждеге кетіп көшеде,
Еңкілдеп жылап, еңіреп жеткен,
Халифа атамнан қалған көш!

Кеңсірігімді самалға тосып,
Сағынышқа удай ашыттым,

Дүрия киген дүние жалған,
Көңілімді неге жасыттың?!
Алпыс да екі тамырымның қанын,
Тықыршыттым да тұлпардай,
Туым қадалған тұғырлы мекен,
Өзіңе қарай тасыттым.
Алламның салған махаббаты бар
Жұдырықтай мына жүректе,
Қоңыр таулардай қойыны жұмбақ,
Қоңыр қазаққа ғашықпын!

Сүйемін, сөйтіп...
Қайғысын көрем не түрлі,
Һәм көрем сенің өзгеге кеткен өшіңді.
Зобалаң жылдар
Даладай дархан көңілімен,
Бауырыңа басып өсірдің кірме, жетімді.
Қайран Отаным, қазағың неге шетте жүр
Кенесарының кесілген басы секілді?

Алай да дүлей үйтқиды дауыл ішімде,
Бәрібір айтам, сен түсін, мейлі түсінбе.
Әй, неге рас батырларымның басы жоқ,
Оспанның бассыз денесін көрем түсімде.

Бассыз халықты басынбайтұғын жан бар ма,
Бес күндік жалған өтер-кетер арманда.
Ертеңің үшін еңіреп туар ұлдардың,
Езіледі ішің елдің сыртында қалғанға!

Тас қамалдарда талауға түскен тағдыры,
Көп елдің әлі көкейде жатыр зар-мұңы.
Босаған төрдей бостандық желі аңқыған,
Бейопа күннің бостандық екен бар құны!
Амандығыңды Алладан сұрар ағайын,
Қазақстаным – бүкіл қазақтың жалғызы!

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ



ҒАСЫРЛАР ҚОЛАМТАСЫНАН ЖЕТКЕН РУХ

(Қожаберген баба рухына)

«Көк темір көсеу арқалап»,
Күндік жол басқан күлікпен,
Толағай жартас жастанып тыныштығымды іріткен.
Қыл құйрығын тұлпардың адырна басы байлаған,
Қазақтың қанын жемі етіп жантықтан нөкер сайлаған.

Жер түбі кеткен Ерлердің желкілдеп туы келгенше,
Көр түбі кеткен Ерлердің қырық шырағы сөнгенше.
Алатауымды арбаған,
Қаратауымды қандаған.
Көкірек толы шерімді көметұғын жер таппай,
Шер құрсаған жанымды жуатұғын көл таппай.
Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Қазақ қанына құмар күн!
(Сен әкелген қайғыны ұмытпаған шығармын...)
«Есілдің бойы ен тоғай...»
Елім тозған кезінде,
Ел басына ауыр күн қолын созған кезінде.
«Елім-айлап» сен шықтың ата рухы дем беріп,
Аңырақай бойына аңыраған толды өлік.
Атаңа нәлет қалмақтың қабандай белін сындырып,
Ит жемейтін сұм басын иір найзаға ілдіріп.
Итішпестің айдынын қызыл қанға шомдырып,
Баянтаудың сай-қырын жат сүйекке көмдіріп.
Жатындасын түгендеп,
Қол бастаған түмендеп,
Бөрібас ту көтеріп жауға шапқан сүрендеп.
Таспиықтай түгендеп, саусақ бүгіп санадым,
(Сендей ердің даңқына зәру еді дала бұл...)



Аспандағы жарық Ай айбын берді жолыңа,
Қуат берді қолыңа.
Үйде қалған есті ару есікте белін байлады,
Түзде қалған төсті ару бесікте қолын байлады.
Қошқар мүйіз құба тау –
Қылыш бауыр мына тау,
Қарашада қар түспей қырау түссе деп күтті,
Сені аңдыған дұшпанға бұрау түссе деп күтті.
Жол бастадың түнімен,
Қол бастадың күнімен,
Айқайыңнан дұшпанның берекесі іріген.

Сен, сен болдың, сен болдың,
Еңіреген ер болдың.
Еңіреген сертіңнің арқасында ел болдым!
Бұлақ едім – көл болдым,
Тәңірінің сынар шағында тау көшірген ер болдым,
Мен, мен болдым, мен болдым!..
(Сонау жылдар қайғысын бәлкім біреу ескермес),
Түйсігімде қалды ұзақ, жебе сеуіп өткен кеш...
.....
Өткен заман ізіне қарап түрмын тістеніп,
Әрбір тамшы қаныңнан мың қызғалдақ үшты өніп,
Сендер берген ұлы рух сенім болып түр, әне,
Байтақ Қазақ еліне ескірмейтін күш болып...

Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ

ҚОЖАБЕРГЕН

Қара түнді қақ айырған жебесі
Баһадүрді ұмыттық біз неге осы?
Қазақ жерін қорғапты Ол,
Қан саулап,
Қара жерге көмілгенше денесі.

Аямапты аяр жауын, дүшпанын,
Ен даланың жастаныпты пұшпағын.
Қоғалы көл, қом суларды жырлапты
Көңілінің шаңқылдатып құстарын.

Сақтай сардар бес қаруын қолға алса,
Сап түзепті салуалы қол орманша.
Шақырыпты жекпе-жекке ұран сап,
Атылыпты айқасқанда көкжалша!

Түнергенде қабағы пәс күрең шақ,
Жау ішіне кіріпті өзі түрен сап.
...Тұяғынан түз сілкінген күрең ат
Балуан бел бабаларды жүр аңсап!..

Кісінейді түгі түлеп, тұлпарым,
Дауысынан керуен көшіп мың сағым.
Ер Бабаның,
Неге мына жануар,
Танымайды ұрпағының ұрпағын?!..

Осыны ойлап құса құштым, дерт іштім,
Әй, дүние-ай, көзді арбайтын көркі ұшқын.
Сом бабаны ұмытуға бола ма,
Өзің айтшы, ей, өр толқыны Ертістің?!

Қасіреті қара тастай, батпандай,
Ойлан, Алаш! Ол өткерген шақ қандай?!
Архивтерден әлі-ақ аршып алар деп,
Баба рухы бізді күтіп жатқандай!..

АМАНАТ

Жас келіп көздеріне мөлт-мөлт етіп,
Қарайды таудың тарғыл тастарына.

«Елім-ай» дастанынан

Буырқанған жай отындай бұлт ішінен,
Айбынды ой, айбарлы сөз — ғұрпы шүлен,
Сен неге жатсың үнсіз әлі күнге,
Бағзы жыр бабалардың рухы сіңген?!

Ку қонған қиқулы көл, құмыл далам,
Қазақ па, қасиетіңді ұғынбаған.
Оқысам, өзен ұлып өзегімде,
Көз жасым ақ парақта шымырлаған...

Ол айтса, мақұлдапты ұлық пәнден,
«Бар ғой, — деп, — көкіректе тұнық сәулең».
Өткен күн бізді сірә, ұмытар ма,
Өткенді өскін ұрпақ ұмытқанмен?!

Ұмыттық, уа, Жаратқан, тағы нені?
(Әр қазақ — бір-біріне бауыр еді).
Басынан қаралы көш шұбап көшкен,
Каратау, қайғың неткен ауыр еді?!

Ия, рас, сенің қайғың — менің қайғым...
Тұр аман, шүкір, тәуба, көгімде Ай, Күн.
Әйткенмен, «Елім-ай» деп еңіреген,
Ұғамыз ер бабаның сөзін қай күн?!

Ұстатпай шылбырынан дәуір-қашқын,
Тар заман — тасын бастың, тауын да астың.
«Өз басын ойласа тек Ер дегенің,
Көз жасы кешіре ме Қарындастың?»

Дегендей жырау кейде қапалы үнмен...
(Боздайды боз беткейде боталы інген).
...Бейуақ Күн астында күңіреніп,
Қобыздың күйін тыңдап жатамын мен...

Алмадым одан артық үн қайтара,
(Ол сырын күнге айта ма, түнге айта ма?)
Тарихын танығысы келсе қазақ
Оқысын «Елім-айды» мың қайтара.

Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ

ЖАУ ШАПҚАНДА

«Тәуке хан қайтыс болған соң қазақ халқы бірлігінен айырыла бастады, алауыздық өршіді. Осыны пайдаланған жоңғарлар қазақ жеріне қапыда шабуыл жасады...»

«Қазақстан тарихы» оқулығынан

Дей көрмеші «мынау нені қозғады»,
Жау шапқанда есімде ел тозғаны.
Алатауым ала бөтен дауыс сап,
Қаратауым қарс айырылып боздады.

Сабырымды өлеңіме сарқайын,
Сезінбесем жыр азабын тартайын.
Жау шапқанда Тарбағатай зарлады,
Күңіреніп, қайғы жұтты Алтайым.

Ұлытаудың қабырғасы сөгілді,
Балқашымнан қаншама жас төгілді.

Қасыреттен далам жатты дал-дал боп,
Жоңғар шауып, бұлт құрсады көгімді.

Жау шапқанда түсті қанша шаңырақ,
Бірін-бірі ел жоқтауда аңырап.
Қауымдарым азар болды жамырап,
Ауылдарым мазар болды қаңырап.

Жау шапқан кез еске салар құйынды,
Қайтып айтам ұшқан бақыт, күйімді?
Жекпе-жектен тайсалмайтын ерлерім
Қапы қалып, тау-тау болып үйілді.

«Елім-айлап» шығарамын дауысымды,
Қапияда құдай атсын жау сұмды.
Аруларым аруаққа айналып,
Бесіктегі балам дағы шаншылды.

Жоңғар жауым қойнына тас тыққан,
Айдаһарға айналғандай қастықтан.
Қазақ қалай өз елінде бодан боп,
Қазақ неге көз жұмады аштықтан?!

Енді қалай болады екен тірлігің,
Туған елмен бірге еді ғой кіндігің.
Ынтымағым айрандай ед ұйыған,
Іркіттейін іріді ме бірлігім?!

Жау шапқанда тынысым да тарылды,
Кім ұрлады ырысым мен барымды?!
Ең болмаса бірлігімді қайтаршы,
Тыңда, құдай, «Елім-айды» — зарымды!

«Елім-ай, елім-ай...»

БАБА РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

(Қожаберген Толыбайұлына)

Рухыңа бас иемін, тұғырлым-ау,
Ел қорғап сан сүріліп жығылдың-ау.
Мен сендей сом алтынның сынығымын,
Майданнан еш кем емес ғұмыр мынау.

О, бабам!
Ескерткішім — жыр, сарыным,
Төбемде баянды боп тұрса күнім.
«Елім-ай» жырыңдағы үніңмін — мен,
Қорғаған жеріңнің бір жусанымын.

Жау шапса жер апшысын қуырғандай,
Сендей ер ел қорғауға туылғандай.
Жырларың өр Рухымның сауытындай,
Күйлерің ұрпақ үшін дулығаңдай.

«Елім-ай» зары келер құлағыма,
Алланың шыдап бердік сынағына.
Дәуірмен бірге мен де жыр оқимын,
Қазақтың Қожаберген жырауына.

Ел азбас құшағында ақын барда,
Өзегің өрт боп еді аһ ұрғанда.
Жаныңа жалғыз Хақтан жақын бар ма
Жауыңа жебе болып атылғанда?!

Елдікті ұрпақтарың саялаған,
Қанатын қыран құстай жаяды адам.
О, бабам!
Майдандарда найза болып,
Иманын бейбіт кезде аялаған!

Ғасырлар ел жарасын емдегендей,
Қазағым Жерұйығын көрген елдей.
Ақындар өмір сүрер аңыз болып,
Батырлар күн кешеді өлмегендей!

Саят ҚАМШЫГЕР

ҰЛЫ ЖЫР

Жазира жапан түз жамылған кежім — жыр,
Тарихым қашалған тастарға көгілдір.
Күн түбін жаңғыртқан тұлпардың тұяғы,
Жұп-жұмыр әлемді айбатым кезіп жүр.

Тамырым тараған көк мәрмәр тастардан,
Бұтағым бұлдырап көрінер аспаннан.
Қаны мен жасына қауырсын суарып,
Eh, есіл бабам-ай!
Хұсни хат жазған.

Орманбет өлгенде,
Он ұлым бұлгенде,
Дұшпаным дүбірлеп, ат ойнап іргемде.
Көлікке қос артып еңіреп ел көшті,
О, жалған!
Ес кетіп, бақ ауды бізден де.

Омбыдан ойқастап ышқынған қара жау,
Ку қонбай құлазып мұнартқан жағалау.
Ежелден дұшпанның көз сұғы сұқтанған,
Самұрық қанаты
Талатын далам-ау.

Шығыстан ысқырып жебесі қалмақтың,
Жел қуған тағдыры жазылып қаңбақтың.



Мұсылман баласы Қоқаннан не қайыр?
Қай жақта Хиуа, Түрікпен ардақтым?

«Құл көнді, Құдайдың салғаны осы» деп,
(Расы қазақтың өзіндей досы жоқ).
Ел көшті ағайын-туғаннан айырылып,
Ел көшті бөлінбес іргесі сетінеп.

Азабын арқалап ауған ел ақтабан
Алқакөл сұлама, ақ түтек, ақ боран...
«Елім-ай» ақтарам...
Сөйлейді ғазиз жыр:
«Қазақтың көз жасы көлкіген хат болам».

Оқимын үздігіп,
Үңіліп өткенге,
(Көп сырым түр анау — Туым да көкпеңбек).
Сорасы сорғалап қазақтай қай жұртта,
Зар айтып Қаратау басынан көшкен жоқ.

Көшкен жоқ... Қара тау басынан нар құлап,
Қу томар сүрініп құлан жал арғымақ.
Қайыңды идіріп сүт — сөлін сауған ел,
Күзғынды қуантты сүйегі саудырап.

Әулиеге ат айтып, Тәңірге зарладық,
Корасан қой айттық, Құдайсыз қалмадық.
Қожекем қобызы «Жеңістің» толғауын
Тартқанша пәниді мансұқтай жаздадық.

Қазақтың қарғысы — «тұқымың құрығыр,
Қан ағып көзіңнен, сүйегің шірігір!..»
Жер беті жеркенді қалмақтың ізінен,
«Ұмытпа!» деп өткенді өксиді ұлы Жыр...

«Елім-ай», «Елім-ай», «Елім-ай», «Елім-ай»...
Боздасам бозарған кетердей еріп Ай.





Қожекем жырлаған запыран заманды
Жазмышқа жазудан сақтай гөр,
Е, Құдай!

АТА ЖОЛЫ

(Қожаберген жырау рухына)

Ұмыта жаздап, ұмыта жаздап тегімді,
Тулап аққан өмір — өзен сеңі үрды.
Кешір, баба!
Кешегі өткен кер заман
Көзімізге көрсетпеді теңізді.

Боздағына бұрыла алмай бодан ел,
(Әділетсіз тарихтан тозады ел).
Ұмытшақтау рухымды ұшықтап,
Қайран баба, тұғырыңа қона гөр!

Тым зілмауыр үнсіздікке шатылған,
Ұйықтап кеттік...
Ұзақ ұйқы ғасырдан.
Жалыны жоқ жанарымның түбіне,
О, жауыздар!
Жанартауды жасырған.

«Дұғасымен» дуаланған көршімнің,
Биігіне үңіле алмай сол шыңның.
О, қаншама бейбақ бастар ағарды,
Дедек қағып жетегінде жел сұмның.

Уысында уақыттың обалы,
Ақтабанның арылмаған бораны.
Желтоқсанда жетімсіреп жер үсті,
Боздады-ай кеп Қожекемнің сол әні.





Сен не дейсің,
Ей, киелі қобызым!
Мына жұрттың миы ашыған, сөзі — ірің.
Жаттың жаман жәутігіне жалбақтап,
Кеудесінен итереді өз ұлын.

Қазағыма артық па екен нар ұлдар?
Ирек-ирек, қара-қара жазулар.
Қожаберген...
Анау Сегіз серімді,
Ұмыттыруға ұмтылады жауыздар.

Өсер елдің жоғын таппақ — жосыны,
Бұл ел неге өз-өзінен шошыды?
Бассыздыққа бағынбағаны үшін бе,
Сөзге ілетін қазағымның қос ұлы...

Ақ былғары* шиыршығы жазылар,
Ата жазған атам қазақ заңы бар.
Ерге күйе жаққан жалақорларға
«Жеті Жарғы» үкім кесер бабы бар.

Әттең, өмір сүрсек ата заңымен,
Талай ұлдың ұлылығын таныр ем.
Кешір, баба!
Көз — ноғала, жүрек — тас,
Мыңқ етпейтін миы ауысқан дәуір ем...

Ырысбек ДӘБЕЙ



**Ақ былғары — Қожаберген жырау Өз Тәукенің тапсырмасымен «Жеті Жарғыны» ақ былғарыға жазып, ханға табыстаған дейді.*





ЕЛІМ-АЙДАН ЖЕТКЕН МҰҢ

Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен тамам елдің миын заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман.

Қожаберген жырау

Жусансыз күрең бел, сүреңсіз мола құм,
Сөйлетіп көрейін даланың жанарын.
Шұбырған ақтабан жылдардың үнінде,
Күбірлеп үн қатар үздіккен қаламым.

Жаспенен ұрғылап ғасырдың қамалын,
Жасберен қанатып балтырын, балағын.
«Алқакөл сұлама» сұрапыл қырғында,
Шөгірді таптаған тілінген табаным.

Дауылын түргызды меңіреу даланың,
Тастарды үгіткен екпіні тағаның.
Бураны боздатқан мұнар күн астында
Тайлақтай тентіреп бос кетіп барамын.

Маңдайға тигізбей мамық кеш самалын,
Таңдайға тамшы жас ерітіп аламын.
Көбікті лайлап, толқындар жар сүзіп,
Шайқаған Алаштың түп-тұнық заманын.

Қобыздың үнімен рухым егілді,
Қазақтың көзінен қайғы жас төгілді.
Бірліктің тұғырын талқандап тасқындар,
Асусыз қыратты сел жүріп кемірді.

Құраған қалпында бәйтерек түбірі,
Шулаған орманның құлақта күбірі.
Жүгенсіз, жүйріксіз жабағы мінгендей,
Ерлерді теңселтіп, тебінгі шіріді.





Қаңбақтай бағытсыз, сайларды сағалап,
Қазықта тыпыршып байлаулы қазанат.
Иесіз кісінеп қазығын тарландар тарпыды,
Найзаға сүйенген батырды мазалап.

Белдеулер кесіліп, кереге сынғандай,
Өрт шалған туырлық тұл болып тұрғандай.
Уықтар шықырлап, босаға сықырлап,
Азалы дауыстар жартаста тұнғандай.

Жұртымыз жұртынан түн қатып босыған,
Шұбырып барады бақ үшып басынан.
Танымай қалғанда Алашым бағытын,
Елім-ай деген бір естілді асыл Ән.

Ел есін жиғанда, арнаға сыйғанда,
Түндегі ай,
Күндіз күн шуағын құйғанда.
Алашың көтерді ақ туын аспанға,
Ел есін «Елім-ай» жырымен жиғанда.

Бірліктің бесігін, татулық тұғырын,
Шайқамай Алашым тік қадап уығын.
Шалмалап асауды, кигізіп құрығын,
Ақ тудай желбіреп шығарды бір үнін.

Жау түгіл дауыл да екпіннен ығады,
Өтті ақыр осылай уақыт сынағы.
Түйелі көшіміз бағытын түзеді,
Дүбірге ұласты батырлар ұраны:
«Елім-ай!»







ЖОРЫҚТЫҢ ІЗІ БАР

Жүз жиырма төрт мың пайғамбар мен
Отыз үш мың сахаба да дүниеден өткен.
Солардан Қожаберген артық емес.

Қожаберген жырау

Сақтарда сақталған Ғұндардың жалғасы,
Күнге де қақталған Ай жүзді алмасы.
Топырақ қабірлі қобызбен үндескен,
Жеті қат жер үсті – Алаштың ордасы.

Семсермен ойылған тастағы таңбасы,
Күрғаған заманда ғасырдың көз жасы.
Жылдармен жарысқан тарих шындығы,
Домбыра үніндей күйлетіп толғашы.

.....
Ақ тудың астында
Ұлы ұран шалқыған,
Рухты жалынға болат та балқыған.
Қара тас үгіткен, көк мұзды жібіткен,
Жолбарыс күштерін жорықта сарқыған.

Алла деп ат мінген Абылай жорығы,
Айлалы дұшпанды әулие таныды.
Абыздай ақылды, қарт жырау батыл-ды,
Шайқаста жорықтың жеңісін жорыды.

Таң қылаң бергенше қаңтарған тарланын,
Томаға білдірмес қыранның тоңғанын.
Бес қару асынып, дұшпанын қашырып,
Қанменен суарған майырылмас қанжарын.

Жасындай жарқылдап, азуы шықырлап,
Қабаққа түн түнеп, сауыты сықырлап,





Жебесі жел жыртып, найзамен түйреген,
Жауының сүйегі күл болып,
Сыныпты бытырлап.

Түяқты тұлпардың шаң ойнап астында,
Көкжалдың тұқымы айналып қасқырға.
Мекенін таптатпай, апанын қорғады,
Пана боп дауылда, бөгет боп тасқынға.

Күн күлмей ел үшін ұйқысыз түн қатқан,
Жас тұнған жанарын желменен құрғатқан.
Толыбай сыншының сынығы екенсің,
«Елім-ай» жырымен тарихым үн қатқан.

Қызылжар қыраны,
Алаштың ұраны,
Ғұлама жыраудың әулие шырағы.
«Бүркіт қонғанда»
Нулы орман ішінде,
Жыраудың, батырдың мәңгілік тұрағы.

Таулардан биіксің,
Аспандай асқақсың,
Жорықта жүйрікпен қолыңды бастапсың.
Жазық бұл далада құрсақта жаралған,
Тұлғаның тұлғасы екенсің асқақ шың.

Кесіртке қылғанмен біздерді кенесім,
Рухпен жинады бүгінде ел есін.
Жорықтың ізі бар бұл жұмақ мекенде,
Алаштың ұрпағын Рухың жебесін!

Аманжол ЗАҒЫПАР







ЕЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Оң болсын, ұлы тойың, жұрағатым,
Жырласын ерлік іске құмар ақын.
Дүниеден неше арыстан асыл өтті,
Түркінің даңқын көкке шығаратын.

Күндерде басың бір боп құралатын,
Өткеннің қандай түйген ұлағатын.
Тарихты даңғазаға сүйрелемей,
Ақиқаттың өлшемі сыналатын.

Ақтарып әр кезеңнің мұрағатын,
Қазақтың қастерлейік мұраларын.
Қазақстан – түріктің құт әлемі,
Ер Түріктің ұрпағы ұға алатын.

Қазақ жері – түріктің ұлы Отаны,
Кезінде шыққан талай дүр атағы.
Мынау жатқан кесіліп Ұлы Дала,
Түркінің туын тіккен ұлы одағы!

Беу, түрік, көтер бүгін еңсеңді тік,
Ежелден ер мінезді еңселі жұрт.
Жасай бер, Ұлы Дала ұландары,
Неше бір асқар асу еңсеріліп.

Бағзыны баян қылмай тек құралмас,
Текті жұрт кезі келсе тек тұра алмас.
Алдаспанын ойнатқан бабалардың
Көзіндей алтын қында жатты алмас.

Оянды дүйім жұртым қайта бүгін
Шыққандай Алтайымнан асқақ үнім.
Ендеше Кеше, Бүгін, Ертең жайлы,
Беу, ақын, болашақтың толға жырын.





Жайым бар тарих тылсымына ене берген,
Ене берген, шындыққа сене бергем.
Сақ-скиф, Ғұн бабалар түседі еске
Сыр тартсақ әлімсақтан-көнелерден.

Әрбір сақ жауынгері батыр жандар,
Жауына жолбарыс болып атылғандар.
Көк Тәңірге сыйынып, Көкбөріге,
Ата-баба аруағын шақырғандар!

Ишпақай, Партатуа, Мәди хандар –
Дабысы жарты әлемге танылғандар.
Атей, Палак, Скилдур, Идан-пірлер,
Томирис, Руғайла, Атиллалар!

Өтті ғой тарпаң мінез небір тарлан,
Жауласқан дұшпанынан кегін алған.
Парсының мың сан қолын адастырып,
Бір ғана Ширақ батыр қырып салған.

Ойында өртті мінез, қаны болған,
Ерлердің даңқы менен аты қалған.
Тоқсары, Анахарсис...
Әл-Фараби –
Ғұламам түлеп ұшқан Отырардан.

Өмірге жасық болып жаралмаған,
Намысын ел мен жердің сан арлаған.
Осындай жаужүрек ерлер барда
Сақ пен Ғұн жат езгіге көне алмаған.

Болғасын тумысынан нағыз текті,
Ешқашан жауға бермес намыс-текті,
Азия, Еуропа, Арабия
Тұяғы тұлпарларының алыс кетті!







Жайым бар кең ғаламды шарпып өткен,
Жайылған жалпақ жұртқа даңқым өктем.
Кезім көп Қытай, Үнді, Таяу Шығыс,
Киев Русі, ары асып Балтық өткен!..

Осылай бабам менің дүрлеген-ді,
Көңілді талай-талай бірлеген-ді.
Кешегі көк түріктер заманында,
Көктегі жұлдыз-ғұмыр сүрген еді.

Атағы кеткен еді ғасырларға,
Түркінің басы бірге қосылғанда!
Күлтегін, Білге Қаған, Тонықөктер,
Түркінің аруағын асыраганда!

Елтеріс, Естеми мен Бұмын өтті,
Түркінің жерін қорғап ғұмыры өтті.
Жапырап жарты әлемді түрік бабам,
Рухқа ұйыстырды ұлы текті!

Жаралған жасын оттай ар намысты,
Айналдым аңыз болған Байбарыстан.
Ерлерім ат үстінде ғұмыр кешті,
Ақсауытын шешпестен арпалысқан!..

Түбі бір түрік тегін бөле алмадым,
Түріктің тұтастығы боп арманым.
Түріктің қаны таза, ары таза,
Тарихтың илеуінде жоғалмадым.

Ұлы сақ, массагет, ұлы ғұндардай,
Ашина, теле, тірек жауған оқтай.
Исседон, хетт, кемер, ұлы йозі, оғыз,
Тарихта тайпамыз көп алсақ хаттай.

Қаңлы, қыпшақ, арғын да түпкі тегім,
Алшын, найман, керей, уақ – бір тірегім,





Ноғайлыдан Едіге,
Қырық батыр,
Солардың бәрі түгел түріктерім!

Өтті ғой небір жойқын аттаныстар,
Шыңғысхан, Темір, Бабыр, Тоқтамыстар...
Түбі бір түрік жерін қорғау үшін
Жан пида етті талай текті арыстар.

Өшпейді ерлік дәстүр – ата ғұрып,
Қатепті нарлар барда атан жілік!
Ыстамбұл, Анкараны иеленді
Алып Арыслан, атақты Ататүрік!

Алса да қан-қасапта талай шепті,
Бақ, шіркін, қолдан сусып талай кетті.
Ағайын алауыз боп іштей іріп,
Басына ерлерімнің зауал жетті!

Бірліксіз озған шақта бақ құбылып,
Текті жұрт бар айыбын жатты ұғынып.
Тарих талай мәрте бағамдатты,
Бірлік болмай, болмасын тәтті тірлік!

...Мінеки, Қожаберген де осыны айтты,
Өзгеден толған терең басым айтты.
Қысылтаяң кезде ол да жанталасты,
Қорғаймын деп Оғыз-Түрік – алты Алашты.
Бұл өзі заман-тұғын алмағайып,
Аталған жұрттар үшін қарбалас-ты.

Балбасы Таузар, Дәулен батыр болған,
Әкесі Толыбайсыншы аруақ қонған.
Шашақ би, Жанкісі жырау, Дәстем, Баһрам,
Салқара, Жанақ сынды ақын болған.







Дүреген бұл әулеттен Сегіз сері,
Бәрі сал, бәрі батыр маңмаңгері.
Осындай орта көрген Қожаберген
Топ жарған арғымақтың ақтаңгері.

Өзіне түп нағашы Жалаңтөс-ті,
Жасынан асыл тектің қолында өсті.
Үргеніш, Бұхара мен Самарқандта
Білім ап болды азамат ерте есті.

Шақырып ерте бастан жыр шыңдары,
Шақырып ғылым-білім тылсымдары:
Рашид ад-Дин, Мырза Хайдар Дулати,
Қадырғали Жалайыри,
Жәми, Низами, Науаи, Физули, Фирдоуси,
Сағди, Рудаки – Шығыс пен түркінің
Ғұламалары мен сыршылдары!

Нәр алып, міне, осындай құнарлардан,
О бастан оған білім, өнер қонған.
Неше бір мүридерден дәріс алды,
Неше бір атышулы шаһарлардан.

Өзі де толған сол бір дәуір үнін,
Байқатты даусын заман шайырының.
Бар ғұмырын сатп етті бір-ақ жолда –
Тисе деп қазағыма қайырымым.

Қорғаштап Алтай мен Сыр, Алатауын,
Қорғаштап Енесай, Каспий, Каратауын,
Қорғаштап Еділ, Ертіс, Тобыл, Ертіс,
Қорғаштап қазағымның әр отауын.

Ту ұстап, ғаскер бастап атқа мінді,
Жау көрсе, екі көзі отқа тұнды.
Ойы да бір, сөзі де мір оғындай,
Бас қолбасшы сайлады мақтап ұлды.





Күңірентіп жүректің толғамасы,
Тебірентіп тағдырлы кең даласы,
Қазақ үшін қайыспай қанын төкті,
Жиырма бес жыл атанып ордабасы.

Қазақ, башқұрт, ноғай мен қарақалпақ,
Татар менен ескектің арын арлап,
Ұлы Дала ұранын ұлықтады ол
Жауға шауып қазағы «Абылайлап!»

Бұл заман болды-ау заман, қысыр заман,
Алаштың басына бір түсіп заман,
Жан-жақтан үш аждаһа қатар қысты,
Састы Алаш бұған дейін қысылмаған.

Түркім-ай, садақ, сүңгік жолда қалды,
Тұлпар-ай, дүрілдеткен кең даланы?!
Айылыңды жиғызып атылғанда
Зеңбіректің доптары доңғалады.

Дес бермес ең алыссаң ат үстінде,
Жеткізбеді ал енді жеңіс мүлде.
Үш жағынан үш тажал қысып келді,
Қазағым-ай, тарылды-ау өріс мүлде.

Жанарға күндер кешіп мұң тығыла,
Сенделді ұлы дала жұрты мына.
Айдаһар мен арыстан айдап салып,
Қалмақтың тап келгесін қырғынына!

Түркістан, Тұран, Алтай, Ақжайығым,
Тараз, Шу, Сыр, Маңғыстау – әр қиырым.
Бәрі де дүниеден баз кешкендей,
Боздады Қожаберген ақиығым.

Замана болса да қан-қасаптағы,
Өлместің күнін кешті қазақ тағы.

Қожаберген, Төле, Әйтеке, Қазыбек,
«Жеті Жарғы» заңын да жасақтады.

Осылай терең бойлап ел ісіне,
Елдіктің құлаш ұрды өрісіне.
«Жарғыны» ханға әкеліп тарту етті,
Түсіріп боз бұзаудың терісіне.

Бас қосып билер елді ерлікке үндеп,
Атқарды зар заманда елдік міндет.
«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»
Түткендей Алаш сынды елді жүндеп.

Тайғандай бақ-береке кең даладан,
Күн кешті қазақ солай қорғалған.
Құйылды қара нөпір қарақшылар –
Торғауыт, жоңғар,ойрат сан-саладан.

Бір өзіне сақта деумен, о, Құдайым,
Толғады Қожаберген «Елім-айын».
Зарлы әуен құлағына жеткендей ме,
Қазақтың басын қосты Абылайым.

Бұл қазаққа талай-ақ бақ қонып еңбек,
Иемін деп далана мақтанып ең.
Болғанда небір сұлтан мәртебелі,
Қаһарман Қожаберген қарт еменім.
Әбілқайыр үш жүзге хан сайланды
Жиылғанда басында Күлтөбенің.

Үш жүздің туын тігіп Бөгенбайым,
Семсерін серпе сілтеп ұрандайын,
Бас қолбасшы міндетін қолына алды,
Құрметтеп Қожаберген ағатайын.

Сонда да сауытын ер шеше алмады,
Өзгенің езгісіне төзе алмады.



Қазақ елі, жері тұтастығы –
Көкейден кетпейтұғын әз-арманы.

Ұлтына өрлік рух нәрін септі,
Бойдағы отты жырдан жалын төкті.
Ел сүю мен ел қорғау – өшпес мұрат,
Ерлердің бойындағы асыл текті.

Солардың Қожаберген соқталысы,
Кеудеде қан боп тұнған от намысы.
Керей емес, қазақтың туын тіккен,
Алты Алаштың бетке ұстар мақтанышы!

Қожаберген, Қабанбай, Ер Шотаным,
Наурызбай, Кенесары, беу, қаһарлым!
Ер соңы – Есет батыр,
Пірдің соңы –
Бекет бабам, алысқа кетті атағың!..

Бүгінде ерлер аз ба жырға лайық,
Қазақты бөлмей, рухтас бір болайық!
Қожаберген керей демей, ту көтерген
Тумысы тектілерден үлгі алайық!

Осындай ерлер туған аналар-ай,
Көш бастап, қол бастаған даналар-ай !
Қазақ бүгін ел болып өз алдына,
Күн туды барымызды бағалардай!

Сол хандар мен ерлердің ұрығы бар,
Қазақ сынды халықтың ғұмыры бар.
Ұлы Дала киесін әспеттеген,
Астананың мәңгілік тұғыры бар!

Ұлы нарлар дүресе ұлы жерден,
Ұлт боламыз ел деген ұлы ұғыммен.
Қазақстан!

Көш бастап Назарбаев,
Түркі әлемнің табылды жүрегінен!

Түркі әлемге қашанда өріс керек,
Біз жер үшін өліспей беріспек ек!
...Қожаберген аңсаған өмір осы,
Қазақ үшін бұл заман Жеңіс дер ек!!!

«Елім-айлап» енді келмес аңырағым,
Шырқалып шырқау биік Әнұраным!
Қазағымның қасқайып Елтаңбасы,
Көгімде желбірей бер, Көкбайрағым !
Жасай бер, ана тілім – жаным, арым!

Сыртың бүтін болмаққа, ішің бүтін,
Бүтін болсаң, ұшады түзу түтін.
Ата-баба аңсаған Тәуелсіздік,
Ел болғасын жайнайды жүзің бүгін.

Қазаққа ырыс дарып, бақ күліпті,
Жасанып, Ұлы Далам жаңғырыпты!
Қайыспастай қабырғаң қаһарлы бол,
Қазақ Елі, аңсаған мәңгілікті!

Түрік дүние, текті жұрт, қыран елім,
Түрік дүние, тұтас бол, Тұран елім !
Туын ұстап түріктің Қазақстан,
Мәңгі жаса, кең дала Құлагерім!
Мәңгі жаса, мирасқор Мұрагерім!

Ғалым ӘРІП



ҚОЖАБЕРГЕН

Зарық-сөздің, зар-дастанның,
Зауалдай дерттің,
Қанға суарылған алдаспанның,
Замандай серттің,
Текті қанның
тамырдағы
Сұлтандай сойдың,
Он үшінші қабырғаның,
Он төртіндегі айдың
Аты –
Қожаберген!

«Жеті Жарғының» – ғаділдіктің,
Аталы сөздің,
Қазаққа біткен қоңырлықтың,
Баталы кездің,
Хақ жолында Хақ құрбанының,
Ғасырдың арлы,
Ең қасиетті ақ былғарының,
Қаламның – ең зарлы
Аты –
Қожаберген!

ҰЛЫ ДАЛАМ ТҮС КӨРЕДІ...

Уай, данышпан дәуірлердің байтағы,
Ардың Тәжі, сөздің Мөрі, ой Тағы!
...Ұлы Далам түс көреді...
Сол түсті
Ұлы жұртым аңыз қылып айтады!
Ұлы Далам түс көреді Тәңірдің
Жазуындай,
Азуындай бөрі-ұлдың!



Атыменен ақиқат пен аңыздың,
Есімімен өмір менен өлімнің!

Ұлы Далам көрген түсті мен көрем,
Мен көрем де мең-зең күйде сенделем.
Сұңқар көрем отқа оранған қанаты,
Тұлпар көрем, тұлпар көрем кермеден...

Ұлы Далам көрген түсті көрем мен,
Көремін мен дәуірлерді көнерген.
Екі дүниеге теңдей көшкен ел көрем,
Шер көремін екі дүниені тел емген.

Ғасыр көрем ғұсни арлы, ғаусар мұң,
Ғаусар мұңды қалай толғап тауысармын.
Қос көзінен қан жаудырған кезеңім,
Сенен тамып,
Тұнып қалған аңсармын!

Запыран-запыран зар көшкенін көремін,
Заманадан ар көшкенін көремін,
Тау көшкенін, көл көшкенін көремін,
Қара жермен қан көшкенін көремін.

Көш көремін, ел көремін басы күн,
Күндей басын бұлтқа тыққан жасырын.
Тағдыр шайқап тайлақ емес, тай емес,
Бос келеді ақтабанды ғасырым!

Бос келеді өрт шарпыған өзегім,
Өрттей болып дүниені кезем.
Жерден ауып атан емес, нар емес,
Бос келеді сұламалы кезеңім!

Қан көремін, зар көремін –
айрауық,
Қыжылдаған уақытпен қайралып.



Бара жатыр бүкіл қазақ тағдыры,
Бір дұғаға, бір дұғаға байланып.

Уай, данышпан байтақ жұрттың дәуірі,
Серттен кеткен мұсылман мен кәуірі!
Бос келеді батырлардың иығы,
Бос келеді аналардың бауыры!

Қаратаудың көш келеді басынан,
Жетім тағдыр көшке ереді жасыған.
Ханның тағы бос келеді, Тәңірім,
Ханның тағы бос келеді, шошынам!

Қазақ көшіп, қазақ көшіп барады,
Алты алашым азап кешіп барады.
Алтай, Арқа, Атырау мен Маңғыстау,
Жетісу, Сыр, Созақ көшіп барады!..

Қайда барып тұрақ табар екенсің,
Қайда барып жұмақ табар екенсің,
Қайда барып қор болады екенсің,
Қайда барып жылап қалар екенсің?!

Заманалар шайқап есіп жатады,
Бір оянып, қайта ұйықтап дәт-ары.
...Ұлы Далам әр сәт сайын түсінде
Ақтабанды қайта кешіп жатады.

Менің далам әр сәт сайын түсінде,
Арпалысып өмір-өлім ішінде,
Ғасырларды қайта кешіп жатады
Өңінде оны қайта көрмеу үшін де!

Далам, далам, сен көргенді мен көрем,
Мен көрем де шарқ ұрамын, шерленем.
Ең ақырғы жетім құлын бар кезде
Ең ақырғы тұяқ барда өлмеген.

Сен өлмейсің
Күнің барда төбеңде,
Ұлың барда, қорамсақта жебем де!
Сен өлмейсің!
Кешкен өмір — көрген түс,
Көрген түсті жорытпаймыз кереңге!

Дәуірлерді кешір, далам, кешірген,
Көшпесе де, өшпесе де есіңнен.
Енді шошып оянбайсың түсіңнен,
Енді босып ел көшпейді төсіңнен!

Бар тағдыры байланып бір аятқа,
Бар тағдыры айналып бір аятқа,
Қазір, бәлкім, түс көруде ол аяулы,
Ей, кезеңім, сен даламды оятпа!

Уай, данышпан дәуірлердің байтағы,
Ардың Тәжі, сөздің Мөрі, ой Тағы!
...Ұлы Далам түс көреді...
Сол түсті
Ұлы жұртым аңыз қылып айтады!

Ерлан ЖҮНІС

МЕНІҢ БАБАМ, АСЫЛ ДАНАМ

Уа, тәңір, шүкіршілік бұл ісіңе,
Жан бердің өлді деген бір кісіңе.
Ол менің Қожаберген бабам еді,
«Елім!» деп еңіреп өткен тірісінде.

«Асылдың асылы еді Қожаберген»,
Осылай бағалаған оны көрген.
Әйгілі билер оның тұстасы еді,
Мерейі бар қазақтың бола білген.



Жырлады «Елім-ай» деп Қожаберген,
Мол еді шәкірттері соңына ерген.
Біреуі ізбасардың Бұқар жырау
Атақты Абылайға ақыл берген.

Жаратқан берді бізге Абылайды,
Жыраудың өсиетін ел мақұлдайды.
Бас қосып әмсе алаштың батырлары
Жоңғарды бас көтертпей жазалайды.

Бабамыз адам болған пайымы мол,
Амалын таба білген айырып ол.
Деген ғой «Ел бірлігін сақтай білу —
Мызғымас күш-қуаттың лайығы сол!»

«Елім-ай» — халқымыздың шежіресі,
Ұмытылмас халық кешкен өмір осы.
Жеткізген бүгінгіге қазақ елін
Тағзымға лайық қой бұл ер үлесі.

Еліміз құрметтеуде оны бүгін,
Ақтарып бар мерейін көңілінің.
Үлгі етіп жас ұрпаққа «Елім-айын»,
Әр сәтін тағылымдап өмірінің.

Батыр ғой өшпейтіндей жолы, ізі бар,
Болыпты ел жауына көңілі ызғар.
Үстінде зәулім тастың тұлғасы тұр,
Қолында бес қаруы, қобызы бар.

Елімнің өз аузына жетті қолы,
Жарқырап алда жатыр даңғыл жолы.
Ынтымақ ұйытарын әбден сезіп,
Ұрпағы көз жіберіп көрді соны.

Қырандай бүгін қазақ өрге ұшты,
Сәулесі бүгін елдің қандай күшті.



Ықылым замандарда жаннан безген
Бабалар ұлты үшін отқа түсті.

Олардың жанпидасын ел ескеріп,
Өткен күн тірілгендей елес беріп.
Ел болып, бабалардан ғибрат алған
Ұйымшыл, тәлімді жұрт емес пе едік?!

Тас мүсін тұрған биік тұғырында,
Бейне бір ел құрметін ұғынуда.
Өшпесін аты мәңгі сезетіндей
Халқының болашағы, ғұмырында.

Елбасы бастап алға, ел кемелі,
Қазаққа бүгін әлем төр береді.
Желбіреп тәуелсіздік туы бүгін,
Осындай ризықты көрген елі.

Жыраудың осы еді ғой аңсағаны,
Елінің ерікті өмір жасағаны.
Қарыштап қазақ елі өрлегенін
Таныған бүкіл дүние тамсанады.

Есімін есіне алып елі бүгін,
Мерейін төгіп жатыр көңілінің.
Әлеумет құрметтеді бабамызды,
Атағын ардақ тұтып ер ұлының.

Бабамның енді айтары мынау ғана:
«Қазағым, бір-біріңе болғай пана!
Сақталса ел бірлігі мәңгілікке,
Болғаны ұрпағымның сонда дана!»

Шериядан БӘШЕЕВ



НАМЫСТЫҢ ТУЫ ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫҒЫЛМАПТЫ

Қауымның исі қазақ ер бабасы,
Қайысқан қол бастаған ордабасы,
Қалың ел, қан майданның мәрт жырауы,
Қайғылы замананың арда алашы.

Ол бабам имам болды он жетіде,
Он сегіз күш дарытты келбетіне,
Он тоғыз – батырлығы байқалған тұс,
Ойқастап жасыл тумен тербетіле...

Жастық-ай... Жиырмада өзгереді:
Жүректен өлең болып сөз келеді.
Жырлайды судай толқып, тудай шалқып,
Жүзеге асырылып көздегені.

Арабша, парсышаны қатар жатқан
Аяттай мүдірместен мақамдатқан,
Ақын да, имам да емес, елші болды,
Азия кіндігінде ат аунатқан...

Бастамас батырлықтың қайда жолы,
Бүкіл қол ордабасы сайлады оны.
Батасын берген кезде Әнет баба
Балқыған жеткендей бір айға қолы...

Ер болып қорғай білді Сарыарқаны,
(Ел тыныш болса, бойға тарар қаны).
Ежелден хас батырдың қанды кешкен
Ерекше қанталап бас жарар таңы.

Рауандап атқан таңға шашырап қан,
Рабайсыз болып жоңғар басы Рабтан,
Ренаттың зеңбірегі зіркіл қағып,
Рең кетті жерімізден ашық жатқан.

Гүж ете түсті сонда сардар аға,
«Гәп мынау: жау сіңбесін бар далаға!»
Гулеген шұбарымен шайқасқа енді,
Гүрзісі аңыз болып әр балаға.

Еңкулеп алпыс жылдай түспеді аттан.
«Елім-ай» сыртқа шықты іште жатқан.
Елімнің тарихына тіл бітірген
Ерімнің есімі, ісі әсте мақтан!

Нешеме өнер біткен жырау баба
Насихат шашты, үрпағы тұр аудара...
Намыстың туы жүз жыл жығылмапты,
Наркескен ерді ұмытпас мынау дала!

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

ДАҢҚТЫ ЖЫРАУ ҚОЖАБЕРГЕН ТОЛЫБАЙҰЛЫНЫҢ РУХЫНА

Аузынан Аспан көрінген,
Тілінен нөсер төгілген,
Таңдайдан сөзін түлетсе,
Көбесі жердің сөгілген,
Құранменен ойы жуынған,
Баһадүр болып туылған,
Хас ақын болып туылған,
Дұғалы ділді хас бабам,
Семсер сертті — шұғылалым,
Айбарлы елді бастаған,
Айбалтасын жастаған,
Тілегінде жыр тұнған,
Жүрегінде Хақ нұры,
Жұмақтайын құлпырған,
Жаралған ұлы арманнан,



Жаратқан Алла жар болған,
Көкірегінде күн жанып,
Көк түйғындай толғанған,
Тектіден туған тарланым,
Рухым, арым, ардағым,
Құс жетпес хұсни шынарым,
Қасиет қонған қыраным,
Қас дұспанға сес болған,
Азалы ерге дәт болған,
Арманы асқақ,
Ақсемсер – Қожаберген жырауым!

Арыстан болып ақырып,
Ата жаулармен алысқан.
Абыздай құпия оқылып,
Асып бір туған данышпан.
Жырменен жазып жаңарды,
Қорғадың байтақ даланды.
Мінезі ауыр табыттай,
Дауысы дүр боранды.
Қылышпен асау қаламды.
Қатар ұстаған кербезім,
Үшықта ұлттық санамды.

Уа, «Ата тек» атты дастаның,
Тарихым болып хатталған,
«Елім-ай» атты дастаның,
Жүректе мәңгі жатталған.
Хиуа менен Қоқанға,
Бұхара менен парсыға,
Түркімен сынды жат елге,
Елші де болған өрелім,
Кеменгер ұлы кемелім,
Алдаспан тілді жасыным,
Аспан текті асылым.
Сен,
Жиырма беске толғанда,
Миықтан күліп жалғанға,

Семсердей сертпен қайралған,
Олжасыз қайтпай майданнан,
Әз Тәуке ханның алдында,
Ордабасы болып сайланған,
Көреген, дана өрелім,
«Жеті Жарғы» заңын да
Ақ былғарға айшықтап,
Жазған да Ерім сен едің!

Уа, Қожаберген жырауым,
Қожаберген жырауым,
Алмағайып сонау заманда,
Ерлерің қалай қорлансын.
Азуы алты қарыс арлансың,
Алты Алашқа бас болып,
Қолбасшы да болғансың.
Даналығымен үйірген,
Сөзіңе Абылай сүйінген,
Ұстаз тұтып Бұқар да,
Иманымен иілген!

Уа, Қожаберген баһадүр,
Атаңа нәлет, ойраттың,
Басына қайғы орнаттың.
Артыңнан келсе жайраттың,
Алдыңа келсе сорлаттың.
Тәуелсіз Қазақ қамы үшін,
Жан үшін емес, Ар үшін.
Ақ сүңгі жігер қырланып,
Қайраған сертпен намысын,
Қайран да қайран баһадүр!
Уа, әр жырың — менің елдігім,
Аңыз қып айтар ел бүгін,
Ақындық десің бір төбе,
Бір бөлек және ерлігің!

Уа, батыр туған ер бабам,
Ақын туған өр бабам.

Ұлттың ұлы намысын,
Ожданыменен қорғаған.
Бөгенбайдай батырға,
Өз жолын беріп арнаған,
Тектіден туған тарланым!

Даланың заңын сақтаған,
Қайран да қайран ақ бабам!
Көзімен қарап жүректің,
Аталы сөзге тоқтаған.
Бүгінгілерді ойласам,
Тақ үшін елді алдаған,
Өздерін өзі қорлаған,
Қан маңдайым өртеніп,
Ызаланып арланам,
Қайда кетіп барады-ау,
Мансапқа құл боп сорлаған!
Заман да заман заман-ай,
Өтер де кетер қарамай.
Ерліктің мәнін біле ме,
Өрліктің құнын біле ме
Бүгінгі қоғам қомағай?

Сөзінен шайтан шошыған,
Көзінен дұшпан жасыған,
Сабыры — пайғамбардың таңғы дұғасындай.
Серті — Құран сүйген сахабадай,
Қайғысы — түннен де қараңғы,
Шаттығы — күннен де шұғылалы.
Сөйлесе, өзендей сарқырап,
мұхиттай толқыған.
Қабағында қара күз қалтырап,
Қабырғалы қалың елін ойлаған.
Мейірленсе маңайы —
мамыражай ән аңқып гүл туатын жасыннан!
Қаһарланса шорт кетіп —
жалған дүние жалынып аяғына бас ұрған,
«Елім-ай» деп өткен есіл ер,
Өзіндей алып туар ма?!





РУХ МОНОЛОГІ

Ғасырлар демінде ентігіп арманым,
Үзілген күдерді үмітпен жалғадым.
Қылыштың жүзінде боялып іңірлер,
Найзаның ұшында оянған жан-жағым!

Аспаннан естіліп дауысы Арымның,
Сағынсам Тәңірінің жанарын сағындым!
Жалынсам тек қана Тәңіріге жалындым!
Табынсам тек қана Тәңіріге табындым!

Ал бүгін басына Бақыт кеп орнаған,
Сендерге, ұрпағым, Жанымды арнағам!
Сендерге ұрпағым барымды арнағам!
Жылатып түнімді, жұбатып күнімді,
Мен, айхай, мынау қаныммен қорғаған,
Қасиет аңқыған Жерімді ойлағам,
Қамыққан қара орман Елімді ойлағам,
Ажалды өңіне сесімен жүгірген –
Қанында бұлқынған Тегімді ойлағам!

Иә, кеше, сөзіңе әр ісің сай болмай,
Жігерің атылды, маңдайың ойланбай,
Құл-құтан құтырды құтыңды қашырып,
Намысың тот басты қайратпен қайралмай.

Бақытын сүрініп, сорыңа айналып,
Қан жылап қабағың, шеріңе байланып,
Тарыдай шашылып тоз-тоз боп кеткенсің,
Тағдырдың ызғарлы желіне айдалып!
Дәрменсіз өксікке өзегің тұншығып,
Кеудеңде көк сұр кек сусылдап, қайралып,
Ку көңіл моладай азынап, аңырап,
Ку жалған құбылған құлазып, қаңырап,
Күн асты – қобыздай күңіреніп отырдың,
Түн төсі – домбырадай күмбірлеп,
еміреніп, еңіреп отырдың,





Зар ағып жағыңнан, у тұнып таңдайға,
Ашындың,
Туладың,
Басылдың...
Қайтадан ашындың,
Ақылың көк мүйіз адырнадай тартылып,
Дұшпанға күркіреп барыстай атылдың!

Жасыңа суғарған Кегіңе сенгенмін!
Кегінде құдірет бұлқынған Еріңе сенгенмін!
Әуелі, Әділет Иесі – Тәңірге сенгенмін!
Бір күні жұлқынып Азаттық алатын,
Тегіме сенгенмін!

Жер жүзі жамырап ісіңе қарасты,
Жер жүзі сабырлы сөзіңмен санасты.
Көк аспан көгінде Көк Туың желбіреп,
Алтай мен Атырау арасы – бірлігің жарасты!

Ей, шіркін, дүние!
Достарым сүйініп қарасын!
Дұшпаным күйініп қарасын!
Еркіндік тербетсін Қазақтың даласын!
Тәуелсіз еліңе тәуелді ұлың бар!
Тәуелсіз еліңе тәуелді қызың бар!
Көзіңнің қарасы, діліңнің жұлыны –
Азаттық – аманат, аманат сендерге, Алашым!

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ







МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ 3

БІРІНШІ БӨЛІМ. ҚОЖАБЕРГЕН ҰЛТ – ЕРЛІГІНІҢ СИМВОЛЫ

Тарихтан табылған тұлға. *Е. Сұлтанов* 7
Дауылпаз баба – Қожаберген. *М. Қозыбаев* 10
Қожаберген – ұлт ерлігінің символы. *С. Зиманов* 23
«Елім-ай» деп өткен ер баба. *Т. Кәкішев* 25
Қожаберген жырау. *Ш. Смағұлов* 33
«Елім-ай» дастаны – елдік мүдденің қайнар бұлағы. *А. Айталы* 38
Даңқты баба Қожаберген. *А. Тасболатов* 44
«Әз Тәукеге қызмет қып, жаздым «Жеті Жарғыны». *Б. Тұрғараев* 52
Біз білмейтін Қожаберген. *Т. Омарбеков* 62
Ақ тілеулі абыз. *С. Негимов* 69
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мінген. *Д. Әріпұлы* 75
Өз заманының айнасы. *Қ. Омаров* 86
Ғибраты мол ғаламат бабамыз. *Ө. Озғанбаев* 96
«Елім-ай» жырындағы отарлау саясатының тарихи шындығы. *Т. Көпбаев* 104
Манаш Қозыбаев зерттеуіндегі Қожаберген жырау. *Ж. Сүлейменов* 113
Қожаберген жырау және тарих тағылымы. *А. Ысымұлы* 124
Қожаберген және оның дәуірі. *Ғ. Кадірәліұлы* 147
Қожаберген батыр-жырау шежіресі. *С. Жұмабаев* 160
Ұлы бабаның бейнесі. *З. Әкімжанов* 173

ЕКІНШІ БӨЛІМ. ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ – ҰЛЫ ДАЛА ДАУЫСЫ

Қожаберген жырау Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу туралы 179
Ұлы Дала дауылпазы. *Қ. Ескендір* 181
«Елім-ай» деп өткен есіл ер. *Ж. Самрат* 185
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің құттықтауы 191





Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Бақытжан Жұмағұловтың құттықтауы 192
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы
Нұрлан Оразалиннің құттықтауы 193
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Самат Ескендіровтің құттықтауы 194
Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаевтың құттықтауы 195
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті
Мұрат Жұрыновтың құттықтауы 196
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры, филология ғылымдарының докторы,
профессор Дихан Қамзабекұлының «Ел тұтастығы үшін күрескен қаһарман тұлға –
Қожаберген жырау» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын ашарда
сөйлеген кіріспе сөзі 198
Қожаберген жырау туралы бірер сөз (*Мемлекет тарихы институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанның сөзі*) 201
Қожаберген жырау танымының саяси әлемі (*Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының
докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Абайтану орталығының
жетекшісі Мекемтас Мырзахметовтың баяндамасы*) 206
Ұлт намысын қорғаған (*Мемлекет және қоғам қайраткері,
ақын Кәкімбек Салықовтың сөзі*) 219
Қожаберген жырау – ұлттық бірліктің жоқтаушысы (*Ақтөбе мемлекеттік
педагогикалық институтының профессоры, философия ғылымдарының докторы
Амангелді Айталының сөзі*) 223
Қос жырау хақында (*Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері Социал
Жұмабаевтың сөзі*) 233
Қожаберген жыраудың шығармалары тарихи дерек (*Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Аманжол Күзембайұлының сөзі*) 240
Қожаберген баба – халық қамқоршысы, ел қорғаушысы
(*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әскери ғылымдарының
докторы, профессор Ким Серікбайұлының сөзі*) 251
Халқына қамал болған ер Қабанбай (*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану
кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Тұрсынхан Қайыркеннің сөзі*) 255
Қожаберген жырауды ұлықтау – ұрпақтың парызы (*«Жеті Жарғы» және
Қожаберген жырау» қайырымдылық қорының төрағасы, заң ғылымдарының
докторы, профессор Бекет Тұрғараевтың сөзі*) 262
Қожаберген жыраудың бақадұрлік өмірбаяны: зар-заман туындатқан
кәсіп-нәсіп пәлсапасы (*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ХАА академигі,
философия ғылымдарының докторы Дәуренбек Әубәкірдің сөзі*) 267
Қожаберген жырау өлең-толғауларының тарихи-танымдық негіздері
(*Филология ғылымдарының докторы, профессор Зұфар Сейітжановтың сөзі*) .. 273







ҮШІНШІ БӨЛІМ. ЖЫР АРНАДЫҚ ӨЗІҢЕ, ЖЫРАУ БАБА!

К. Салықов
Дауылпаз бабам табылды ... 287
«Жеті Жарғы» ашылған жарқын мәнін ... 288
Қожаберген жыраға ода ... 289
Е. Шаймерденұлы
Абыз ... 291
А. Бөкен
Қожаберген ... 292
Ә. Қайырбеков
Қожаберген жырау. «Елім-ай!» ... 301
Ш. Сариев
«Елім-айлап» өткен ер ... 302
«Елім-айым» сенің арқаң ... 306
К. Ахат
Дауылпаз жырау – Қожаберген ... 307
А. Исаділ
Қожаберген жыраудың соңғы сөзі ... 315
«Елім-ай» деп өткен ер ... 319
Т. Көпбаев
Елім-ай ... 323
Қожаберген жыраудың Асқап батырға айтқаны ... 325
Ұ. Нұрғалымұлы
Бас сардар ... 326
Шерлі тарих дастаны ... 328
Бостандық көші ... 330
Ұ. Дәлей
Ғасырлар қоламтасынан жеткен рух ... 332
Т. Таңжарық
Қожаберген ... 333
Аманат ... 335
С. Қамшыгер
Жау шапқанда ... 336
Баба рухымен сырласу ... 338
Ы. Дәбей
Ұлы жыр ... 339
Ата жолы ... 341
А. Зағыпар
Елім-айдан жеткен мұң ... 343
Жорықтың ізі бар ... 345
Ғ. Әріп
Ел туралы толғау ... 347





Е. Жүніс
Қожаберген 356
Ұлы далам түс көреді... 356
Ш. Бәшеев
Менің бабам, асыл данам 359
Б. Қожахметов
Намыстың туы жүз жыл жығылмапты 362
Б. Қарағызұлы
Даңқты жырау Қожаберген Толыбайұлының рухына 363
Рух монологі 367



ДАУЫЛПАЗ БАБА ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Құрастырғандар:
Абай Тасболатов
Жарасбай Сүлейменов

Редакторы Заңғар Кәрімхан
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек
Көркемдеуші редактор Жеңіс Қазанқапов
Корректоры Назгүл Бимағанбетова
Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек

Басуға 16.09.14 қол қойылды.
Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 30,55.
Тапсырыс №254. Таралымы 2000 дана.

ISBN 978-601-292-926-3

«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды